

“Alikhan Bokeikhan university” ББМ

ӘОЖ 378.02:614

Қолжазба құқығында

АБИЛЬМАЖИНОВА ОРЫНГУЛЬ СЛЯМБЕКОВНА

**Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық
қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары**

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші:
Педагогика ғылымдарының
докторы, доцент Жанбубекова М.З.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Психология ғылымдарының кандидаты,
доцент Парфенова Г.Л.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	14
1.1 Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесінің педагогикалық-психологиялық тұрғыдан зерттелу жай-күйі	14
1.2 Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдіснамалық тұғырлары	37
1.3 Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда отандық және шетелдік тәжірибелері	52
2 КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	65
2.1 Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудағы кредиттік оқыту жүйесінің әлеуеті және оның цифрлық оқыту кезеңдегі ерекшеліктері	65
2.2 Кредиттік оқыту жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары	78
2.3 Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі	90
3 КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР	104
3.1 Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың анықтау эксперименті	104
3.2 Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың кешенді әдістемесі	114
3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері мен болашағы	131
ҚОРЫТЫНДЫ	146
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	148
ҚОСЫМША.....	160

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста қолданылған нормативтік құжаттар:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (21.07.2015 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Астана, Ақорда

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан – іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауы (2020 жыл)

"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021ж.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (04.03.2020ж.)

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қараша № 17669.

Елбасы Н.А. Назарбаевтің «Ел Үміті» жобасы «Елбасы Академиясы» корпоративтік қоры/ 2019-<https://inbusiness.kz/kz/last/elbasynyn-el-umiti-bastamasy-talantty-zhastardy-koldajdy>

Типтік оқу бағдарламалары: «Білім» мамандықтары үшін. //ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің 2016 жылдың 30 маусымындағы № 2 хаттамасы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2016.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Жеке тұлға-әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид

Қабілет – адамның белгілі бір іс-әрекеттің түрін табысты, сапалы, нәтижелі орындаудағы икемділігі мен ептілігін көрсететін тұлғалық қасиеттерінің маңызды түрі.

Жеке тұлғаның қабілеттері – бұл жалпы білімді меңгеру және әртүрлі әрекет түрлерін жүзеге асыру табыстылығын қамтамасыз ететін жалпы қабілеттер.

Кредиттік оқыту жүйесі– ерекшелену, білім беру траекториясының таңдамалылығы және білім ауқымын кредиттер түрінде есепке алу негізінде өз бетінше білім алу және білімді шығармашылықпен игеру деңгейін арттыруға бағытталған білім беру жүйесі.

Студенттердің шығармашылық қабілеттері– жеке адамның танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктері негізінде жаңа бір туындыны ойлап табуға, құрастыруда белсенділікпен, зерттеушілік ізденімпаздықпен мақсатты іс-әрекетті табысты, сапалы, нәтижелі орындауымен ерекшеленетін қабілетінің жоғары даму деңгейі.

Шығармашылық – жеке тұлғаның танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктері негізінде жаңа бір туындыны ойлап табуға, құрастыруға бағытталған белсенді, зерттеушілік ізденімпаздығын бейнелейтін мақсатты іс-әрекеті.

Шығармашылық қабілет – іс-әрекетте жаңабір нәрсені ойлап табуға бағытталған жеке тұлғаның бойындағы танымдық қабілеттіліктер, ізденімпаздық пен шығармашылық сапалар жиынтығы.

Шығармашылық қабілет –жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігі және танымдық ептілігі мен икемділігін көрсететін маңызды тұрлаулы психикалық қасиет.

Цифрландыру технологиялары – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары.

Цифрландыру жағдайында онлайн форматта білім беру– жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелер негізінде күндізгі, сырттай, кешкі және сырттай оқытудың элементтері үйлестірілген ерекше, жетілген түрі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- ҚР – Қазақстан Республикасы
ЖОО – Жоғары оқу орны
ҚР МЖМББС – Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҚР БжҒМ- Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
EdNET- Education Network
ХҒПК – Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
PhD – философия докторы
ҚазҰПУ – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Қаз БСҚА – Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы
ҚазЭУ- Қазақ экономикалық университеті
МГУ – Мәскеу мемлекеттік университеті
РМГУ – Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті
АҚШ – Америка құрама штаты
USCS- University of California, Santa Cruz
CATS- Charlotte area transit system
ESTS- European Society of Thoracic Surgeons
UMAP- Uniform Manifold Approximation and Projection
ПОӘК- Пәннің оқу-әдістемелік кешені
АКТ- ақпараттық коммуникативтік технологиялар
СӨЖ- Студенттердің өзіндік жұмыстары
СОӨЖ-Студенттердің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмыстары
ЭТ – Эксперименттік топ
БТ – Бақылау топ
АКТ – Ақпараттық коммуникативті технологиялар
ЭПК – элективті пәндер каталогы
ЖОЖ – жеке оқу жоспары
ПОҚ- профессорлық-оқытушылар құрамы
БББ – білім беру бағдарламасы
т.б.- тағы басқа

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Жаһандану жағдайында кредиттік оқыту жүйесін заманауи білім беру кеңістігіне енгізу – жаңа шығармашылық ізденістер мен қабілеттерді дамыту жұмыстарын жетілдіруді қажет етеді. Бұл қажеттілік әлемдік жоғары білім беру тәжірибесін, еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы Лиссабон Конвенциясы және Болон декларациясы сияқты материалдарды зерттеуді негізге ала отырып, жүзеге асырылады [1].

Елімізде жоғары оқу орындарының кредиттік оқыту жүйесіне көшудегі басты мақсаты – білім жүйесін әлемдік білім кеңістігімен интеграциялау және студент-жастардың кәсіби тұрғыдан қалыптасуында өзгермелі қоғамның талаптарын қанағаттандыра алатын, дүниежүзілік сұраныстарға сай бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлға дамуына барынша мүмкіндіктер туғызу.

Кредиттік оқыту жүйесі – жоғары оқу орнының академиялық күнтізбесіне сәйкес, теориялық, практикалық сабақтар мен өзбетінше жұмыстар арқылы тиісті кредиттер көлемін студенттердің еркін жоспарлай алуына және жүйелі меңгеруіне беріліп отырған мүмкіндік. Ол жоғары білім берудің демократиялығымен сипатталып, әр студенттің дара ерекшеліктері мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Бұл жүйенің басты ерекшелігі – студенттердің білім кеңістігін қалыптастыру еркіндігі, жеке қызығушылықтары мен қабілеттерінің дамуына сай білім алудың жоспарын құру мүмкіндігін айқындайды.

Осындай қажеттіліктер мен міндеттерді жүзеге асыру – адамзат капиталын шығармашыл тұлға ретінде дамытудың рөлін өзектендіруге бағдарлау мемлекетіміздің бірқатар заңды-нормативтік ресми құжаттарында нақты орын алады. Атап айтсақ, ҚР президентінің жыл сайынғы Халыққа Жолдауында (01.01.2021ж.), ҚР «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында айырықша көрініс тапқан[2,3].

Шығармашылыққа бағытталған ақпараттың басымдығы жағдайында адам бірқатар «тұлғалық негізді» меңгеруі керек. Мұндай «негізді» қалыптастырып, игеруге көмек беру жоғары оқу орнының маңызды міндеттерінің бірі. Тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу барысында жалпы адамзаттық құндылықтарға мән беру; ғылымның ел экономикасына қосатын үлесін ұлғайту» табылады[4].

Шығармашыл педагог мәселесі әрқашан өзекті болып келеді. Бірақ бүгін виртуалды және цифрлық әлем кезеңінде бәсекеге қабілетті ұрпақты қалыптастыра алатын, кәсіби білікті шығармашыл ұстазға қойылатын талаптар көп. Кәсіби құзыреттілігі жоғары болуымен қатар, жан-жақты хабардар, «білгір» деген мағынаны қамтитын шығармашыл педагог – заман талабы. Осы тұрғыда Елбасы Академиясының «Qabilet қызметі» [5], «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын (04.03.2020ж.) [6] жүзеге асыруда «Smart Data Ukimet» т.б. жобалары әзірленіп жатыр. Елбасы Академиясының: «Qabilet қызметі» жобасы (06.09.2021ж.) 2021 жылдың қазан айының 1-інен бастап,

Qabilet қызметі пилоттық режимде бүкіл ел бойынша іске қосылады, бірінші кезеңде жобаға 10-11 жастағы оқушылар, келесі кезеңдерде жасөспірім балалар қамтылады. Жоба Елбасының «Ел Үміті» бастамасы аясында жүзеге асырылуда, Оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен «Елбасы Академиясы» ұйымдастырады. Аталмыш жобаның мақсаты – оқушылардың қабілеті мен кәсіби бағдарлануын диагностикалаудың ұлттық жүйесін құру, сондай-ақ дарынды балалар мен дарынды жастарды олардың зияткерлік және жеке әлеуетін іске асыру үшін сүйемелдеу және қолдау қызметін ұйымдастыру. Аталған жобалардың іске асуы шығармашыл қабілетті педагогқа тікелей байланысты. Сондықтан «Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті. Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз. Уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» мемлекет басшысы К.Токаев атап көрсеткен.

Студенттердің шығармашылық потенциалын арттыратын, барлық жұмысын жеңілдететін және оны тиімді ететін басты тренд – цифрлық трансформация болып табылады. Цифрлық трансформация – студенттердің жеке қызығушылықтары бойынша шетелдік жоғары оқу орындары әзірлеген онлайн курстардан, лекциялар мен кітаптарға қол жеткізіп, өзбетінше терең білім алуына мүмкіндіктер туындатады. Қазіргі қоғамда бәсекеге қабілетті болашақ маман тек отандық білім беру кеңістігінде қалып қоймауы қажет, керісінше оны шетелдік озық тәжірибемен салыстыра отырып, зерделеуге белсенділік танытуы – студент бойындағы табиғи нышандар мен шығармашылық қабілеттерді дамытуға зор мүмкіндіктер беретіні сөзсіз. Осындай шығармашылық қабілеттерді дамытуға жетелейтін танымдық-практикалық белсенділік пен ізденістер – заманауи ұлттық және әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелерден туындап отырғандығын айғақтайды. Бұл мәселенің шешімін табу – болашақ студенттердің бойындағы креативті көзқарасқа негізделген шығармашылық қабілеттерді дамытуға барынша жағдайлар жасауды көрсетеді.

Кредиттік оқыту жүйесін теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеген Ж.А. Күлекеев [8], Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. [9]; Әбдікәрімұлы Б., Андасова Б.З., [10] Н. А. Асанов. [11], А.Қ.Құсайнов [12], Оспанова Б. А [13], Бузаубакова К.Ж. [14], Алметов, Н. Ш. [15]; В.Чистохвалов [16], А.Чучалин [17] және басқа да зерттеушілер бұл жүйенің негізгі ұғымдары мен ережелерін айқындап, кредиттік технологияның жоғары мектеп тәжірибесіне ендірілуіне үлкен үлес қосты. Авторлар бұл жүйенің оқу уақытын ұтымды пайдалану, оқу үдерісінде жаңа педагогикалық технологиялар қолдану, оқыту сапасын арттыру сияқты мәселелерді қойып отырғанын көрсете отырып, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда алатын орны ерекше екендігін дәлелдеген.

Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау процесінде кредиттік технологияны пайдалану қажеттілігі, ең алдымен, оның перспективасымен және қамтамасыз етілген және тұрақты болашаққа ұмтылуымен байланысты.

Осыған байланысты шығармашылық белсенділікті дамыту мәселесін практикалық тұрғыдан дамыту қажет, бұл оқу процесін арнайы ұйымдастыруды, оқу материалының мазмұнына, көлеміне, оны ұсыну және игеру әдістемесіне, оқу сабақтарын ұйымдастыру формаларына, білім мен дағдыларды диагностикалауға, оларды бағалау мен өзін-өзі бағалауға ерекше көзқарасты талап етеді. Таңдалған мамандану мен кәсіби қызмет түрін ескере отырып, жалпыға міндетті және базалық пәндерді оқу аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Бұл ретте таңдалған оқыту траекториясының нәтижелері жеке оқу жоспарларында көрсетіледі. Тек дұрыс таңдалған технологиялар мен оқыту әдістері шығармашылыққа деген жалпы әмбебап қабілет ретінде тек шығармашылық процесте көрінетін және жүзеге асырылатын айқын шығармашылық қабілеті бар шығармашылық тұлғаның қалыптасу процесіне әсер ете алады.

Адамзат қоғамындағы шығармашылықты дамыту мәселесінің бастауы ежелгі қытай ойшылы Кун Фуцзы, грек философтары Платон, Аристотель, Сократтың көзқарастарымен айрықша мәнге ие, сондай-ақ, оның жалғасы орта ғасырда Әл-Фараби, А.Иүгінеки, Ж.Баласағұни, Қ.Яссауи және т.б. еңбектерімен байланыстырылса, ал А.Құнанбаев [18], Ш.Уәлиханов[19], Ы.Алтынсарин [20], Ж.Аймауытов[21], Т.Тәжібаев[22], т.б. қазақ ағартушыларының еңбектерінде құнды ой-тұжырымдар жасалған.

Педагогикалық еңбектің шығармашылық зерттеушілік сипатын өткеннің ұлы педагогтары А.Дистервег, Я.А. Коменский[23], И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский[24]; жетекші педагогтар мен психологтар П.П. Блонский[25], В.А.Сухомлинский[26], С.Т. Шацкий[27] атап көрсетті.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың ең маңызды бағыттарының бірі – олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Педагогикалық шығармашылықтың мәні мен ерекшеліктерін анықтау бойынша зерттеулерді Ю.П. Азаров [28], Ф.Гоноболин [29], М.Я. Виленкин [30], В.И. Загвязинский [31], С. Н.Зайцев [32], В.А. Кан-Калик [33], Н.В. Кузьмина [34], Н.Д. Левитов [35], Н.Д. Никандров [36], И.П. Раченко [37], А.И. Щербаков [38] және т.б. ғалымдар жүргізді.

Педагогикалық ЖОО-да студенттерді шығармашылық іс-әрекетке дайындаудың теориялық негіздерін жасауға және осы тұрғыдағы практика мен инновация мәселелеріне А.П. Сейтешев[39], В.И. Андреев[40], Ю.К.Бабанский [41], В.В. Краевский [52], Г.Н.Парфенова[43], В.А. Слостёнин [54], А.Е. Әбілқасымова[45], Ш.Т. Таубаева[46], Ұ.М. Әбдіғапбарова [47], А.Н. Көшербаева[48], С.Н. Исламгулова [49], Б.А.Оспанова[50], Б.А. Тұрғынбаева [51], М.З. Джанбубекова[52], Р.С.Омарова[53], Д.Ж. Кішібаева[54], С.Р. Кыдырова[55] және т.б. шетел және отандық ғалымдар мен зерттеушілерінің еңбектері арналған.

Заманауи педагогика және психология ғылымдарында шығармашылық және студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту тақырыптары ерекше орынға ие.

Шығармашылық қабілеттер іс-әрекет пен қабілеттің құраушысы ретінде

бір жағынан, А.Н. Леонтьев[56], С.Л. Рубинштейн[57], Б.М. Теплов[58], В.Д.Шадриковтің[59], қабілеттілік теориясы бойынша іргелі зерттеулер аясында өзбетінше өмір сүреді, шығармашылық дарындылықтың түрлі тұжырымдамалары анықталады (Н.С.Лейтес, А.М. Матюшкин[60], В.И. Панов[61]). Екінші жағынан, шығармашылық қабілетті дамыту мәселелерін одан әрі зерттеу жүзеге асырылады.

Оқу әрекетінде жеке тұлғаның, соның ішінде педагогикалық ЖОО студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту үрдісінің педагогикалық факторлары (В.В.Богословский[62], Н.А. Малинникова[63], Н.Ю. Посталюк[64], И.Г.Пчелинцева[65], А.А. Степанов[66]), заңдылықтар мен қағидалар (Г.С.Альтшуллер[67], В.И.Андреев[68], И.П. Волков[69], В.П. Зинченко[70]) т.б. ғалымдардың зерттеулерінің түйінді ойы болған.

Заманауи психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде шығармашылық қабілеттерді дамыту тұрғысынан практикалық құндылыққа ие жұмыстар бар, бұл: оқытудың мәселелік-зерттеушілік үлгісі (Д.Джойс[71], Дж.Зухман[72]); шығармашылық қабілетті дамыту үлгісі (Г.С. Альтшуллер[67]); шығармашылық қабілетті дамыту бағдарламасы (Э.Боно[73], Г.Смит[74]); шығармашылық қабілеттерді дамыту технологиясы (И.П. Волков [69], Т.В. Иванова [75]); эвристикалық оқыту жүйесі (А.В.Хуторской[76]) және т.б.

Шығармашылық қабілеттер және оларды дамыту бойынша еңбектердің көптігіне қарамастан көрсетілген жалпы теориялық түсініктерді ЖОО-ның шынайы оқу үрдісінде жүзеге асырғанда қандай да бір қиындықтар туындайды.

Бұл мәселе жаңа емес және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ол әртүрлі аспектілерде қарастырылады. Мысалы, жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытудың жалпы теориялық мәселелері кеңес психологтары Б.Г.Ананьев[77], Матюшкин А.М. [78], Д.Б.Богоявленская[79], Л.И. Божович[80], В.А. Крутецкий[81], К.К. Платонов[82], Я.А. Пономарев[83], және т.б. еңбектерінде қарастырылған; шығармашылық тәуелсіздікті дамыту мәселелері Н.В. Бордовская[84], В.Г. Воронцова[85], И.Л. Лернер[106] және т.б. еңбектерінде ұсынылған; шығармашылық қабілеттерін дамытудың мүмкін жолдары жеке тұлғаларды Ю.Н. Кулюткин[87], М.Матюшкин[88], М.И. Махмутов[89], П.И. Пидкасистый[90] және т.б. ғалымдар зерттеді. Бұл ретте біз үшін оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған зерттеулер үлкен қызығушылық тудырады.

Шығармашылық үшін жағымды шарттарға қатысты түрлі көзқарастар бар: шығармашыл тұлғаның шабыттаныу кезеңіне өтуіне ықпал ететін психологиялық алғышарттар (А.Маслоу[91]); нысанды немесе құбылысты терең зерттеуді ұйымдастыруға негізделген шарттар (В.И. Вернадский[92]); жекелеген шығармашылық қабілеттерді қолдануға және дамытуға бағытталған, оқыту барысында шығармашылық жағдайды орнату бойынша ұсыныстар (М.В. Кларин[93]); өнімді математикалық іс-әрекетті жемісті орындау үшін шарттарды жіктеу (В.А. Крутецкий[81]); толыққанды ғылыми шығармашылық іс-әрекет үшін шарттарды жіктеу (Ф.Л. Ратнер[94]). Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үрдісі кәсіби контекстке ие

болуы қажет екенін есепке алу керек.

Дегенмен, жоғарыда көрсетілген ғалым-зерттеушілердің еңбектеріне талдау:

- қоғамның шығармашылық қабілеті дамыған тұлғаға деген сұранысы мен білім беру жүйесінде бұл мәселенің толыққанды қолданылмауы арасында;

- кредиттік оқыту жүйесі жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындаудың қажеттілігі мен оларды жүзеге асырудың әдістемесінің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсетеді. Себебі кредиттік оқыту жүйесі бұл студенттердің өзбетінше білім алуын және шығармашылық әрекет етуіне тірек болады.

Аталған қарама-қайшылықтар кредиттік оқыту жүйесі жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуды нәтижелі ететін психологиялық-педагогикалық шарттарды анықтап және ғылыми тұрғыда негіздеу мәселесін туындатты.

Осыған сәйкес зерттеу тақырыбы «Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» деп таңдалды.

Зерттеудің мақсаты – кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері мен психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындау және әдістемесін жасау, тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру

Зерттеудің нысаны – университеттің біртұтас педагогикалық үдерісі

Зерттеудің пәні – студенттердің шығармашылық қабілеттерін кредиттік оқыту жүйесінде дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары

Зерттеудің болжамы – егер, кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың теориялық және әдіснамалық негіздері анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі әзірленіп (психологиялық, танымдық, пәндік), психологиялық-педагогикалық шарттары ұсынылса, практикаға ендірілсе, онда студенттердің шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейі жоғарылауы мүмкін болады, өйткені кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуында кәсіби дайындығы жүзеге асады.

Зерттеудің міндеттері:

- кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың теориялық және әдіснамалық негіздерін анықтау;

- студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда заманауи университеттердің әлеуетін сипаттау және кредиттік оқыту жүйесінің мүмкіндіктерін айқындау;

- кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын негіздеу және құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу;

- кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдістемесін жасау, тиімділігін эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеу әдістері:

Зерттеу әдістері: диссертациялық жұмысты жүргізу барысында қолданылған *теориялық* (зерттеу мәселесі бойынша философиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жасау, салыстыру, озық іс-тәжірибелерді жинақтау); зерттеудің нәтижесін жобалау; *эмпирикалық* (сауалнама, тест, түсіндіру, әңгімелесу, талдау, талқылау, педагогикалық бақылау, педагогикалық эксперимент); *статистикалық* (зерттеу бойынша алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу).

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары бойынша тарихи-қоғамдық заңдылықтар дамуын ашатын философиялық қағидалар, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтардың өзара бірлігі туралы тұжырымдамалары, ғалым педагогтардың, психологтардың, философтардың, әлеуметтанушылардың еңбектері, көзқарастары, тұжырымдары, зерттеулерімен анықталады.

Зерттеу көздері: зерттеу мәселесі бойынша философтардың, психологтардың, педагогтардың және әлеуметтану бойынша мамандардың ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңдары; Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім және жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттары; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру мәселелеріне қатысты нормативті құжаттары; «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы; «Білімді ұлт – сапалы білім беру» ұлттық жобасы; ғылыми педагогикалық мерзімді басылымдар және автордың педагогикалық тәжірибесі.

Зерттеу кезендері: Зерттеу жұмысы 3 кезеңге сәйкес жүргізілді.

Бірінші кезең (2018-2019жж.) – зерттеу мәселесі анықталып, оның мақсаты мен міндеттері айқындалды, зерттеудің ғылыми аппараты дайындалды. Отандық, шетелдік іргелі ғылыми зерттеулерге талдау жасау барысында қарастырылып отырған мәселенің теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды. Тақырып бойынша материалдар сұрыпталып, жинақталды. Ғылыми мақалалар дайындалып, басылымдарда жарық көрді. Тәжірибелік алаңдар анықталып, эксперименттік жұмыстың жоспары, элективті курстың оқу бағдарламасы дайындалды.

Екінші кезең (2019-2020жж.) – теориялық материалдарды жүйелеу жалғасын тапты, анықтау эксперименті барысында болашақ педагог-психологтардың тест, сауалнама арқылы алғашқы білім деңгейлері тексерілді, нәтижелері қорытындыланды, қалыптастыру эксперименті жүргізіліді. Студенттерге арналған элективті курсы үшін жұмыстар (семинар, тренинг) байқаудан өткізіліп, тәжірибеге енгізілді.

Үшінші кезең (2020-2021 жж.) – қалыптастыру эксперименті жалғасын тапты, алынған нәтижелер сұрыпталып, өңделіп, құрылымы бойынша жүйеленді, ұсыныстар әзірленді, диссертация талаптарға сай рәсімделді.

Зерттеудің базасы: Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:

- кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделді, «студенттердің шығармашылық қабілеттері» ұғымы нақтыланды;

- студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда заманауи университеттердің мүмкіндіктері салыстырмалы сипатталды және кредиттік оқыту жүйесінің мақсаттары мен қызметтері айқындалды;

- кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары ұсынылды, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- кредиттік оқыту жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдістемесі әзірленді, тиімділігі эксперимент арқылы тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- кредиттік оқыту жағдайында университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың 3 бағыттан (психологиялық, танымдық, пәндік) тұратын әдістемесі;

- «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курсы;

- Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылығын дамытуға СӨЖ, СОӨЖ ұйымдастырудың әдістемелік нұсқауы дайындалды;

Зерттеу жұмысының бұл практикалық нәтижелерін педагогикалық жоғары оқу орындары тәжірибесінде, колледждердің, жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру курстарында және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Кредиттік оқыту жүйесі жоғары білім берудің озық тәжірибесімен сипатталып, әр студенттің дара ерекшеліктері мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Бұл жүйенің басты ерекшелігі – студенттердің білім беру кеңістігін қалыптастыру еркіндігі, жеке қызығушылықтары мен қабілеттерінің дамуына сай білім алудың жоспарын құру мүмкіндігі және заманауи студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелерін шешу. Студенттердің шығармашылық қабілеттері - жеке адамның танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктері негізінде жаңа бір туындыны ойлап табуға, құрастыруда белсенділікпен, зерттеушілік ізденімпаздықпен мақсатты іс-әрекетті табысты, сапалы, нәтижелі орындауымен ерекшеленетін қабілетінің жоғары даму деңгейі.

2. Университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары білім берудің сапасын жетілдіруге ықпал ететін: кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін диагностикалау, ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық ортаны құру, студенттерді өзіндік іс-әрекетіне рефлексия жасауға бағыттау, өздік білім беру траекториясын құру, СӨЖ, СОӨЖ тапсырмаларын түрлендіру, инновациялық, цифрлық ресурстарды қолдану сияқты өзара байланысты әрекеттер жиынтығы.

3. Кредиттік оқыту жағдайында студенттердің шығармашылық

кабілеттерін дамытудың құрылымдық–мазмұндық моделі мотивациялық-тұлғалық, танымдық-мазмұндық, процессуалды-іс-әрекеттік компоненттер мен олардың көрсеткіштер мен деңгейлері зерттеліп отырған сапаның жүзеге асуын қамтамасыз ететін әдістер мен әрекеттер жиынтығынан тұратын құрылым.

4. Кредиттік оқыту жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту : психологиялық- танымдық-пәндік кешенді әдістемесі, «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курсы, СӨЖ, СОӨЖ жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқау практикаға ендіруімен іске асырылады.

Зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары:

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 14 еңбекте жарық көрді. Соның ішінде 3-уі ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 4-еуі халықаралық басылымдарда, 5-еуі халықаралық конференцияларда (оның 2-еуі шетелдік) материалдарында жарияланды.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі – Зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда және Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялар жинақтары материалдарында жарық көрді.

Диссертация құрылымымен мазмұны: Диссертация мазмұнын нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар құрайды.

1 КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесінің педагогикалық-психологиялық тұрғыдан зерттелу жай-күйі

Бұл тараудың мақсаты – студенттердің шығармашылық қабілеттерін педагогикалық және психологиялық тұрғыда негіздеу болып табылады. Осыған байланысты негізгі мәселенің мәні мен мазмұнын айқындауды көздедік.

Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір студенттердің бойында сапалы, әрі терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Бұл қоғам дамуының заманауи жағдайында импровизацияға, мәселелік жағдаяттарда дәстүрлі емес шешімдер шығаруға қабілетті шығармашыл тұлғаларға деген қажеттілік артып отырғандығын көрсетеді.

Зерттеу міндеттеріне сәйкес, шығармашылық қабілеттер мәселесі бірқатар негізгі ұғымдармен байланыстырып, қарастыруды қажет етеді: жеке тұлға, студент тұлғасының дамуы, қабілет, шығармашылық, іс-әрекет, креативтілік және т.б. Оны келесі сызба 1 арқылы көрсетуді ұйғардық.

1-Сызба. «Шығармашылық қабілет» түсінігін ашуға негіз болған ұғымдар



Жеке тұлға мәселесіне шетелдік ғалымдар Ж.Пиаже [95], З.Фрейд [96], Э.Фромм [97], П.П. Блонский [25], Л.С. Выготский [98], А.Н. Леонтьев [45], В.Н. Мясищев [99], К.К. Платонов [83], А.В. Петровский [100], С.Л. Рубинштейн [57] және т.б. және отандық ғалым-зерттеушілер Ж.Ы.Намазбаева [101], Қ.Б. Жарықбаев [102], С.М. Жақыпов [103], Ерментаева А.Р. [104] және

т.б. өз еңбектерін арнады.

Студент белгілі жастағы адам және жеке тұлға ретінде үш жағынан сипатталуы мүмкін:

1) *психологиялық жағы* – психологиялық үдерістер, жағдайлар және қасиеттердің бірлігін көрсетеді. Психологиялық жағынан, ең бастысы, психикалық үдерістердің жүзеге асуына, психикалық жағдаяттардың пайда болуына, психикалық құрылымдардың көрінісіне тәуелді болатын – психикалық қасиеттер (бағыттылық, темперамент, мінез-құлық, қабілеттер).

2) *әлеуметтік жағы* – студенттің белгілі әлеуметтік топтан, ұлттан шығуынан туындайтын қоғамдық қатынастарын, қасиеттерін нақты көрсетеді;

3) *биологиялық жағы* – жоғарғы жүйке іс-әрекетінің типі, анализаторлардың құрылысы, шартсыз рефлексдер, инстинктивтер, физикалық күш, дене құрылысы, бет әлпеті, терісінің және көзінің түсі, бойы және тағы басқалармен көрінеді. Бұл жағы, негізінен, тұқымқуалаушылық және туа біткен дағдылармен алдын ала анықталған, бірақ, белгілі шекара аралығында тіршілік жағдайына байланысты өзгереді [104, 89б.].

Студент – адамгершілік және эстетикалық сезімдерінің ең көрнекті дамыған, мінез-құлықтың қалыптасу мен тұрақтану кезеңі және ең маңыздысы – ересек адамның әлеуметтік рөлінің толық кешенін игеру: азаматтық, кәсіби-еңбектік және т.б. Бұл кезең бір жағынан, мотивацияның, барлық құндылық бағдар жүйесінің өзгеруі, келесі жағынан – мамандандырылуына байланысты арнайы қабілеттердің қарқынды қалыптасуы, бұл жасты мінез-құлық пен интеллектінің тұрақтануының орталық кезеңі сипатында бөліп көрсетеді. Ол спорт, көркем шығармашылықтың, техникалық және ғылыми жетістіктердің уақыты.

Жеке тұлға мәселесіне психологияда ғалымдар үш негізгі тұғырды анықтайды: биологиялық, әлеуметтік, биоәлеуметтік. Бұл көзқарастар адамның жеке қасиеті ретінде жеке тұлға ұғымының мәнін түрліше қарастырады. Мысалы, К.К. Платоновтың анықтамасы кең танымалдыққа ие, онда жеке тұлға дегенде биоәлеуметтік иерархиялық құрылым түсініледі, оның кіші құрылымдары келесілер болып табылады: бағыттылық (сенім, дүниетаным, идеалдар, ұмтылыстар, қызығушылықтар); тәжірибе; түрлі психикалық үрдістердің жеке ерекшеліктері (ерік, сезім, қабылдау, ойлау, ес, эмоциялар); биопсихикалық қасиеттер (темперамент, жыныс, жас) [83].

А.Н.Леонтьевтің [82] ұсынылған құрылымы әлеуметтанушылар тарапынан сынға ұшырады, содан кейін А.В.Петровский тек «жеке адам – қоғам» қатынасына талдау ғана адамның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің негізін ашуға мүмкіндік беретіндігін атап көрсетті. Әрбір адамның тұлғасы психологиялық қасиеттердің белгілі бір үйлесіне ие, олар адамның дербестігін құрады. Бірақ егер, дербестіктің белгілері тұлғараалық қатынастар жүйесінде ұсынылмаған болса, онда олар жеке тұлға үшін маңызды емес [100, 52б.].

Зерттеу міндеттеріне байланысты, А.В.Петровский берген анықтамада [100, 53б.] жеке тұлға ұғымының мәні ғана емес, сондай-ақ, оны түрлендіру мүмкіндіктері де көрініс тапқан.

Заманауи психология жеке тұлғаның құрылымында келесідей құраушыларды анықтайды: 1) темперамент; 2) мінез-құлық; 3) қабілеттер; 4) ерік; 5) сезім мен эмоциялар.

Қабілет мәселесі арнайы психологиялық зерттеудің пәні ретінде –ағылшын ғалымы Ф.Гальтон [105, 53б.] ұсынған адамдағы ерекшеліктердің эксперименттік және статистикалық зерттеулерінің негізінен болып табылады. Ф. Гальтон адамдардың жеке дара ерекшелігі мәселесін зерттеп, 11069 жылдан бастап ғылыми зерттеулер жүргізе бастады. Сонымен бірге ұлы да қабілетті адамдардың өмірлерін бақылай келе кез келген деңгейдегі қабілеттілікте тұқымқуалаушылық негізгі шарт деген қорытындыға келді.

Қабілеттер – бұл адамның осы қызметтің талаптарына жауап беретін және оны табысты орындаудың шарты болып табылатын жеке-психологиялық ерекшеліктері [105, 54б.].

Қабілеттер ұғымының мәні туралы Н.С. Лейтес [106], В.Г. Крысько [107] және т.б.), бірқатар жалпылама анықтамалар келтіріп, қарастырылған:

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдай отырып, қабілеттердің әртүрлі анықтамаларын екі негізгі жалпы бағытта түсіндіруге болады.

Бірінші бағыт – функционалдық-генетикалық бағыт. Бұл бағытта В.Н. Дружининнің [108] және т.б. еңбектерінде қарастырылды. Осы тәсілге сәйкес, қабілеттер жекелеген психикалық функцияларды іске асыратын, жекелеген психикалық функцияларды игеру мен іске асырудың табыстылығы мен сапалық ерекшелігінде көрінетін белгілі бір айқындылық шарасы бар функционалдық жүйелердің қасиеттері ретінде айқындалады.

Екінші бағыт – тұлғалық-қызметтік бағыт. Бұл бағытта С.Л. Рубинштейннің жұмыстарын [57, 98б.] айтуға болады. С.Л. Рубинштейн қабілеттілікті күрделі синтетикалық білім ретінде анықтайды, ол адам қандай да бір іс-әрекетке қабілетсіз болатын ерекшеліктерді және белгілі бір түрде ұйымдастырылған іс-әрекет процесінде ғана өндіріле алатын қасиеттерді қамтиды. Бұл іс-әрекеттің нақты түрлері немесе оның кез келген жалпыланған көріністері болуы мүмкін.

Қабілеттер негізінен үш түрге бөлінеді: жалпы, арнаулы, практикалық болып бөлінеді.

1. Жалпы қабілет жеке тұлғаның қасиеті ретінде бақылағыштық жатады. Сонымен қатар, жалпы қабілеттілік байқалған адамдар әртүрлі іс-әрекетпен ойдағыдай айналыса алады. Мәселен, жалпы қабілеттерді меңгерген мектеп оқушылары көп жағдайда барлық пәндерден жақсы оқиды.

2. Арнаулы қабілет қандай да белгілі бір іс-әрекетті ойдағыдай орындауға мүмкіншілік жасайды. Математикалық техникалық, әдеби, музыкалық, бейнелеу өнері саласында және тағы басқа қабілеттілік қалыптасуы мүмкін.

3. Практикалық қабілет. Бұл түріне құрастырушылық – техникалық, ұйымдастырушылық, педагогикалық қабілеттер жатады.

Н.С. Лейтес бойынша, қабілеттер – қызметтің белгілі бір түрлерін табысты орындаудың шарты болып табылатын жеке адамның психикалық

қасиеттері[106, 84б.]. Ол дарынды балаларды зерттей келе, олар еңбекке тартымдылығымен өзгешеленетін және «еңбекпен қанағаттануды» сезінетін нағыз кішкентай еңбекқорлар болып табылады, деп көрсетеді. Бұл тұжырым маңызды ереже жасауға итермелейді. Еңбекке бейімділік дарындылықтың көрінуі ретінде болады.

А.В. Ярмоленконың пікірінше, қабілеттердің әмбебап сипаты адамның кез келген іс-әрекет түрінен көрінетін және оның табысты болуының қажетті шарты болып табылатын тұрақты ерекшеліктері деп көрсетеді [109]. Жоғарыда қарастырылған көзқарас контекстіндегі қабілеттер іс-әрекетті (оның бір немесе бірнеше түрлерін) табысты орындау үшін қажетті жеке-психологиялық қасиеттер ретінде әрекет етеді. Дәл осы көзқарас отандық психологияда неғұрлым жалпыға ортақ тәсіл ретінде бекітілді .

Б.М. Теплов қабілеттерді келесідей анықтады:

1. Қабілеттер – бұл бір адамды екіншісінен ерекшелейтін жеке-психологиялық ерекшеліктер. 2. Қандай да бір немесе бірнеше іс-әрекеттерді нәтижелі орындауға қатынасы бар ерекшеліктер ғана. 3. Қабілеттер адамда бұған дейін қалыптасқан біліммен, біліктер мен дағдылармен түйіспейді [58, 110б.].

С.Л. Рубинштейн: Қабілеттерді психикалық үрдістерді нығайтудың нәтижесі ретінде түсінді. «Қабілеттер – бұл индивидте бекіген жалпыланған психикалық іс-әрекеттер жүйесі. Дағдылардан ерекшелігі, қабілеттер – іс-әрекет тәсілдерін емес, психикалық үрдістерді нығайту, ал бұл психикалық үрдістер арқылы әрекеттер мен іс-әрекеттер реттеледі», - деп көрсетті ғалым[57, 91б.].

Қазіргі таңда адамның жеке қабілеті 2 аспектіде қарастырылады.

Бірінші аспекті – С.Л. Рубинштейн тұжырымдаған белсенділік пен сананың бірлігіне негізделген. *Екінші аспекті* – жеке қасиеттерді субъектінің бейімділігімен және типологиялық және жеке ерекшеліктерімен байланысты табиғи қабілеттердің генезисі ретінде қарастырады [57, 92б.]. Бұл тәсілдердегі бар айырмашылықтарға қарамастан, олар жеке қасиеттердің тұлғаның нақты, практикалық әлеуметтік әрекетінде табылып, қалыптасуымен байланысты. Мұндай дағдылар субъектінің орындауында, белсенділікте, психиканың қызметін өзін-өзі реттеуде көрінеді.

Э.А. Голубева әр түрлі қызмет түрлерін ми жарты шарларының біреуінің басым болуымен байланыстырады. Оң жақ жарты шардың басым бөлігі бар адамдар жүйке жүйесінің жоғары лабильділігімен, белсенділігімен, вербалды емес когнитивтік процестердің қалыптасуымен сипатталады. Мұндай адамдар оқуда табысты, олар уақыт тапшылығы жағдайында берілген тапсырмаларды жақсы шешеді және оқытудың қарқынды түрлерін ұнатады. Демек, адамның жеке қабілеттері оның темпераментімен өзара байланысты деген қорытынды жасау керек. Темпераменттен басқа тұлғаның қабілеттері мен бағыттылығы, оның сипаты арасында белгілі бір байланыс бар[110].

В.Д. Шадриков түрлі ғалымдардың көзқарастарын қорытындылай келе, мынадай қорытынды жасайды: «Қабілеттер – жекелеген психикалық

қызметтерді жүзеге асыратын, көрініс алудың жеке шамасына ие, жекелеген психикалық қызметтерді игеру мен жүзеге асырудың нәтижелілігі мен сапалық ерекшелігінен көрініс табатын функционалдық жүйелердің қасиеттері» болып табылады. Ғалымның қарапайым тұжырымдамасы: қабілеттер – бұл психологиялық функционалдық жүйенің оның өнімділігін анықтайтын жүйелік қасиеті [59, 102б.].

А.В. Петровский бойынша, «Қабілеттер – бұл білім, ептілік және дағдыларды меңгерудің табыстылығы тәуелді болатын, бірақ өзін осы білімнің, және дағдының болуына дейін төмендетуге болмайтын адамның психологиялық ерекшеліктері» [111].

В.Н. Дружинин бойынша, «Қабілеттер – бір адамды екіншісінен ерекшелейтін жеке психологиялық сипаттамалар; әрекеттің немесе бірнеше іс-әрекеттің табыстылығымен байланысты белгілер ғана; қабілеттер адамда бұрыннан қалыптасқан білімге, дағдыға және дағдыға төмендетілмейді...» [108, 65б.].

К.К. Платонов бойынша, «Қабілет – бұл оның төрт негізгі ішкі құрылымына енген, бірақ белгілі бір әрекетті меңгеруге, оны орындауға және оны жетілдіруге қажетті жеке қасиеттердің жиынтығы. Қабілеттер – бұл белгілі бір тұлғаның құрылымы арқылы ашылатын белгілі бір қызметтің талаптарына тұтастай сәйкестік дәрежесі және мүмкін болатын өтемді ескере отырып, белгілі бір қызмет түрінің тұлғасына қойылатын талаптар құрылымы, кейбір жеке қасиеттердің басқалары» [83, 108б.].

В. Обручев бойынша, «Қабілеттілік те бұлшық ет тәрізді жаттығумен жетіледі» [112].

И.П. Павлов бойынша, адам қабілетінің әртүрлі болуын сигнал жүйелерінің өзіндік ерекшеліктерімен түсіндіреді. Мұны қандай да бір іс-әрекетпен айналысқанда көріп байқауға болады. Сигнал жүйелерінің арақатынасының ерекшеліктеріне орай, И.П. Павлов адамның жоғарғы жүйке жүйесінің үш түрін келтіреді. Олар көркем, ойлағыштық және орта түр болып бөлінеді. Бірінші түріне жататындар әсершіл, қызу қанды, ашық, ақ жарқын болып келсе, көргені мен естігенін ой елегінен өткізіп, талдағанды, саралағанды жақсы көреді, ал үшіншілері талантты, дарынды жандарды қамтиды [113].

С.Л. Рубинштейн [57] мен А.Н. Леонтьевтің [56] зерттеулерінің негізінде, жалпы психологиялық іс-әрекет теориясы жасалынды. Оның негізінде іс-әрекеттің құрылымы (мақсат > мотив > тәсіл > нәтиже >), іс-әрекетті қалыптастырудың алғышарттары (қоғамдық ортамен қатынасы, мұқтаждықты өтеуі) анықталды.

Б.Г. Ананьев еңбектерінде, қабілет және дарындылық жеке адамның мінезімен, темпераментімен, өмірлік бағыттылығымен және жеке даралық психикалық дамуымен жеке адамның жалпы құрылымының қандай да бір бөлігі ретінде қарастырылды [77].

В.А. Крутецкий өзінің көрсеткен классификациясында: икемділік, тез байқағыштық, еске сақтау, терең ойлау қабілеті бар, оның келешекте мамандық таңдауына көп көмектесетінін айтқан. Сонымен бірге, В.А. Крутецкий өзінің

математикалық қабілеттілік құрылымын зерттеген еңбегінде, егер қабілеттіліктер деген ұғымды жеке психикалық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілеттіліктерінің жиынтығының бірлігі деуге болады деп тұжырымдайды [81, 109б.].

С.А. Изюмова мнемикалық қабілеттерді және оның табиғи алғы шарттарын комплексті зерттеу және оның оқу әрекетіндегі нәтижелілігімен салыстыру мәселесін көрсетті [114].

Американдық ғалым Б. Блум әйгілі адамдарға зерттеу тәжірибесін жүргізіп, оның нәтиже көрсеткішінен, осы адамдардың қабілеттерінің толық дамуының тәрбиелік және білімділік әдістерінің моделін ұсынды. *Блумның айтуынша*, қабілеттің ерте дамыған түрлері, егер белсенділік және арнайы оқыту әдістері болмаса, ол ары қарай дамымағандықтан күйреуге ұшырайды [115]. Сонымен, ерте заманнан осы заманға дейінгі қабілеттіліктерді психологиялық зерттеулердің тарихи дамуын талдау арқылы психологиядағы қабілет теориясына қатысты бірнеше көзқарасты атап айтуымызға болады.

Қазақ топырағында жеке тұлғаның қабілетін дамыту мәселелерін 19-ғасырда өмір сүрген қазақ ағартушылары А. Құнанбаев [20], Ы. Алтынсарин [19], Ш. Уәлиханов [18] шығармаларынан көруге болады. 20 ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ ғұламалары мен қоғам қайраткерлері А. Байтұрсынов [119], М.Жұмабаев [120], Ж.Аймауытов [121], М.Дулатовтардың [122] педагогикалық мұраларында білім беру үрдісінде балалардың қызығушылығы мен қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін ескеру керектігі баса айтылған.

А. Құнанбаев шығармаларында адамды қоршаған орта – табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы – туылғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді [123]. Адамның ойы мен санасы еңбек іс-әрекеті нәтижесінде қалыптасып, дамиды деп тұжырымдайды.

Ш. Уәлиханов жеке тұлға тәрбиесінде білім мен тәрбие шешуші рөл атқарады, адам қабілетінің дамуына бейімділігінің, ынтасының маңыздылығы зор екенін айтады [18, 76б.].

Ж.Аймауытов пікірінше [121, 81б.], адамға табиғат сыйлаған қасиеттермен санаспа болмайды деп, іштен туа біткен қабілетке үлкен мән береді. 19-ғасырда ол Бостон қаласында кәсіби бағдар беру ұйымы құрылғанын, мұның жұмысына мектеп басшылары, мұғалімдерімен қатар, зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне мүдделі әртүрлі қоғам өкілдері қатысып отырғанын, алынған мағұлматтарды бір-бірімен салыстырып, математикалық өңдеуден өткізген соң, зерттеуші әр баланың жеке қасиеттері қай кәсіпке сай екенін айқындағанына тоқталады. Демек, бұл жағдай әр шәкірттің, оның ата-анасының да мамандық таңдау мәселесіндегі жағдайын жеңілдетіп, болашақта өз қабілетіне лайық қандай мамандықты таңдап алуға болатынын анықтауға көмектеседі деген.

Ж. Аймауытұлы әр адам белгілі бір кәсіптің түрін таңдап алатынын, мұнда ол өзінің тұрмысынан бірілетін ерекшеліктерін, іс-әрекеттің қандай түріне бейім екенін аңғара алуы керек дейді. Сонда ғана ол өзіне қажетті мамандықты дұрыс таңдай алады [121, 82б.].

Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде адамның жалпы рухани дамуы туралы айта келіп, жеке тұлға мәселесін ақыл-ой қабілеттілікпен тығыз байланыста қарастырады [120, 81б.].

Соңғы 30-40 жыл ішінде психологтар мен басқа да ғалымдар арасында қабілеттің дамуында биологиялық фактор мен тіршілік ортасының, әсіресе әлеуметтік ортаның қатынасы мен ықпалы жайында пікір айтыстары болып келгені мәлім. Дегенмен, мұндай пікірталастар белгілі бір тұрақты қорытынды шешімге келе алған жоқ.

Т.Тәжібаев бойынша, «Қабілеттілік – адамның өз бейімділігі арқылы шығармашылықпен не істеу арқылы қалыптасатын қасиет». Кез келген адамзат бала кезден өмірде үлкен жетістіктерге жетуді армандайды. Кейбіреулерінде ерте кезден бастап белгілі бір іс-әрекетке қабілеттілік байқатады (би билейді, сурет салады, өлең айтады, белгілі бір музыкалық құралда ойнайды, мүсін салады), ал басқа біреулерінде қандай да бір әрекетке бейімділігі байқалмай қалады. Бірақ, бұл қабілеттілікті қалыптастырып, жүйелі дамытып отырмаса, ол қасиет жас өскен сайын бірте-бірте жойыла бастайды, жас жеткіншектің болашақ кәсіби өміріне бағыт-бағдар бере алмайды [21, 153б.].

Қабілет адамның әрекеттің бір түрімен айналысуға мүмкіндік беретін бейімділікте байқалады. Бейімділік пен қабілеттілік бір-бірімен тығыз байланыстағы туыс ұғымдар. Себебі, адамның бір нәрсеге қабілеттілігі оның бір нәрсеге бейімділігіне орай қалыптасады. Яғни, адамның белгілі бір әрекетпен айналысуға деген құлшынысы оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі.

Жоғарыда қарастырылған «қабілет» ұғымына берген шетелдік және отандық ғалымдардың көзқарастары мен анықтамаларын жүйелеп, кесте арқылы көрсетуді ұйғардық.

1-Кесте. Шетелдік және отандық ғалымдардың «Қабілет» ұғымына берген анықтамалары

№	Ғалымдардың аты-жөні	Анықтамалары
1	2	3
Шетелдік ғалымдар	Б.М. Теплов	«... бұл бір адамды екіншісінен ерекшелетін жеке-психологиялық ерекшеліктер».
	Н.С. Лейтес	«... қызметтің белгілі бір түрлерін табысты орындаудың шарты болып табылатын жеке адамның психикалық қасиеттері».
	А.В. Ярмоленко	«... адамның кез келген іс-әрекет түрінен көрінетін және оның табысты болуының қажетті шарты болып табылатын тұрақты ерекшеліктері».
	С.Л.Рубинштейн	«... бұл индивидте бекіген жалпыланған психикалық іс-әрекеттер жүйесі».
	В.Д. Шадриков	«... жекелеген психикалық қызметтерді жүзеге асыратын, көрініс алудың жеке шамасына ие, жекелеген психикалық қызметтерді игеру мен жүзеге асырудың нәтижелілігі мен сапалық ерекшелігінен көрініс табатын функционалдық жүйелердің қасиеттері».

	А.В. Петровский	«... білім, ептілік және дағдыларды меңгерудің табыстылығы тәуелді болатын, бірақ өзін осы білімнің, дағдының және дағдының болуына дейін төмендетуге болмайтын адамның психологиялық ерекшеліктері».
	В.Н. Дружинин	«... бір адамды екіншісінен ерекшелейтін жеке психологиялық сипаттамалар; әрекеттің немесе бірнеше іс-әрекеттің табыстылығымен байланысты белгілер ғана; қабілеттер адамда бұрыннан қалыптасқан білімге, дағдыға және дағдыға төмендетілмейді...».
	К.К. Платонов	«... бұл белгілі бір тұлғаның құрылымы арқылы ашылатын белгілі бір қызметтің талаптарына тұтастай сәйкестік дәрежесі және мүмкін болатын өтемді ескере отырып, белгілі бір қызмет түрінің тұлғасына қойылатын талаптар құрылымы, кейбір жеке қасиеттердің басқалары».
	В. Обручев	«Қабілеттілік те бұлшық ет тәрізді жаттығумен жетіледі».
	Б.Г. Ананьев	«... жеке адамның мінезімен, темпераментімен, өмірлік бағыттылығымен және жеке даралық психикалық дамуымен жеке адамның жалпы құрылымының қандай да бір бөлігі».
	В.А. Крутецкий	«... егер қабілеттіліктер деген ұғымды жеке психикалық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілеттіліктерінің жиынтығының бірлігі».
	Н.С. Лейтес	«... олар еңбекке тартымдылығымен өзгешеленетін және еңбекпен қанағаттануды сезінетін нағыз кішкентай еңбекқорлар болып табылады».
	С.А. Изюмова	мнемикалық қабілеттерді және оның табиғи алғы шарттарын комплексті зерттеу және оның оқу әрекетіндегі нәтижелілігімен салыстыру мәселесін көрсетті.
	Б. Блум	Әйгілі адамдарға зерттеу тәжірибесін жүргізіп, оның нәтиже көрсеткішінен, осы адамдардың қабілеттерінің толық дамуының тәрбиелік және білімділік әдістерінің моделін ұсынды.
Отандық ғалымдар	А. Құнанбаев	Адамды қоршаған орта – табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы – туылғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Адамның ойы мен санасы еңбек іс-әрекеті нәтижесінде қалыптасып, дамиды деп тұжырымдайды.
	Ш. Уәлиханов	Жеке тұлға тәрбиесінде білім мен тәрбие шешуші рөл атқарады, адам қабілетінің дамуына бейімділігінің, ынтасының маңыздылығы зор екенін айтады.
	Ж. Аймауытұлы	Адамға табиғат сыйлаған қасиеттермен санаспаса болмайды деп, іштен туа біткен қабілетке үлкен мән береді. Зерттеуші әр баланың жеке қасиеттері қай кәсіпке сай екенін айқындағанына тоқталады. Демек, бұл жағдай әр шәкірттің, оның ата-анасының да мамандық таңдау мәселесіндегі жағдайын жеңілдетіп, болашақта өз қабілетіне лайық қандай мамандықты таңдап алуға болатынын анықтауға көмектеседі деген.
	Т. Тәжібаев	«... адамның өз бейімділігі арқылы шығармашылықпен не істеу арқылы қалыптасатын қасиет». Кез келген адамзат бала кезден өмірде үлкен жетістіктерге жетуді армандайды.
	Ә. Алдамұратов	Психологтар қабілеттердің екі түрлі деңгейі болатындығын дәлелдейді. Репродуктивті іс-әрекетті не білімді берліген үлгі бойынша қабылдай, меңгере алу деңгейі.

Сонымен, кестеден көріп отырғанымыздай, психологиялық теория тұрғысынан адам тұлға болып туылмайтындығы, оның тұлғалық қасиеті іс-әрекет негізінде дамидынақты айқындалады. Адамның тұлғалық қасиеттері оның шығармашылық қабілетімен, яғни потенциалдық мүмкіндігімен анықталады. Сондықтан, адам ресурсын, оның тұлғалық сапасын, шығармашылық қабілеттіліктерін зерттеп, зерделеумен психология мен педагогика, философия мен әлеуметтану, экономика мен эстетика, құқық пен тарих сияқты көптеген ғылымдар айналысып келеді. Қабілеттердің өнімділігі іс-әрекеттің кейбір түрлеріне қатынасы бойынша анықталады. Шығармашылық қабілеттердің көрініс алуы маңызды болып табылады. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде шығармашылық мәселесі бойынша теориялық және қолданбалы сипаттағы біршама материал жинақталған.

«Шығармашылық» сөзінің этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек[124].

Бүгінгі таңда «Шығармашылық» ұғымын философия, психология және педагогика ғылымдарында «өнім» термині ретінде қарастырылған. Нақтылайтын болсақ, философиялық сөздіктерде «шығармашылық – қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», - деп анықтама берілген.

Психологиялық сөздіктерде: «Шығармашылық – өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән» -деп шығармашылықты адамның іс-әрекетімен мен танымдық процесімен өзара байланыстырған.

Сонымен, шығармашылық – жеке тұлғаның танымдық процесімен, іс-әрекетімен және қабілетімен өзара байланысты дамидынақты үрдіс. Біріншіден, шығармашылықты ойлаумен байланыстылығын қарастыратын болсақ, шығармашылық ойлау – танымдық (психикалық) процесс болып табылатындықтан оның өзара тығыз байланыстылығын көрсететін және бір-бірін толықтыратын иерархиялық жүйеден тұрады деп психология ғылымы тұрғысынан түсіндіруге болады. Шығармашылықты танымдық үрдіс тұрғысынан қарастырған ғалым-зерттеушілер Л.С. Коршунов[125], С.Д. Смирнова[126] және т.б.

Мәселен, А.М.Коршунов еңбектерінде: «шығармашылық– жеке тұлғаның белгілі бір ортамен белсенді қарым-қатынасын және объективті заңдылықтар мен талаптарға сәйкес жаңа әлеуметтік маңызы бар дүниені мақсатты түрде өзгертеді» [125, 66б.] деп қарастырылған. С.Д.Смирнова бойынша, «шығармашылық – жеке тұлғаның танымдық және репродуктивті ойлауымен өзара тығыз байланысты процесі, нәтижесінде қоғам дамуы үшін маңыздылығы ерекше жаңа материалдық және рухани құндылықтар туындайды» - деген көзқарасымен келісуге болады [126, 85б.].

Жеке тұлғаның танымдық процесінің иерархиясын келесі сызбадан көруге болады.



2-Сызба. Жеке тұлғаның танымдық процесінің иерархиясы

Бұл сызбадан шығармашылық ойлау тікелей танымдық процестер арқылы дамитындығын және ол қарапайым түйсінуден басталып, шарықтау шегі қиялмен тоғысатын процестерді қамтитындығына көз жеткізуге болады.

Екіншіден, шығармашылық мәселесін жеке тұлғаның іс-әрекетімен байланыстырып қарастыратын болсақ, іс-әрекеттің ойын, оқу, еңбек жетекші түрлерінде шығармашылықтың маңызды орын алады. Іс-әрекеттің қай түрінде болсын жемісті нәтижеге алып келетін – шығармашылық іс-әрекет. Іс-әрекеттің шығармашылық әлеуетін және жаңа туындыны ойлап табуға мүмкіндік беретін көрсеткіштерін зерттеуге өз үлесін қосқан ғалым-зерттеушілер: Н.С. Лейтес[106], Л.А. Субачева [127], В.А. Моляко [128], Б.И. Коротяев [129], П.К. Энгельмейер [130] және т.б. Мәселен, Н.С. Лейтес, М.Л. Субачева бойынша[106;127], «Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту заңдылықтары» - деп айтылған.

В.А.Моляко шығармашылық іс-әрекеттің бірқатар кезеңдерін анықтады:

- Жеке тұлғаның іс-әрекет барысында мәселелік жағдаймен кездесуі;
- Мәселелік жағдайды ұғынуы және мәселені тұжырымдауы;
- Мәселені шешудіңнақты гипотезасын анықтауы;
- Анықталған гипотезаны тексеру;
- Алынған нәтижелерге талдау жасай алу;
- Алынған нәтижелерді практикаға ендіру [128, 103б.].

Б.И. Коротяев шығармашылықтың оқу іс-әрекетінде білімді өз бетінше игеру және оны қолдана білу деген пікірін айқындау үшін оның негізгі көрсеткіштері ретінде мына факторларды ұсынады:

- ойдың жеке-даралығы, әдеттегіден тыс жауап табу; жаңашылдық;
- ойдың жүйріктігі – кейбір талаптарға сәйкес уақыт бірлігінде пайда болатын ассоциациялық идеялар саны;
- ассоциациялық байланыстардың пайда болуының жылдамдығы және дамуы;

- мәселенің өзектілігі, әдеттен тыс шешімі [129, 1086.].

И.Я. Лернер шығармашылықтың іс-әрекетпен байланыстылығын «қоғамдық маңызы бар тұлғаны қалыптастыру үшін маңызды құндылықтарды құруға бағытталған білім алушының іс-әрекеті» [87, 1236.] - деп түсіндіреді.

П.К.Энгельмейердің көзқарасымен келісе отырып [130, 846.], студенттердің шығармашылық үрдісінің үш негізгі кезеңін атап көрсетуге болады: идеялардың пайда болуы және жасаушының оны одан әрі тануы; болашақ өнертабыс жоспарын әзірлеу; орындау кезеңі.

Психологиялық ғылыми зерттеулерде шығармашылықтың басты белгісі – құбылыстар мен заттар, үдерістер немесе олардың бейнелеуіндегі көрнекі-сезімдік немесе қабілет түрлерін түрлендіре білу, ал екінші белгісі – оның ерекшелігі деп көрсетіледі.

И.Я. Лернер «іс-әрекеттің табиғатын, шығармашылық адамдардың мінез-құлқын түсінбей, шығармашылық іс-әрекет процедураларын талқылау мүмкін еместігін» көрсетеді [87, 1246.].

Осыған байланысты ол шығармашылық іс-әрекеттің жүзеге асу ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

- жақын және алыс жаңа жағдайға білім мен білікті жүйеішілік және жүйеаралық көшіруді өзбетінше жүзеге асыру;

- дәстүрлі жағдайдағы жаңа проблеманы пайымдау;

- дәстүрліден басқа объектінің жаңа функциясының көрінісі;

- объект құрылымының көрінісі;

- міндеттерді шешу кезінде баламаларды есепке алу;

- жаңа проблеманы шешу кезінде бұрыннан белгілі іс-әрекет тәсілдерін біріктіру және түрлендіру;

- бүкіл танымал тәсілді жою және принципті жаңа тәсілді (тәсілді, түсіндіруді) жасау.

Е.Л. Яковлев [131] өз еңбектерінде адамның шығармашылық іс-әрекеті материяға тән өзіндік қозғалу мен дамудың шексіз процесінде өзін-өзі ұйымдастыру қасиетіне негізделгенін дәлелдейді. И.Р. Пригожиннің [132] «диссипативті құрылымдар» теориясына сүйене отырып, ол шығармашылық іс-әрекетті табиғи дамудың және материяның өзін-өзі ұйымдастыру құрылымдарының күрделілі деңгейінің жоғарылауының нәтижесі ретінде анықтайды.

Шығармашылықтың мәнін тану мәселесі күрделі және көп қырлы. *Тар мағынада* шығармашылық-сапалы жаңа нәрсе тудыратын, бұрын болмаған және қоғамдық-тарихи құндылығы бар адам қызметі. *Кең мағынада* шығармашылық немесе шығармашылық қызмет- бұл жаңа, қызмет субъектісі үшін пайда болатын адамның кез келген теориялық немесе практикалық қызметі. Шығармашылық өзінің бағалау критерийлеріне, өзінің құндылықтар шкаласына, психофизиологиялық құрылымына, жеке тұлғаның дамуындағы субъективті және объективті мәнге ие. Шығармашылықтың табиғатын түсіну. Белгілі педагог-психолог Қ. Жарықбаевтың пайымдауынша: « шығармашылық жеке тұлғаның психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін қарастырудан

ажыратылмайды Шығармашылық ұғымы жеке бастауды болжайды және адамның қызметіне қолданудағы артықшылығы болып табылады [102, 96б.].

Біздің зерттеуімізге қажетті болып келетін мәселе: көптеген зерттеулерде «шығармашылық» ұғымы «қабілет» ұғымымен өзара байланыста қарастырылады. Осы мәселе тұрғысында шығармашылықтың іс-әрекеттік жағын зерттеу қызығушылықты тудырады, ол объективті немесе субъективті жаңа қызмет өнімдерін құруға бағытталған. Оқыту мақсаты үшін субъективті жаңаның шығармашылық сипаттағы әрекеттерді жүзеге асыру жолымен құрылуы маңызды.

Сонымен, оқу процесінде студенттердің шығармашылық тұрғыда сипатталатын және реттелетін операциялар немесе әрекеттер жүйесі көмегімен шығармашылық сипаттағы іс-әрекеттер арқылы олардың қабілеттерін объективті және субъективті жаңа құбылыс ретінде қарастыруға болады. Шығармашылық үдерісінде білім мен іс-әрекет тәсілдерін меңгере отырып, білім алушылар өзбетінше білім мен іскерлікті меңгере алады. Осы жерде оқуға деген қызығушылықты, тіпті доминант қажеттілігі бұрыннан белгілі болған шығармашылық тұлғаларда да жаңа іздену белсенділігін түсіндіруге болады. Шығармашыл тұлға қазіргі және алдыңғы білім, білік және дағды қорын пайдалана отырып, белсендірілген қажеттіліктің ықпалымен жұмыс істей бастайды [133].

Қабілеттің дамуының екі деңгейін бөліп көрсетуге болады:

- репродуктивті (жоғары шеберлік);
- шығармашылық (жаңаша жасау қабілеті).

Шығармашылық деңгейді шығармашылық қабілеттер контекстінде қарастырастырсақ, оларға қатысты ғылымда айтарлықтай әр түрлі түсініктер бар. Психологиялық сөздікте шығармашылық қабілеттер- шығармашылықты қамтамасыз ететін психикалық қасиеттердің жиынтығы ретінде анықталады. Бұл қасиеттер ерекше ойлау қабілеті бар шығармашыл тұлғағатән. Оларға қиял, ақыл икемділігі, дивергенттік ойлау, шығармашылық мотивациясы және басқа да қасиеттер жатады.

Шығармашылық қабілеттерінің маңызды көздерінің бірі – мотивация мәселесі, тұлғаның мотивациялық құрылымы. Адамның мотивациясы мен мінез-құлқының интегративті ішкі факторы жеке адамның қажеттіліктерін, мүдделерін, ниеттерін, армандарын, идеалдары мен нанымдарын біріктіретін бағыттылығы болып табылатыны белгілі [134].

Шығармашылық қабілеттерді ынталандыру– шығармашылыққа қажеттілік, шығармашылық қызметтің мазмұнымен тікелей байланысты уәждер басымдылығы шығармашылық тұлғаның негізгі сипаттамаларының бірі. Шығармашылық тұлғаның уәждемелік ерекшелігі шығармашылық үдеріске, өзін-өзі көрсетуге, шығармашылық қызметтің мазмұнымен тұрақтыынта-жігері болып табылады.


Қазіргі ғылым шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда педагогикалық міндеттерді кеңінен түсіндіреді (зияткерлік, эстетикалық қасиеттерді дамыту, ғылыми дүниетанымды дамыту, коммуникативтік

кабілеттерін дамыту) және оларды шешу оңай іс емес екендігін түсінеміз.

Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың педагогикалық аспектілері туралы мәселені зерттей отырып, «қалыптастыру» ұғымының мазмұнын нақтығанды жөн көрдік. Себебі бұлар жақын ұғымдар. Педагогикалық әдебиеттерде «қалыптастыру» ұғымы жиі жеке тұлғаға кездейсоқ әсер ету үшін қолданылған. Қазіргі ғылымда қалыптастыру адамның экологиялық, әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, психологиялық және тағы басқа факторлардың әсерінен әлеуметтік тіршілік ретінде қалыптасу процесі болып табылады [135]. Философиялық, психологиялық-педагогикалық түсіндірмелерді талдау және «шығармашылық», «шығармашылық қабілеттер», «қалыптастыру» санаттарын нақтылау негізінде жүргізілетін зерттеу үшін студенттердің шығармашылық сипаттағы іс-әрекеттерінде өз мүмкіндіктерін көрсетуге жасалған жағдайларда «студенттердің шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру» ұғымы деп түсінеміз - дейді белгілі ғалым А.Лук [136].

Сондай-ақ, А.Е. Әбілқасымованың тұжырымдауынша, «Шығармашылыққа баулу – тұлғаның психологиялық, мінез-құлық ерекшеліктерін дамытуды мақсат етеді. Жеке тұлғаның бойындағы ерік сапалары: қажырлылық пен табандылық, сенімділік және ынтымақтастық, белгісіз жағдайдағы өзіне сенімділік, адалдық жатады», -деп шығармашылық іс-әрекетте жеке тұлғаның танымдық қызығушылығы мен мотивациясын туғызу мен арттыруға үлкен мән берген [137].

Жоғарыда қарастырылған ғалым-зерттеушілердің айтқан ой-пікірлерінен шығармашылық іс-әрекет –тұлғаның іс-әрекеттегі ізденімпаздығын, ақыл-ойын, руханилығын, даралығын, әлеуметтік белсенділігін көруге болады. Іс-әрекеттің қай түрінде болмасын: оқу, ойын, еңбек студенттердің шығармашылығы, танымдық белсенділігі дамитындығы заңды құбылыс. Студенттік кезеңде жастардың жетекші іс-әрекеті – оқу, болашақтағы жетекші іс-әрекеті – кәсіби сапаларды қамтитын еңбек іс-әрекетімен байланысты. Шығармашылық іс-әрекетте студенттердің белгілі бір мәселе төңірегінде тақырыпқа деген қызығушылығы мен мотивациясының болуы, мақсат-міндеттерінің айқын болуы, түрлі әдіс-тәсілдер мен құралдарды қолдану арқылы көздеген оқу нәтижесіне қол жеткізуімен ерекшеленеді. Студенттердің шығармашылық іс-әрекеті бір-бірімен иерархиялық түрде тығыз байланысқан құрылымнан тұрады. Сонымен, жеке тұлғаның іс-әрекетінің иерархиясын келесі сызбадан көруге болады.



3-Сызба. Жеке тұлғаның іс-әрекетінің иерархиясы

Бұл сызбадан шығармашылық іс-әрекет – бұл оқу, ойын, еңбек іс-әрекеттері арқылы жүзеге асатын және оның құрылымы нақты мотивтерімен, мақсат-міндеттерімен, мазмұнымен, әдіс-тәсілдері мен құралдарымен, операциялары және нәтижелерімен көрініс беретін жеке тұлғаның танымдық шығармашылық белсенділігін айтамыз. Үшіншіден, шығармашылық мәселесін жеке тұлғаның қабілетімен байланыстырып қарастырған ғалым-зерттеушілер мыналар: Н.А. Бердяев [138], Т.В. Андреева [139], И.С. Кон [140], Дж.Гилфорд [141], Е.Л. Яковлева [131], А.И. Кочетов [152], А.В. Шубин [137] және т.б.

Мәселен, Н.А.Бердяев: «шығармашылық – тұлғаның даралық қабілеті сипатында анықталды» [138]. Т.В. Андреев [139], И.С. Кон еңбектерінде: «Шығармашылық – жеке тұлғаның қабілет мүмкіндіктері мен интеллектуалдық қабілеттерінің өзара байланысы» [140]; Дж.Гильфорд [141], Е.Л. Яковлева: «Шығармашылық қабілеттің сапалық көрінісі ретінде креативтіліктің қалыптасуы» [131]; А.И. Кочетов [152], А.В. Шубин: «Оқушылардың қабілеттерімен қызығушылықтары» [137] - деп жан-жақты зерттеуге тырысқан.

Шығармашылық мәселесінің тұлға бойындағы қабілеттілікпен байланыстылығын зерттеген ғалым А.Лук бойынша, «Шығармашылық үдеріс–шығармашыл тұлға, шығармашылық қабілет және шығармашылық ұжым. Шығармашылық қабілеттің негізгі белгілері: жүйке жүйесін код арқылы жіберу; тасымалдай білу; ақылдың икемділігі, ойдың тереңдігі; әрекетті бағалау» [154]- деп көрсетті.

Д.Айян бойынша, «Шығармашылықты туабіткен қабілеттің табиғи негізі нышанмен байланыстырып, қате қабылдайды [145]. Алайда, шығармашылық қабілет – қабілеттің физиологиялық негізі емес, ол іс-әрекет барысында дамытуға болатын икемділік, ізденімпаздық және шығармашылық сапаларды анықтайтын жеке тұлғаның қасиеті. Әрбір адам бай шығармашылық әлеуетке ие. Тек оны дер кезінде ашып және дамыта білуі керек». «Білім және ғылым»

энциклопедиялық сөздігінде [146]: «шығармашылық әрекет – бұрын соңды еш уақытта болмаған, сапалы жаңа өнім жасауға бағытталған адамның немесе ұжым әрекетінің түрі», -деп көрсетілген.

Шығармашылық қабілеттерді кең тұлғалық және кәсіби тұрғыда қарастыру ғылымның көптеген өкілдеріне тән (Б.Г. Ананьев [77], В.И. Вернадский [92], Е.П. Ильин [147], Н.Ю. Посталюк [64], А.Ф. Эсаулов [148] және т.б.).

Ғалымдар өзге де шығармашылық қабілеттерді атап көрсетеді. Мысалы, В.И. Андреев шығармашылық қабілеттердің құраушыларын зияткерлік-логикалық (талдау, салыстыру, негізгісін көре білу, дәлелдеу, негіздеу қабілеттері; анықтама бере білу); зияткерлік-эвристикалық; коммуникативті-шығармашылық деп жіктейді [40].

Ю.Козырева шығармашылық қиялдың құраушыларын анықтады: агглютинация (образдарды қосу); аналогия; акценттеу; типтендіру [63].

Психологиялық әдебиеттерде Дж.Гилфордтың ұстанымында негізделген сын дәделденді. Ақыл-ой қабілеттері «жалпы дарындылық» ретінде продуктивті қызметінен айырылды [141].

«Креативтілік (лат. creatio – жасампаздық) – жүйелі (көп өлшемді, көп деңгейлі) психикалық білім беру, мәселелерді өзбетінше алға тартуға, оларды шешуге, бірегей идеялардың көп санын жасауға ықпал ететін жеке тұлғаның жалпы шығармашылық қабілеттері мен жеке ерекшеліктері жүйесі».

Заманауи психологияда креативтілік адамның шығармашылық мүмкіндігі ретінде адам индивидуумының ерекше қасиеті ретінде (тұрақты ерекшелік) қарастырылады. Сонымен бірге «шығармашылық» және «креативтілік» ұғымдарын ажырату үшін екі сипаттама пайдаланылады: процессуалды-нәтижелік (шығармашылықты сипаттау үшін) және субъективті-анықтаушы (креативтілікті сипаттау үшін).

Шығармашылық қабілеттер мен креативтілік ерекшеліктерді психологияда зерделеу бағыттарын жан-жақты, әрі терең талдау Т.А. Барышеваның [149] еңбектерінде қарастырылған. Көптеген ғалым-зерттеушілер жалпы шығармашылық қабілеттер мен креативтік қасиеттердің әртүрлі құрамдас бөліктерін қарастырады. Мысалы, Ж. Гилфорд [141] қабілеттердің креативтілік құрылымында бірқатар ортақ белгілерді бөліп көрсетеді:

Түпнұсқалық – шалғай қауымдастықтарды өнімге айналдыру қабілеті; Семантикалық икемділік – объектінің функцияларын бөліп алу және оған жаңа мақсат ұсыну қабілеті; Бейімделген икемділік – ынталандыру нысанын онда жаңа мүмкіндіктерді көретіндей етіп өзгерту қабілеті; Семантикалық икемділік – жағдаймен салыстырмалы түрде шектелмеген алуан түрлі идеяларды өнімге келтіру қабілеті. Аталған сипаттамалар автордың жалпы креативті қабілеттерді ойлау сапасы ретінде қарастыратынын көрсетеді.

Ж. Гилфордтың пікірінше [141] шығармашылық қабілетті стандартты ойлаудан дивергенттік (алшақтық) сипатымен, яғни мәселені вариативті шешуімен ерекшеленеді. Осы «когнитивті» дамуды Е. Торренс [150] ары қарай зерттеуді жалғастырды. Аталған ғалым-зерттеушілер адам ақыл-ойының құрылымына жалпы шығармашылық (креативтік) құрамдас бөліктерін қосады.

Т.А. Барышева [149], Ж. Гилфордтан айырмашылығы [141] – Е. Торренс [150] креативті қасиеттердің негізгі құрамдас бөлігі ретінде сырттан анықтайтын шектеулер мен стандарттарды өткізудің жалпы қабілетін, кемшіліктерді, білімдегі олқылықтарды, жетіспейтін элементтерді қабылдауға қабілеттілігін айтады.

Шығармашылықтың қабілетпен байланыстылығы бойынша зерттейтін шетелдік психологтар Ю.Н. Кулюткин және Г.С. Сухобская [151] шығармашылық қабілеттердің ажырамас бөліктері ретінде объектіні жаңа байланыстар мен қатынастарға қосу арқылы жаңа ақпарат алу, сондай-ақ қажет болған жағдайда бастапқы гипотезадан бас тарту қабілеті деп есептейді.

Басқа отандық авторлардың жұмыстарында жеке тұлғаның жалпы шығармашылық қасиеттерін иерархизациялау әрекеттері жасалмайды, олардың жекелеген нақты құрамдас бөліктері ерекшеленеді. Мысалы, А.Н. Лук шығармашылық қабілеттердің қарастырылып отырған түріне қабылдаудың кейбір қасиеттерін (атап айтқанда, қабылдаудың тұтастығы – оны бөлшектемей, шындықты тұтастай қабылдау қабілеті) жатқызуды ұсынады [136].

Ұсақ тәуелсіз бөліктерді қабылдау және есте сақтау (қажетті ақпаратты дереу немесе кейінге қалдыра отырып есте сақтау, тану, жаңғырту қабілеті).

Сонымен қатар, ол жалпы шығармашылық қабілеттерге жекелеген ойлау қасиеттерін (оның икемділігі, идеяларды жинақтау жеңілдігі, ойлау операцияларын ұштастыру қабілеті, ұғымдарды жақындастыру қабілеті, яғни қауымдасу жеңілдігі және қауымдасқан ұғымдардың алшақтығы және т.б.) және сөйлеуді (оның жылдамдығы, яғни ойлау қозғалысын жеңілдету үшін қажетті тұжырымдау жеңілдігі) жатқызады. А.Н. Луктың [136] пікірінше, шығармашылық қабілеттер мәселелерді іздеудегі саңлақтықты, тәжірибені көшіру қабілетін, алдын ала болжау қабілетін және т.б. көздейді. Бұл тізбе жалпы шығармашылық қабілеттерді одан әрі зерделеу үшін сөзсіз қызығушылық тудырады, өйткені олардың даму көрсеткіштерін бөлу мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, келтірілген ауқымды тізім автор бөлген шығармашылық қабілеттерді жіктеудің бірыңғай негізінің жоқтығын айқын көрсетеді.

Мысалы, В.Н.Дружинин [108] шығармашылық белсенділік шығармашылық (ішкі) мотивациямен анықталатынын, ерекше өмірлік жағдайларда (реттелмеген) көрініс табатынын анықтады, бірақ оның көрініс алуының деңгейін «жоғарғы» шектеуші қызметін жалпы интеллект деңгейі атқарады. Осыған ұқсас «төменгі» шектеуші де өмір сүреді: интеллектінің ең төменгі деңгейі, ал оған жетпейінше креативтілік көрініс бермейді. Төменгі ақыл-ой деңгейінің шегі саланың «реттелгендігімен» анықталады».

Студенттердің шығармашылығын зерттеген еңбектерді зерделей отырып, бастауышта шығармашылық қабілеттілік оқу әрекетінде көрінетінін, ал даму өнімі «оқуға құштарлықтары, ынталылықтары» екендігін, ал, жасөспірімдік кезеңде оқушы оқу әрекетінің жеке, дара субъектісі ретінде дами бастайтындығын айтуға болады. Бұл кезде студенттің әрекет үстінде жеке тұлға болып қалыптасуы оның шығармашылықты қажетсінуіне тәуелді екендігі

түсінікті. Табиғаты жағынан зерттеушінің, өнер тапқыштың және оқушының шығармашылық іс-әрекетіндегі жалпы ортақ нәрсе, олардың барлығы да «заттардың белгісіз байланыстарын» іздеуді жүзеге асырады. Ал, студенттерді белгісіз байланыстарды оқып-үйренуге, не ізденіске баулу – бұлоны болашақтағы еңбек іс-әрекетіне, жалпы шығармашылыққа үйрету болып табылады. Бұл шығармашылықты – білімді ауыстырушылық біліктілігі, салыстыра білуі, қайта құрастыруы; нұсқаларды ауыстыру бейімділігі, шешімдердегі үнемділігі, уақытпен құралды тиімді пайдалануы т.б. әрекеттермен сипаттаудан көрінеді.

«Шығармашылық қабілет» ұғымын талдау бізге мынадай тұжырым жасауға мүмкіндік береді: шығармашылық қабілетті тек еңбек және құрастырмалы-көркем білім, дағдыларды, үйрететін ұғым ретінде қарастырмай, білім, ептілік пен дағдыны қалыптастыратын тұлғаның тұрлаулы қасиеті ретінде қарастыру керек. Оған берілген анықтамалар сан қилы, сондықтан да шығармашылық анықтамалары күрделі талдауды қажет етеді. Шығармашылық қабілет – өте күрделі психологиялық қасиет. Ол тек адамға ғана тән маңызды жеке қасиеттердің бірі.

Шығармашылық қабілеттің бірқатар ерекшеліктермен сипатталатын жеке тұлғаның ерекше қасиеті деп айтуға болады:

- жеке тұлғаның шығармашылық қабілетінің болуы;
- шығармашылық қабілеттілікті дамытуға арналған шарттардың жағдайдың болуы;
- шығармашылық қабілеттілікті дамытуға деген қарама-қайшылықтардың болуы.

Жоғарыда айтылған ғалым-зерттеушілердің көзқарастарына талдаулар жасау «шығармашылық қабілет» ұғымының мазмұны «жаңаны ойлап табуға, шығаруға қабілеттілік» деген мағынаны білдіреді, ол адамның белгілі бір мақсатқа бағытталған ізденімпаздығы мен, белсенділігімен, еңбекқорлығымен және шығармашылық табандылығы мен жаңалық ашуға деген қабілеттілігі деп тұжырымдауға мүмкіндік берді.

«Шығармашылық қабілеттер» психологиялық ұғымы өз алдына өмір сүруге құқылы екенін атап көрсету керек. Өйткені, шығармашылық қабілеттер адамның белсенділігінің белгілі бір формасына, әсіресе іс-әрекет ретінде анықталатын шығармашылыққа қатынасы бар, ал іс-әрекеттің өзге түрлерінде өз қабілеттері анықталған. Белгілі бір қабілеттерді анықтау оларды мақсатты түрде дамытудың негізіне айналуы мүмкін. Біздің пікірімізше, шығармашылық қабілеттер тіркесі бұл ұғымды шығармашылыққа қабілеттілік ретіндегі бір түр арқылы анықтайды.

Кең мағынада, шығармашылық қабілеттер – бұл психологиялық функционалдық жүйенің оның шығармашылық үрдісінің тиімділігін анықтайтын жеке қасиеті. Кез-келген шығармашылық үрдіс мәселені қою және шешумен байланысты. Педагогикалық үрдісте шығармашылық қабілеттер интегралды көрініс алады, дегенмен жекелеген кезеңдерінде анағұрлым маңызды қабілеттерді анықтауға болады. Бұл шығармашылық қабілеттерді

құрылымға келтіруді негізіне айналады, ал бұл оларды диагностикалау мен дамыту үшін маңызды.

Сонымен, осыған орай, шығармашылықтың қабілетпен байланыстылығын көрсететін ғалымдардың жеке анықтамаларды беруді жән көрдік:

1. Шығармашылық қабілет – іс-әрекетте жаңабір нәрсені ойлап табуға бағытталған жеке тұлғаның бойындағы танымдық қабілеттіліктер, ізденімпаздық пен шығармашылық сапалар жиынтығы.

2. Шығармашылық қабілет –жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігі және танымдық ептілігі мен икемділігін көрсететін маңызды тұрлаулы психикалық қасиет.

Анықтамалық-сөздіктерге сәйкес, «Шығармашылық қабілеттер – бұл жеке тұлғаның қасиеттері мен ерекшеліктерінің синтезі, жасалатын іс-әрекеттің жаңалығы мен түпнұсқалығын, оның нәтижелілік деңгейін қамтамасыз ететін белгілі бір қасиеттің болуын болжайтын оның деңгейлік сипаттамасы» деп қарастырылады. Сонымен, шығармашылық қабілеттер – іс-әрекеттің шығармашылық түрлерінде, яғни материалдық және рухани мәдениеттің жаңа пәндері жасалатын, жаңа идеялар, жаңалықтар, өнертабыстар жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің табыстылығын қамтамасыз етеді. Бұл қабілеттер – ақпараттың жетіспеушілігі, тапшылығы жағдайында көрінеді.

Шығармашылық қабілет – бұл студенттердің шығармашылық сипаттағы іс-әрекеттерді орындау қабілетінен көрінетін және нақты қызмет өнімдерінде іске асырылатын мүмкіндіктері. Айта кету керек, іскерлік – толығымен саналы түрде жасалатын әрекет қабілеті. Білік әдетте бастапқы кезеңде студент түсінген және ерікті түрде ойнатылуы мүмкін меңгерілген білім нысанында көрінетін деңгеймен арақатынастырылады. Осы білімді практикалық пайдаланудың кейінгі процесінде ол осы ережемен реттелетін дұрыс орындалатын іс-әрекет нысанында сөз сөйлей отырып, кейбір операциялық сипаттамаларға ие болады.

Әлеуметтік тәжірибенің өзгермелі сипаты – қазіргі заманғы адамнан тек шығармашылық қабілеттерді ғана емес, жалпы сипаттағы шығармашылық қабілеттерді дамытуды да талап етеді. Шығармашылық қабілеттерді арнайы және жалпы деп жіктеу – іске асырылатын іс-әрекет түрлерінің ауқымымен айқындалады.

Арнайы шығармашылық қабілеттер – шығармашылық іс-әрекеттің нақты түрлерімен байланысты және шығармашылықтың белгілі бір салаларында табысты болуды қамтамасыз етеді. *Мысалы*, музыкалық, әртістік, хореографиялық, әдеби қабілеттерді, сондай-ақ бейнелеу, техникалық, ғылыми, басқару, педагогикалық және т.б. қабілеттерді бөліп көрсетуге болады. Әрбір жағдайда арнайы қабілеттер белгілі бір ерекше кепілдемелерге сүйенеді және дәл осы қызмет түрінде дамитын өмірлік қалыптасатын тұлғалық қасиеттердің өзіндік жиынтығын дамытуды талап етеді. *Арнайы шығармашылық қабілеттер* – адамның бейімділігінен, яғни кепілақысы бар шығармашылық іс-әрекеттің дәл сол түрлерін таңдаудан, дәл осы іс-әрекетті орындаудан ләззат алудан,

ондағы тұлғаның барынша толық өзін-өзі көрсетуінен көрінеді.

Жалпы шығармашылық қабілеттер арнайы қабілеттерге қарағанда, іс-әрекет түрлерінің кең ауқымында іске асырылады және шығармашылықтың әртүрлі салаларында табысты болуды қамтамасыз етеді. Бұл қабілеттер жеке тұлғаның нақты мазмұнына қарамастан, оның табысты іс-әрекетке дайындығын қамтамасыз етеді. Шығармашылық қабілеттердің бұл түрі – адамға қоршаған әлемді оның елеулі байланыстары мен қарым-қатынастарында барабар көрсетуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар қоршаған орта шынайылығымен өзара іс-қимылдың шығармашылық тәсілдерін үйреншікті және орнықты деп таңдауға мүмкіндік береді. Дәл осы қасиеттердің есебінен шығармашылық іс-әрекеттің әр алуан түрлерінде табысқа қол жеткізіледі.

Сонымен, шығармашылық қабілет – бұл тұлғаның деңгейлік сипаттамасы, ол қызметтің әртүрлі түрлерінің жаңалығы мен бірегейлігін, жеңілдігі мен жылдамдығын қамтамасыз ететін белгілі бір қасиеттің болуын көздейді, яғни шығармашылық қабілет – адамның кез келген қабілетінің жоғары даму деңгейі. Шындығында, қабілеттіліктің көрінісі – іс-әрекет өнімінің жаңалығы мен түпнұсқалығын айқындайтын болғандықтан, осы қабілетті шығармашылық деп түсіндіру мүмкіндігі пайда болады. Шетелдік психологияда жалпы шығармашылық қабілеттер мәселесі – жеке тұлғаның креативтілігі мен креативтік қасиеттері мәселесінің аспектісінде жиі қарастырылады.

А.Н. Лук көрнекті ғалымдардың, өнертапқыштардың, суретшілер мен музыканттардың өмірбаянына сүйене отырып, мынадай шығармашылық қабілеттерді бөліп көрсетеді:

1. Мәселені басқалар көрмейтін жерде көру қабілеті.
2. Бірнеше ұғымдарды бір-бірімен алмастыра отырып және ақпараттық қатынаста неғұрлым көп таңбаларды пайдалана отырып, ойлау операцияларын қысқарту қабілеті.
3. Бір міндетті шешу кезінде алған дағдыларды қолдану қабілеті.
4. Шындықты бөлшектемей тұтастай қабылдау қабілеті.
5. Алыс ұғымдарды байланыстыру қабілеті оңай.
6. Жадтың қажетті ақпаратты қажетті минутта беру қабілеті.
7. Ойлау икемділігі.
- 8, Мәселені шешу баламаларының бірін оны тексеруге дейін таңдау қабілеті.
9. Жаңадан қабылданған мәліметтерді қолда бар білім жүйелеріне қосу қабілеті.
10. Заттарды өздеріндей көру қабілеті, түсіндірме арқылы келтірілетіндердің ішінен көзге көрінгендерін бөліп көрсету.
11. Идеяларды жасаудың жеңілдігі.
12. Шығармашылық қиялы.
13. Бөлшектерді пысықтау, бастапқы ойды жетілдіру қабілеті [136, 82б.].

Психология ғылымдарының кандидаттары В.Т. Кудрявцев пен В.Синельников [152] мәдени-тарихи материалдарға (философия, әлеуметтік ғылымдар, өнер тарихы, практиканың жекелеген салалары) сүйене отырып,

адамзат тарихы процесінде қалыптасқан мынадай әмбебап шығармашылық қабілеттерді атап көрсетті:

1. *Қиялдың реализмі* – адам ол туралы анық ұғымға ие болғанға дейін және оны қатаң қисынды санаттар жүйесіне жазып алғанға дейін тұтас объектінің дамуының кейбір елеулі, жалпы үрдісін немесе заңдылығын бейнелеп алу.

2. *Бөліктерден бұрын тұтастықты көре білу.*

3. *Шығармашылық шешімдердің адситуативтік-түрлендіру сипаты* – мәселені шешу кезінде сырттан таңылған баламалардан таңдау ғана емес, өз бетінше балама жасау қабілеті.

4. *Эксперименттеу* – заттардың әдеттегі жағдайларда өзінің құпия мәнін, сондай-ақ осы жағдайларда заттардың «мінез-құлқының» ерекшеліктерін байқау және талдау қабілеті неғұрлым шығыңқы жағдайларды саналы және мақсатты түрде жасау қабілеті.

Д.Б. Богоявленская бойынша [79,37-39бб.], жеке шығармашылық қабілеттерін сипаттау міндетін емес, тұлғаның шығармашылық әлеуетінің интегралдық, кешенді сипаттамаларын бөліп көрсетуге тырысады. Д.Б. Богоявленская көзқарасымен келісе отырып, тұлғаның шығармашылық әлеуеті – бұл зияткерлік және тұлғалық (мысалы, мотивациялық) компоненттерді біріктіретін зияткерлік белсенділік ұғымы болып табылады.

Сонымен қатар, шетелдік ғалымдар жалпы шығармашылық қабілеттердің қатарына төрт қабілетті жатқызуға мүмкіндік берді:

- вариативтілік қабілет;
- гипотезалық қабілеті;
- импровизациялау қабілеті;
- ауыстыру қабілеті.

Педагогикалық психология аспектісінде осы қабілеттердің нақты сипаттамасын беруді жән көрдік:

Біріншіден, олардың мәнін анықтау және әрбір қабілеттің негізінде жатқан негізгі психологиялық тетіктерді белгілеу қажет;

Екіншіден, олардың дамуының шамамен алғандағы көрсеткіштерін бөліп көрсету;

Үшіншіден, бөлінген қабілеттерді мақсатты дамытудың жалпы бағыттарын айқындау.

Жоғарыда келтірілген жалпы шығармашылық қабілеттердің әрқайсысы ерекше сипатқа ие:

1. *Вариативтілік* – практикалық және теориялық жоспардағы мәселелерді шешудің сан алуан бірегей тәсілдерін бөліп көрсетуге, әртүрлі идеялардың көп санын жасауға мүмкіндік беретін жалпы шығармашылық қабілет. Осы қабілеттің жұмыс істеуінің психологиялық тетігінің негізінде бірінші кезекте жалпы мәселені оның көптеген жеке қасиеттері, белгілері мен жағдайлары түрінде нақтылауға мүмкіндік беретін талдамалық ойлау компоненттері жатыр. Сондай-ақ, вариативтіліктің психологиялық механизмі шығармашылық дивергенттік ойлаудың жекелеген қасиеттерімен – оның жылдамдығы мен икемділігіне байланысты, ол ұсынатын идеялардың жалпы санын ғана емес,

сондай-ақ олардың байлығын, пайда болатын қауымдастықтардың, логикалық байланыстардың әртүрлілігін анықтайды [153, 175б.].

2. *Болжамдық қабілет* – нақты шындықтың қандай да бір құбылыстарының даму перспективалары мен себептері туралы әртүрлі, негізделген болжамдарды айтуға мүмкіндік беретін жалпы шығармашылық қабілет. Болжамдық қабілеттің негізінде жатқан психологиялық механизм, ең алдымен, себеп-салдарлық байланыстарды орнатудың жалпы ақыл-ой әрекетінің жұмыс істеуімен байланысты. Нақты әлемнің құбылыстарындағы себептер мен салдардың байланысын көре білу перспективалы (болашаққа айналдырылған) және ретроспективті (өткенге айналған) гипотезаларды табысты ұсынуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, перспективалық сипаттағы гипотезаларды табысты ұсыну үшін оқиғалардың даму барысын ойлап есептеуге мүмкіндік беретін жоспарлаудың жалпы ақыл-ой әрекетін жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар, вариативтілік жағдайындағы сияқты, гипотезалық қабілетті анықтау үшін оның илгіштік қасиеттері бар дивергенттік ойлау қажет, ол сан алуан гипотезаларды ұсынуға мүмкіндік береді [153, 176б.].

3. *Импровизациялық қабілет* – интуитивті шығармашылық іс-әрекет негізінде уақыттың қысқарған кезеңінде шығармашылық өнімдерді туғызуға мүмкіндік беретін жалпы шығармашылық қабілет. Бұл қабілеттің басқа да анықтамасын беруге болады: импровизация – күтпеген жерден туындаған мәселені шешуге алдын-ала дайындықсыз, сондай-ақ өз бетінше бірегей жолмен шешуге мүмкіндік беретін жалпы шығармашылық қабілет. Импровизацияға қабілеттіліктің даму көрсеткіші, ең алдымен, өзгерген жағдайларға реакция жылдамдығының сипаттамасы болуға тиіс, бұл ретте шарттардың өзгеруі ақпараттың жетіспеушілігінен туындаған айтарлықтай күтпеген сипатта болуға тиіс. Импровизацияны қалыптастырудағы ерекше бағыт – эвристикалық шешімдерге қабілеттілікті дамытуға арналуы тиіс, оларға түбегейлі үйретуге болмайды, бірақ үйрету қажет. Ақпараттың шығармашылық міндетін шешу үшін қажетті шекті қолжетімді шараны біртіндеп өзгерту эвристикалық ойлау мүмкіндіктерін ынталандырады, эвристикалық шешімдерге тәсілдерді іздестіруді дамытуға ықпал етеді [153, 177б.].

4. *Тасымалдау қабілеті* – жалпы шығармашылық қабілеттердің ұсынылған жіктемесінде ерекше орын алады. Өйткені, жоғарыда аталған қабілеттерді тұрақты тұлғалық сипаттамалар ретінде дамыту тек көшіру жағдайында ғана мүмкін болады. Бірақ ауыстыру дербес шығармашылық қабілет ретінде де қарастырылуы мүмкін. *Тасымалдау* – субъектіге қолда бар білімді, іскерлікті және дағдыларды жаңа ерекше жағдайларда ерекше және түпнұсқалық пайдалануға мүмкіндік беретін жалпы шығармашылық қабілет. Әртүрлі іс-әрекет түрлерінің (оның ішінде шығармашылық) қолда бар тәжірибесі, осы тәжірибеде жинақталған әртүрлі міндеттерді (оның ішінде стандартты емес) шешу тәсілдері ауыстыру қабілетінің психологиялық негізі деп есептеуге болады. Тасымалдау қабілетін қалыптастыру үшін, бір жағынан, неғұрлым алыс объектілерде, құбылыстарда жалпы инварианттық, ал екінші жағынан, барған сайын жақын объектілер мен аймақтарда әртүрлі нәрселерді табуды үйрету

кажет. Сондай-ақ, жалпылау мен абстракциялаудың ақыл-ой әрекеттерін қалыптастыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізу маңызды [153, 177б.].

2-Кесте. «Шығармашылық қабілет» ұғымының анықтамалары

Авторлар	Анықтамалары
1	2
А.Н. Лук	«... мәселелерді іздеудегі саңлақтықты, тәжірибені көшіру қабілетін, алдын ала болжау қабілеті».
Ю.Н. Кулюткин, Г.С. Сухобская	«... объектіні жаңа байланыстар мен қатынастарға қосу арқылы жаңа ақпарат алу, сондай-ақ қажет болған жағдайда бастапқы гипотезадан бас тарту қабілеті»
Е. Торренс	«... креативті қасиеттердің негізгі құрамдас бөлігі ретінде сырттан анықтайтын шектеулер мен стандарттарды өткізудің жалпы қабілетін, кемшіліктерді, білімдегі олқылықтарды, жетіспейтін элементтерді қабылдауға қабілеттілігі»
Ж. Гилфорд	«... қабілеттердің креативтілік құрылымы: түпнұсқалылық, семантикалық икемділік, бейімделген икемділік, семантикалық икемділік».
Д.Б. Богоявленская	«... тұлғаның шығармашылық әлеуетінің интегралдық, кешенді сипаттамалары»
В.Т. Кудрявцев, В.Синельников	«... әмбебап шығармашылық қабілеттер: қиялдың реализмі, бөліктерден бұрын тұтастықты көре білу, шығармашылық шешімдердің адситуативтік-түрлендіру сипаты, эксперименттеу»

Жоғарыда аталған барлық қабілеттерді тұлғаның тұрақты тұлғалық қасиеттері ретінде қарастыра отырып, жеке адамның психологиялық сипаттамалары, олардың әрқайсысының құрылымына когнитивтік (осы қабілеттің мәні туралы білім), эмоциялық (қабілетке тұрақты қатынас) және мінез-құлықтық (қызметтегі қабілетті іске асыру тәсілдері) компоненттерді енгізу керек. Осылайша, кез келген жалпы шығармашылық қабілетті қалыптастыру олардың үш құрылымдық құрамдас бөлігінің өзара байланысында мақсатты дамуын білдіреді. Бұл қабілетті адам тұлғасының құрылымына кіретін тұрақты сипаттамалар, психикалық қасиеттер ретінде дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл бағыттар әмбебап сипатқа ие және жалпы сипаттағы барлық шығармашылық қабілеттерді қалыптастыруға ықпал ете алады. Жалпы шығармашылық қабілеттер мәселесін психологиялық талдау осы саладағы эксперименттік зерттеулердің әртүрлі перспективаларын көрсетеді.

Зерттеудің бірнеше бағытын бөліп көрсетуге болады:

Бірінші бағыты – балалардың жыныстық-жас айырмашылықтарын ескере отырып, мектеп жасындағы жалпы шығармашылық қабілет ретінде вариативтілік, импровизацияның болжамдылығы және ауыстыру ерекшеліктерін зерделеу.

Екінші бағыты – жұмыстың маңызды бағыты ретінде студенттердің шығармашылық іс-әрекетінің әр түріндегі (көркемдік, техникалық

шығармашылықта, оқу-зерттеу қызметінде) вариативтілік, гипотезалық, импровизациялау және тасымалдау ерекшеліктерін белгілеу деп есептеуге болады.

Үшінші бағыт – оқытудың әртүрлі жағдайларында (оқу жұмысының мазмұнын, әдістерін, нысандарын іріктеуге әртүрлі тәсілдер) аталған жалпы шығармашылық қабілеттердің даму ерекшеліктерін айқындаудан тұрады.

Төртінші бағыт – студенттердің аталған жалпы шығармашылық қабілеттерін дамытуға барынша ықпал ететін психологиялық-педагогикалық жағдайларды анықтау болып табылады. Сондай-ақ, оқытушы тұлғасының оқушылардың жалпы шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпалын (оның креативтілігін) анықтау қызықты және маңызды болып табылады.

Аталған бағыттар бойынша зерттеу жұмысы вариативтілік, гипотезалық, импровизациялау және тасымалдау сияқты жалпы шығармашылық қабілеттердің даму тәуелділігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл факторлар, біздің көзқарасымызша, шығармашылық қабілеттің ерекшелігі – осы қабілеттер көрініс табатын шығармашылық іс-әрекеттің түрі (көркемдік, техникалық, зерттеу), студенттердің жасы мен жынысы, олардың жеке тұлғалық сипаттамалары, оларды оқыту шарттары болып табылады. Аталған факторлардың өзара байланысын орнату өскелең ұрпақтың жалпы шығармашылық қабілеттерін мақсатты дамыту процесін оңтайландыру жолдарын негіздеуге мүмкіндік береді, бұл педагогикалық психологияның өзекті міндеттерін шешуге ықпал етеді. *Сонымен параграфты қорытындылай келе, шығармашылық, қабілеттер, шығармашылық қабілеттердің арақатынасын теориялық тұрғыда талдау бізге жеке анықтамамызды беруге мүмкіндік берді:*

Студенттердің шығармашылық қабілеттері – жеке адамның танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктері негізінде жаңа бір туындыны ойлап табуға, құрастыруда белсенділікпен, зерттеушілік ізденімпаздықпен мақсатты іс-әрекетті табысты, сапалы, нәтижелі орындауымен ерекшеленетін қабілетінің жоғары даму деңгейі. Соңғы жылдардағы педагогика және психология ғылымдарындағы шығармашылық қабілеттердің маңыздылығы жайындағы мәселе қазіргі заманғы әлеуметтік тәжірибенің ерекшелігіне байланысты, оны кейінгі ұрпақтар меңгеруі тиіс, бұл тәжірибенің серпінді және тұрақсыз сипатына негізделген.

Біріншіден, қазіргі уақытта ақпараттық ағым күрт өсуде, ал оның көлемі соншалықты, оны толығымен меңгеру мүмкін емес. Шығармашылық қабілеттер ақпарат тапшылығы жағдайында да қызметті табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. *Екіншіден*, қоғамның әр түрлі жақтарын дамытудың барған сайын жеделдеп келе жатқан үдерісі жағдайында бұрынғыға қарағанда үнемі туындайтын жаңа мәселелерді көру және дұрыс шешімдер табу қабілеті маңызға ие болады. *Үшіншіден*, барған сайын жаңа мамандықтардың пайда болуы, бұрыннан бар мамандықтарға қойылатын талаптардың айтарлықтай өзгеруі тұлғаның белгілі бір ұтқырлығын көздейді, бұл да шығармашылық қабілетін дамытуды талап етеді.

1.2 Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдіснамалық тұғырлары

Бұл параграфтың мақсаты – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдіснамалық тұғырларын айқындау.

Қазіргі жаһандану әлемінде білім беру кеңістігінің шығармашылық ортасын құру – студенттердің бойында шығармашылық қабілеттерді дамыту мәселесін ғылыми әдіснамалық тұғырлар тұрғысынан шешуге мүмкіндік береді.

Отандық ғалымдар Г.Қ. Нұрғалиева, А.Қ. Құсайынов, Қ. Мусин [154] және т.б. педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық тұғырларының мазмұнын айқындады. Бұл ғалымдар дүниежүзілік тәжірибеге сүйене отырып, педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық тұғырларының мазмұнын нақтылады.

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерде әдіснамалық тұғыр белгілі бір педагогикалық-психологиялық мәселені зерттеудегі қолданылатын ұстанымдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы деп қарастырылады. «Тұғыр» ұғымы педагогикада ғылымның пайдаланатын нақты тәсілі, элементі ретінде қарастырылады. Тұғыр – бұл ғылыми-педагогикалық қызметтің қандайда бір үдерісінің элементі, жеке әрекеті. Егер «әдіс» ұғымы ғылыми-педагогикалық әрекет тәсілдерінің жиынтығы деген анықтама берілсе, «әдіснамалық тұғыр» ұғымы аталмыш тұғырдың зерттеушінің ғылыми-педагогикалық әрекетінің бүкіл кезеңінде пайдаланатынын білдіреді. Зерттеу тұғырларының жиынтығы олардың қолдану дәйектілігі мен логикасын, педагогикалық зерттеуді жүргізу технологиясын анықтайды [9, 51б.].

Ғалым педагогтар әдіснамалық бағдар ретінде «тұғыр» ұғымын жиі қолданады. Осы орайда, педагогикалық зерттеулерде жүйелік, жүйелік-қызметтік, кешендік, тұтастық, аксиологиялық, праксиологиялық, әрекеттік, жеке тұлғалық және т.б қолданылады.

Педагогика ғылымында педагогикалық құбылыстарды зерттеудің мазмұндық ерекшелігіне байланысты әдіснамалық тұғырларды үш тПОҚа бөліп қарастырған. Мысалы, мега, макро, микро әдіснамалық тұғырлар. Мегаәдіснамалық тұғырлар: жаратылыстанулық-ғылымилық және гуманитарлық. Макроәдіснамалық тұғырлар: мәдени, синергетикалық, инновациялық, экологиялық.

Педагогика және психология ғылымдарында әдіснамалық тұғырларға сүйену – әлеуметтік педагогикалық құбылыс, жалпы мәдени өрістегі педагогикалық әрекет ретінде педагог-психологтың зерттеу мәдениетін қарастыруға, білім және ғылым саласында фактілер, құбылыстар, механизмдер мен заңдылықтарды жан-жақты зерттеп, қарастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдай отырып, зерттеу жұмысымыздың мақсат-міндеттеріне сәйкес, біз мәдени-тарихи, тұлғалық-іс-әрекеттік, синергетикалық, ақпараттық-инновациялық, құзыреттілік тұғырларды негізге алып, қарастыруды жөн көрдік. Студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға негіз болатын әдіснамалық тұғырларды

келесі сурет арқылы көрсетуді ұйғардық.



1-Сурет. Студенттердің шығармашылық қабілетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары

Бұл суреттен студенттердің шығармашылық іс-әрекетін дамытуға негіз болатын әдіснамалық тұғырлардың бір-бірімен өзара байланыстылығын және олардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырып, талдауды жөн көрдік.

Атап айтсақ, *мәдени-тарихи тұғыр* – студенттердің шығармашылық қабілетін мәдениетпен және даму тарихымен шығармашылық тұрғыда зерттеп, зерделеуге мүмкіндік береді және нақты ғылыми әдіснама ретінде таным мен педагогикалық іс-әрекеттерді қайта құруға немесе өзгерістер енгізуге бағыт-бағдар береді. Сондай-ақ, студенттердің шығармашылық қабілетін мәдени-тарихи қоғамдық құбылыстармен объективті байланысы негізінде оның тұлғалық дамуындағы құндылықтар жүйесін зерттейді. Өйткені, шығармашылық қабілет – тарих пен мәдениеттің өзара байланыстары негізінде дамидықтан, оқу-тәрбие жүйесіне жаңа элементтер енгізуге үлес қосады. Адамзат тарихында жеке тұлға мәдениет құндылықтарының жүйесін игеріп өзін-өзі дамытса, екінші жағынан, оның шығармашыл тұлға болып дамуына жағдай туғызуға мүмкіндік береді.

Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде шығармашылық қабілет мәселесін шығармашылық психологиясы қарастырады. Шығармашылық қабілеттің мәдени-тарихи даму тұғырының негізгі өкілдері: Х. Уарте [155], В. Штерн [156] мен Э. Крепелин [157], А.В. Брушлинский [158], А.Н. Лук [154], В.А. Моляко [128], Я.А. Пономарев [84], Т. Рибо [159], П.М. Якобсон [160] және т.б.

Шығармашылық қабілеттің мәдени-тарихи кезеңдерін қарастыратын болсақ, Платон мен Аристотель кезеңінен бастап «Шығармашылық» ұғымы бұрын болмаған нәрсені жасауды білдіреді. Адамзат қоғамының бүкіл мәдени-тарихи дамуында шығармашылық ұғымына осындай көзқарас қалыптасты. Сонымен қатар, Брокгауз және Ефронның энциклопедиялық сөздігінде [161]

«Шығармашылық» ұғымы табиғатпен қоғамның даму ауқымындағы алға жылжу сияқты кез келген прогресс ретінде кеңінен түсіндірілді.

Қабілеттілік туралы ой-пікірлерді дамытудың маңызды кезеңі – испан дәрігері Хуан Уартенің есімімен тығыз байланысты. Ол өзінің «Examen de ingenious paralassciencias» (1575 ж.) атты кітабында әр адамның іс-әрекеті жоғары қабілеттілік дәрежеде болу үшін Хуан Уарте: ағаш ұстасы – егіншілікпен, тоқымашы – сәулеткерлікпен, заң қызметкері – дәрігерлікпен, дәрігер – адвокаттықпен айналыспасын, әркім табиғат берген қабілетіне лайықты кәсіппен немесе өнермен айналысатын болсын деген шарттың орындалу керектігін ұсынған [155].

Физиологиялық зерттеулерде, қабілет – тұлғаның іс-әрекетті игеру мүмкіндігін шарттастыратын, жемісті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндіктерін көрсететін дара психо-физиологиялық жүйке жүйесінің қасиетіндегі ерекшелігі қарастырылса, педагогикалық ғылымдарда қабілетті оқыту, тәрбиелеу және дамыту барысында оқу танымы және өзін-өзі тану үдерісін жүзеге асыру тарапынан зерттеледі [162].

XIX ғасырдың екінші жартысында қабілеттілікті зерттеудің жаңа кезеңі басталды, психологиялық тестілеу, онымен бірге ғылымның жаңа бағыты ретінде даралық ерекшеліктердің психологиясы (дифференциалды психология) пайда болды. XIX және XX ғасырлар кезеңіне дейін психология мен педагогикада қабілет – адамға түрлі қызмет түрлерін орындаудың белгілі бір табысты деңгейін қамтамасыз ететін білімді, іскерлікті және дағдыны меңгерудің жоғары деңгейі деген пікір таралды. Бұл мәселемен Францияда өзінің қызметкерлерімен бірге А. Бине, АҚШ-та Д. Кеттел мен С. Холл, Германияда – В. Штерн мен Э. Крепелин айналысты [157].

XX ғасырдың басында француз психологы А. Бине ақыл-ойдың даму деңгейін анықтау тәсілдерін жасаған. Кейінірек, неміс психологы В. Штерн интеллекттің жеке деңгейін сипаттау үшін «интеллектуалдық коэффициентін» есептеп шығаруды ұсынды, әрі ақыл-ой қабілеттілігіне мынадай анықтама берді: «Ақыл-ой қабілеттілігі – өз ойын саналы түрде жаңа талаптарға қарай бағыттаптын, жаңа міндеттер мен өмір жағдайына бейімдейтін жалпы ақыл-ой қабілеттілігі» [156].

Соңғы уақыттарда шығармашылық қабілет мәселесіне арналған зерттеулердің көптігіне қарамастан, бұл ұғымның ашылуы өте сирек кездеседі. Көбінесе, бұл жалпы «шығармашылық» анықтамасы арқылы жасалады.

18-ғасырда Кант шығармашылық іс-әрекетке қабілет өнімі ретінде арнайы талдаулар жасайды. Ол шығармашылық қабілет адамның сезімдік қабылдауы мен ақыл-ой қорытындысын өзара байланыстыратындығын көрсетеді. Кант білім беру жүйесі туралы ойды қорыта келе, оқыту әрекеті адамның өзін-өзі бағалауымен оның жеке тұлғасына құрметпен қарау идеясын көтереді. Адамның шынайы еркіндігін моральдық талаптарға сай шығармашылық бағдарымен байланыстырады.

Сонымен қатар, Ф.В. Шеллинг [163] жалғастырып, шығармашылық қабілет тарих даму барысында мәдениет өркениетінің саналы және санадан тыс

үдерістерінің бірлігінде көрініс беретінін сипаттайды.

18-ғасырда А.Бергсон шығармашылық теориясының негізін қалап, шығармашылық – жаңаның үздіксіз пайда болуы деп, оның өмірлік мәніне тереңінен талдау жасайды. Шығармашылық – құрастырудың субъективті әрекетіне қарама-қарсы (табиғатта – туу, өсу, жетілу үдерісі ретінде; түйсікте – жаңа бейнелердің, сезімдердің пайда болуы түрінде) үдеріс деп есептейді [165].

Шопенгауэрдің пікірінше, шығармашылық іс-әрекет басқарылмайтын, өздігінен жүзеге асатын беймәлім үрдіс деген тұжырым жасайды [165]. Оған керісінше, шығармашылықтың әлеуметтік өмірмен байланысы материалистік ілімде көрініс тапты .

Дәстүрлі педагогикалық-психологиялық зерттеулерде шығармашылық қабілет мәселесін тұлғалық категория ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, шығармашылық қабілетті дивергенттік ойлаудың (Дж. Гилфорд [141], О.К. Тихомиров [166]) немесе зияттылық белсенділік (Д.Б. Богоявленская [79], Л.Б. Ермолаева-Томина [167]) немесе тұлғаның ықпалдастық сапасы (Я.А. Пономарев [84] және т.б.) деп қарастырылады. Зерттеу пәніне байланысты қарастырылатын психологиялық-педагогикалық құбылыстарды жүйелі түрде қарастыру керек. Мәселен, Я.А.Пономарев бойынша [84, 151б.], шығармашылық психологиясында туған жаңа бағыттарды сипаттай отырып, пайда болып, өзбетінше өмір сүре бастаған әлеуметтік психологияны және шығармашылық психофизиологиясын бөліп көрсетеді. Оны келесі сызбадан көруге болады.



4-Сызба. Я.А.Пономарев бойынша шығармашылық қабілетті дамытудағы жаңа бағыттар

Бұл сызбадан шығармашылық психологиясынан жоғары қарай шығармашылық әлеуметтік психологиясы туындағаны, ол арқылы қоғамдық

ғылымдармен кең көлемді байланыс пайда болатындығы көрінеді. Сонымен қатар, шығармашылық психофизиологиясы және ол арқылы биологиялық байланыс пайда болады. Шығармашылық психологиясы педагогикалық ғылымдар және басқада іс-тәжірибемен байланыстыратын қолданбалы пәндер пайда болып, өзара бір-бірімен тығыз байланыста дамиды.

Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде К.К. Платонов [83, 25-27 бб.], Л.С. Выготский [98], А.Н. Леонтьев [45], Б.Г. Ананьев [77] және т.б. ғалымдар еңбектерінде жеке тұлға ұғымына және оның субъект ретіндегі іс-әрекетіне түрлі зерттеулер жүргізіліп, анықтамалар берілген. Тұлға мәселесін зерттеуде Б.Г. Ананьев «іс-әрекет субъектісі» деген ұғымды пайдаланады. «Іс-әрекет субъектісі» деген ұғым өзінің мазмұны бойынша «индивид» және «тұлға» ұғымдарын байланыстырып тұр. Субъектілік – адамды оның психикалық дамудың ең жоғары сатысы болып табылатын санасы арқылы басқа тіршілік иелерінен ажырататын басты белгісі. Өзінің саналы іс-әрекеті арқылы адам қоршаған ортаны өзгерте алады. Сондықтан, субъект дегеніміз іс-әрекет ете алу қабілеті бар саналы жеке тұлға. Тұлға – қоғамдық қатынастардың субъектісі, яғни, оның қоғамға әсер ете алуы, оның әлеуметтік іс-әрекеті мен белсенділігі.

Іс-әрекет теориясы туралы мәселелер психология ғылымына 1920-1930 жылдары енген. Бұл ұғым туралы бірнеше бағыттағы түсіндірулер берілген. Іс-әрекет тұғыры дегеніміз – объектінің біртұтастығын және оның тетіктерін ашу (философия, әлеуметтану теориялары бойынша), тұлғаның әрекет арқылы қоршаған ортаны тануы және қайта өзгертуі, іс-әрекетінің құрылымын, қызметін қарастырады деп тұжырымдалады. Іс-әрекет тұғырын – педагогикалық құбылысқа әрекеттің бүкіл компоненттерінің тұтастығы деп түсіну, яғни мақсаты, мотиві, әрекеті, операциясы, ретке келтіру жолы, жөндеу, жеткен нәтижені бақылау және талдауға мүмкіндік береді.

Тұлғалық-іс-әрекеттік теорияның негізін А.Н. Леонтьев [45] салды. Ол сыртқы және ішкі іс-әрекетті ажыратудан бастады. Тұлғаның білімі мен шығармашылық қабілеттерінің дамуындағы тұлғалық-іс-әрекеттік тәсілінің мәні мынадай түрде көрсетілуі мүмкін: тұлғаның дамуы іс-әрекетте (А.Н. Леонтьев [82], С.Л. Рубинштейн [57] және т.б.). жүзеге асырылады. Іс-әрекет – тұлғаның шығармашылық қабілетінің қалыптасу көзі және оның басты даму факторы. Студенттердің шығармашылық қабілетін дамытудың тиімділігі іс-әрекеттің белсенді сипатымен анықталады, оның негізгі белгілері сана, дербестік, креативтілік болып табылады. Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғырдың негізінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясы әзірленді (П.Я. Гальперин [168], Н.Ф. Талызина [169], Д.Б. Эльконин [170] және т.б.).

Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр – бұл студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуды зерттеуде тұлғалық және іс-әрекеттік аспектілерге сүйенуді көздейтін тұғыр. Білім беру мазмұнының құрылымын жасауға негізделген тұлғалық тұлғалық-іс-әрекеттік қалыптасуы үшін маңызды мінездемелерді көрсететін жеке қасиеттерге: тұлғаның бағдарына, оның

құндылықтық ұстанымдарына, өмірлік жоспарларына, алдына қойған мақсаттарына және әрекетте және мінез-құлықтағы басым мотивтеріне тірек ретінде түсіндіріледі. Тұлға мәселесі бірнеше ғылымдардың (философия, психология, педагогика, әлеуметтану және т.б.) зерттеу нысаны. Философияда тұлға таным және іс-әрекеттің субъектісі ретінде, психологияда ол сапалық қасиеттердің, психикалық үдерістердің (мінез-құлық, темперамент, қабілет және т.б.) жиынтығы ретінде, педагогикада оқыту және тәрбиелеу, қалыптастыру нысаны ретінде, әлеуметтануда қоғам өміріндегі әрекеттік салалардың зерттеу пәні ретінде қарастырылады. Тұлғаның құрылымы – тұлғалық қасиеттерден тұратын, белгілі мінез-құлықты және темпераментті айқындайтын, сондай-ақ маңызды қасиеттерді құрайтын жеке биологиялық қасиеттердің жиынтығы. Психологиядағы тұлғаның гуманистік теориясы өзін-өзі белсендіруге бағытталған туа біткен талпынысты тұлғаның дамуының негізі ретінде қарастырады. Гуманистік теория шеңберінде, тұлға ол – өзін-өзі жетілдірудің нәтижесі ретіндегі «Мен», адамның ішкі әлемі болып табылады және тұлғаның құрылымы – «шынайы мен» және «жетілген мен» екеуінің өзара қатынасы, сондай-ақ өзін-өзі жетілдірудің қажеттіліктерінің дамуының жеке деңгейі.

Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр – оқу-тәрбие үрдісінде студенттердің бойындағы шығармашылық қабілеттерінің жан-жақты дамуына мүмкіндіктер туғызуы. Мұнда кредиттік оқыту жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттері бойынша өзара байланысты түсініктер, идеялар және іс-әрекет тәсілдері жүйесіне сүйену, студент тұлғасының өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру үдерісіне қолдау көрсету, оның дербестігін дамыту. Тұлғалық ықпал тұрғысынан оқу-тәрбие процесінде кредиттік оқыту жүйесінің талаптарын есепке ала отырып, әр студенттің жас ерекшеліктерімен қатар, даралық ерекшеліктері: мінез-құлқы, өзінің туа біткен темпераментіне, байланысты әрекет ете отырып, оның бойындағы шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Сондай-ақ, студентті оқу-тәрбие үрдісінің субъектісі ретінде әлеуметтендіруді, оның тұлғалық қасиетін жоғары деңгейде дамытуды көздейді. Тұлғаның психикалық процестері мен қасиеттерін қозғалысқа түсіру – оның шығармашылық қабілетін дамытудың бірден-бір жолы. Осыған орай, оқу-тәрбие үдерісінде тұлғаның жеке басына назар аударылып, олардың танымдық қызығушылықтарына, икемділіктері мен қабілеттіліктеріне орай, әр түрлі деңгейде тапсырмалар іске асырылады: қарапайым, күрделі, креативті, деңгейлік және өзбетіншелік.

Қорыта келе, оқытудағы тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр біртіндеп күрделенетін оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруды көздейді, бұл білімді кеңейтуге, құзыреттілікті қалыптастыруға және тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Осы бағыт өкілдерін түсінуде тұлғалық-іс-әрекеттік тәсілі нақты білім алушының өмір сүру жағдайында жүзеге асырылады және тұлғаның жүйелі дамуын көрсетеді, яғни тәжірибеде жүйелілік тәсілін іске асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, кредиттік оқыту жүйесінде өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуды

көздейді: өзіндік жұмыс түрлерін таңдау және студентті оқу іс-әрекетінде шығармашылық белсенді болуға, оқыту үдерісінің дербес белсенді қатысушысына айналуға ықпал етеді.

Синергетикалық тұғыр. Синергетизмнің терең мәні мен ерекшелігін ұғыну үшін, кибернетикада – Г. Фок Фестер [171], физикада – И. Пригожин [172], математикада – Г. Хакен [173], биологияда – М. Эйген [174] 50-80 жылдары жүйелердің өзін ұйымдастыруды зерттегенде қалыптасқан. Сонымен, синергетикалық тұғыр – әлеуметтік жүйелер және биологиялық жүйелер сияқты өзін-өзі ұйымдастырушы, дамытушы жүйелерде жұмыс жасауын көрсетеді. Педагогика тәрбиенің, білім беру мен оқытудың ғылыми білімдері және әдістері жүйесі ретінде әлеуметтік жүйенің аясында дамиды және жалпы жүйенің ішіндегі кіші жүйе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік өмірде үлкен өзгерістер жүріп жатқанда, синергетикалық тұғыр өте өзекті болып табылады.

Синергетика жалпы ғылыми пән ретінде екі бағытта жүзеге асады: дүниеге гуманитарлық көзқарас пен ғылыми-жаратылыстанулық көзқарастың жақындасуында және ғылыми танымның құрылымының өзгеруінде. «Синергия» ұғымы – «бірлік», «тұтастық» мағынасын білдіреді [129]. Синергетика жүйелер туралы жиынтық ғылым ретінде аксиологиялық, ізгілік, антропологиялық, герменевтикалық сияқты философиялық-педагогикалық әдіснамалық ұстанымдарды жүзеге асыруға ықпал етеді.

Синергетика жүйелерді ғылыми талдаудың тиімділігінің үш өлшемін ұсынады: *Бірінші өлшем* – адамның табиғатпен өзара әрекеттесу құқығын қамтамасыз ету. Адам табиғатқа тірі жүйе ретінде қарауы керек, себебі, адам денсаулығы табиғаттың денсаулығына бағынышты. Демек, синергетика адамға өзін қоршаған әлемнің бір бөлігі ретінде өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды. *Екінші өлшем* – жүйелілік және көп өлшемді тұғырды іске асыруға мүмкіндік жасайтын нысананы зерделеуде қабылдау үдерісіне қойылатын талаптарды ұсынады. *Үшінші өлшем* – синергетиканың құрамында білім дамуының жаңарып отыратын логикасын қалыптастыруға бағдарланған норматив. Педагогика жүйесінде үшінші өлшем герменевтика арқылы жүзеге асады. Сонымен, педагогика мен синергетиканың қосылуы педагогиканың өзін дамытуына белгілі бір серпіліс береді.

Синергетика идеялары негізінде білім беру жүйелерін дамытуда қолдануға болатын ұстанымдарды ұсынуға болады:

1. *Гомеостатикалық ұстанымы* бойынша білім беру жүйесі белгілі бір шамада өз қызметтерін ішкі ортаның сыртқы орта әсеріне қатысты тұрақтылығына негіздей отырып белгілеу қасиеті.

2. *Иерархиялық ұстанымы.* Оқу әрекетінің сипаты мен құрылымы педагогтің оқыту әрекетінің салдары болып саналады.

3. *Ашықтық ұстанымы.* Білім беру жүйесінің ашықтық ұстанымы бұл жүйенің өзінің жоғары жүйелермен белсенді түрде ақпарат алмасу қабілеттілігін көрсетеді.

4. *Бірізділік ұстанымы* жүйенің тұрақсыздығын, жүйенің бір қалыптан екінші қалыпқа өтуінің секірмелі сипатын көрсетеді. Бұл – әрбір кіші жүйе өзекті әлеуметті даму деңгейге ие деген сөз.

Отандық ғалымдар З.Ж. Жаңабаев [175], Т. Галиев [176] және т.б. педагогика мен синергетиканың арасындағы тығыз байланысын зерттей отырып, оқу-тәрбие үдерісін зерттеуде кеңінен қолдануы, педагогикадағы жүйелілік-қызметтік әдістер синергетикалық тұғыр негізінде дамиды деген құнды ойларды айтты.

Шетелдік ғалымдар Н.В. Бордовская [85], Э.Н. Гусинский [177], Н.М. Таланчук [178], Богоявленская Д.Б. [79] және т.б. педагогикада педагогикалық жүйетануды дамытты. Сондай-ақ, С.С. Шевелева [179] бүгінгі таңдағы синергетиканың педагогикалық шамасына жүгіну мүмкіндігінің басты шарты перманенттік дағдарыс туралы өз ой-пікірлерін айтты.

Зерттеуіміздің мақсат-міндеттеріне сәйкес, *синергетикалық тұғырдың* мәнін ашу *креативті, рефлексиялық және аксиологиялық тәсілдердің* оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолданылуын айтуға болады.

Тұлғаның іргелі сипаттамаларының бірі – креативтілік. Г. Ключкованың пайымдауынша: «креативтілік шығармашылықтың жалпы әмбебап қабілеті ретінде қарастырылады, өзіндік тұлғалық құрылымымен анықталады және ақыл- ой операцияларын орындаудың жылдамдығы мен дәлдігі, логикалық ойлау дағдысы, вербалды қауымдастықтардың бірегейлігі, шығармашылық ойлау мен қиялдың болуымен сипатталады [134]. Осы мәселенің педагогикалық аспектісі оқытудың жаңа мазмұнын, нысандары мен әдістерін іздестіруге ықпал етеді, оның негізіне студент тұлғасының жоғары белсенділігі қойылған. Бұл таңдалған қызмет түрі қабілеттіліктің болуына тікелей байланысты. Олардың табиғатын, даму принциптерін білу және неғұрлым тиімді дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Креативтік тәсіл. Оқу-тәрбие үрдісінде мақсатты түрде жүзеге асырылатын креативті іс-әрекет студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың қажетті шарты және өз әрекеттерін талдауға бағытталған теориялық іс-әрекеттің ерекше түрі. Креативтілік тұрғыдан бағытталған педагогика – бұл тұлғаның шығармашылық дамуын зерттейтін педагогиканың заманауи саласы, яғни тарихи білім беру идеялары мен озық үлгідегі тәжірибесінің жиынтығы, ол студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталғандығын қарастырады.

Креативті тәсіл – «... қабілет пен шығармашылық туралы жүйелік белсенділік идеяларды психологиялық зерттеудің әдіснамалық құралы ретінде дамытумен байланысты тұғырлардың бірі». Зерттеудің рефлексивті-креативтік тұғырының негізі – зерттелетін басқару жүйесінің ішкі және сыртқы ортасы туралы объективті ақпаратты жүйелі және өңдеуге қол жетімділігі болып табылады. Оның қайнар көзі – зерттеушінің білімі мен практикалық тәжірибесі. А.И. Зимовин [180] және басқалары өз зерттеулерінде тұлғаның шығармашылығын зерттеудегі рефлексивті тұғырдың рөлін анықтады.

Рефлексивті тәсіл мәселесіне тоқталсақ, бүгінгі таңдағы зерттеушілердің

еңбектері шығармашылық іс-әрекеттегі рефлексия педагогика мәселелеріне арналады: Ю. Бабаян, О. Байдарова, А. Гаврилов, М. Марусинец, К. Нор, О. Полишук, Г.Полякова, С. Степанов, И. Семенов, С. Сидоров және т.б. [177, 89б.]. С.Ю. Степановтың анықтамасы бойынша [181], рефлексивті тәсіл– бұл рефлексивті үрдістерді аса тиімді және тепе-тең түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, даму мен өзін-өзі дамытуды және талдауды қамтамасыз ететін, оқу және еңбек іс-әрекетінде шығармашылық тұғырға сәйкес келетін тұлғаның кәсіби сапасы. Ол студенттің өзінің білімі мен тәжірибесін талдау арқылы дамуды ынталандыратын жаңа кәсіби эталондар мен стандарттарды белгілеудегі рөлін арттырады.

Рефлексивті іс-әрекетте студенттердің шығармашылық қабілеттіліктерін дамытудың қажеттіліктері:

- басты қағидаларға, мәселелік жағдайларға, өзінің әрекетін талдауға қайта оралып отыру;

- әр шығармашылық тапсырмаларға талдау жасау; берілген тапсырмаларды орындау барысына сыртқы бақылаушы ретінде баға беру;

- нақты жағдаятта өзінің шығармашылық әрекетіне талдау жасай білу.

Рефлексивті іскерлік – студенттің өзіне бағытталған бақылау-бағалау іс-әрекетін жүзеге асыруда қолданылады. *Рефлексия* – іс-әрекет тұрғысынан қарастырылады. И.Б. Котова мен Е.И. Шиянованың еңбегінде : рефлексияны педагогикалық рефлексивті қабілеттіліктердің ерекше тобын айтуға мүмкіндік беретін индивидтің өзінің жеке іс-әрекетін түсінуге бағытталған теориялық іс-әрекеттің арнайы формасы ретінде қарастырады. Сондай-ақ, студенттердің сыртқы әсерге жауап қайтаратын оның тұлғалық ерекшеліктерін, эмоционалды жауап қайтаруы мен когнитивті түсініктерін білуі мен түсінуін анықтайды. Мұндай анықтама рефлексияның үш тұғырлы сипаттамасының – тұлғалық (өзін-өзі түсінуі), пәндік-функциональдық (өзінің іс-әрекетін түсінуі), шығармашылық (өзінің іс-әрекетіне танымдық іденімпаздық тұрғыдан түсінуі) тануы тезисін көрсетеді.

Сонымен, рефлексивті және креативті тәсіл – студенттің шығармашылығын, ішкі қабілеттерін дамытудың маңыздылығын, білімін, біліктілігін, шығармашылық қабілеттерін, дағдыларын анықтап, бағалай алуы, өзіндік сана, өзін-өзі ұйымдастыру, шығармашылық тұрғыда өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау сияқты тұлғалық мәнді сапалармен сипатталады.

Аксиологиялық тәсіл. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда құндылыққа бағдарлану – тұлғаның адамгершілік санасының тиянақты және терең көрінісі. Сондай-ақ, студенттердің шығармашылық іс-әрекетінде ол тек жекелеген іс-қимылдары мен себеп-салдарларды ғана емес, мінез-құлық пен іс-әрекеттің бүкіл барысын көрсетіп, сананың жалпы бағыттылығында жеке тұлғаның бастапқы өнегелілік ұстанымын іске асырады. Шығармашылық қабілеттерді дамыту мақсат-міндеттеріне сәйкес, барлық тәрбиелік ықпалдардан тұратын болғандықтан құндылық бағдар жеке тұлғаның тәрбиелілігінің интегралды көрсеткішін анытайды.

Психологтар «құндылық» ұғымымен қоғамға қатысты әлеуметтік-тарихи

мағынасы мен іс-әрекеттің белгілі бір құбылыстарының жеке тұлғалық мәнісін сипаттайды. Олар құндылық деп, біріншіден, өнегелілік, жеке тұлғаның (адамдар тобының, ұжымның) және оның іс-әрекетінің нәтижесін; ал екіншіден, «құндылық» санаға қатысты адамгершілік пен арман-мұраттары, жақсылық пен жамандық, әділет-тілек пен бақыт ұғымдары сияқты түсініктерді айтады.

Құндылықтар теориясы – нақтылы ғылыми-әдіснамалық таным ретінде және педагогикалық шындықты жаңғыртуда өзінің негізгі аксиологиясы – жалпы адамзаттық мәдени құндылық (заттық және рухани) жайында ілім болып табылады.

Оқу-тәрбие үрдісінде белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған оқу-тәрбие үрдісі – студенттердің бойында тұлғалық құндылықтар жүйесі арқылы шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Құндылықты бағдарлау арқылы студент тұлғасының шығармашылық әрекетінде жекелеген құндылықтарды (құндылықтарға бағдарлану қабілеттілігі) бағдар ретінде таңдап алу қабілеттілігі (шығармашылық қабілет), сондай-ақ оларды өзінің жеке әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі. Шығармашылық қабілеттерді дамытуды жүзеге асыру – тұлғаның оқу іс-әрекетіндегі негізгі құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру.

Сонымен, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың мәні – оқу-тәрбие үрдісінде белсенді әрекет етуі үшін қажетті шығармашылық ізденімпаздыққа жетелейтін ережелерді, дағдыларды, өмір салтын, мінез-құлық мәнерін қалыптастыруда маңызды орын алады.

Құзыреттілік тұғыр. Соңғы жылдары педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» ұғымы тұрақты талқыланып, білім беруде құзыреттілікке негізделген тұғырды жүзеге асыру кеңінен қолданылуда. «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде» «құзыр» ұғымына «қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деген анықтама берілсе, С.М. Вишнякованың [183] «Кәсіби білім» сөздігінде: «Құзыреттілік (латын сөзі) *competenens* – қабілетті, қатысты деген мағынада тұжырымдалған. О.Е. Лебедевтің пікірінше, «құзыреттілік тұғыр – бұл білім беру мақсатын анықтауға, білім мазмұнын таңдауға, оқу үдерісін ұйымдастыруға және оқу нәтижелерін бағалауға арналған жалпы ұстанымдардың жиынтығы [184].

Қазіргі білім берудегі негізгі нормативті құжаттардың басым көпшілігінде «құзыреттілік» ұғымы негізгі түйін сөздер қатарында қарастырылып келеді. Алдымен «құзыреттілік» ұғымының этимологиясына тоқталатын болсақ, ол латын тілінің «*competence*» деген сөзінен аударғанда «білу», «істей алу», «қол жеткізу» деген мағынаны білдіреді.

Педагогикалық терминологиялық сөздіктерде құзыреттілік ұғымы екі тұрғыдан сипатталған:

1) *құзыреттілік* – нақты білімдері мен дағдылары арқылы кейбір міндеттерді шешуге қатыса алатын немесе мәселені өз бетінше шеше алатын

жеке тұлға мүмкіншіліктері;

2) *құзыреттілік* – танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттің теориялық тәсілдерін меңгеру дәрежесімен анықталған жеке тұлғаның білімділік деңгейі[185].

Сонымен, «құзыреттілік тұғыр» ұғымы студент тұлғасының кәсіби білімінің деңгейімен, жеке қабілеттерімен, өзін-өзі үздіксіз жетілдіру іскерлігімен, өз ісіне деген шығармашылығымен, жауапкершілігімен, теориялық білімдерін практикада тиімді қолдана алуымен анықталады.

Алғаш рет ғылыми айналымға «құзыреттілік» ұғымын ХХ ғасырдың орта шенінде Н.Хомский [1106] енгізді. Бастапқыда «құзырет» түсінігі ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажетті қабілеттіліктің мәнін түсіндірген. Құзыреттілік – студенттің өзінің және қоғам өмірінің өркендеуіне жауапкершілігін сезінуі, оған дайындығы мен қабілет деңгейін көрсететін кәсіби маңызды сапа ретінде қарастырылады.

Құзыреттілік тұғыр – оқу-тәрбие мақсаттарын анықтаудың, тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен оның нәтижелерін бағалаудың, студенттердің құзыреттіліктерін қалыптастыруда және олардың табысты шығармашылық тұрғыдан қамтамасыз ететін ортақ ұстанымдар жиынтығы.

Студенттердің маңызды сапасы ретінде «құзырет» түсінігі – субъектінің қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындығы болып саналады. Сыртқы ресурстарға білім, іскерлік, дағды, іс-әрекет тәсілдері, ішкі ресурстарға психологиялық тұлғалық ерекшеліктер, құндылықтар жатады.

Жоғары оқу орнының білім беру жүйесінде кәсіби құзыретті маман қалыптастыру мәселесінің зерттелуі ХХ ғасырдың 80-90 жылдары қарқынды дами бастады. Құзыреттіліктің жекелеген түрлерінің жалпы феноменологиясы В.А. Адольфтың және т.б. сияқты білікті ғалымдардың ғылыми еңбектерінде көрініс тапты. Жоғары оқу орындарында студенттердің құзыреттілігінің әртүрлі аспектілерімен К.А. Абульханова-Славская [187], Л.И. Мищенко [188], М.В. Прохорова [189], Е.И. Рогов [190], Д.С. Савельев [191], В.А. Слостенин [192], Н.Ф. Талызина [169] және т.б. ғалым-зерттеушілер айналысты.

Жоғары оқу орындарында студенттердің құзыреттілігі – бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын мәселелер мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін шығармашылық қабілет, білім алушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі, іскерліктер мен дағдылардың жиынтығынан тұрады.

Ақпараттық-инновациялық тұғыр. Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында білім беру саласында ақпараттандыру және инновациялар– ғылым мен мәдениеттегі ілгерілеу, педагогикалық қызмет саласындағы жаңа талаптар білім жүйесіндегі қайта құруына алып келді. Бұл саланы әрі қарай жетілдірудің бірден-бір жолы – инновация, яғни педагогикалық жаңалықтарды игеру мен қолдануды басқаратын үрдістер. Бұл – білім беру мазмұнына, оқыту және тәрбиелеу әдістеріне, білім беру мекемелерін ұйымдастыру және басқару жұмыстарына байланысты.

«Иновация» ағылшын тілінен аударғанда «жаңа, жаңашылдық» дегенді білдіреді. Бұл термин мәдени антропологияда пайда болды. Ол бір мәдениет жетістіктерін сауда, тауар алмасу үрдістеріне пайдалану, аудару дегенді білдіреді. «Иновация» термині антропологиядан экономикаға, содан соң педагогикаға көшіп, оқыту мен тәрбие жүйесіндегі, оқыту әдістемесіндегі білім беру ұйымдарының практикалық немесе ғылыми әрекетінде туындаған түрлі өзгерістерді зерттеді.

Педагогикалық инноватиканың ғылым ретінде дамуына М.С. Бургин [193], В.И. Загвязинский [31; 35-38], В.П. Кваша [194], М.В. Кларин [93], В.Я. Ляудис [195], Е.П. Морозов [196], П.И. Пидкасистый [197] және т.б. педагог ғалымдардың еңбектері маңызды үлес қосты.

Қазақстан Республикасында педагогикалық инноватиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеген Б.Р. Айтмамбетова [198], К. Құдайбергенова [199], С.Н. Лактионова [200], А.Қ. Мыңбаева [201] және тағы басқа педагогтардың еңбектерін ерекше атап өту керек.

Бүгінгі таңда білім беру саласындағы заманауи өзгерістер педагогикалық шығармашылыққа, шығармашылық құндылыққа айрықша жұмыстар мақсатты жүргізілуде. Иновация теориясымен, әдіснамасымен шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері инновациялық үдерісті зерттеу жұмыстарын тереңдетуге мүмкіндік туғызып отыр. 20-ғасырдың сексенінші жылдарында педагогикалық инновация мен педагогикалық қызметтің жаңа қырын зерттейтін шығармашылық үдеріс ретінде пайда болған зерттеулер Ф.Н. Гоноболин [202], В.И. Загвязинский [31], Линчевская Т.А. [203], В.А. Кан-Калик [204], Н.В. Кузьмина [205], Н.Д. Никандров [206], Пономарев Я.А. [84], В.А. Сластенин [192], Г.С. Сухобская [207], Л.М. Фридман [208] және т.б. еңбектерінде көрініс тапты. Бұл жаңа зерттеулерде мұғалімнің шығармашылық қызметі мен педагогикалық жаңалыққа ұмтылысы, қатынасы, жаңаны бағалау өлшемі, жаңа жүйенің өзіндік ерекшеліктері т.б. қарастырылады.

Н.Р. Юсуфбекованың еңбектерінде [209]: инновациялық-әдістемелік қызмет тәсілдерін жүзеге асырудың алгоритмін ұсынған: *әдістемелік ізденіс*→*әдістемелік жаңалық*→*дидактикалық жаңалық*.

Иновациялық білім беруге үйрету жоғары оқу орнында қалыптасатындықтан елімізде жоғары білім беру ісін жаңартудың сапасын арттырудың маңызы ерекше. Ғалым Я.С. Турбовскойдың пікірінше [210], жаңашылдық – озат педагогикалық тәжірибені пайдалану барысында оқу-тәрбие үрдісінің сапалы жаңа өзгерісі болып табылады.

Дәстүрлі оқу үрдісін өзгертетін, оның зерттеушілік сипатын қамтамасыз ететін, зерттеушілік оқу-танымдық әрекеттерге бағытталған инновация. Оқытуға деген ізденіс тәсілі, ең алдымен, оқушылардың жаңа білімді өзіндік меңгеру тәжірибесін қалыптастыруға, оларды шығармашылық қызмет тәжірибесіне барабар құндылықтармен ұштастырып, байытуға бағытталған тәсіл.

Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту ақпараттық-инновациялық технологияларды қолдану негізінде құрылады және жұмысқа,

қарым-қатынасқа, бос уақытқа арналған технологияларды дұрыс шығармашылықпен қолданудан тұрады. Студенттер өздерінің ақпараттық-инновациялық технологиялар бойынша дағдыларын білім алу үдерісіндегі барлық оқу пәндері арқылы дамытады, яғни ақпаратты табу, құру, мәліметтермен, идеялар-мен алмаса отырып, кең спектрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы бірлесіп қызмет жасау барысында өзінің жұмысын бағалайды және жетілдіреді.

Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында білім беру саласында ақпараттандыру және инновациялық мәселелер бойынша бірқатар ғалым-зерттеушілер жүйелі жұмыстар жүргізуде. Мәселен, Р. Хаестің міндеттерді шешу кезеңдеріне бөлінген эвристикалық тәсілдер жиынтығы; Дж. Хатеннің қиялды дамытуға бағытталған арнайы оқытуы; техникалық шығармашылыққа үйрету бағдарламалары (А. Андерсон, Р. Гаррис және т.б.); Э. Бононың латеральды ойлауды дамыту арқылы жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту бағдарламасы; И.П. Волковтың [69] шығармашылық қабілеттерді анықтау және дамыту технологиясы; И.П. Ивановтың қоғамдық шығармашылықты тәрбиелеу технологиясы[212]; А.В. Хуторскийдің эвристикалық оқыту жүйесі [76]; Г.С. Альтшуллердің [67] шығармашылық қабілеттерді дамыту моделі.

50-ші жылдардың аяғында Германияда, АҚШ-та және тағы басқа елдерде педагогикалық жаңалықтарды жүйелеу орталығы пайда болып, білім беру саласының жаңалықтарына байланысты арнайы басылымдар шыға бастады (Мысалы, «Information at innovation en education Educational innovation in the United States» және басқалар).

Біздің елімізде де дәл осындай үрдістер педагогикалық тәжірибенің таратылуы, білім беру қызметкерлерінің оны пайдалануға дайындығы және ұсынылған инновациялардың жаңалығы, оларды бағалау тәсілдері туралы теориялық-қолданбалы ізденістер сипатын беру болды. Әдетте, инновация дәстүрлі мәселелерді жаңаша шешу нәтижесінде, фактілерді ұғыну және жинақтау үдерісінің ұзақтығы нәтижесінде пайда болды. Қазіргі кездегі инновацияның көбі тарихи тәжірибемен тығыз байланысты және оның өткен уақытта белгісі, ұқсасы бар. Бұл инновациялық үрдістің белгілі тұжырымдарға сәйкес келетін және белгілі бір жағдайларға өзекті және бейімделген, нақты мақсатқа бағытталған және қазіргі заманғы идеяның құрылу, орнығу, қолдану және жойылу үдерісі екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Елімізде соңғы жылдар ішінде инновациялық үдерістер мәселесі арнайы зерттеле бастады. Педагогикалық білімнің жаңа бір саласы педагогикалық инноватика білім берудің жаңа практикасын ұйымдастырумен байланысты білім беру ұйымдарының даму үдерісін зерттейді. Инновациялық үдерісті теория ретінде қалыптастыру – білім беру жүйесіндегі инновациялық үдеріске толық талдау жасауды талап етеді. Сонымен, педагогикалық инноватика-жаңалықтарды ашу, бағалау, педагогикалық қауымдастықтың меңгеруі және практика жүзіне пайдалана білуі жөніндегі ғылым. Инновациялық білім беруді енгізуде бірқатар маңызды мәселелерді тиянақтау керек: инновациялық бағытты дұрыс таңдай білу; инновациялық іс-әрекеттің тұжырымдамасы мен

бағдарламасын жасау; инновациялық жобаны жүзеге асырудың тиімді жолдарын анықтау; инновациялық іс-әрекетті дұрыс жүргізу үшін қажетті құжаттарды кәсіби сауатты дайындап алу.

Сонымен, жоғарыда ғалым-зерттеушілердің кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдіснамалық тұғырлары жайында қарастырылған ой-пікірлерін жүйелеп, келесі кесте арқылы көрсетуді жөн көрдік.

3-Кесте. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдіснамалық тұғырлары

№	Әдіснамалық тұғырлар	Авторы	Сипаты
1	Мәдени-тарихи	Х. Уарте, А. Бине, Д. Кеттел мен С. Холл, В. Штерн, Э. Крепелин, А.В. Брушлинский, А.Кестлер, А.Н. Лук, В.А. Моляко, Я.А. Пономарев, Т. Рибо, Р. Уоллес, П.М. Якобсон және т.б.	Студенттердің шығармашылық қабілетін мәдениетпен және даму тарихымен шығармашылық тұрғыда зерттеп, зерделеуге мүмкіндік береді және нақты ғылыми әдіснама ретінде таным мен педагогикалық іс-әрекеттерді қайта құруға немесе өзгерістер енгізуге бағыт-бағдар береді.
2	Тұлғалық-іс-әрекеттік	К.К. Платонов, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Б.Г. Ананьев, С.Л. Рубинштейн, П.Я. Гальперин, Н.Ф. Талызина, Д.Б. Эльконин және т.б.	Тұлғаның шығармашылық қабілетінің қалыптасу көзі және оның басты даму факторы. Білім беру мазмұнының құрылымын жасауға негізделген тұлғалық тұлғалық-іс-әрекеттік қалыптасуы үшін жеке қасиеттерге: тұлғаның бағдарына, оның құндылықтық ұстанымдарына, өмірлік жоспарларына, алдына қойған мақсаттарына және әрекетте және мінез-құлықтағы басым мотивтеріне тірек ретінде түсіндіріледі.
3	Синергетикалық	Г. Фок Фестер, И. Пригожин, Г. Хакен, М. Эйген, З.Ж. Жаңабаев, Т.Галиев, Н.В. Бордовская, Э.Н.Гусинский, Н.М.Таланчук, С.С.Шевелева және т.б.	Әлеуметтік жүйелер және биологиялық жүйелер сияқты өзін-өзі ұйымдастырушы, дамытушы жүйелерде жұмыс жасауын көрсетеді. Педагогика тәрбиенің, білім беру мен оқытудың ғылыми білімдері және әдістері жүйесі ретінде әлеуметтік жүйенің аясында дамиды және жалпы жүйенің ішіндегі кіші жүйе.
4	Ақпараттық-инновациялық,	К.Ангеловский, М.С. Бургин, В.И. Загвязинский, Н.Р. Юсуфбекова, К. Ажибеков, Б.Р. Айтмамбетова,	Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту ақпараттық-инновациялық технологияларды қолдану негізінде құрылады және жұмысқа, қарым-қатынасқа, бос уақытқа арналған технологияларды

		К. Құдайбергенова, С.Н. Лактионова, А.Қ. Мыңбаева және т.б.	дұрыс шығармашылықпен қолдануы.
5	Құзыреттілік	Н.Хомский, С.М. Вишнякова О.Е. Лебедев В.А. Адольф К.А. Абульханова, Л.И. Мищенко, М.В. Прохорова, Е.И. Рогов, Н.Ф. Талызина және т.б.	... күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын мәселелер мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін шығармашылық қабілет, білім алушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі, іскерліктер мен дағдылардың жиынтығы.

Жоғарыда қарастырылған кестеден, кредитті оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту туралы мәселенің әдіснамалық жолын тереңінен түсінуге, ғалым-зерттеушілердің айтқан құнды ой-пікірлерінің маңызын айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен, кредитті оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың тұғырларын жан-жақты қарастыру және ғалым-зерттеушілердің еңбектеріндегі құнды ой-пікірлерін талдау арқылы келесі **анықтамаларға** ерекше тоқталдық. Мәселен,

1. *Мәдени-тарихи тұғыр* – адамзат мәдениетінің даму тарихында студенттердің шығармашылық қабілеті туралы ғылыми теория мен тәжірибелердің эволюциялық прогресі болып табылады.

2. *Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр* – студенттердің мақсатты бағытталған жетекші белсенді іс-әрекетінде тұлғалық қасиеттерінің: темпераменті, мінезі, қабілеті мен бағыт-бағдарының кешенді ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан даму үрдісі.

3. *Синергетикалық тұғыр* – оқу-тәрбие жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілетін кешенді, әрі біртұтас жүйелік құрылым (креативті, рефлексиялық және аксиологиялық) ретінде дамыту үрдісі.

4. *Құзыреттілік тұғыр* – оқу-тәрбие үрдісінде студенттердің кәсіби білімінің шығармашылық деңгейімен, жеке шығармашылық қабілеттерімен, өзін-өзі үздіксіз жетілдіру іскерлігімен, өз ісіне деген шығармашылығымен, жауапкершілігімен, теориялық білімдерін практикада тиімді қолдана алуы.

5. *Ақпараттық-инновациялық тұғыр* – кредиттік оқыту жүйесі жағдайында ақпараттандыру және инновацияларды кеңінен пайдалану негізінде студенттердің шығармашылық қабілетін әдіснамалық тұрғыдан дамыту үрдісі.

Зерттеу барысында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың тұғырларына: *мәдени-тарихи, тұлғалық-іс-әрекеттік, синергетикалық, құзыреттілік, ақпараттық-инновациялық* анықтамалар мен ғалымдардың ой-тұжырымдарын кредиттік оқыту жүйесі жағдайының шарттарымен байланыстырып қарастыру диссертациямыздың 1.3 параграфында және 2-тарауымыздың 2.3 параграфында кеңінен қарастырылады.

1.3 Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда отандық және шетелдік университеттердің тәжірибелері

Бұл параграфтың мақсаты – шетелдік және отандық заманауи университеттердің кредиттік оқыту жүйесінің артықшылықтарын сипаттап, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпалын анықтау болып табылады.

Алдымен біз, шетелдік университеттерде қолданылып жүрген кредиттік оқыту жүйесінің студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпалын анықтауды жөн көрдік.

Әлемдегі жоғары оқу орындарында қолданылып жүрген кредиттік жүйенің үлгілері бірнеше типке бөлінеді:

- кредиттерді жинақтауға бағдарланған кредиттік жүйелер, мысалы USCS;

- кредиттерді бір мезгілде ауыстыруға және жинақтауға бағдарланған аралас типті кредиттік жүйелер, мысалы CATS;

- академиялық икемділікті қамтамасыз ету үшін кредиттерді ауыстыруға бағытталған кредиттік жүйелер, мысалы ECTS [213].

Ғалым Р.Тұрысбек жоғары білім мен іргелі ғылымды ұштастыру жас ұрпақты қоғамның қожасына айналдыратынын, білікті маман, шебер кәсіп иесі жолына батыл бағыттау екенін айтады. Осы білім-ғылым жүйесіндегі ілгерілету бағытындағы реформалардың, яғни көп сатылы оқу жүйесінің, тест тәсілі мен кредиттік саланың өмірге батыл енуі білім беру жүйесіне оң өзгерістерді, халықаралық стандарттарды, жаңа технологияларды батыл енгізуге мүмкіндік бергенін атап өтеді. Кредиттік оқыту жүйесін ендіру барысында кездескен кемшіліктердің бірі ретінде бакалавриат мен магистратурадағы оқу жоспары мен сабақ кестесінде таныс тақырыптардың қайталанатынын әдебиеттердің, бақылаулық және тест сұрақтарының, өздік жұмыстың тапсырмаларының қайталап ұсынылуының басым екеніне назар аударады. Р.Тұрысбектің пікірінше, білім жүйесіндегі үш деңгейлі саты туралы көпшіліктің ой-пікірі бір жерден шықпайтынын, оның себептерін және болмыстағы айғақтарды көрсетеді [214]. Мәселені шешудің жолы ретінде ғалым білім жүйесіндегі үш деңгейлі, яғни бакалаврлық, магистрлік және докторлық (PhD) оқу бағдарламаларын өзара байланысты жүйелі түрде қарастырып, әрі тиімді ұйымдастыруды ұсынады.

Зерттеу барысында кредиттік жүйенің әлемдегі білім беру кеңістігіндегі жай-күйін анықтау үшін танысқан еңбектерден Ресей, АҚШ пен Еуропа елдеріндегі білім беру жүйелерінің құрылымы, дәрежелері, деңгейлері мен оқу орындарының аталуы ғана емес, ондағы бағалау жүйелері, әр академиялық деңгейдегі студенттердің жинайтын кредиттерінің саны мен оқу апталары, оқу мерзімі жағынан да әртүрлі екендігін көрсетті. Жалпы оқытудың кредиттік жүйелері қолданылатын

елдерде бұл жүйе негізінен кредиттерді ауыстыру үшін, аз дәрежеде академиялық кредиттерді жинақтау үшін қолданылады. Еуроодаққа кіретін елдердің барлығында кредиттік жүйелер студенттердің оқу жүктемесіне негізделген ECTS-ке сәйкес келе алады, ал Испания мен Португалияда кредиттер аудиториялық сағаттарға негізделген.

Кредиттік-жинақтау жүйелері «кредитті» негізінен білім беру бағдарламаларын игерудің нәтижесін, яғни алған білім, білік және дағдыларды бағалау бірлігі ретінде анықтайды.

АҚШ-тағы кредиттік жүйесі – USCS жүйесі (USCredit System – АҚШ-тағы кредиттік жүйе). Американдық білім беру жүйесінде «Сынақ бірлігі» – дәреже алу алаптарына сәйкес оқу курсының мазмұнының көлемін сандық түрде берілуі. 1 кредит 15 аптадан тұратын семестр бойына 1 аудиториялық және 2 СӨЖ сағатына тең (4 жылдық оқу бағдарламасында 120 кредит). «Сынақ бірлігінен» басқа АҚШ білім беру жүйесінде сынақ курсы, кредиттік бірліктер жүйесі, кредиттік бірліктерді өзара тану терминдері қолданылады.

USCS жүйесінде кредит (кредит-сағат немесе кредитбірлік) – оқу уақытына негізделген өлшем. Кредит-сағат жоғары білім беруде сабақ кестесін құруға, үлгерімнің орташа балын (GPA-Grade Point Average) есептеуге, кафедралардың, оқытушылармен студенттердің жүктемесін анықтауға және тағы осы сияқты университеттегі түрлі әрекеттерді реттеуге қолданылады. Мысалы, бакалавриатта 1 кредит-сағат студенттің семестр бойы апталық аудиториялық жұмысының 1 академиялық сағатына тең, ал дәрістік және практикалық сабақтардың әрбір академиялық сағатына 2 сағат СӨЖ беріледі. Сонда бір кредитпен өлшенетін пәнге аптасына 1 аудиториялық сағат және 2 сағаттық СӨЖ, семестрде (15 аптада) 45 сағат беріледі. Магистратура, докторантурада өздік жұмыстың үлесі бұдан да артады.

Американдық кредитті кәжүйенің басты ерекшеліктері:

- кредиттер жинақталатын болғандықтан нормативті түрде бекітілген оқу мерзімі жоқ;

- *дәрежелерді алуға қойылатын талаптар* емтихан бағасы емес, кредиттер арқылы анықталады, «кредиттік бірліктер» деп жалпы аталатын бұл нәтижелер бір оқу орнынан немесе бір факультеттен екіншісіне ауысқанда, оқуды үзіп қайта жалғастырғанда сақталынады;

- *кредит-сағат пен дәрежелер өзара байланысты.* Бакалавр, магистр және доктор дәрежесін алу үшін алдын-ала белгіленген сынақ бірлігін «кредит-сағатты» жинау қажет. Жоғары білімнің бірінші деңгейі бакалавр дәрежесін (Bachelor of Arts, BA немесе Bachelor of science, BSc) алу үшін 4 жылдық оқу мерзімінде студент әрқайсысы 3 кредит болатын 40-қа жуық пәнді меңгереді, ең кемі 120 кредит-сағат жинайды.

- қатаң бекітілген оқу курстарының тізімі жоқ, студент 2-3 ай бұрын оқу курстарына тіркелуі тиіс, кешіксе айыппұл төлейді, бұл олардың өз бетімен жұмыс істеуін және жауапкершілігін қалыптастырады;

- СӨЖ-дің үлесі жоғары, оқу үрдісі әр студентпен жеке жұмысқа негізделген, кітапхана демалыссыз, әрі тәулікбойы және үзіліссіз істейді, компьютер мен интернет қолдануда проблема жоқ, оқу-әдістемелік жағынан толық қамтамасыз етіледі, қажетті ақпарат университет сайтында тұрады, силлабус әр студентте болады.

- американдық ЖОО-ның автономиясы мен біраз дәрежеде дербестілігі, оқытудың модулдік қағидамен құрылуы, мемлекеттік емтихандардың болмауы жаңа оқу курстарын, білім беру деңгейлерін, мамандықтарды ашуды жеңілдетеді;

- кредиттер қаржыландыруды реттейді, студенттердің, оқытушылар мен кафедраның жүктемесін, оқу ақысын анықтау барысында қолданылады;

- оқу бағдарламасын игерудің сапасы үздіксіз бақыланып отырады, қорытынды емтихан міндетті түрде жазбаша болады, студент білгенін толық, кеңінен қамтып жазуы тиіс, бұл оның аналитикалық ойлауын дамытады [215].

Сонымен, американдық кредиттік жүйесі – оқытушы мен студенттің әрекетін шынайы бағалап, олардың жүктемесін анықтауға, жұмыс істеулеріне мүмкіндік береді. Нарықтық экономикалық қатынастарға сәйкес келетін оқу еркіндігін қамтамасыз етеді.

Ұлыбританиядағы кредиттік жүйе – CATS (Credit Accumulation and Transfer Scheme/System, кредиттерді жинақтау және аудару сұлбасы/жүйесі) – студенттердің академиялық еркіндігін және икемділігін қамтамасыз етуді көздейді. Ол студенттерге пәндерді елдегі және шетелдегі басқа оқу орындарынан игеруге жағдай жасайды. Алдыңғы оқулардың кредиттері жинақталады, оқытудың күндізгі және кешкі оқыту формаларын үйлестіре оқуға, үзілістен кейін оқуды жалғастыруға мүмкіндік береді.

CAT жүйесіндегі «Кредит ұғымы» оқу нәтижесіне жетудің сандық көрсеткішін білдіреді, оқудың нәтижесі екі параметр арқылы: кредиттер саны және оқу деңгейімен анықталады. Кредитердің саны оқу нәтижесіне жетуге қажетті шартты оқу ақытындағы оқу көлемімен анықталады. *Оқудың нәтижелері* – оқу үрдісін аяқтаған соң студенттің нені білуі, түсінуі және жасай білуі туралы ережелер. *Деңгей* – оқу кезеңіндегі студентке қойылатын талаптар. Кредиттер жүйесінде оқытудың 8 түрлі деңгейі және соған сәйкес біліктіліктері бар. Бұл деңгейлер оқу жылдарына сәйкес келе бермейді, мысалы 2-ші оқу жылында студент 3-ші немесе 4-ші деңгейдің пәндерін оқуы мүмкін.

Жоғары білімді маманның біліктілігін анықтаудың 4 түрлі өлшемі бар:

- біліктілікке қойылатын кредиттердің ең аз саны;
- әр біліктіліктің қамтитын деңгейлерінің ауқымы;
- ең жоғарғы кредит деңгейдегі ұсынылатын кредиттер саны;
- ең төменгі деңгейдің ұсынылған ең жоғары кредит саны.

CAT жүйесінде академиялық жылда 120 кредит (бакалавритта 3 жыл оқиды, 360 кредит) жиналады, ал бір британдық кредит 10 шартты оқу

сағатына тең. *Шартты оқу сағаты (уақыты)* деп орта есеппен оқыту нәтижесіне жетуге кететін сағат санын айтады, оған аудиториялық сабақтар, негізгі практикалық жұмыстар, жобамен жұмыс, өздік жұмыстар, емтиханға дайындық және оны тапсыру кіреді [215].

САТ кредиттік жүйесінің мүмкіндіктері:

- ЖОО-ның ішінде студенттер бір білім саласын игеруден екіншісіне ауыса алады;

- студенттер өз еліндегі және шетелдегі басқа ЖОО-дағы пәндерді оқи алады;

- дәстүрлі және дәстүрлі емес жолмен, жұмыс орнында оқу арқылы алған алдыңғы оқулары мен дағдыларының кредиттерін жинақтай алады;

- академиялық кредиттерді кәсіби агенттіктердің емтиханынан босату үшін және керісінше қолдана алады; толық академиялық оқу күні мен кешкі оқуды үйлестіре алады;

- үзілістен соң оқуын қайта жалғастыра алады.

САТ жүйесінің кемшіліктері ретінде оның таңдау еркіндігін айтады, яғни таңдаудағы көп еркіндік дәрежеге арналған бағдарламаның құрылымын бұзады. Алайда, кредиттерді жинақтаудың жақтаушылары бұған юниттер, модулдер, біліктіліктердің бөлігі немесе тұтас біліктілік үшін берілген кредиттерді басқа оқу орындары мойындауы міндетті емес, біліктілікті академиялық институттар мен сәйкесінше аккредитацияланған органдар ғана тағайындайды деп уәж айтады.

Еуропалық елдердегі кредиттер жүйесі. Еуропа елдерінің жоғары білім жүйесіне кредиттік технология әрқилы енгізілуде, әр елдің кредит туралы өз ұғымы бар, қазір оларда барлық кредиттік жүйелерді бірыңға йлау проблемасы тұр.

ECTS – кредиттерді аударудың еуропалық жүйесі (ECTS–European Credit Transfer System) Батыс және Шығыс Еуропа елдеріне (негізінен Еуроодаққа кіретін елдер), әсіресе Франция, Испания, Германия, Италия мен Ұлыбританияда таралған. Бұл жүйенің мақсаты–студенттердің академиялық икемділігін қамтамасыз ету, яғни бір елдегі немесе шетелдегі бір оқу орнынан екіншісіне ауысқанда оқу нәтижесін салыстырумен өлшеудің тәсілі болып табылады.

ECTS жүйесіндегі кредит– студенттің жүктемесінің салыстырмалы түрдегі мәні, студенттің жүктемесін сипаттайтын пәндер бірлігіне сәйкес келетін сандық мән. Ол ЖОО-дағы жылдық академиялық оқуды толық аяқтау үшін әрбір курстағы жасалуы тиіс жұмыстардың көлемі, яғни дәрістер, практикалық жұмыстар, семинарлар, СӨЖ (зертханадағы, үйдегі, кітапханадағы), емтихандар, басқада бақылау түрлері. Кредиттер орындалған жұмыс көлемін анықтаса, грейдтер алынған білім мен дағдының сапасынан анықтайды. Бакалавр дәрежесін алу үшін студент 3-4 жыл оқып, 180-240 кредит (1 жылда–60 кредит) жинайды. Еуропа ЖОО-ның төрттен үшін кредиттерді жинақтау жүйесін қолданады. Бұл ECTS-тің еуропалық білім кеңістігін құрудың негізгі құралы екенін көрсетеді. Көп

елдерде ECTS жинақтау жүйесі кәдімгі стандартты жүйе ретінде қолданылады: Германия(52%), Франция(56%), Греция(60%), Австрия(66%), Ирландия(80%), Швейцариямен Норвегия (106% жуық), Румыния (93%), Дания (96%), Швеция (60%), Ұлыбритания (63,6%), Түркия (68,4%), Финляндия(81,5%) және Эстония(85,7%) [215].

Болон декларациясында «ECTS сияқты кредиттер жүйесін» құру туралы айтылған. Онда кредиттердің жоғарыемес білім беру шеңберінде, оның ішінде университеттердің сәйкес бағдарламаларды мойындаған жағдайда өмірбойы оқудада қолданыла алатындығы көрсетілген.

ECTS кредитті жүйесі 3 түрлі мәселені шешуге мүмкіндік береді:

- өзара сәйкестендіру үшін әр түрлі елдердегі оқу орындарының оқу жоспарларын құрылымдау;

- студенттердің икемділігін қамтамасыз ету;

- академиялық мойындау [215;346.].

Кредиттерді жинақтайтын жүйелердің артықшылығы:

- икемділігінде (студент қажетті кредитті жинау үшін өз траекториясын таңдайды, яғни бұл кредиттік жүйелер оқытуды жекелендіреді);

- оқу шығыны мен оқу үрдісіне қатысты *тиімділігінде* (студент өзі анықтағандықтан).

Кемшіліктері: білімнің фрагменттелуі; оқу үрдісінің сегменттелуі; оқу үрдісінде ғылыми-зерттеудің маңызының бәсеңдеуі.

Азия және Тынық мұхит аймағындағы елдердің кредиттер жүйесі— UMAP (UMAP— University Mobility in Asia and the Pacific) – студенттердің академиялық икемділігін қамтамасыз ету [216]. UMAP оқу бағдарламасы— UMAP-пен келісім шарт жасау арқылы шетелге оқуға жіберілген студенттің семестр немесе жыл бойы өтетін оқу бағдарламасы. UCTS-тің бағалау шкаласы ECTS бағалау шкаласына ұқсас.

UCTS кредиттер жүйесінің мүмкіндіктерімен артықшылықтары:

- ECTS үлгісіне негізделген, оның қарапайымдалған үлгісі (версиясы) болып табылады, онда 1 ғана құжат болады (Тіркеу бланкісі);

- тек студентті бір оқу орнынан екіншісіне ауыстыру мен шұғылданғандықтан, ауыстыруға байланысты дайындық жұмыстарының көлемі аз;

- студентке бағытталуы, шетелде оқитын оқу бағдарламасын студенттің өзі құрады, ал жіберетін жән еқабылдайтын оқу орындары пәндердің кредитіне ғана келісімдерін береді.

UMAP студенттің оқуы барысында оқытушыны таңдау, тілдік курстарды ұсыну сияқты және әлеуметтік жағдайларына қатыстынақты мәселелерді шешеді.

Еуропа және ТМД елдерінің университеттеріндегі кредиттік оқыту жүйелері Германияда ECTS – университеттік білімнің басым бөлігі, оның еміс ЖОО-ның 50% сынақ құралы ретінде қолданады. Қазіргі уақытта біртіндеп кредиттерді жинақтау жүйесі енгізілуде [215].

Австрия ECTS-кеде, жинақтау жүйесінеде ашық, алайда оларды өмір бойы оқуда қолдану жағы әлі қарастырылған жоқ. *Францияда* ECTS сынақ жүйесінен оқытудың барлық формаларында қолдану мүмкіндігі бар жинақтау жүйесіне өту мүмкіндігі бар, алайда ұлттық кредиттер жүйесі жоқ. *Бельгияда* (Фламанд қоғамдастығы) барлық білім беру бағдарламалары жылына 60 кредит жинауға негізделген кредиттік жүйені қолданады. Кредиттер өмір бойы оқытуда қолданылмайды және жинақталмайды. Бельгияда кредиттерді жинақтау жүйесі жоқ, ECTS жүйесі оқу жүктемесінің қиындығын өлшеу және қазіргі кезде халықаралық деңгейде кредиттерді есепке алу үшін қолданылады. Данияда ECTS жүйесі қолданылғанмен, аса кең тарамаған.

Испанияда кредиттердің ұлттық жүйесі 1987 жылдан бері бар, ол кредиттердің жинақтау жүйесі болып табылады. Барлық университеттерде халықаралық икемділікті қамтамасыз ету үшін ECTS қолданылады. Университеттік білім беру көпдеңгейлі және 3циклден тұрады: 1-ші циклдегі оқу 3 жылдан кем емес, онда 180-270 испан кредитін жинайды. 2-ші цикл –жеке, ал 3-ші цикл докторантура болып табылады. *Испан кредитінің* ерекшелігі ол 10 аудиториялық сабаққа сәйкес келеді, жылына кемдегенде 60 кредит жинау керек. Жинақталған кредиттердің санына байланысты студенттің білімдегі жетістігін бағалайды. Кредитті жекелей теориялық, практикалық курстардан және аудиториядан тыс түрлі іоқу жұмыстарын орындауданда жинауға болады.

Италияда 1999 жылдан бастап кредиттер жоғары, кәсіби және жоғары орта білім берудің барлық сатысында жинақтау түрінде де, ауыстыру түрінде де қолданылады, бірақ әлі бастапқы кезеңде. Ұлттық кредиттер жүйесінің негізі ретінде ECTS бейімделіп алынған. Нидерланделінде 1993 жылдан бастап кредиттер қолданылады. 1 кредит 1 күндізгі оқу аптасына (40-52 сағат) тең. Дәстүрлі және кәсіби оқыту университеттері барекі түрлі білім беру жүйесі болғандықтан, кәсіби білім мен ересектерді оқытуда ұлттық кредиттер жүйесі қолданылмайды.

Голландияда ECTS кредиттерді есепке алу үшін қолданылады, ал жинақтау жүйесі ретінде қарастырылмайды. *Португалияда* ECTS кредиттерді ауыстыру үшін және қашықтан оқытуда және көптеген университеттерде кредиттерді жинақтаудың ұлттық жүйесі қолданылады. *Польшада* ECTS кредиттер жүйесінендіру эксперимент түрінде өтуде, бұл жүйе химия мамандығы бойынша тестіленеді.

Ресей Үкіметі қабылдаған 2010 жылға дейін ресейлік білім беруді жетілдірудің тұжырымдамасында Болон үрдісіне ұқсас әлемдік беталыстарды талдау, маманның үлгісін ұсыну, білім беру сапасын аттестаттау мен бақылаудың тәуелсіз жүйелерін құру, еңбек нарқына бағытталу, мемлекеттің білім беруді қолға алуы және т.б. мәселелер қарастырылған.

Соңғы кезде Ресей Федерациясы білім министрлігі ЖОО-да кредиттік және рейтингтік жүйелердің қолдануына баса көңіл бөлуде[217].

Қырғызстанда американдық кредиттік технологияға негізделген кредиттер жүйесі қолданылады.

Шетел ЖОО-дағы кредиттік жүйенің проблемалары және одан шығатын тұжырымдар ECTS-ні енгізген елдер мен ЖОО-ның саны артқан сайын оның мәселелеріде артуда.

Шетелдік ЖОО тәжірибесіндегі түрлі кредиттік оқыту жүйесінің студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпалын зерттеу нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

- көптеген елдердің оқыту жүйелері сырттай қарағанда ұқсас келеді;
- жаңа жүйені ендіру біртіндеп және оқу сапасын жоғалтпай жүргізілуде;
- факультеттер мен кафедралардың және студенттердің оқу үрдісін ұйымдастыруда құқықтары мен жауапкершіліктері артты;
- жаңа жүйе білім сапасын арттыруды, шығармашыл тұлға болып қалыптастыруды көздейді және экономикалық тиімділікті белсендіреді;
- кредиттердің ұлттық жүйесінің құрамына кредиттерді жинаумен ауыстыру кіреді, соның негізінде
 - ЖОО-ның автономиялығын сақтау;
 - халықаралық білім беру жүйесінің айқындығын арттыру;
 - кез келген басқа ұлттық білім беру жүйелеріне сәйкес келе алуы;
 - жоғары білім берудің барлық формалары мен бағдарламаларына қолдануға болатындығы;
- ECTS жүйесінің негіздерін: кредиттерді, сынақтық ауыстыру, ақпараттық пакет, білімдерді бағалауды тіркеу жәнет.б. іске асты;
- жалпыеуропалық «Дипломдардың қосымшасына» (Diploma Supplement) сәйкес болуы, бұл жоғары білім берудің академиялық және кәсіби біліктілігін айқын етеді.

Сонымен қатар, шетелдік ЖОО тәжірибесіндегі кредиттік оқыту жүйесінің студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпалын зерттеуде аталмыш жүйенің жақсы жақтарымен қатар, кемшіліктеріде бар:

- білім беру стандарттарын орнатуда мемлекеттің реттеушілік рөлі аздап кемиді;
- барлық кредиттік жүйелерде студентке шектен тыс еркіндіктің берілуі.
- шектен тыс еркіндіктің болуынан тайм-менеджменттің сақталмауы және т.б.

Алайда, аналитикалық талдаудан алынған деректер нәтижесінде кредиттік оқыту жүйесінің беретін мүмкіндіктерінің төмендегідей артықшылықтары даусыз:

- Кредиттер жүйесінің (мысалы, ECTS) ендірілуі әртүрлі елдердің білім беру жүйелерін бір-бірлеріне ашық етуге мүмкіндік берді.

- Кредиттік жүйе студенттерге олардың оқуын шетелде академиялық танылуына кепілдеме береді. Сол арқылы студенттің басқа оқу орнының толыққанды оқу курстарына және академиялық өміріне қолы жетеді.

Бұл технологияда оқу үрдісіне қатысушы барлық субъектілердің нақты әрекеттері айқын түрде сипатталған.

- Оқу үрдісінің экономикалық тиімділігін белсендіреді.

- Шетелдегі оқуын аяқтаған соң өз оқу орнына қайта келмей, сол қабылдаған оқу орнында қажетті біліктілікті алу үшін қалуына болады (мысалы, ECTS жүйесі).

Атап айтқанда, студенттер үшін:

- Оқу жылы бойы жүйелі түрде оқу жұмыстарын жасау қажет болды.

- Оқытудың жеке траекториясын таңдау мүмкіндігі берілді, яғни білім берудің вариативтілігі қамтамасыз етіледі.

-Сабақ кестесін сәйкестендіріп құру арқылы басқа бағыттардағы және мамандықтардағы сабақтарға қатысу, қосымша пәндерді игеру, сабақтас мамандану мен қосымша біліктілік алу мүмкіндігі бар.

-Басқа оқу орындарының оқу курстары мен академиялық өміріне қолы жетіп, шетел және ресей университеттерінің өзара келісілген білім беру бағдарламалары болған жағдайда оқытудың нәтижелерінің академиялық танылуына кепілдік беріледі.

- Барлық оқу мерзіміне студентті ұдайы жұмыс істеуге белсендіреді. Бұл олардың өзбетімен ақпаратты іздеу және оны жаңа білім алу үшін оған аналитикалық ұғыну дағдыларын қалыптастырады.

Оқытушы үшін:

- Оқу-әдістемелік базаны жетілдіру, нақты пәндер бойынша білімге қойылатын талаптарды құрастыруы тиіс;

- СӨЖ-дің көлемі артады және әдістемелік және техникалық қамтамасыз етілуін жетілдіруі қажет. Білім беру бағдарламасына енген пән бойынша студенттің білімді игеруіне ұдайы бақылау жасауы қажет.

- Оқу материалын қысқа тығыз түрде баяндау формасын оқытушының ұдайы жасалатын жекелей консультациялары арқылы студенттердің белсенді жұмыстарымен үйлестіруге көшуге байланысты оқу үрдісін ұйымдастырумен жоспарлауын өзгертеді.

Кредиттік жүйені қолдануға байланысты оқу үрдісіндегі *басымдықтар* да өзгерді, ол – білім көлемін бірыңғай ету, оқытуды жекелендіруге жағдай туғызу, СӨЖ-дің тиімділігі мен рөлін арттыру, оқу үрдісін тұлғаға бағытталған түрде ұйымдастыру.

Кредиттік технологияға көшу дәстүрлі бағалаудың және студенттердің аудиториялық, аудиториядан тыс жұмыстарының сағаттарының орнына кредит жүйесін енгізуді талап етеді. Кредит жүйесі оқыту үрдісін сызықты емес түрде ұйымдастыруға, үздіксіз оқу жүйесіне өтуге, академиялық икемділікті және оқу нәтижесін басқа елдердің тануына мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарының кредиттік жүйеге ауысудың бейімделу үрдісі өтуде. Жоғары кәсіби

білімдегі өзгерістер мамандарды даярлаудың әлемдік стандартын қалыптастыруға ықпал етеді. Шетелдегі оқытудың кредиттер жүйесінде түрлі білім бағдарламалары әр елде әртүрлі анықталғандықтан, қазақстандық мамандарды дайындаудың мазмұны, маманның әлемдік деңгейге сәйкестігінің өлшемдіктерімен параметрлері қандай болады және оқытудың таңдамалылығы (вариативтілігі) мен икемділігін қалай іске асады деген сұрақтар туындады.

Кәсіби білім беру саласындағы болып жатқан түбегейлі өзгерістер барысындағы проблемаларды Ш.А. Абдраман, Б.Ә. Әбдікәрімов, Д.Дейвис, В.В.Егоров, К.Қабдыкерімов, В.П.Колесов, М.С.Мәлібекова, Э.Г.Скибицкий, Н.Э.Пфейфер, Л.А.Шкутина [218] сынды ғалымдар және тағы басқалары зерттеді.

Айталық, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де кредиттік жүйеге өту кезең бойынша жүргізілді:

- кредиттік жүйені ендіру тәжірибесін зерттеу;
- басқарушы кадрлармен профессорлық-оқытушылар құрамын даярлау;
- кредиттік жүйеге сай келетін оқу-әдістемелік және техникалық камтамаларды әзірлеу және т.б.

Кредиттік технология бойынша оқу үрдісін ұйымдастырудың негіздері О.М.Карпенко[165] А.Құсаинов, Ж.Д.Дадабаев, С.Ә.Әбдіманапов, М.И.Жамбек, Г.Ж.Меңлібекова[166] және басқада ғалымдармен ЖОО-ның оқытушыларының еңбектерінде қарастырылды.

Кредиттік жүйенің негізі ережелері, терминдердің түсіндірмелерін айқындап қана қоймай, бакалавриат пен магистратурадағы мамандықтардың жалпы сипаттамалары, магистранттарды дайындаудың негізгі міндеттерімен білім беру бағдарламалары, олардың міндеттері мен құқықтары, оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастыру, аттестациялау, бақылаудың түрлері, бағалау және бағаны есептеу әдістемесі, оқудан шығару, ауысу және т.б. туралы нақты оқу орнының мысалында келтірілген бұл еңбектердің кредиттік жүйеге ауысудың бастапқы кезеңінде практикалық маңызы зор болды.

Кредиттік оқыту жүйесін ендіру мәселелеріне байланысты өткізілген жоғары оқу орындарындағы семинарлар (ҚазҰУ, ҚазБСҚА, ҚазЭУ, ҚР БЖҒМ жанындағы EdNET линиясы бойынша курстар және т.б.) және Ресей ЖОО-ның (РУДН, МГУ, РГГУ т.б.) тәжірибесімен танысу сияқты шетелдік және отандық тәжірибелерді зерттеу, еліміздегі университеттердегі ғылыми-әдістемелік конференциялар, оқу орындарындағы мамандықтардың кезеңмен жаңа оқыту жүйесіне өтуі университеттің ғылыми-әдістемелік отырысында қарастырылатын кредиттік оқыту жүйесіне өтуге байланысты тәжірибе алмасулар, мәселелерді талқылау сияқты т.б. шаралар бұл үрдістің нәтижелі болуына ықпал етті.

Шетел оқу орындарының тәжірибелерін зерттеу нәтижесінде PhD докторларын дайындауға, кредиттік оқыту жүйесінің жағдайы және келешегіне байланысты аль-Фараби атындағы ҚазҰУ «Состояние и

перспективы подготовки докторов наук PhD и кредитной системы обучения» атты жинақ шығарды. ҚазБСҚА-да дамыған елдердің 50 оқу орны бойынша материалдар жинақталып, қорытындыланды, заңнамалық құжаттамалары зерттелді. Оқу жоспарларын жасауда шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындарының жоспарлары негізге алынып, шетел профессорлары жұмысқа тартылды.

2003 жылдары басқа да ЖОО-дағы сияқты Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де де кредиттік оқыту жүйесіне өтуге байланысты дайындық шаралары жүргізілді, университет ішілік семинарлар («Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында оқытушының кәсіби әрекетінің ерекшеліктері», «Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында оқу жоспарларын жасау және іске асыру», «Тьюторлар, эдвайзерлер және офис-регистраторлар жұмысын ұйымдастыру», «Электронды мультимедиалық оқыту бағдарламаларын жасау» сияқты) ғылыми-әдістемелік конференциялар өткізілді, оқу-әдістемелік кешен мен силлабус даярлауға арналған әдістемелік құралдар басылып шықты.

К.К. Закирьянов өз зерттеуінде көптеген университеттердегі көпсатылы білім беру жүйесінде студенттердің кәсіптік қалыптасуының әдіснамалық және педагогикалық негіздерін шетел тәжірибесімен сабақтастырып, тиімді жақтарын ашып көрсеткен. Жоғары мектептің бейімделу кезеңіндегі әр түрлі эксперименттік жаңа енгізулер жүйелі, кешенді түрде қарастырылмаса, әр уақытта жақсы нәтижелер беребермейтінінде атап өтеді[219].

Жоғарыда аталған кемшіліктермен мәселелерден басқа кредиттік жүйеге ауысудың бастапқы кезеңінде оқу орындарының материалдық әлеуеттерінің дайын болмауы, оқытушылардың дұрыс қабылдамауы, СОӨЖ-ды ескеріп сабақ кестесін құруда, жаңа оқу пәндерін оқу жоспарларына енгізуде, жаңадан енгізілген мамандықтардың стандарттарын жасауда пәндердің бірізділігі мен сабақтастығының сақталмауы сияқты кейбір кемшіліктер кездесті.

Кредиттік оқыту жүйесінің Қазақстанның жоғары оқу орындарында ендіру үрдісі шетелдік тәжірибені зерттеу, салыстыра талдау және жинақтау арқылы, білім сапасын төмендетпей, ұлттық менталитетті есепке алып, қолда бар жасалғандарды тиімді қолдана отырып, білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізуді талап етті. Осыған орай білім берудің парадигмалары өзгерді.

Кредиттік жүйеде білім берудің жаңа парадигмасы «оқу – қалай оқығаныңа қарай», «өзін-өзі дамыту», «өмір бойына оқу» болып өзгерді. Жаңа жүйеде оқытушы студенттерге өздігінен білім алудың түрлі әдістерімен жолдарын көрсете отырып, студенттің өзбетімен жасайтын танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы болып табылады.

Жоғары оқу орны жұмысының нәтижесі – білім алушылардың кәсіби білім беру бағдарламалары бойынша білімдерінің сапасы, ал мамандарды даярлау сапасының өлшемі – мемлекеттік білім беру стандартындағы

біліктілік талаптарға сәйкес анықталған теориялық дайындық деңгейі арқылы бағаланатын маманның кәсіби құзіреттілігі.

Жаһандану үрдісі жағдайда қысқа мерзімде әлемдік білім беру кеңістігіне қосылу және халықаралық білім стандарттарына жақындау міндетін жүзеге асыру үшін еліміздің жоғары білім беру жүйесі кредиттік технологияны енгізумен қатар, отандық озық тәжірибе мен дәстүрді, тұлғаның мүддесі мен қабілетін ескере отырып, білім беру мекемелерімен бағдарламаларының алуан түрлері мен формаларын қолдануда.

Отандық кредиттік оқыту жүйесі жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуды ұйымдастырудың формаларына студенттің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысы (СОӨЖ) – бекітілген кесте бойынша студенттің оқытушының басшылығымен жүргізілетін аудиториядан тыс жұмысы; білім алушының санатына қарай ол: студенттің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысы (СОӨЖ) болып бөлінеді.

Сонымен қатар, кредиттік оқыту жүйесі жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда академиялық мобильдік – студенттерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып, өз ЖОО-да немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, академиялық еркіндік – білім беру үрдісінің субъектілеріне оларды таңдау бойынша жиынтық пәндерден, оқытудың қосымша түрлерінен білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығынан тұрады.

Сонымен жоғарыда қарастырылған шетелдік және отандық кредиттік оқыту жүйесінің студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпалын талдап, оны келесі кесте арқылы беруді ұйғардық.

4- Кесте. Шетелдік және отандық кредиттік оқыту жүйесінің студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпалын талдау

№	Шетелдік ЖОО кредиттік технология	Отандық ЖОО кредиттік технология
1	2	3
1	АҚШ-тағы (USCS) кредиттік жүйесі СӨЖ-дің үлесі жоғары, оқу үрдісі әр студентпен жеке жұмысқа негізделген, оқу бағдарламасын игерудің сапасы үздіксіз бақыланып отырады, аналитикалық ойлауды дамытады, оқу еркіндігін қамтамасыз етеді.	Абай атындағы ҚазҰПУ Білім беру бағдарламасын іске асыру сапасын арттыру және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында оқу және қорытынды бақылау процестері бөлінеді.
2	Ұлыбританиядағы (CATS) кредиттік	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

	жүйе Студенттердің академиялық еркіндігін және икемділігін қамтамасыз етуді көздейді, оқу нәтижесіне жетудің сандық көрсеткішін білдіреді, оқудың нәтижесіекі параметр арқылы: кредиттер саны және оқу деңгейімен анықталады.	Оқу жүктемесіне білім алушылардың барлық оқу қызметі – лекциялар, семинарлар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, студиялық сабақтар, кәсіптік практика, ғылыми-зерттеу және дипломдық жұмыстар, өзіндік жұмыс, соның ішінде оқытушының басшылығымен кіреді.
3	Еуропалық (ECTS) жүйесі Студенттердің академиялық икемділігін қамтамасыз ету, яғни бір елдегі немесе шетелдегі бір оқу орнынан екіншісіне ауысқанда оқу нәтижесін салыстырумен өлшеудің тәсілі, бұл Еуропа елдеріне ортақ шкала бойынша өз елдеріндегі ЖОО-ның оқу жоспарларын бағалауға, ұлттық білім беру жүйелерін жақындатуға мүмкіндік берді.	Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Академиялық еркіндік – білім беру үрдісінің субъектілеріне оларды таңдау бойынша жиынтық пәндерден, оқытудың қосымша түрлерінен білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау және т.б.
4	Азия және Тынық мұхит аймағындағы елдердің(UMAP) кредиттік жүйесі Студенттердің академиялық икемділігін қамтамасыз ету, UCTS-тің бағалау шкаласы ECTS үлгісіне негізделген, студентке бағытталуы, тілдік курстарды ұсыну сияқты және әлеуметтік жағдайларына қатысты нақты мәселелерді шешеді.	Шәкәрім атындағы Семей Мемлекеттік педагогикалық университеті Аудиториялық және өзіндік жұмыстардың үйлесімді ара-қатынасын белгілеу; білім алушылардың өзбетімен білім алу және өзін-өзі дамыту қасиетін шынықтыру; білім алушыларға білімдерді өзбетімен шығармашылық тұрғыдан игеруге деген дағдылар мен қажеттілікттерді дарыту және т.б.

Кредиттік жүйеге ауысуға байланысты кездескен кемшіліктер мен қиындықтарға қарамастан Қазақстанның ЖОО-дағы реформалау үрдісін, университеттік білім берудің ұлттық және әлемдік дамуының бағыттарын зерттеу барысында мынандай оң беталыстар айқындалды:

- қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайлар үздіксіз білім берудің өзіндік құндылық идеясын, студенттердің және оқытушылардың ұдайы өз білімін жетілдіруін талап етеді;
- білім беру мазмұнының таңдамалы және көп деңгейлі болуы;
- қоғам сұранысымен әлемдік білім жүйесіне ену талаптарына сәйкес жаңа мамандықтардың, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі;
- барлық мамандықтардың білім беру стандарттарының, типтік оқу бағдарламаларының кредиттік оқыту жүйесіне байланысты жаңаруы;
- барлық оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешендердің жаңаруы;
- ақпараттық қоғам жағдайында білім беру үрдісінде аудиториялық жүктеменің қысқаруы, студенттің өздік жұмысының үлесінің артуы;
- студенттің оқуға уәждемесінің артуы және оқытудағы негізгі салмақтың оқытудан білім берудегі студенттің өзіндік әрекеті түріндегі оқуға ауысуы;
- оқытушының рөлінің өзгеруі және СӨЖ маңызының артуына

байланысты оқытушы құзіреттілігіне талаптың жоғарылауы;

- оқытуда интерактивті әдістердің, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялардың кеңінен қолдануы;

- пәнаралық байланыстың маңызының артуы. Кредиттік оқыту жүйесі жинақтамалы болып табылады, бұл жоғары және жоғары оқу орнына кейінгі кәсіптік білім берудің барлық деңгейлері мен сатылары бойынша бұрын жинақталған кредиттердің өспелі түрдегі есебінің алынуын білдіреді.

Кредиттік оқыту жүйесінде оқу жұмысының еңбек сыйымдылығының есебі оқытылатын материалдың көлемі бойынша, яғни кредит арқылы жүзеге асады. Әрбір пәннің көлемі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен үлгілік оқу жоспарларының негізінде кредиттермен анықталады.

Осыған байланысты, шетелдік жоғары оқу орындарында қолданылып жүрген *кредиттік оқыту жүйесінің функциясы* тек білім ауқымын кредиттер түрінде есепке алуғана емес, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуды жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді:

- *шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ету құралы*, өйткені, кредит-сағат – студенттің өзбетінше және оқытушының басшылығымен орындалатын жұмысын өлшеудің негізгі бірлігі және оның нақты білім беру бағдарламасы бойынша оқу жоспарын орындағанының көрсеткіші;

- *СӨЖ шығармашылық қабілеттерін дамытудың басты құралы*, өйткені, ол студенттерді семестр бойы оқуға мәжбүрлейді, өзбетінше жұмыс істеуін ынталандырады, әрі оқу курсы бойынша жинаған бағаның 60-80% ағымдық және аралық бақылаудың нәтижесінен тұрады;

- академиялық еркіндік пен саясат *студенттердің тәртібіне, тәрбиесіне әсер етудің құралы*, өйткені, ол студенттерді аудиториялық сабақтарды босатпауға, өздік жұмыстарды уақытында тапсыруға мәжбүрлейді;

- *оқыту әдістемесін бағалаудың құралы*, өйткені, ол оқытушының оқу үрдісінде түрлі әдістерді, СӨЖ түрлерімен формаларын тиімді және үйлесімді қолдануының нәтижесін көрсетеді;

- *шығармашылық қабілеттерін дамытудың басты құралдары* оқу орнына түрлі қаржылық, ұйымдастырушылық, технологиялық проблемаларды шешугеде мол мүмкіндіктер береді.

Сонымен параграфымызды қорытындылай келе, шетелдік ЖОО-ның кредиттік оқыту жүйесі – академиялық курстағы кредитті игеру бойынша уақыт жағынан қатаң регламент сақталмауынан, сабақ кестесі мен ПОҚ-ны таңдаудың еркіндігінен, БББ-ң оқу нәтижелері студентке және құзыреттілікке бағытталғандықтан, студенттердің бойында шығармашылық іс-әрекетін, ойлауын, қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндіктер береді. Отандық ЖОО-ның кредиттік оқыту жүйесі оқу семестрінің уақыты қатаң сақталуынан, сабақ кестесінің құрылуы ПОҚ-на бағытталып құрастырылуынан, БББ-ның пәнге бағытталып дайындалатындықтан, студенттерді кәсіби аймақ көлемінде

білімдерді терең меңгеруге, креативті ойлауға, жылдам, әрі дұрыс шешім қабылдауға, командамен жұмыс жасай алуға коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыруға, өмір бойы ізденуге қажетті шығармашыл тұлға болып қалыптастыруға мүмкіндік береді деп баса айтуға болады.

2 КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудағы кредиттік оқыту жүйесінің әлеуеті және оның цифрлық оқыту кезеңдегі ерекшеліктері

Бұл параграфтың мақсаты – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда кредиттік оқыту жүйесінің әлеуеті және оның цифрлық дәуірдегі ерекшеліктерін айқындау.

Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы кредиттік жүйенің ендірілуі әлемдік білім беру саласындағы беталыстарды ескеруді, шетелдердегі бұл жүйенің тәжірибесін зерттеуді және жинақтауды қажет етеді. Жоғары білім берудің жалпыеуропалық кеңістігін қалыптастыруға байланысты міндеттерді шешу Болон үрдісіне тікелей байланысты болып табылады. Оның мазмұны жайында 1.3 тарауымызда қарастырылған.

Кредит (credit, credit-hour) – латын тілінен аударғанда «Сену», «Сенім» дегенді білдіреді. Кредиттік технологияда оқыту жүйесіндегі кредит – тындаушының, оқытушының оқу жұмысы көлемінің өлшем бірлігі. Кредиттік оқыту технологиясы – білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын дербес жоспарлауы негізінде оқыту.

Кредиттік оқыту жүйесі дегеніміз – жеке оқу жоспарын студенттің тікелей араласуымен, жұмыс оқу жоспарына сәйкес әр студенттің жеке оқу жоспарын жасауда студенттің пәндерді еркін таңдауына, әр студенттің және оқытушының кредит бойынша еңбек шығынын есептеуге негізделген білім беру жүйесі.

Қазіргі таңда жаһандану үрдісінің талаптарына сәйкес, кредиттік оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – ұлттық білім беру бағдарламаларының халықаралық деңгейде мойындалуын қамтамасыз ету, білім алушылар мен оқытушылардың ынтасын арттырып, күш-жігерін білім сапасын көтеруге жұмылдыру. Мұнда басты назар студенттердің білім деңгейін бақылау мен дұрыс бағалауға бағытталған, сонымен қатар студенттерге білім алу траекториясында қойылатын талаптар нақты анықталып көрсетілген.

Болон декларациясының негізгі міндеттерінде айтылған мақсаттарға жету үшін оның тетіктері ретінде кредиттік жүйеге, еуропалық сынақ ауыстыру жүйесіне (ECTS) және жалпыеуропалық дипломдардың Қосымшасына ерекше мән беріледі. Бұл тетіктердің ұлттық және халықаралық деңгейлерде ендірілуімен қолданылуы ашық жалпы еуропалық білім беру кеңістігін қалыптастырудың тиімді тәсілі болып табылады. Жоғары кәсіби білім беру әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде білім берудің бағдарламаларын игеруді бағалаудың кредиттік жүйесін қолдануға негізделген [220].

ECTS жүйесіндегі кредит – студенттің жүктемесінің салыстырмалы түрдегі мәні, студенттің жүктемесін сипаттайтын пәндер бірлігіне сәйкес келетін сандық мән. Ол ЖОО-дағы жылдық академиялық оқуды толық аяқтау үшін әрбір курстағы жасалуы тиіс жұмыстардың көлемі, яғни дәрістер, практикалық жұмыстар, семинарлар, СӨЖ (зертханадағы, үйдегі, кітапханадағы), емтихандар, басқа да бақылау түрлері. Кредиттер орындалған жұмыс көлемін анықтаса, грейдтер алынған білім мен дағдының сапасын анықтайды. Бакалавр дәрежесін алу үшін студент 3-4 жыл оқып, 180-240 кредит (1 жылда – 60 кредит) жинайды. Бұл ECTS-тің еуропалық білім кеңістігін құрудың негізгі құралы екенін көрсетеді [221].

ECTS кредиттік жүйесі 3 түрлі мәселені шешуге мүмкіндік береді:

– өзара сәйкестендіру үшін әр түрлі елдердегі оқу орындарының оқу жоспарларын құрылымдау;

– студенттердің икемділігін қамтамасыз ету;

– академиялық мойындау.

ECTS кредиттік жүйесінің басты ерекшелігі – ондағы баға жүйесінен сол ЖОО-дағы бағалау жүйесіне аудару механизмі бар. ECTS-тен басқа жоғарыда қарастырылған кредиттік жүйелердің барлығы кредиттерді жинақтайтын жүйелер болады. ECTS кредиттерді жинақтау мүмкіндігін береді.

Кредиттерді жинақтайтын жүйелердің артықшылығы:

– икемділігінде (студент қажетті кредитті жинау үшін өз траекториясын таңдайды, яғни бұл кредиттік жүйелер оқытуды жекелендіреді);

– оқу шығыны мен оқу үрдісіне қатысты тиімділігінде (студент өзі анықтағандықтан).

Кемшіліктері: білімнің фрагменттелуі; оқу үрдісінің сегменттелуі; оқу үрдісінде ғылыми зерттеудің маңызының бәсеңдеуі.

Кредиттік оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- білім көлемін біріздендіру;

- оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай туғызу;

- білім алушылардың өзіндік жұмыстарының рөлі мен тиімділігін күшейту;

- білім алушының оқудағы шынайы жетістіктерін оларды тиімді бақылау рәсімдері негізінде анықтау болып табылады [22].

Кредиттік оқыту жүйесіндегі қызмет өте күрделі және өзара байланысты білім беру, оған жеке тұлғаның барлық қасиеттері, оның ішінде қабілеттері енгізілген. Оның құрамына кіретін компоненттер тұрақты өзара байланыста және трансформацияларда болады, әсіресе, егер ол адамның материалдық немесе рухани өнімді шығармашылық түрлендіруіне бағытталған болса. Осы тұрғыдан алғанда, кредиттік оқыту жүйесіндегі қызмет қызмет – бұл жеке тұлғаның белгілі бір білім, білік және дағды қоры негізінде қоршаған болмыстың шығармашылық өзгеруі. Демек, шығармашылық – бұл қоғамдық маңызы бар жаңа бірегей туындылар жасайтын қызмет. Шығармашылық қызметке қажеттілік нақты жаңа өнімге қоғамдық қажеттілікпен байланысты [223].

Сонымен, біз жоғарыда қарастырылған мәселелерді негізге ала отырып, жеке өз анықтамамызды беріп өтуді жөн көрдік. Кредиттік оқыту жүйесі – студенттің жеке таңдамалылығы және білім көлемін кредиттер түрінде есепке алуы негізінде өзбетінше және шығармашылықпен меңгеру деңгейін арттыруға бағытталған әлемдік деңгейдегі білім беру жүйесі.

Бұдан біз студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дамуы оның бүкіл өмір бойы қалыптасатындығын және интеллектуалды әлеуеттің басым бөлігі университетте оқып жүрген кезінде қалыптасуға мүмкіндік болатындығына көз жеткізуге болады. Сондай-ақ, олардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы жаңашылдығы, шынайылығымен бірегейлігімен ерекшеленетін интеллектуалды өнімдерді жасау қажеттілігінен туындайтын рухани, ойлау, интеллектуалды қызметі, білімалуымен кәсіби дайындығының нәтижесі ретінде танылады. Жоғарыда көрсетілген тұжырымды қорыта отырып, біздер «оқу парадигмасының» мақсаты оқыту сапасын жақсартуда емес, бірақ бұл маңызды болсада, оқу сапасын, білім беру өнімділігін үнемі арттыруда және шығармашылық сипатында екеніне басымдық береміз.

Кредиттік оқыту жүйесі мынадай басты қағидаларға негізделеді:

- *икемділігі*, яғни біріншіден, берілген оқу кезеңінің әр семестрінде игеруге қажет пәндерді студент өз таңдауы бойынша алуына ерікті; екіншіден, студент оқу кестесін өзіне ыңғайлы жүйемен жасауға құқылы;

- *еркіндігі*, мұнда біріншіден, студент дәрісханалық сабақ, оқудың дербес түрін таңдап алуына мүмкіндігі бар; екіншіден, студент пән оқытушысын өзі таңдауға құқылы;

- *оқу белсенділігі*, біріншіден, студент жеке тұлға ретінде әлеуетін дамытуға, шығармашылық іс-әрекетке машықтанады; екіншіден, өмірдің нақтылы бір жағдайында білімін тиімді пайдаланып, ұтымды шешім қабылдау дағдысын қалыптастырады.

Сонымен қатар, цифрландыру жағдайында онлайн форматта оқыту жүйесін құруда мынадай принциптерді басшылыққа алады:

1. *Оқытудың адамгершілік принципі.* Оның ішкі мазмұны білім беру үрдісінде тұтастай тұлғаға бағытталған, ол оқуға бағытталған және студенттердің жинақталған әлеуметтік тәжірибені игеруіне жоғары қолайлы жағдай жасайды.

2. *Онлайн-оқыту жүйесінде білім беру үрдісін жобалаудағы педагогикалық тәсілдің басымдығы принципі.* Бұл принциптің мәні, онлайн-оқыту жүйесінде жүзеге асырылуы мүмкін көріністердің дидактикалық модельдерін құрайтын теориялық тұжырымдамаларды талдау.

3. *Педагогикалық мақсаттарға жарамды жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану ережелері.* Бұл шлақты жобалау мен жасаудың әр кезеңінің тиімділігін педагогикалық бағалауды қажет етеді. Сондықтан технологияларды енгізуді емес, білім беруді қамтамасыз етуге қызмет ететін оқу курстарының мазмұнына тиісті толықтыруларды бірінші орынға қою қажет.

4. *Білім беру мазмұнын таңдау принципі.* Онлайн-оқыту жүйесінің білім

беру контенті Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес келуі тиіс.

5. *Оқыту технологияларын анықтау принципі.* Оқыту технологиясы. Цифрландыру жағдайында онлайн форматта оқыту модельдерін сақтау қажет. Цифрландыру жағдайында онлайн-оқыту жүйесін қалыптастыру барысында қажет болған жағдайда қосуға болатын жаңа модельдер пайда болуы мүмкін. Ұйымдастырушылық оқытудың бұл нысандарында компьютерлік конференциялар, телеконференциялар, ақпараттық сессиялар, телеконсультациялар, жобалау жұмыстары және т. б. пайдаланылатын болады.

6. *Оқытудың ұтымды принципі.* Онлайн-форматта оқыту жүйесінің жобасы, егер бұл студент білім алып жатқан оқу орнында олардың білім беру бағдарламасын қажетті бағытта түзетуге немесе толықтыруға ықпал ететін ақпараттық жүйелерді, сондай-ақ онлайн-форматта оқыту үшін ұсынылатын білім базалары мен банктерді құруда тиісті сервистердің жоқтығы болса, қажетті әлеуметтік және экономикалық тиімділік жағдайында әзірленеді [224].

Қарастырылған кредиттік оқыту жүйесіндегі негізгі принциптер әлемдік деңгейдегі білікті мамандарды дайындауда басшылыққа алынады. Білімді шығармашылықпен іздену арқылы игеруде оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекше тәсілі болып табылады. Кредиттік оқыту жүйесіне өту студент пен оқытушы арасында жаңа білімді игеру барысында, сенімді қарым-қатынастың қалыптасуын талап етеді. Бұл жүйе студенттердің шығармашылық қабілеттері мен еңбекқорлығына лайық әмбебап жүйе болып табылады.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында кредиттік оқыту жүйесінің мақсат-міндеттерін жүзеге асыруда цифрландыру жағдайында білім берудің маңыздылығына айрықша көңіл бөлу қажет. Соңғы жылдардағы әлемдегі және еліміздегі індеттің орын алған жағдайында қауіпсіздік шараларының бірі студенттерге білім беру үрдісі онлайн және оффлайн форматта жүзеге асырылуда. Онлайн форматта оқыту жүйелері оқытушы мен студенттер арасында тығыз байланысты орнықтыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, нақты шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беру үрдісін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты онлайн форматта оқыту технологиясы оқытушылар арасындағы интерактивті өзара іс-қимылды оқытуды және материалдың негізгі көлемін студенттерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оларға оқылған материалдарды игеруге, сондай-ақ оқу үрдісінде өзбетінше жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ақпараттық технология болып табылады.

Кредиттік оқыту жүйесінде жоғары оқу орындарындағы цифрландырудың негізгі мақсаты – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жылдамдату сондай-ақ білім беру сапасын арттыру болып табылады. Оқытуға жобалық көзқарас, білім беру бағдарламаларын инновациялық жаңғырту, әрбір студентті өз жобаларын жасауға тарту, стартап-қозғалысты дамыту – осы міндеттердің барлығы университеттер үшін стратегиялық басымдықтардың бірі болып табылады.

Пандемияға дейін Қазақстанның білім беру жүйесін цифрландыру негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асырылды:

- білім беру үрдісін цифрландыру,
- цифрлық білім беру контенті,
- білім беруді басқаруды цифрландыру.

Алайда пандемия осы бағыттарға түзетулер енгізді. Қазіргі уақытта жалпы білім беретін мектептердегі білім беру контенттері интернет-ресурстарда, атап айтсақ, Bilimland, Kyndelik.kz, Daryn, Online.kz, Online Mektep платформаларында, сонымен қатар жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үрдісі «Univer 2.0» жүйесі, Microsoft Teams, Cisco Webex, Skype, ZOOM және т.б. онлайн платформалары арқылы жүзеге асырылуда.

Онлайн режиміндегі оқу сабақтары, цифрлық технологияларды (Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom ж.т.б. сияқты әртүрлі бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, Интернет желісі бойынша хабар алмасу арқылы бейне дәрістер, вебинарлар, бейнеконференциялар) қолдана отырып оқу үрдісін нақты уақыт режимінде өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асады.

Пән оқытушылары оқу сабақтарын «Univer 2.0» және Moodle білім беру платформалары базасында өткізеді. Дәріс сабақтарын оқытушы онлайн түрінде сабақ өткізіп, «Univer 2.0» жүйесінде немесе ҚОЖ Moodle жүйесінде тиісті сілтемелерді орналастыру арқылы немесе осы жүйелерде алдын-ала жазылған дәріске сілтеме орналастыру арқылы жүргізе алады. Семинар және практикалық сабақтар тиісті бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, бейнеконференция форматында онлайн режимде ғана өткізіледі.

Пән оқытушылары сандық білім беру ресурстары (СБР) мен сыртқы электрондық ресурстарға (СЭР) (электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқыту бағдарламалық тренажерлері, ақпараттық-анықтамалық жүйелер, виртуалды зертханалық практикумдар, компьютерлік тестілеу жүйелері және т.б.), қашықтықтан оқыту жүйесіне («Univer 2.0» жүйесі немесе Moodle ҚОЖ) сілтемелерді қосып, ПОӘК-ның жүктелуін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты студенттер («Univer 2.0» жүйесіне жеке логин мен құпия сөзі арқылы кіріп, оқу жоспарындағы пәндердің оқу-әдістемелік кешенін (ПОӘК), СБР мен сыртқы электрондық ресурстарының (электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқыту бағдарламалық тренажерлері, ақпараттық-анықтамалық жүйелер, компьютерлік тестілеу жүйелері және т.б.) сілтемелерін жүктеуге мүмкіндік алады.

Отандық ЖОО-дағы цифрландыру жағдайында студенттердің білімін бақылау және бағалау саясаты «Univer 2.0» жүйесінде қорытынды бақылауды ұйымдастыру (Ашық кітап, жабық кітап, аэропроекторинг және т.б.) арқылы жүзеге асырылуда. Мәселен, «Ашық кітап емтиханы» – бұл оқулықтар мен дәптерлерді сұрақтарға жауап беру үшін пайдалануға рұқсат етілген емтихан. Жад пен заттарды ұйымдастыра білу ашық кітапты тексеруде өте маңызды рөл атқарады. Ашық кітап емтиханы, ең алдымен, белгілі бір тақырыпты түсінуді және сол білімді әр түрлі жағдайларда қолдану қабілетін бағалайды. Мұғалімдер де шығармашылықпен айналысып, емтихандарға көп күш салуды қажет етеді.

«Жабық кітап емтиханы» – оқығанның бәрін есте сақтау арқылы тапсырылатын жазбаша емтиханның классикалық түрі. Жабық кітап емтиханын жақсы жазу үшін сіз оқытылғанның бәрін, теорияларды, тұжырымдамаларды, формулаларды және т.б. жаттап алуыңыз керек. Бұл сіздің жабық кітапты тексеруде өте маңызды екенін көрсетеді.

Аэропрокторинг – қашықтықтан сынауды байқау және бақылау жүргізу (ағылш. «proctor» – университетте емтихан барысын бақылайтын адам). Аэропрокторинг – онлайн-емтихандардан өту нәтижелерін растайтын тұлғаны верификациялау жүйесі. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу үшін ЖОО-лар білім алушыны тексеруге, білім алушының экраны мен мінез-құлқын бақылауға, сондай-ақ бүкіл емтиханды бейнеге жазуға мүмкіндік беретін онлайн прокторинг технологияларын қолдануы қажет.

Цифрландыру жағдайында онлайн білім беру – бұл оқу үрдісінде компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялар негізінде оқытудың озық үлгідегі дәстүрлі және инновациялық әдістері, құралдары мен нысандары пайдаланылатын күндізгі және сырттай оқу түрінде де білімді қабылдау нысаны. Онлайн форматтағы оқу үрдісінің негізі – студенттің мақсатты және бақыланатын қарқынды өзіндік жұмысы болып табылады, ол жеке кесте бойынша ыңғайлы жерде, арнайы оқу құралдарының жиынтығымен, электронды және қарапайым пошта, телефон, сондай-ақ күндізгі бөлім арқылы оқытушылармен келісілген қарым-қатынас жасай алады.

«Цифрландыру жағдайында онлайн форматта оқыту» ұғымын кең мағынада, бұл – студенттер мен оқытушылардың білім беру кеңістігінде виртуалды білім алудың формасы. Ал, тар мағынадағы *«онлайн форматта оқу»* ұғымы тыңдаушылар мен оқытушылар арасындағы, сонымен қатар тыңдаушылардың өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қарастыратын және жоғары дәрежедегі қазіргі жаңа ақпараттық технологияларды (аудио-визуальды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары, т.б.) пайдаланатын белгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқу үрдісі.

Цифрландыру жағдайында онлайн форматта білім беру – жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелерге негізделген күндізгі, сырттай, кешкі және сырттай оқытудың ерекше жетілген түрі болып табылады. Қазіргі заманғы телекоммуникациялар мен электрондық басылымдар бізге барлық құндылықтарды сақтай отырып, дәстүрлі оқыту формасының кемшіліктерін түзетуге мүмкіндік береді.

Цифрландыру жағдайында электронды білім беру жүйесіне сай студенттердің біліктілік деңгейлерін келесідей тараптарға жіктеуге болады:

Бірінші деңгей – қарапайым-бейімдеушілік деңгей. Бұл деңгейде компьютер және компьютерлік техниканы қолдану дағдылары, оқу үрдісінде қолданбалы бағдарламалық құралдарды қолдану мүмкіндіктері қарастырылады.

Екінші деңгей – іс-әрекеттік-ізденістік деңгей. Педагог АКТ-мен жұмыс жасау негіздерін практикалық тұрғыда меңгереді.

Үшінші деңгей – жүйелік-шығармашылық деңгей. Электронды оқу-әдістемелік құралдар мен веб сайттар құрастыру. Халықаралық деңгейдегі білім беру стандарттары заманауи педагогтан жоғарыда аталған деңгейлердің 2 және 3 деңгейге сай болуын талап етеді. Осы орайда, ЖОО оқытушылары дайын білім беру платформаларын қолданып қана қоймай, электрондық құралдарды, бейнесабақтарды түсіріп, дайындап, әлеуметтік желілерге, оқу орны сайттарына қойып, өз тәжірибелерімен бөлісуде.

Цифрландыру жағдайында электрондық оқыту жүйесі – оқытушы мен студентке үлкен еркіндік, шығармашылық мүмкіндік береді. Бұл олардың жеке әлеуетін іске асыру үшін қолайлы. Бұл жеке тұлғаны қалыптастыру үшін қолайлы. Тұлға – бұл өзіне белгілі бір мақсат қоюға, өздігінен жүйелі түрде әрекет етуге және өз өміріне жауап беруге қабілетті адам [224, 152б.].

Электрондық оқыту объективті құбылыс – оқу процесі ретінде жүреді. Ең алдымен, білім үшін жауапкершілік студенттің өзіне жүктелуі керек. Қажет болса, оқытушы нұсқаулар, кеңестер мен нұсқаулықтар береді.

Цифрландыру жағдайында онлайн форматта оқыту бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады:

- туындайтын мәселелерді шығармашылық тұрғысынан қарастыру;
- шығармашылық мақсат-міндеттерді қою;
- шығармашылық білім мен тәжірибелерді беру;
- шығармашылық қабілет пен іс-әрекетті ұйымдастыру;
- білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру;
- оқу үрдісін бақылау.

Студенттерді онлайн форматта оқыту кезінде білім беру үрдісінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орындауға, тиімді ырғақтағы өзбетінше жұмыс құрайды. Сондықтан студенттер өзбетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өзбетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет.

Цифрландыру жағдайында онлайн форматта оқытудың технологияларын пайдалана отырып, студенттер келесі мүмкіндіктер мен артықшылықтарға ие болады:

- Шығармашылық іс-әрекетті дамыту;
- Креативті және сыни ойлау қабілетін дамыту;
- Шығармашылық қиял мен ойлау үрдісін дамыту;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Жеке оқу жоспары, оқу траекториясын өз бетімен жоспарлау, оқу мерзімін қысқарту және т.б.;

Цифрландыру жағдайында онлайн форматта оқыту үдерісінде мультимедиа-ресурстарын пайдаланудың келесідей психологиялық артықшылықтарын ерекшелеуге болады:

1. Визуализация. Графикалық ақпаратпен жұмыс, сонымен қатар белгілік материалдармен жұмыс көрнекілік ойлау ресурстарын мобилизациялауға мүмкіндік береді.

2. Ойдың сурет немесе схема түрінде материалдануын жылдамдатады.

3. Жағдайдың түрленген шаблондарымен компьютерден алынған нәтижелерді жылдамдату және арттыру.

4. Компьютер арқылы орындалатын іздеу әрекетін жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейтеді.

5. Күрделі іс-әрекеттің аралық кезеңіне (компьютердің жадын қолдана отырып) қайта оралу мүмкіндігін береді.

6. Бір немесе бірнеше объектіні бірнеше көзқарас тұрғысынан бір кезеңде қарастыру, объектіні түрлендірудің бірнеше нұсқасын салыстыру мүмкіндігі, түсіру, каширлеу.

7. Мультимедия-технологиялар оқушыны дайын оқу материалының пайымдаушысы ғана етіп қоймай, оны жасауда, түрлендіруде, оперативті қолдануда оның қатысушысы етуге мүмкіндік береді.

8. Қазіргі уақыттағы қолда бар курстар, білім беру бағдарламалық пакеттері сабақты жаңаша құруға мүмкіндік жасайды [224, 182б.].

Цифрландыру жағдайындағы онлайн оқыту жүйесі құрылымының элементтері:

- *Оқыту мақсаты.* Маманның үлгісімен және мемлекеттік тапсырыспен сәйкес қалыптасатын, білім және білік жүйесін оқып үйренушілердің меңгеруі.

- *Оқыту мазмұны.* Әлеуметтік сұраныстың педагогикалық үлгісі. Оқыту үрдісі, әдістері мен ұйымдастыру түрлерінің жүзеге асырылуы оның мазмұнымен анықталады.

- *Оқыту нысаны.* *Цифрландыру жағдайында онлайн оқыту* – білім беру қызметін пайдаланушылар (студенттер, тыңдаушылар, оқушылар және т.б.) алатын оқытудың белгілі бір түрінің объектісі болып табылады. Цифрландыру жағдайында онлайн форматта оқытудың тыңдаушылары дәстүрлі оқыту нысанындағы студенттерден ерекшеленуі – ерекше мақсатқа ұмтылушылыққа, білімге құштарлыққа ие болуы, ұйымшылдық танытуы, өз бетінше жұмыс істей білуі, компьютермен жұмыс істеуі және оқыту

Цифрландыру жағдайында оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі технологиялары:

Кейс-технология – оқытушы-тьюторлардың дәстүрлі және қашықтықтан кеңес беруді Ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген.

Кейс технологиясы (ағылшынның case – портфель) оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады.

Кейс-технологиясына арналған материалдар түрлері: Әдістемелік нұсқалар. Оқу құралдары мен глоссарий. Студенттерге оқу жоспарындағы пәндер бойынша электрондық тасымалдауышта (CD-ROM) оқу-әдістемелік материалдардың кешені беріледі. Кешенді даярлауда ұжымдық әдістер, жобалау әдістері кеңінен пайдаланылады. Мұндай әдістер студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Жұмыс дәптері. Анықтама. Оқу, аудио, бейне материалдары.

Бақылау және емтихан материалдары.


Үлгі бойынша жаңғыртылатын өзіндік жұмыстары. Жұмыстың бұл түрі үлгі ретінде түрлі мультимедиалық ресурстар қолданылатын үлгіні пайдалану негізінде орындалады. ЖОО білім беру жүйесінде студенттердің танымдық өзіндік қызметі тану, ұғыну, есте сақтау, белгілі әдісті жаңа міндетке жинақтауда көрінеді. Мұндай жұмыстардың мақсаты тапсырмаларды орындаудың тәсілдерін бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру, оларды мықтап нығайту, таным белсенділігі мен өзіндіктің жоғары деңгейлі тапсырмаларын орындауға негіз қалау болып табылады.

Эвристикалық өзіндік жұмыстары. Өзіндік жұмыстың бұл түрлерінде оқушыға бейтаныс жағдайды талдап, қажетті мультимедиа-ақпаратты алуды талап ететін танымдық міндеттерден тұрады. Эвристикалық түрдегі жұмыстарды орындау барысында студенттердің танымдық белсенділігі мен дербестігі мәселелі жағдайды талдау және тапсырманы шешу тәсілдерін табудағы ол өткізетін жалпылауларда байқалады.


Шығармашылық (зерттеу) өзіндік жұмыстары. Бұл түрдегі өзіндік жұмыстар студенттердің мультимедиа-ақпаратты қолдану арқылы ол үшін жаңа білімдер өндірісіне тікелей қатысуды білдіреді. ЖОО студенттері өз алдында тұрған мәселелерді шешу құралдары мен тәсілдерін өзі таңдауы қажет, және тапсырманы орындауы үшін қажетті білім мен мультимедиа-ресурстарды анықтап, қажеттісін таңдауы қажет.

Сонымен, біз жоғарыда цифрландыру дәуірінде онлайн форматта оқытудың технологияларын пайдаланудың мүмкіндіктері мен психологиялық артықшылықтары жайында қарастырылған негізгі мәселелерді жинақтап, келесі сызба арқылы көрсетуді жөн көрдік (*Сызба 5*).

Цифрландыру дәуірінде онлайн форматта оқытудың технологияларын пайдаланудың мүмкіндіктері мен артықшылықтары



Цифрландыру дәуірінде онлайн форматта оқыту үдерісінде мультимедиа-ресурстарын пайдаланудың психологиялық артықшылықтары



5-Сызба. Цифрландыру дәуірінде онлайн форматта оқытудың технологияларын пайдаланудың мүмкіндіктері мен психологиялық артықшылықтары

Жоғарыдағы қарастырылған цифрландыру дәуіріндегі онлайн форматта оқытудың технологияларын пайдаланудың артықшылықтары мен

мүмкіндіктерін жайындағы сызбаның мазмұны студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталып отырғандығына толық келісуге болады. Себебі, кредиттік оқыту жүйесі мен цифрландырудың негізгі мақсаты мен мазмұны студенттердің өзбетінше шығармашылық тұрғыдан ізденуіне, креативті қабілетінің дамуына зор мүмкіндіктер тудыратыны анық.

Соңғы екі үлгідегі өзіндік жұмыстарды жобалар түрінде өткізген дұрыс. Өзіндік оқуды өткізу тәсілдерінің кең таралғандарының бірі мультимедиа-ақпаратты кең ауқымды пайдалануға негізделген кешенді кейс-технологиялар болып табылады.

Жобалау әдісі – әрдайым қандай да бір мәселені шешуді түсіндіреді. Бұл мәселе, бір жағынан, түрлі әдістерді пайдалану, екінші жағынан, білімді, ғылымның, техниканың, технологияның түрлі салаларының шеберлігін, шығармашылық саланың білімін интегралдау дегенді қарастырады. Бұл әдіс арқылы жеке, жұптық, топтық тапсырманы білім алушылар белгілі бір уақыт мерзімінде орындап бітіруі тиіс. Бұл қызметтің барысында ақпараттық-қатынастық технологиялар құралдарын пайдалану тиімді болады. Бұл тәсіл табиғи түрде оқытудың топтық тәсілімен үйлесімді болады.

Оқу жобаларының әдісі тұлғаның шығармашылығын дамытудағы әдістердің бірі болып табылады. *Ақпараттық-қатынастық технологиялар құралдарын пайдалана отырып студенттерді оқытуда жобалау әдісін қолдануға қойылатын басты талаптарға жатады:*

- зерттеу, шығармашылық тұрғыдағы мағыналы тапсырмалардың бар болуы, яғни, олар интегралданған білімді және оның шешімін табу үшін зерттеу ізденістерін қажет етеді;

- болжанатын нәтижелердің тәжірибелік, теориялық, танымдық мағынасы;
- оқушының өзіндік (жеке-дара, жұптық) жұмыс жасауы;
- жобамен жұмыс атқару үшін қажетті түрлі саланың түпкі білімін анықтау;

- жобаның мазмұнды бөлігін құрылымдау;
- зерттеу әдістерін пайдалану;
- зерттеу тапсырмаларынан туындайтын мәселелерді анықтау;
- оларды шешу тұжырымдамаларын алға шығару, зерттеу әдістерін талқылау;
- алынған мәліметтерді сараптамау;
- соңғы нәтижелерді ресімдеу;
- қорытынды шығару, тұжырым, шығармашылық есеп берулер және т.б.

Сонымен, кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда дәстүрлі және цифрлық оқытудың өзіндік ерекшеліктері жайында қарастырған теориялық материалдарды жинақтап, кесте арқылы жүйелеп, көрсетуді ұйғардық.

4-Кесте. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда дәстүрлі және цифрландыру дәуіріндегі ерекшеліктері

Ерекшеліктері		
1	Дәстүрлі оқыту	Цифрлық оқыту
2	Жеке тұлғаның логикалық ойлауы мен танымдық белсенділігінің дамуы	Жеке тұлғаның креативті ойлауы мен шығармашылық қабілеттілігінің дамуы
3	Дүниеге деген көзқарасы мен қабілеттілігінің артуы	Виртуалды әлемді түйсінуі, қарым-қатынасы, мәдениеті мен қабілеттілігінің артуы
4	Ақпараттық сауаттылығының артуы	Цифрлық сауаттылығының артуы
5	Ақпаратты еркін өңдеуі, талдауы және жинақтап жүйелеуі	Ақпаратты шұғыл түсініп, зерделеуі, креативті және дивергентті қабілеттіліктерінің артуы
6	Қажетті ақпараттарды оқулық, оқу құралдарының көмегімен алу	Қажетті ақпараттарды интернет ресурстарының көмегімен алуға мүмкіндігінің мол болуы
7	Жетекші іс-әрекетте шығармашылық қабілеттілігінің даму динамикасындағы баяу өзгерісі	Жетекші іс-әрекетте ойлау мен шығармашылық қабілеттілігінің даму динамикасының жылдам өзгеруі
8	Кез келген мәселені шешуде анализдік-синтездік және индуктивті-дедуктивтік тұрғыдан шешуге мүмкіндік беруі	Кез келген мәселені талдауда модельдеу, жобалау тұрғысынан шешуге мүмкіндік береді
9	Өзбетінше ізденуге уақыттың көбірек кетуі, ырықты зейіннің әлсіздігі және есте сақтауда қиындықтардың болуы	Өзбетінше ізденуге тайм менеджментті сақтау мүмкіндігінің болуы, ырықты, үйреншікті зейіннің басым болуы және берік есте сақтаудың ережелерін ұстану
10	Мақсатты есте қалдырудың беріктігін тәрбиелеу мүмкіндігі және жеке тұлғаның денсаулығын сақтауға зор ықпалының болуы	Көріп есте сақтау қабілетін арттыру және жеке жеке тұлғаның денсаулығын сақтауға кері ықпалының болуы

Жоғарыдағы кестеден, кредиттік оқыту жүйесінде дәстүрлі және цифрлық оқытудың басты ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін салыстырып, көруге болатынын байқауға болады.

Сонымен, кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда цифрлық трансформациялау идеяларын пайдалану әлемдік тренд деп айтуға болады. Цифрлық технологиялар көптеген елдердің экономикасын дамытуда маңызды рөлге ие. Кредиттік оқыту жүйесін білім берудің заманауи бағыттарымен байланыстыра отырып, жүзеге асыру – студенттердің шығармашылық ізденімпаздық әлеуетінің жан-жақты дамуына ықпал ету оқытушыдан шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Цифрлық трансформациялау арқылы жасалып жатқан оқыту процесі студенттердің шығармашылық қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға мүмкіндіктер туғызып, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Сондай-ақ, цифрландыру жағдайында онлайн форматта оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы оқытушылар мен студенттер әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады. Цифрландыру жағдайында онлайн форматта оқытудың

ақпараттық мәдениет деңгейі дидактикалық бағдарламалар білім саласында оқытуды басқару мен бақылауды автоматтандыру, білім мен дағдыны объективті бағалау, ерекше ақпараттық материалдарды мультимедиалық формада беру, виртуалды өмірге енгізу т.с.с. жаңа мүмкіндіктер ұсынылады. Жоғары оқу орнында кредиттік оқыту жүйесі бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру, студенттің оқу жылына арналған шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған білім кеңістігін құруға және кәсіби маман болып шығуында маңызды рөл атқарады.

2.2 Кредиттік оқыту жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары

Бұл параграфтың мақсаты – кредиттік оқыту жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтау.

Кредиттік оқыту үдерісінде кез келген педагогикалық құбылысты жүзеге асыру үшін белгілі бір шарттар жиынтығын жасап алу қажет. Бұл студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін талап етілетін қажетті және жеткілікті психологиялық-педагогикалық шарттарды анықтау және теориялық негіздеу. Бұл шарттарды анықтау үшін ең алдымен екі міндетті шешу қажет:

Бірінші міндет – «педагогикалық шарттар» ұғымын нақты анықтау;

Екінші міндет – «психологиялық шарттар» ұғымын нақты анықтау.

Бірінші міндетті шешу үшін бастапқыда «шарт» ұғымын нақтылау керек. Осылайша, «шарт» ұғымы ретінде біз одан әрі «заттың қоршаған құбылыстарға қатынасын білдіретін философиялық категорияны түсінеміз. Пән өзі шартталған нәрсе ретінде, ал шарт – объективті әлемнің алуан түрлілігі салыстырмалы сыртқы пән ретінде көрінеді. Қандай да бір құбылысты немесе үдерісті тікелей туындататын себептерге қарағанда, шарт сол ортада пайда болып, дамиды, жағдайды құрайды» [225].

Ожеговтың сөздігі бойынша «шарт» ұғымы бір нәрсе одан тәуелді болатын жағдайды; өмірдің, іс-әрекеттің белгілі бір саласында орнатылған ережелерді білдіреді [225].

«Шарттар» термині объектінің қоршаған құбылыстарға қатынасын білдіреді, онсыз ол өмір сүре алмайды. Олар осы құбылыстар дамитын, пайда болатын ортаны құрайды [226].

Шығармашылық қабілет – студенттердің бойында өздігінен дамымайды. Ол тікелей оқытушының шығармашылық мазмұндағы жүйелі, мақсатты жүргізетін дамыту жұмыстары арқылы жүзеге асады. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда ыңғайлы білім беру кеңістігі мен ынталандырушы ортаны құру білу қажет. Осы тұрғыдан зерттеген 1-тараудың мазмұнында қарастырылған ғалым-зерттеушілердің еңбектері негізінде және өз тәжірибемізге сүйене отырып, зерттеудің міндеттеріне сәйкес психологиялық-педагогикалық шарттарды жүйелеп, келесі сызба 6. арқылы көрсетуді жөн көрдік.

7-Сызба. Кредиттік оқыту жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары



Бұдан біз, кредиттік оқыту жүйесінде педагогикалық мамандықтың құндылығы: студент тұлғасын, оның құқығы мен бостандығын құрметтеуді; икемділігі, бейімделу қабілеті, эмпатияға деген қабілетін; тұлға құндылықтарын, өз бетімен білім алу, талдамалық және сыни ойлау дағдылары; ынтымақтастық дағдылары, дауларды шешу қабілетін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, заманауи талаптарға сәйкес, болашақ педагогтардың бойынан шығармашылық қабілеттердің болуы және дамуы үшін жағдайлар жасалуы қажет екендігін байқауға болады.

Психологиялық шарттар:

Бірінші шарт. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін диагностикалау. Студенттердің тұлғалық қасиеттері мен психикалық процестерінің даму ерекшеліктері бойынша педагогикалық-психологиялық диагностикалау жұмыстары жүргізіледі.

Психодиагностика – тұлғаның жеке-дара психологиялық ерекшеліктерін анықтау мен өлшеу әдістерін құрайтын және қолданбалы психологияның ғылым саласы. Психологиялық диагностика қандай да бір психологиялық сапаны өлшеп, соның негізінде психологиялық «диагноз» қоюға бағытталады. Психологиялық диагноз екі түрлі болады:

- зерттелуші индивидтің болмысында қандай да бір психологиялық сипаттың, белгінің, сапаның бар немесе жоқ екендігін тағайындау;
- зерттелуші индивидтің немесе адамдар тобының қандай да бір

психологиялық сапа бойынша даму дәрежесін анықтау.

Жоғары мектептегі психологиялық диагностиканың басты міндеттеріне:

- болашақ маманның білім дәрежесін бақылау;
- студенттерде кәсіби маңызды қасиеттердің даму дәрежесін анықтау;
- студенттердің оқу барысындағы ақыл-ой және тұлғалық даму ерекшеліктерін бағалау және т.б.

Психологиялық диагностика – студенттердің жеке-дара психологиялық ерекшеліктері мен мотивациялық саласын тексеру арқылы олардың қабілеттері мен икемділіктерін дамытуды және қандай да бір сапалар бойынша психологиялық түзетуді тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Н.Ф. Талызина білім беру ұйымдарындағы психодиагностиканың рөлін көрсетеді:

- психологиялық дамуға, өзгеруге байланысты болжам жасаушы қызмет атқарады;
- үздіксіз психологиялық дамуға қажетті әлдеқайда оңтайлы жағдайларды анықтайды;
- білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің жағдайын ескере отырып, оқыту мен дамыту бағдарламаларын жасауға негіз болады [227].

Сонымен қатар, жоғары мектептегі психодиагностиканың жетекші қызметтері мыналардан құралады:

- кері байланыс орнату;
- кез келген іс-әрекеттің, психологиялық және педагогикалық ықпалдың тиімділігін анықтау;
- тәрбиелеуші, дамытушы, түзетуші ықпал ету;
- өзара ақпарат алмасуға, яғни, коммуникацияға себеп болу;
- студенттің психологиялық даму мүмкіндіктерін болжап, жобалау;
- студенттердің психологиялық портретін жасау;
- психограмма мен профессиограмма құру.

Олай болса, психологиялық диагностика ең алдымен болжам жасауға бағытталады. Басқаша айтқанда, студенттердің психикалық қасиетін нақты бір көрсеткіштер арқылы анықтап, олардың мінез-құлқына, жүріс-тұрысына болжам жасалады. Сондықтан жоғары әрекетінің нәтижелі болуын тексере алады; студенттерді психологиялық дамытудың әдістерін, құралдары мен формаларын таңдауға негіз болады.

Жоғары мектептегі болашақ маманның білім дәрежесін бақылау; студенттерде кәсіби маңызды қасиеттердің даму дәрежесін анықтау; студенттердің оқу барысындағы ақыл-ой және тұлғалық даму ерекшеліктерін бағалау; жоғары мектептегі білім беру сапасын тексеру; студенттердің кәсіби бағыттылығын және мотивациялық саласын зерттеу үшін көптеген психодиагностикалық әдістер мен әдістемелер қолданылады.

Психодиагностикалық әдістер – психодиагностикалық міндеттерді шешетін технологиялық тәсіл. Психодиагностикалық әдістеме – белгілі бір міндеттерді шешудің нақты жағдайында, нақты бір адамның нақты бір психикалық қасиеті туралы ақпарат алу үшін нақты әрекеттер жүйесі немесе

дербес бір рәсімделген шара [104, 152б.].

Б.Г. Ананьев ұсынған психологиядағы зерттеу әдістерінің жүктемесінде психодиагностикалық әдістер ғылыми мәліметтер алу мен жинақтау арқылы анықталатын эмпирикалық әдістерге жатады. Ал, бірқатар авторлар (Н.Б. Гриншпун және т.б.) психодиагностикалық әдістерді психологиядағы зерттеу әдістерінің қатарына қоспайды [77, 92б.].

Нысаны дәрежесі бойынша психодиагностикалық әдістемелер екі үлкен топ ажыратылады: Төмен ұйымдасқан әдістемелер. Жоғары ұйымдасқан әдістемелер.

Төмен ұйымдасқан психодиагностикалық әдістемелерді құрайды: байқау, бақылау; әңгіме, сұхбат; іс-әрекеттің әртүрлі өнімдері – практикалық әдістер. Төмен ұйымдасқан психодиагностикалық әдістемелер арқылы студенттердің әр түрлі жағдайда сыртқа байқалатын мінез-құлық, жүріс-тұрыс реакциялары; эмоциялық күйлері мен кейбір тұлғалық қасиеттері анықталады.

Жоғары ұйымдасқан психодиагностикалық әдістемелердің құрамына мыналар кіреді: тесттер; сауалнамалар, сұрақтамалар; проективті техникалар және т.б. Психодиагностикалық тексеру, зерттеу жағдайының реттелінуі; алынған нәтижелерді өңдеу және түсіндіру; алынған нәтижелерді стандартизациялау; әдістемелердің сенімділігі мен валидтілігі – жоғары ұйымдасқан психодиагностикалық әдістемелердің ерекшеліктері болып табылады.

Психодиагностикалық әдістемелер алынатын зерттеу нәтижесіне психологтың тигізетін ықпалы бойынша объективті және субъективті болып екіге бөлінеді. Объективті әдістемелерді қолдануда психодиагносттың зерттеу барысы мен нәтижелеріне тигізетін ықпалы төмен болады. Ал, субъективті әдістемелерді қолдануда зерттеу барысы мен нәтижесіне психодиагносттың тигізетін ықпалы оның тәжірибесіне, қатынасына, біліміне тәуелді болады.

Аспаптық мінез-құлық, жүріс-тұрыс әдістемелері. Бұл әдістемелер түрлі аспаптар мен тренажерлар арқылы индивидтің әрекеттерінің дәлдігін және жылдамдығын; психомоторлық үйлесімділікті; жүйке қызметінің қасиеттерін; кейбір кәсіби икемділіктерді және т.с.с. анықтайды.

Зияткерлікті анықтайтын тесттер. Мұнда сұраққа берілген жауаптың бірі таңдалынып алышады. Таңдалған жауап тест кілтінә сәйкес өңделеді. Тұлғалық ерекшеліктерді анықтайтын тест-сұрақтамалар. Бұл тест сұрақтарына жеке-дара қасиетті сипаттайтын жауап таңдалады. Мысалы, Векслердің зияткерлік тесті; Амтхауэрдің зияткерліктің құрылымы тесті және т.с.с.

Зияткерлік тесттер – тұлғаның қиялдау, ойлау, еске сақтау деңгейін тексеруге арналған әдістемелер. Мысалы, Векслердің зияткерлік тесті; Амтхауэрдің зияткерліктің құрылымы тесті; Равен тесті; мектепте ақыл-ойдың даму тесті (ШТУР); т.с.с.

Креативтілік тесттер – тұлғаның шығармашылық қабілеттерін тексеруге бағытталған әдістемелер. Мысалы, Дж. Гилфордтың креативтілік тесті; Е. Торренстың креативтілік тесті; Д.Б. Богоявленскаяның «Креативті өріс» тесті; және т.с.с. [228].

Сонымен, жоғарыда қарастырылған психодиагностикалық әдістер мен әдістемелердің кешенді жүйесі студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дамуын, тұлғалық ерекшеліктерін және еріктік-аффектілік жай-күйін анықтауға мүмкіндік береді.

Екінші шарт. Ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық ортаны құру.

Мұнда психологиялық ахуал – оқу-тәрбие процесінде тұлғааралық жағымды үйлесімді эмоционалды қарым-қатынасты орнату керек.

Студенттердің бойында шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпал ететін үйлесімді психологиялық ахуал мен шығармашылық ортаны орнатуда (жағымды психологиялық ахуал) бірқатар жағдайларға сүйену қажет: біріншіден, студенттердің шығармашылығын белсенді ынталандыру мен мадақтау; екіншіден, шығармашылық мүмкіндіктері мен әлеуетіне сенім артуды демонстрациялау; үшіншіден, әрбір студентті шынайы қабылдау; төртіншіден, студентке құрметпен қарым-қатынас жасау; бесіншіден, студенттердің талқылауларына ескертпелер жасамау. Сондай-ақ, жағымсыз эмоциялардың пайда болуын (мазасыздық, сенімсіздік) болдырмау қажет. Олар шығармашылық іс-әрекетте нәтижелігіне жағымсыз әсер етеді, студенттік кезеңде қызбалыққа, эмоцияға берілгіштік жиі көрініс береді. ЖОО-да студенттерге арналған ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық орта – талап қоюшылық, түсінушілік, құрметтеу, шынайы мейірімді тілектес болушы атмосфера.

Үйлесімді психологиялық ахуал мен шығармашылық ортаны орнату үшін студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту процесі бірнеше кезеңдерден тұрады: дайындық, фрустрация, инкубация, инсайт және талқылау.

1. Дайындық кезеңі. Бұл кезең ең алдымен шығармашылық субъектісін қанағаттандырмайтын, қандайда бір жағдайды өзгерту талаптануының пайда болуымен байланысты. Мұнда мәселелік жағдайдан шығу жолдарын іздеудің саналы талпыныстарымен сипатталады. Субъект қисынды түрде міндетті мәселені толықтай және оның жеке элементтерін анықтайды, талқылайды, қосымша ақпарат жинайды. Негізінен дайындық процесінде мәселенің бейнесін анықтау, бөлшектеу және тереңдеу, анық болмаса да, соңғы емес, бірақ қандай да бір құрылымы пайда болады.

2. Фрустрация кезеңі. Бұл кезеңге өту индивидтің өзінің құзырындағы барлық ақпаратты сараптап, шешімнің пайда болған түрлерін тексеріп, бірақ жауап таппаған кезде жүзеге асады немесе ол тұйыққа келіп тіреледі. Бұл кезде туындайтын «тұйықтық» сезімі шынайы жағдайды түсіну негізіндегі міндетті шешудің мүмкіндіктері таусылғандығын жеткізетін заңды кезең ретінде емес, креативтіліктің көрінуіндегі тосқауыл, кедергі ретінде қарастырылады. Мұндай пікір қарама-қайшы, өйткені ол жасырын түрінде тану мен дамудың шегінің, шекарасы идеясын білдіреді.

3. Инкубация кезеңі. Креативтік процестің бұл кезеңінің ерекшелігі бас миының үлкен жарты шарының функциональдық асимметриясының жағдайына байланысты. Бұл жарты шарлардың жұмысының ұйымдастыру өзгешеліктері,

негізінен латерализация және реципроктік түсінігінің көмегімен бейнеленеді. Латерализация адамның дамуы деңгейіне қарай күшейеді және бас миының жарты шары барлық психикалық процестерге әртүрлі деңгейде араласа бастайды.

4. Инсайт кезеңі. Инсайт – бұл креативтік процестің қысқа мерзімді бірақ өте анық кезеңі, санаға мәселенің шешімі келген сәт. Ол күшті оң эмоциялармен, қызулықпен, тіпті эйфориямен сипатталады. Бұл ұзартылған дайындықтың нәтижесі көрінетін, фрустрация күйінен ойдың туындауына уақытылы ауысуы көрінетін креативтік процестің шарықтау нүктесі. Санаға жауаптың келуі жылдам тіркеуді қажет етеді, бұл креативтік процестің жемісті аяқталуы мүмкіндігін арттырады.

5. Талқылау кезеңі. Талқылау немесе верификация шығармашылық процестің соңғы кезеңі болып табылады, оның барысында алынған шешімнің ақиқаттылығы қисын құралдары арқылы тексерілуі орын алады. Бұл екі ішкі кезеңдермен байқалуы мүмкін:

1. Инсайттың ақиқаттылығын өзіндік тексеру (верификация) кезеңі. Бұл жағдай креативтік процесс оқиғаның жүйелі ілеспелі жалғасы емес, кезеңдердің өзара алмасуы және өзара детерминациясы болуы мүмкін процеске айналатын шиыршық бойымен қозғалу екендігін көрсетеді.

2. Жүзеге асу кезеңі. Егер инсайттың ақиқаттылығы анықталған болса, онда процесс ұзақтылығы бірнеше секундтан (мысалы, қатынастағы мінез-құлықтың жүзеге асу түрі) ондаған жылға дейін созылатын екінші кезеңде жалғасады.

Үшінші шарт. Студенттердің өзіндік іс-әрекетіне рефлексия жасауға бағытталу.

Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудағы негізгі талаптар білім, ептілік пен дағдыларды алу ғана емес, сонымен қатар үздіксіз өзбетінше білім алуға, шығармашылық ниеттерін іске асыруға, сондай-ақ тереңдетілген ғылыми-зерттеу жұмысына дайындық болып табылады. Сондықтан жоғары білім беру сапасын арттыру үрдістерінің бірі – жоғары оқу орнында оқудың барлық кезеңдерінде студенттің шығармашылық әлеуетін дамытуға, стандартты емес шығармашылық міндеттерді шешуге бағытталған оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағдарлану болып табылады. Студенттердің шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы тек оқу процесінде ғана емес, сонымен қатар тәуелсіз және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу процесінде де маңызды. Студенттің өзіндік жұмысы – бұл оқытушының тапсырмасы бойынша орындалатын жоспарланған ғылыми және танымдық жұмысы. Студенттердің өзіндік жұмысы – бұл оқытудың белсенді нысандары мен әдістерінің бірлігі.

Студенттердің өзіндік жұмысы – сабақ кестесіне сәйкес аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда орындалуы мүмкін және ол мыналарды қамтиды:

- тиісті тапсырмаларды орындау үшін аудиториялық сабақтарға дайындалу;

- зертханалық және практикалық практикумдарда, семинарлар мен практикалық сабақтарда дербес тапсырмаларды орындау;
- оқу пәндерінің жекелеген тақырыптарымен жұмыс;
- бақылау және курстық жұмыстарды орындау;
- практикадан өту, оларда көзделген тапсырмаларды орындау;
- бақылау сынақтарының барлық түрлеріне дайындық;
- біліктілік жұмысын орындау және қорытынды аттестаттауға дайындық[236].

Т.Б. Кенжебаеваның пікірінше, рефлексия – бұл студенттердің жеке тұлғалық болмысын, шамасын, қабілет деңгейінің шегін сезініп, ұғынуға бағыттайтын ойлау қағидасы; өзінің білімдік күшін тануға, танылған білімдік деңгейіне сыни талдау жасауға, өзін-өзі тану қызметін атқаруға және оның ішкі құрылымын ашуға бағыттайтын қағидаларды көрсетеді [236].

Ә.Е. Әбуов пікірінше, рефлексиялық-шығармашылық оқыту – студенттің өзін-өзі тануына, өзін-өзі сезінуіне және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі іске асыруына бағытталу [237].

Рефлексия – көп қырлы, кіріккен тұлғалық сапа. Сабақтағы рефлексия оқытушы мен студент арасындағы оқу үдерісін жақсартуға, әрбір студенттің жеке тұлғалық қасиетін дамытуға бағытталған бірлескен танымдық, саралаушылық, бағалаушылық әрекет. Бұл әрекет психологиялық тұрғыда адамның психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етеді.

Рефлексиялық танымдық дағдылар субъектілердің өзіндік басқару қабілеттерін дамытуға, өз әрекеттерінің (танымдық, білімдік, қарым-қатынастық) нәтижелі болуына, олардың өз жауапкершілігін арттыруға бағытталады. Оның мазмұны студенттің өз іс-әрекеттерінің субъектісі ретіндегі өз көзқарасын қалыптастыру: өзіндік тұжырым жасай алу, өзін-өзі бағалау, өзіне сенім қалыптастыру арқылы өзіндік таным, өзіндік қажеттіліктерді айқындау, өз мүмкіндіктерін пайдалану әрекеттерінде жүзеге асырылады.

Шығармашылыққа бағытталған ішкі мотивацияны құру қажет жоғары өзін-өзі бағалауды, өзіне деген сенімділікті сақтау. Тек ішкі мотивацияға сүйене отырып, студент жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкін. Бұл жағдайда білім алушының қалауы, оның танымдық қажеттіліктері, ақпаратты іздеу процесіне деген қызығушылығы, оны зерттеу белсенділік, жоғары эмоциялық ашықтық студенттердің шығармашылық белсенділігін дамытуға негіз болады. Сонымен, оқу процесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін тиімді дамытудың шарты ішкі ынталандыру көзі ретінде рефлексия механизмдерін қосу керек. Рефлексия – бұл шығармашылық қызмет факторлар көріністерінің бірі. Рефлексия негізінде келесі процестер құрылады: өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тәрбиелеу, бір сөзбен айтқанда, субъектінің өзін-өзі жобалауы, оның не екенін ассимиляциялау ол өзінің «Мен» болуы керек деп санайды.

Педагогикалық шарттар:

Бірінші шарт. Өздік білім беру траекториясын құру

Кредиттік оқытудың басты талаптары – ойлаудың дербес еркіндігіне,

креативтілігіне ерекше мән беріп, өмір бойы ізденуге жетелейтін оқу нәтижелерін көздейтіндіктен, студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту мәселесі әр заманда өзекті болып қалатындығына күмән келтірілмейді.

ҚР Педагогтің кәсіби стандартында: «ЖОО-да студенттердің кәсіби білім деңгейін бірқатар еңбек қызметі бойынша қалыптастыру қамтамасыз етілген[229]. Атап айтсақ, оқыту; тәрбиелеу; әдістемелік; зерттеушілік; әлеуметтік-коммуникативтік қызметтер. Аталған еңбек қызметтерінде болашақ педагогтар:

- өз бетімен оқытудың жаңа технологияларын және АКТ қолдануы;
- зерттеу дағдыларын дамыту әдістерін, интернет көздерінен ақпаратты таңдауы;
- қосымша білім жүйесіне тартуы;
- өз бетімен оқытудың қиыншылықтары мен қажеттілігін анықтауы;
- өз бетімен тәжірибені зерттеу мән мәтінінде командалық кері байланыс әдісін қолдануы;
- өз бетімен білім стейкхолдерін біріктіретін инновациялық идеяларға бастамашылдық етуі (әр түрлі шығармашылық бірлестіктер, ассоциациялар, т.б.);
- өз бетімен білім алушылардың жеке ерекшеліктерінің диагностикалау нәтижелерін қолдануын жүзеге асыру көзделген.

Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда тұлғалық жағынан даму қажеттілігін туғызуды қалыптастыру.

Мұнда студенттердің өзбетінше дамуына үлкен көңіл бөлу керек. Психологиялық дайындық – студент психикасының іс-әрекет ерекшеліктеріне байланысты бейімделуге бағытталған өзгерістерімен сипатталады.

Психологиялық дайындық – жалпы сипаттағы құрамдас бөліктерден тұрады:

Мотивациялық: тұлғаның алға қойылған міндетті нәтижелі орындауды қажетсінуі, іс-әрекетке ден қоюы, жетістікке ұмтылуы;

Танымдық: тұлғаның міндеттерді түсінуі, оның маңызын аңғаруы, мақсатқа жету жолдарын білуі, жағдайдың өзгеруін болжай алуы;

Эмоциялық: тұлғаның жауапкершілікті сезінуі, шабыттаныуы, жетістікке жетуге сенімді болуы;

Ерік-жігерлік: тұлғаның өзін басқара алуы мен күштерін жұмылдыруы; міндетке зейінді, күш-қуатты шоғырландыра алуы; қорқу-жасқану сезімдерін жеңе алуы; кедергі, бөгет болатын әсерлерге көңіл аудармауы.

Бұл құрылым психологиялық дайындықтың күрделі байланыстар жүйесінде алатын орнын көрсетеді. Мұнда шығармашылық қабілетті дамыту үрдісінің маңызды жақтарын, құрылымын және формасын бейнелейді. Психологиялық даярлығы дамыған тұлға күрделі құрылымдық қасиет ретінде анықталады. Іс-әрекет үшін оның мағыналық, мақсаттық және амалдық деңгейлерде өзекті болуы тиімді. Осыған орай, студенттердің психологиялық даярлығы арнайы ұйымдастырылатын психологиялық дайындау үдерісі арқылы ғана оңтайлы жетіледі.

А.А. Деркач [238] шығармашылық іс-әрекетте психологиялық даярлықты қалыптастырудың мынадай жағдайларын бөліп көрсетеді:

- Өзбеттілік пен мәдениетті сыни тұрғыдан меңгеру;
- қоғамдық-мәнді мәселелерді шешуде белсенділік таныту;
- шығармашылық әлеуеті бар тұлғаның психикалық процестерін арнайы дамыту.

Бұл көзқарас психологиялық даярлық мәселесін кең түрде қарауға мүмкіндік береді. Алайда, осы және мәселеге қатысты бірде-бір зерттеу жұмысында психологиялық даярлық тұлғаның өз іс-әрекетін, басқа адамдармен қарым-қатынасын оңтайлы етуге, жетілдіруге, дамытуға бағытталған өзіндік әрекеттері арқылы анықталмаған: тек білім беру арқылы кәсіби іс-әрекетке дағдылану, бейімделу, одан тұлғаның шеберлік деңгейіне көтерілу шарттары ғана қойылады.

Психологиялық құзырет студенттердің өз іс-әрекетін, басқа адамдармен жасайтын қарым-қатынасын, эмоциялық дүниесін, тұлғалық болмысын оңтайлы түрде реттеуге, бақылауға, дамытуға, жетілдіруге және таныта алуға бейім болуы арқылы анықталады. Мұндай психологиялық құзырет психологиялық сауаттың меңгерілген білім мен дағдының орнымен, тиімді қолданылуын білдіреді. Олай болса, психологиялық құзырет тұлғаның өмір жағдайындағы, іс-әрекетіндегі, басқа адамдармен қарым-қатынасындағы кез келген өзінің міндет-мәселелерін нәтижелі шешуді қамтамасыз етеді. Сонымен, субъект ретіндегі студенттердің психологиялық құзыретін мыналар сипаттайды:

- іс-әрекет, қарым-қатынас, таным мен өзіндік тану, өзіндік даму, өзін-өзі өзектендіру процестеріне қатысты жеке бас мәселелерін тиімді шешуді қамтамасыз ететін психологиялық құралдарды, әдіс-тәсілдерді белсенді түрде меңгеру және орынды қолдану;

- тәжірибе мен тұрмыстық психологиялық білімге дәлме-дәл талдау жасап, таңдап, әлеуметтік ортаның нормаларын ескере отырып пайдалану;

- кең әлеуметтік диапазондағы өзінің психологиялық мәселелерін орайлы шешу үшін психологиялық сауатты ұдайы жетілдіруге қабілетті болу;

- әртүрлі жағдайларда іс-әрекетті, қарым-қатынасты, мінез-құлықты жетілдіруге бейімділік таныту.

Екінші шарт. СӨЖ, СОӨЖ тапсырмаларын түрлендіру.

Педагогикада өзіндік жұмыс деп берілген тапсырманы оқытушының басшылығымен, оның тікелей қатысуынсыз, студенттердің өздері атқаратын жұмыс түрлерін айтады. Студенттер өздік жұмыстарды орындай отырып, сыни ойлауы және шығармашылық қабілеті дамып, түрлі ақпарат көздерінен белгілі тақырыпта жаңа ақпарат таба білуге, өз ойын, пікірін қосуға үйренеді. Сондықтанда берілген өздік жұмысы тапсырмасының мазмұны мәселелік жағдаят туғыза отырып, студенттердің ойлау қабілетін дамытуы тиіс. Студенттерді қарым-қатынасқа бағыттай отырып, оқытушы өзара түсіністік үшін кеңістік құруға және білім, ептілік пен дағдыларды қалыптастыру үрдісінде кедергілерді жоюға тырысады. Диалог барысында сабақтарда өзін-өзі

бақылау, өзін-өзі бағалау белсендіріледі, студенттердің рефлексивтілігі дамиды. Оқытушы үшін мұндай жұмыс материалды ұсынудағы олқылықтарды анықтауға, ең күрделі мәселелерді анықтауға және түсіндіруге мүмкіндік береді. Осыған байланысты, оқытушы студенттерге ғылыми зерттеу бағытын таңдауға, мәселені, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдауға көмектеседі.

Үшінші шарт. Инновациялық, цифрлық ресурстарды қолдану

Кредиттік оқыту жүйесінде ЖОО-да студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделген қазіргі заманғы инновациялық технологияларға: ақпараттық-коммуникациялық, оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, интербелсенді әдістер, проблемалық оқыту, жобалау, ТРИЗ, ойын арқылы оқыту технологиялары, кейс-технологиялар және т.б. кеңінен қолданылады. Осы аталған инновациялық технологияларды қарастырып өтуді жөн көрдік. Мәселен, соңғы жылдардағы ЖОО-дағы білім беру үрдісі «Универ» жүйесі немесе ҚОЖ Moodle, ПОӘК-ні, соның ішінде СБР мен сыртқы электрондық ресурстарға: электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқыту бағдарламалық тренажерлері, ақпараттық-анықтамалық жүйелер, компьютерлік тестілеу жүйелері және т.б. сілтемелер арқылы жүзеге асырылуда. Пәннің силлабусында білім алушылармен өзара іс-қимыл форматы туралы ақпаратты көрсетуге (уақыты, түрі форум, сұхбат, видеоконференция және қашықтықтан жасалынатын қарым-қатынас үшін қолданылатын құралы немесе платформасы және т.б.); апта сайын бекітілген кестеге сәйкес видеоконференциялар мен вебинарларды өткізу үшін жазбаша жұмыстарды тексеру, орындалған тапсырмалар үшін балл қою және білім алушыларға кері байланыс беру үшін қашықтықтан оқыту жүйесін пайдалануға; дәрістер онлайн режимінде болған жағдайда, университеттің білім беру порталдарына тиісті сілтемелерді орналастыра отырып, үнемі видео-дәрістердің жазбасын қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

ТРИЗ (Теория решения изобретательских задач – өнертапқыштық міндеттерді шешу теориясы) – бағдарламасының негізін бакулік инженер Г.С.Альтшуллер (1926-1998 ж.ж.) ойлап тауып, өз жаңашылдық идеясын техника саласындағы шығармашылықты дамытуда қолданды. Бағдарлама мазмұны өнертапқыштық тапсырмаларды шешуге және өнертапқыштық ойлауды қалыптастыруға негізделді. Өнертапқыштық ойлау – бұл күрделі мәселенің (өнертапқыштық тапсырманың) түбінде жататын қарама-қайшылықтарды анықтайтын және шешетін жүйелік ойлау болып табылады[67, 128б.].

ТРИЗ-дің мақсаты – ойды реттеп, белгілі бір жүйеге келтіріп, жинақтап, адамды кедергілерді, қиыншылықты жеңе білуге үйрете отырып, жеке адамның шығармашылығының дамуына ықпал етуді көздейді.

ТРИЗ технологиясы: тапсырманың мақсатын, оны шешудің жолдарын, бағыттарын анықтауға дағдыландырады, дұрыс шешім табудың жолдарын қарастыру барысында, жүйелі іздену жұмысын жүргізу бағытында білімін, ойын, қиялын дамытады, шығармашылық еңбектің тиімділігін арттыра отырып,

өнертапқыштық қызметке түрткі болады, ой-өрісті кеңейтеді.

ТРИЗ жоғары деңгейдегі мәселелік міндеттерді төменірек деңгейге көшіруге, оларды оқытып, үйретуді қарапайым етуге мүмкіндік жасайды. Бұл тұрғыдан алғанда оның оқушылардың шығармашылығы мен креативтілігін дамытудағы артықшылығы дау тудырмайды.

ТРИЗ – ақылдылардың, құрастырушылардың, ізденушілердің символы, яғни оқушылардың қаншалықты абстрактылы ойлауын, қиялдауы мен бақылағыштығын, зейіндерін ертерек дамытудың жолы. Осы технологияны жасап, жүйеге келтірген ғалым Г.С.Альтшуллер бойынша ТРИЗ – технологиясының *мазмұндық ерекшеліктері* іздестіру, өнертапқыштық жұмыстың барысын оқытып, үйрету және осы теорияның негізгі түсінігі қарама-қайшылық болып табылады. *Қарама-қайшылық пайда болған кезде оны шешудің мүмкін болатын екі жолы қарастырылады:*

- белгілі бір құрастыруға қойылатын қарама-қарсы талаптардың ымырасы, бірігуі, бітімге келуі;

- сапалық тұрғыдан жаңа немесе түпкілікті жаңа құрастыруды алға тарту.

ТРИЗ-дің қарапайым тәсілдеріне: аналогия; инверсия; эмпатия; қиял жатады. Бұл әдіс-тәсілдерді аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда студенттердің өзіндік, дара ойлауын, жеке қорытындылар шығаруын, өз шығармашылығын сәйкесінше бағалай алу сияқты сапаларын дамытады деп санаймыз.

«*Аналогия*» – жаңа идеялардың мол көзі, бірақ оны ойланбастан пайдалануға болмайды. Аналогия әдісін пайдалану үшін: зерттелінетін объектінің негізгі қағидалары мен құрылымдық ерекшеліктерін анықтау; бұл объект орындайтын қызметі бойынша техниканың жетекші саласын қарастыру; қолда бар элементтерде, материалдар мен технологияларда жетекші салалардың тәжірибесін қолдана отырып, негізгі қағида мен құрылымдық ерекшеліктерді суреттеу [67, 131б.].

«*Инверсия*» тәсілі немесе «кері аналогия» – бір нәрсені керісінше орындауды білдіреді. Оған аяғымен жоғары қаратып бұру, сыртын айналдыру, орындарын ауыстыру және т.б. секілді ұғымдар тән. Бұл тәсіл егер нысанды сыртынан қарастырып, оның ішінен зерттейтін болса, онда қажетті нәтижеге жетуіміз мүмкін екенін білдіреді.

«*Эмпатия*» – бұл өзін екінші бір тұлғамен теңестіру. Өзін басқа бір адамның орнына қою. Объектіні әзірлеу кезінде бұл тәсілді осылай қолдануға болады. Жобалаушы өзін әзірленетін объектімен, үдеріспен, бөлшекпен теңестіреді. Тәсілді қолдану адамның бөлшек позициясынан қарауынан тұрады, мұны кемшіліктерді жою үшін немесе жаңа қызметтерді орындау үшін қолдануға болады.

«*Қиял*» тәсілі қалайтын нәрсеңді алу тілегімен байланысты. Жаңа идеяларды ынталандыру үшін қиялды пайдалану, қажет болса шынайы емес заттар немесе табиғаттан тыс үдерістер қолданылатын, кейбір фантастикалық шешімдерді ойланудан тұрады .

ЖОО-да оқыту процесі әкімшілік-академиялық және оқу-әдістемелік

ақпараты бар ақпараттық ресурстар мен интернет сервистерінің желілік сандық білім беру ресурстары (СБР) интерактивті түрде оқытуды қамтамасыз етуге, оқу пәні бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статистикалық және динамикалық үлгілер, виртуалды шынайылық пен интерактивті модельдеу нысандары, дыбыстық жазбалар мен басқада цифрлық оқу материалдарын пайдалануға мүмкіндік беретін білім беру порталы.

Кредиттік оқыту жүйесінде қолданылатын интерактивті әдістер студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда тиімді болады, егер:

- бірлескен жұмыстар атқарылуда: бұл ретте педагогтар мен студенттердің кәсіби өзара іс-қимылының көлемі ұлғаюда;

- студенттердің шығармашылық қабілеттерін көрсету үшін қолайлы жағдайлар жасалады;

- білім беру бағдарламасын белсенді іске асыруға қабілетті болашақ педагогтарды даярлау үшін нақты жағдайлар жасалуда [230].

- педагогикалық дискурста қолданылатын осы сөздің екі анықтамасын табамыз:

- белгілі бір құбылыс болатын жүзеге асатын орта;

- белгілі бір зат пен құбылысқа байланысты болатын жағдай;

Кредиттік оқыту жүйесінде қолданылатын интерактивті әдістерді қолдану нәтижелері:

- өзбетінше жұмыс істей білу және өз шеберлігін арттыру;

- дербес ізденіске, шығармашылық жұмысқа бағдарлану;

- қажет болған жағдайда нәтижені түзету, одан қорытынды жасау мүмкіндігі;

- әртүрлі жағдайларда шешім қабылдау қабілеті;

- шығармашылық қабілеттерді дамыту;

- оқыту үрдісін субъективтік өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде көру;

- оқытуда қойылған мақсаттың күрделілігі (студенттің алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);

- өзбетінше талдау жасау (студенттердің жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);

- уақытты тиімді пайдалану (студенттің оқу материалының жақсы меңгеру мақсатында сабақ уақытын өзбетінше тиімді пайдалануы);

- студенттердің өзін-өзі басқаруы [231].

Осы тұрғыда, жаңашыл педагогикалық тәжірибиелер тұлғаны дамытуда ізгілік және шығармашылық көзқарасқа негізделген әдістер жүйесін қарастырып, оның ішінде интерактивті әдістердің орны ерекше екендігін белгіледік. Интерактивті әдістер – оқытушының оқытуды қандай шеберлікпен ұйымдастырғанынан көрсетеді. «Интерактивті әдістер» түбірі «интер» ағылшын тілінің «inter» – аралық, «act» – әрекет ету деген сөздерінен енген. «Интерактивті әдістер» тіркесін студенттердің өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын әдістер деп түсінуге болады. Интерактивті әдістердің мәні – әрбір

студенттің студенттер мен өзара белсенді байланыста болып, оқытушымен бірлесе отырып, оқу-тәрбие мақсаттары мен міндеттерін орындауға бағытталған процесс болып табылады. Бұл әдістер оқыту барысында студенттердің тұлға ретінде қалыптасуына бірден-бір әсер етеді [232].

Интерактивті әдістерді қолдану нәтижелері:

- өз бетімен жұмыс істей отырып, шеберлігін арттыра біледі;
- өз беттерімен ізденулеріне, шығармашылықпен жұмыс істеулеріне бағыт беріледі;
- нәтижелерін керек жағдайда түзетеді және одан қорытынды жасай алады;
- қорытындыны басқа нәтижелермен салыстырады;
- әртүрлі жағдайда оқытушыға жалтақтамай, өз шешімін таңдай біледі;
- өзін-өзі бағалай білуге үйренеді;
- жаңа технологияны пайдаланып, топта жұмыс жасай біледі.

Цифрландырылған технологиялар студент тұлғасының шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзбетінше оқу, іздену жылдамдығын тездетуге, білім беру кеңістігіндегі субъективті іс-әрекеттің еркіндігін, дербестігін арттыруға мол мүмкіндіктер береді.

Сонымен, жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер нақты студенттік кезеннің зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын анықтайтын шарт екендігін дәлелдеді. Танымдық үрдіс және басқа міндеттерді өз бетінше шешудің әдістері, қызметтің әр түрінде, оның ішінде оқу қызметінде табысты болуға мүмкіндік беретін құралдар ретінде студенттің шығармашылық қабілеттерін дамыту басты міндет екеніне көзіміз жетті. Қорытындылай келе төмендегідей ұсыныстар беруге болады:

1. Мақсатқа сәйкес педагогикалық, психологиялық әдебиеттерден қажетті әдістерді дұрыс таңдай білу.
2. Таңдап алынған әдістемелерді жүйелі уақытына сәйкес жүргізу.
3. Студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту жұмысын жүйелі түрде жүргізу.

2.3 Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Бұл параграфтың мақсаты – кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау болып табылады.

Біздің зерттеуіміздің мақсатына сәйкес, кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін түзу барысында педагогикалық әдебиеттер мен ғылыми зерттеулерді зерделеу негізінде «модель» ұғымының мәнін сипаттаудан бастауды жөн көрдік.

Логикалық түсіндірме сөздікте «модельдеу» нысанның қолдан құрастырылған нұсқасы, қисындық-математикалық таңбалау формуласы, физикалық конструкциялар, құрастырулар және т.б.

Модель термині латын тілінен (*modulus*) шыққан, «өлшем» деген ұғымды білдіреді. Модель түсінігі бізге белгілі бір білім саласындағы фактілер, заттар мен қарым-қатынастың көрініс беруін байқатады.

Н.Д. Хмель моделдеуді біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі болады деп есептейді: «Мұғалім-зерттеуші үшін моделдеу зерттелінетін құбылыстың идеалдық моделі қайта жасаудың тәсілі болады. Мұғалім-сарапшы үшін моделдеу іс-әрекетінің мақсатына сәйкес оның жағдайын мұғалім өзгерткісі келетін белгілі бір педагогикалық құбылысты немесе үдерісті тұтасымен ойша (алдын-ала) қайта құру тәсілі болады. Басқаша айтқанда, моделдеу мұғалім үшін педагогикалық теория мен нақтылы практикалық іс-әрекет арасындағы бөлік болады» [239].

А.Н. Дахин педагогикалық модельдеу кезеңдерін анықтады:

- 1) үдеріске кіру және модельдеу үшін әдіснамалық негіздерді таңдау, зерттеу пәнінің сапалы сипаттамасы;
- 2) модельдеу міндеттерін қою;
- 3) модельді құрастыру, өлшеу әдістемелерін таңдау;
- 4) қойылған міндеттерді шешуде модельдің валиділігін зерттеу;
- 5) педагогикалық эксперименте модельді қолдану.

Ұсынылып отырған кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің әрбір компонентін жеке-жеке сипаттаймыз.

Біздің зерттеуіміздің міндеттеріне сәйкес, модельдамытушылық мақсатты көздейді. Модельдеу процесі дамытушылық функциямен қатар, модельдеуші объект жағдайының көрінісі болып табылады, «объективті шындықта әлі жоқ құрылымды көрсетеді».

Модельдеудің мақсаты – кредиттік оқу жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Міндеттері:

- Студенттердің шығармашылық қабілеттерінің танымдық процесс пен іс-әрекетпен байланыстылығын анықтау;
- Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық шарттарды анықтау

Факторлары: Табиғи генетикалық; психологиялық; педагогикалық; қоғамдық.

Табиғи генетикалық фактор. Қабілеттің табиғи генетикалық (физиологиялық) негізі – нышан. Нышандар – мидың, жүйке жүйесінің, анализаторлардың кейбір туа біткен анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Нышандар қабілеттіліктердің табиғи алғышарттары болып табылады және оның қалыптасу және даму үрдісіне әсер етеді. Нышанның болуы қабілеттіліктің қалыптасуына ерекше қолайлы жағдай жасайды, оның дамуын жеңілдетеді. Нышандар – бұл тек қабілеттіктерді қалыптастырудың шарттарының бірі. Егер табиғаттың берген нышанын әрі қарай дамытпасақ,

оған қолайлы жағдайлар жасалмаса, ол дамымай қалуы мүмкін. Қабілеттің табиғи генетикалық негізі – нышан жайындағы теориялар Платон, Декарт, Ф. Гальтон еңбектерінде орын алады.

Психологиялық фактор. Психологиялық фактор. Қабілет – жеке адамның бойынан тұрлаулы психикалық қасиеттерінің бірі. Қабілет ұғымының мәні мен мазмұны жайында 1.1 параграфта кеңінен қарастырылады. Сондай-ақ, қабілет – психологияның негізгі категориясы ретінде адамның іс-әрекетінде көрініс беретін икемділігі, бейімділігі және оның нәтижелігімен бағаланады.

С.Л. Рубинштейн іс-әрекет барысында қабілеттерді дамытудағы білімдер, біліктер арасындағы ерекше диалектиканың ролін көрсетеді: «бір жағынан, білім, білік және басқаларды игеру белгілі қабілеттердің болуын болжайды, екінші жағынан, белгілі бір іс-әрекетке қабілеттерді қалыптасрудың өзі» [57, 152б.]. Қабілеттіліктің ең жоғары дамыған түрі – шығармашылық қабілет және психикалық процестің ішіндегі қиялдың шырқау шегі – шығармашылық қиялмен ұштасып жатады. Студенттік кезеңде шығармашылық қабілетті дамыту ерекше орынға ие. Себебі, бәсекеге қабілетті маманның психологиялық бейнесі – оның креативті қабілеттілігі, сыни тұрғыда ойлауы, интеллектуалды әлеуеті, өмір бойы танымдық ізденісте болатын шығармашылық қабілеті дамыған тұлға болып қалыптасуы керек. Шығармашылық қабілеті дамыған тұлға ғана алдына нақты мақсат қоя білуді, іс-әрекеттің өзіндік мотивациясын туындатуды және кәсіби жетістікке жетудің жеке формуласын құра біледі [240].

Педагогикалық фактор. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту – мақсатты, үздіксіз, кешенді үрдіс. Мақсатты үрдіс – жаһандандыру жағдайында цифрландыру және ақпараттық технологияларды ұтымды пайдалану арқылы шығармашылық қабілеттерінің арттырумен байланысты қарастырылады. Жүйелі үрдіс – кредиттік оқыту жүйесінің талаптарына сәйкес, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту танымдық процестер мен психикалық қасиеттердің өзара байланысы мен құрылымдық бірлігін дамытуды көздейді. Үздіксіз үрдіс – шығармашылық қабілеттерді дамыту студент кезінен басталмайды, оның дамуы білім берудің барлық сатыларында (мектепке дейінгі, орта мектеп, ЖОО, ЖОО кейінгі кезең) үлкен мәнге ие болып, жас және дара ерекшеліктеріне сай өмір бойы цифрландырылған технологиялардың негізінде олардың шығармашылығын ұдайы дамытуды көздейді.

Қоғамдық фактор. Қоғамдағы білім беру саласындағы көптеген ірі өзгерістер студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға да өз ықпалын тигізуде. Мәселен, ЖОО-дағы кредиттік оқыту жүйесінде студенттің тұлға ретіндегі әлеуметтік дамуының мәні психологиялық-педагогикалық, психофизикалық, моральдық-еріктік, мотивациялық қажеттілік, саяси-экономикалық, қоғамдық-философиялық қасиеттерінің жиынтығы негізінде бағаланады. Осыған байланысты бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жана мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның шығармашылық қабілеті нәтижесіне бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. ЖОО-да

кредиттік оқыту жүйесіне заманауи талаптарына сәйкес, БББ мақсаты – өз пәнін жетік білетін, студенттердің шығармашылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілілік бағыттылығы жоғары, оқытудың ЦБР және ақпараттық жаңа технологияларын толық меңгерген және ЦБ мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогтарды даярлаудың қажеттілігін айтуға болады.

Психологиялық-педагогикалық шарттары.

Педагогикалық шарт – жаһандану үдерісінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда басшылыққа алатын педагогикалық ережелер, принциптер мен әдіс-тәсілдер жиынтығы. Педагогикалық шарттары:

1. *Өздік білім беру траекториясын құру*- білім беру бағдарламаларына негізделу – отандық және шетелдік білім мен тәжірибе негізінде, жұмыс берушілердің сұраныстарына сай студенттің тұлғасын дамытуға бағдарланған білім беру бағдарламасы.

2. *СӨЖ, СОӨЖ тапсырмаларын түрлендіру.*

Студенттер өздік жұмыстарды орындай отырып, сыни ойлауы және шығармашылық қабілеті дамып, түрлі ақпарат көздерінен белгілі тақырыпта жаңа ақпарат таба білуге, өз ойын, пікірін қосуға үйренеді.

3. *Инновациялық, цифрлық ресерстарды қолдану* – ЖОО-дағы кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда заманауи цифрландырылған технологияларды оңтайлы пайдалана білуі.

Психологиялық шарттары:

Психологиялық шарт – цифрландыру жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда басшылыққа алынатын психологияның негізгі принциптері мен әдіс-тәсілдерінің жиынтығы. *Психологиялық шарттары:*

1. *Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін диагностикалау* – оқу-тәрбие жүйесінде әр студенттің жас және дара мүмкіндіктерін есепке ала отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін педагогикалық және психологиялық әдістемелер арқылы тану және зерттеу жұмыстарын жүргізу.

2. *Ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық ортаны құру* – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық ортаны құрып, сол ортада үйлесімді психологиялық ахуал тудыруға жағдай жасау.

3. *Студенттердің өзіндік іс-әрекетіне рефлексия жасауға бағытталу* – студенттердің оқытушының басшылығымен және өзбетінше дербес орындалған шығармашылық жұмыстарына өзіндік талдау жасай білуге мүмкіндіктер тудыру.

Принциптері: Психологиялық принциптер: Даму, детерминизм, сана мен іс-әрекеттің бірлігі. Педагогикалық принциптер: Жүйелілік, теорияның практикамен өзара байланыстылығы, жас және дара ерекшеліктерді есепке алу принципі.

Детерминизм принципі – психикалық құбылыстар өмір салты, қоршаған орта әсерлеріне орай пайда болады және тіршілік жағдайының ауысуымен психика да өзгеріске келуімен байланыстырып түсіндіріледі. 1950-жылдары С.Л.Рубинштейн [57, 149б.] бұл принцип рөліне баса мән беріп, оның әдіснамалық маңыздылығын тұжырымдап, дамытты. Ғалым детерминизм принципін психикалық құбылыстардың табиғаты мен мәнін талдау үшін қолданып, психикалық құбылыстарды материалдық дүниемен өзара байланысты қарастырады.

Бұл принцип арқылы психикалық процестердің табиғи механизмдері қоғамдық-тарихи факторлардың ықпалымен өзгертінді, яғни адамның психикалық дамуына оның адамзат мәдениеті өнімін игеруі, қоғамдық қатынастарға араласуы маңызды ықпал жасайтыны жөніндегі концепцияға негіз болады. *Мысалы*, соңғы жылдары қоғамдағы ақпараттандыру, цифрландыру, трансформация мәселелері ЖОО-дағы кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық қабілеті дамыған студент тұлғасын қалыптастыруға өз ықпалын тигізуде.

Даму принципі. Бұл идея Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясының байланыстырып түсіндіріледі. Психиканың дамуы жайындағы мәселелерді зерттеуде жалпы принциптік немесе әдістеме қызметін атқарады. Психология ғылымы үшін даму принципі ерекше маңызға ие. Себебі, оның зерттейтін объектісі психика – өзінің аса үлкен динамикалық өзгерісімен сипатталады. Б.Ф.Ломов бойынша, барлық психикалық болмыс нақты даму процесінде пайда болады, жасайды және өзгереді [241]. Мәселен, даму принципі бойынша, студенттік кезеңнің өзіндік психологиялық ерекшеліктері: олардың бойындағы тұлғалық қасиеттердің (мінез, қабілет, темперамент) дамуы оқу іс-әрекеті негізінде қалыптасады. Сондай-ақ, бұл шақта қоғамдағы ірі интеллектуалдық әлеует субъектісінің шығармашылық қабілеттері өмір бойы оқумен, қоғамдағы цифрландырылған технологияны еркін меңгеруімен байланысты дамиды.

Санамен іс-әрекеттің бірлігі принципі. Бұл принциптің жүйелі зерттелуі 1930 жылдары басталды. Алғашқы рет сана мен іс-әрекеттің бірлігі жөніндегі идеяны дамытқан Л.С.Рубинштейн. Ғылымға бұл принциптің енуі іс-әрекет теориясын дұрыс түсінуге бағыт береді. Сана мен іс-әрекеттің бірлігінің мәні: тұлғаның санасы мен барша психикалық қасиеттері әрекетте көрініп қана шектелмей, сол әрекет процесінде қалыптасады. Психика – ішкі де, сыртқы да сипаттамаларына ие біртұтас жүйе, ал іс-әрекет болса, осы психикалық жүйені өзіне қамтып, оның қызмет атқаруына мүмкіндік береді. Мәселен, студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту – біртұтас психикалық жүйе, оқу іс-әрекетінде олардың танымдық процестері (түйсік, қабылдау, ес, ойлау, қиял), психикалық қасиеттері (мінез, қабілет, темперамент) мен күйлері (сезім, эмоция, ерік-жігер) өзара бірлікте бола отырып, дамиды.

Педагогикалық принциптер:

Теория мен тәжірибенің байланысы принципі. Бұл принцип классикалық философияның өмір, тәжірибе таным көзі деген ережесіне сүйенеді. Шығармашылық бағыттағы теория және тәжірибе студенттерге оң бағыт-бағдар

береді, шығармашылық қабілеттілік пен белсенді іс-әрекетке баулиды. Оқу іс-әрекеті жеке тұлғаның шығармашылығын қалыптастырады. Оқытудың шығармашылық сипаты өмірмен, теорияның тәжірибемен байланысының табысты болуы білім мазмұнына, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға, шығармашылық қабілеттерді дамытатын оқыту нысандары мен әдістеріне байланысты.

Педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыруда психология мен педагогиканың теориясындағы жетістіктер ғана емес, тәжірибенің дамуы, жетістіктерде есепке алынуы тиіс. Осыған орай, оқу-тәрбие үрдісінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда теорияның мәнін ұғып, оны тәжірибеде қолданып көру, өз әрекетін жетілдіруге ықпал етеді.

Дамыта оқыту принципі. Дамыта оқытуды 1950 жылдың аяғынан бастап Л.В.Занков[252] және Д.Б.Эльконин [170] зерттей бастады. Дамыта оқыту студенттерді оқу пәндерін оқып үйренуден теориялық ойды дамытатын оқу іс-әрекетіне көшіреді. Л.В.Занков студенттерді жан-жақты дамыту міндетін қойды. Психологтар оқу процесіне студенттердің шығармашылық іс-әрекетін енгізу керектігін, оның маңызын дәлелдеді.

Дамыта оқыту принципінің ерекшеліктері: шығармашылық қабілет туралы теориялық білімнің жетекші рөлі. Шығармашылық қабілет туралы теорияны құрғақ жаттамай, ондағы мәнді байланыстарды, заңдылықтарды ашу; студенттің өзбетінше ізденуі; студент өзін оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде сезінуі.

Ғылымилық принцип. Ғылыми таным дегеніміз – құбылыстың мәніне өту, сырттай суреттеумен шектелмей, оның ішкі құрылымын тану. Мысалы, ағаштың сыртқы түрінен оның ішкі құрылымын, көбеюін, зат алмасуын білу. Ғылымилық принцип студенттерге ғылымда ашылған білімдерді меңгертуді талап етеді, сондықтан оқу жоспарлары мен бағдарламаларына ғылыми білімдер енгізіледі. Оларды меңгерту үшін пәнаралық байланыстарды қолдану керек.

Ғылымилық принциптің ерекшеліктері: педагогиканың, психологияның, озық тәжірибенің жетістіктерін қолданып оқыту; педагогикалық еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыруға берілген нұсқауларды орындау; индуктивтік және дедуктивтік тәсілдерді қолдану; жаңа ұғымдарды жүйелі түрде қайталау; ғылыми таным әдістерін қолдану. Студенттерді шығармашылық жұмыспен айналыстыру; жаңа ұғымдарды бір рет түсіндірумен шектелмеу; студенттерді көрнекті ғалымдардың өмірі және қызметімен таныстыру; жаңа ғылыми терминологияны қолдану; студенттерді ғылым жетістіктерімен таныстырып отыру; студенттердің зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; тәжірибе жұмыстарын жүргізуге жағдай жасау; студенттердің оқуында жаңалық ашуына, оған қуануына мүмкіндік беру.


Оқытудың бірізділігі және жүйелілігі принципі. Бұл принциптің ғылыми ережесі: студенттердің білімі берік болу үшін оның санасында қоршаған дүние жақсы бейнелену керек. Ол үшін ғылыми білімдер жүйелі және студенттердің танымдық мүмкіндіктеріне қарай беріледі. Жеке бөліктерден тұратын оқыту

процесі студенттердің білімді меңгеруіне көмектеседі. Дағдыларды қалыптастыру үшін жаттығулар, ақыл-ой тәрбиесін беру үшін қисынды ойлау тәсілдерін талап ететін жұмыстар жүргізіледі.

Саналылық және белсенділік принципі. Студенттің оқытушының басшылығымен орындалатын жұмыстары мен өзіндік жұмыстары шығармашылық қабілеттерді дамытуға зор мүмкіндіктер береді. Білімді саналы меңгеруге оқу желісі, өзбетімен жұмыс, белсенділік, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, студенттің танымдық іс-әрекетін басқару, оқытушының әдіс-құралдары көмектеседі. Студенттің өзінің танымдық белсенділігі оқытуда аса қажет және оқу материалын терең және берік түсінуге орасан зор ықпал етеді[243].

Саналылық және белсенділік принципінің ерекшеліктері: жұмыстың нақты мақсаты мен міндеттерін білу; түсінікті етіп оқыту; танымдық іс-әрекеттің барлық түрлерін қолдану; талдау, жинақтау, индукция, дедукция, салыстыру әдістерін қолдану; аналогияны жиі қолдану; студенттерге өзбетінше орындалған шығармашылық жұмыстың мәні мен мазмұнын түсіндіру; студенттердің білімі мен тәжірибесіне сүйену.

Оқытудың заманауи технологиялары. Жаңа педагогикалық технологиялар студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Кредиттік оқыту жүйесінің талаптарына сәйкес, студенттерге білімді меңгертудің шығармашылық деңгейіне жету үшін Блум жүйесі пайдаланылады. *Оны келесі суреттен көруге болады.*



2- Сурет. Блум таксономиясы бойынша білімді меңгертудің шығармашылық деңгейіне жету

Суреттен студенттердің оқу іс-әрекетінде білімді меңгертудің сатылап жоғарылауын, қарапайымнан күрделіге қарай жүретін үрдіс екендігін байқауымызға болады.

5-Кесте. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерді дамыту туралы білім жүйесінің түсініктері

Реті, тәртібі	Студенттің іс-әрекеті
Білу	Тыңдайды, қабылдайды, есте сақтайды, түсінеді, ойлайды.
Түсіну	Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады.
Қолдану	Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, ашады, іздейді.
Талдау	Бұрынғы білім негізін пайдалана отырып, жаңа мәселені шешеді.
Жинақтау	Ойлап табады, құрастырады, шығарады, байланыстырады.
Бағалау	Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады.

Жоғарыда кестеден, кредиттік оқыту жүйесінің талаптарына сәйкес, оқыту нәтижелері студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дамытуына бағытталған болып отырғандығын көруімізге болады.

Жаңа педагогикалық технологиялар: Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы, ТРИЗ технологиясы, Дамыта оқыту технологиясы, Проблемалық оқыту технологиясы, Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы [230, 141б.].

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шыңдалған ойлау. «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік береді. Атақты қытай ойшылы Конфуций «танымның үш жолы бар: ең оңайы – еліктеу, ең ащысы – тәжірибе, ең мәртебелісі – ойлау» деген екен. Демек, сол әдіс-тәсілдерді меңгертіп, ішінен қажеттісін таңдау арқылы әр сабақтың мақсат-міндеттерін тиімді де оңтайлы жолмен жүзеге асыруға мүмкіндік мол.

ТРИЗ технологиясы. ТРИЗ (Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы). Бұл технологияның негізгі мақсаты – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту, қалыптан тыс ойлайға үйрету. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізудеп түсіну керек. Шығармашылық қабілеттер – шығармашылық қиял, шығармашылық ойлау, икемділік, дағды арқылы қалыптасады және оның жылдамдығы, тапқырлығы, дәлдігі алынады [230, 152б.].

Дамыта оқыту технологиясы. Бұл технология жеке интеллектуалдық және психикалық дамытуға негізделген Л.В. Занковтың [252], Д.В. Давыдов [254] пен Д.Б. Элькониннің [170] «Дамыта оқыту» идеясымен байланысты. «Дамыта оқыту» идеясы көрнекті ұлы педагогтар И.Г. Песталоцци [254], К.Д. Ушинскийдің [246] еңбектерінен бастау алады. Дамыта оқыту деп оқытудың дәстүрлі иллюстративті-түсіндірмелі түрін ауыстыратын, белсенді шығармашылық іс-әрекетке негізделген оқыту түрін айтамыз. Дамыта оқыту жеке тұлғаның шығармашылық қабілетінің деңгейі мен ерекшеліктеріне бейімделе отырып, дамудың заңдылықтарын ескереді және қолданады. Дамыта оқыту жүйесі – тұлғаның шығармашылық қабілеттерін тұтас дамытуға

негізделген.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту шығармашыл жеке тұлғаны өзіндік дамытудың бір бөлігі болып табылады. Ғалымдардың зерттеулері бойынша (В.И. Андреева, И.А. Шаршов [247]) өзін-өзі дамыту үрдісін бірнеше функционалдық кезеңдерге бөлуге болады: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі ұйымдастыру, өз білімін жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыру. Өзін-өзі тану рефлексияға негізделген, оның барысында шынайы өтіп жатқан әрекетті үздіксіз сезіну жүзеге асырылады. Өзін-өзі анықтау жеке тұлғаның одан әрі дамуын таңдауды қарастырады. Өзін-өзі ұйымдастыру субъектінің өзінің шығармашылық әрекетін жоспарлауын, қамтамасыз етуін, бақылауын білдіреді. Өз білімін жетілдіру – бұл жеке тұлғаның өзінің мәндік және потенциалды күштерін өзін мінсіз шығармашылық образ деңгейіне дейін жеткізу мақсатында саналы дамытуы мен жетілдіру үрдісі. Өзін-өзі жүзеге асыру – бұл өзінің шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға, таңдау нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін салалар мен құралдарды іздеуге бағытталған іс-әрекет.

Проблемалық оқыту технологиясы. Бұл технологияның негізгі мақсаты – студентті өзбетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту. Проблемалы оқыту технологиясының ерекшелігі – студенттің шығармашылық белсенділігін арттыру және оқу материалдарын оны қызықтыратындай құпиясы бар мәнге жеткізу. Себебі, студент материалдарды сезім мүшелері арқылы қабылдап қана қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді.

Оқытудың құралдары: Қарапайым құралдарына сөздік: оқулықтар мен өзге мәтіндер; қарапайым визуалды құралдар: шынайы заттар, модельдер, картиналар және т.б. *Күрделі құралдарына:* механикалық визуалды аспаптар: диаскоп, микроскоп, кодоскоп және т.б.; аудиалды құралдар: музыка ойнатқыш, магнитофон, радио; аудиовизуалды: дыбыстық фильмдер, ТВ, видео. Оқу үрдісін автоматтардыратын құралдары: лингвистикалық кабинеттер, компьютерлер, ақпараттық жүйелер, телекоммуникациялық желілер.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту тұрғысынан алғанда және білім беру тенденцияларына жауап беретіні оқытудың келесі құралдары болып табылады: оқу әдебиеттер, таратылым материалдар, үлгілер, кестелер; кодоскоп; магнитофон; видео; сандық проектор; лингвистикалық кабинеттер, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер.

Оқытудың әдіс-тәсілдері. іскерлік ойындар, ми шабуылы, топтық дискуссия, нақты жағдайды талдау, диалогты жүргізу, психологиялық тренингтер, эссе, портфолио, жобалар әдісі, дөңгелек үстел, жаттығулар, case-study.

Іскерлік ойындары – белсенді оқытудың бір түрі. Ойынның бұл түрі әртүрлі практикалық жағдайларды көрсету арқылы жүзеге асады. Іскерлік ойынның негізі – проблемалық педагогиканың ситуацияларды тудыру және оларды әртүрлі проблемалық ролдік шешуді жүйесі.

Миға шабуыл – қызығушылық тудыратын мәселелерді талқылайтын, идеяларды ұсынатын шешімдердің нұсқаларын, ықтимал нұсқалардың ең көп

санын жинайтын топ мүшелерінің шығармашылық белсенділігін ынталандыруға негізделген проблемаларды шешудің тиімді әдісі.

Топтық пікірталастыру әдісі – 1) міндетті қарқынды әрі өнімді орындау мақсатындағы бірлескен іс-әрекеттің ұжымдық ұйымдастырылуы; 2) пікірсайысқа қатысушылардың пікірлері мен ұстанымдарын өзара тікелей тоғыстыратыны. Топтық пікір – қоғам мен осы топ үшін мәні бар және осы топтың өзара қатынасын адамгершілік нормаларына сай сұрақтар бойынша топтық бағалау, пайымдау.

Нақты жағдайды талдау – білім алушының танымдық қызыметін ұйымдастыруда тиімді және неғұрлым кең тараған әдістердің бірі. Нақты жағдайды талдау әдісі күмәні көп өмірлік және өндірістік міндеттерді талдау қабілетін дамытады. Нақты жағдайға тап болғанда, студент, онда мәселе бар ма, ол неден тұрады, жағдайға өзінің көзқарасын анықтау керек.

Психологиялық тренингтер – қысқа мерзім ішінде практикалық қолданыста қажетті, әрі тиімді біліктер мен дағдыларды игеруге бағытталған және психологиялық ықпал жасаудың тиімді әдісі. Тренингтің мақсаты: өзін-өзі тану, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу; ойдың икемділігін, тапқырлығын талап ету, өзгешелігін дамыту; ойдың дәлдігі мен жылдамдығын жаттықтыру; қиялды, шығармашылық қабілетті дамыту; өзінің және өзгенің даралығын бағалау, өзін-өзі құрметтеу; коммуникативтік дағдыны дамыту, қарым-қатынастың түрлі әдіс-тәсілдерін меңгеру; өз құқығы мен міндеттері туралы ойларын дамыту; көңіл-күйді көтеру, сезім мен эмоцияны реттеу [248].

Эссе – ғылыми емес, автордың жеке көзқарасы мен ішкі ойын білдіретін мәтін. Эссенің мақсаты – студенттің сыни ойлау қабілетін дамыту. Оның көзқарасы мен ұстанымын дәлелді түрде бекіту, тақырыпты ашу үшін бар танымдық білімін ортаға салу, шығармашылық қабілетін шыңдау, жазу тәсілдері мен стильдерін таңдай алуын жетілдіру, ойын жеткізу кезінде сөз оралымдарын дұрыс қолдану, сөздік қорын байыту сынды қабілеттерін қалыптастыру үшін жазылады.

Портфолио – бұл студенттің оқытудың белгілі бір кезеңінде жеткен жеке жетістіктерін бағалау, жинақтау және белгілеу. Портфолио дәстүрлі бағалаудың жүйесін толықтырып, студенттердің ақпаратты қабылдаудың репродуктивті деңгейін, фактілі және алгоритімді білім мен дағдыларын тексеруге бағытталған. Портфолио студенттің түрлі қызметтегі жетістіктерін ескеруге мүмкіндік береді. Бұл білім берудің практикаға бағытталған, іс-әрекеттік тәсілдің негізгі бөлігі болып саналады.

Жобалау әдісі – студенттердің танымдық, шығармашылық дағдыларын, өз білімдерін өз бетімен құрастыра білу икемділігін, ақпараттық кеңістікте жөн таба білу іскерлігін дамыту, сын тұрғыдан ойлауын дамыту.

Case-study – таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Ол нақты жағдаяттарды практикалық тұрғыдан талдау імен оларды өмірде кезігетін түрінде қайталауға, «ойнап» шығуға негізделеді.

Психодиагностикалық әдістер: Х. Зиверттің «Шығармашылық

қабілеттерді анықтауға» арналған тесті, Дивергентті (стандартты емес) ойлау (Д шкаласы), Е.Е.Туник бейімдеген Е.Торренс тесті, Сөздік креативтік диагностикасының әдістемесі (С.Медник бойынша) [249].

Шығармашылық қабілеттерді дамыту оқыту үрдісінде жүзеге асатын болғандықтан, В.В.Петуховтың) [250] көзқарасымен келісе отырып, келесі деңгейлерін анықтадық:

Бірінші деңгей – операциялар деңгейі (шығармашылық стандартты емес, ерекше идеялар, жауаптардың тууы ретінде қарастырылады);

Екінші деңгей – әрекеттер деңгейі (шығармашылық стандартты емес міндеттерді шешу талданады);

Үшінші деңгей – іс-әрекет деңгейі (шығармашылық біртұтас іс-әрекет ретінде талданады);

Төртінші деңгей – шығармашылықты субъектінің мотивациясының объективті өзгеруі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, жоғарыда ғылыми-теориялық, педагогикалық, психологиялық, әдіснамалық тұрғыдан жан-жақты сипатталған модельдің негізінде және өз тәжірибемізге сүйене отырып, кредиттік оқыту жағдайында қалыптасқан студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың өлшемдері, көрсеткіштері, құралдарын анықтауға мүмкіндік береді.

6-Кесте. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың өлшемдері, көрсеткіштері, құралдары

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер	Зерттеу құралдары
Мотивациялық-Тұлғалық	Шығармашылық қабілеттері дамыған және өзіндік жетілдіруге ынталы тұлға	Шығармашылық қабілетін дамытуға ынтасы, ерік-жігері, қажеттілігі мен тұлғалық қасиеттерін нақты қоя білу.	Х. Зиверттің «Шығармашылық қабілеттерді анықтауға» арналған тесті, сауалнама және т.б.
Танымдық-мазмұнды	Психикалық процестермен біртұтас байланысқан шығармашылық қабілеті дамыған тұлға	«Қабілет», «шығармашылық қабілет» ұғымдарының мәні мен мазмұнын түсінуі, шығармашылық қабілеттерді дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары мен модельдің құрылымдық мазмұнын білуі.	Дивергентті (стандартты емес) ойлау (Д шкаласы), Е.Е.Туник бейімдеген Е.Торренс тесті және т.б.
Процессуалды-әрекетті	Шығармашылық әрекетінде ұйымдастыруы мен өзіндік бақылауы белсенді тұлға.	Кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық іс-әрекет ортасын құра білуі, шығармашылық қабілеттерді дамытудың педагогикалық-психологиялық құралдарын қолдана алуы, іс-әрекет барысында шығармашылық қиялы мен белсенділігін көрсете алуы.	Сөздік креативтік диагностикасының әдістемесі (С.Медник бойынша), ТРИЗ технологиясы және т.б.

Анықталған компоненттер, өлшемдер, көрсеткіштер мен құралдар

негізінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың деңгейлері анықталды, олар: жоғары, орта, төменгі деңгей.

Жоғары деңгейі: Кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамытуды қажетсінеді, мәнін түсінеді, өзін-өзі ынталандыруы жақсы дамыған, ерік-жігерінің жоғары деңгейде болуы, шығармашылық қабілеттерді дамытудың механизмін, құрылымдық мәндік сипаттамасын біледі; формаларын, құралдарын, әдістерін жетік меңгерген, ақпараттық-қатынастық технологияларды қолдана алады, шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру білігі жоғары деңгейде қалыптасқан және т.б. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда өзін-өзі бақылай алады, өзін үздіксіз дамытады, алдына мақсат қоя біледі, өзінің іс-әрекетін жүйелі түрде бағыттап, өзін-өзі жетілдіреді, шығармашылық іскерлігі мен ептілігі жақсы дамыған.

Орта деңгейі: Кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамыту қажеттілігін аса түсіне бермейді, мәнін түсінеді. Алайда, шығармашылық іс-әрекетпен айналысуда өзін-өзі ынталандыруы аса байқалмайды, шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруда қызығушылығы мен ұмтылысы байқалады, ерік-жігерін көрсете бермейді, шығармашылық қабілеттерді дамытудың механизмін, құрылымдық мәндік сипаттамасына білімі үстірт; формаларын, құралдарын, әдістерін қолдана бермейді, шығармашылық қабілеттерді дамытуда ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалану ептілігі орташа, шығармашылық іс-әрекетті өздігімен ұйымдастыруды толықтай іске асырмайды және т.б. Шығармашылық қабілеттерді дамыту мазмұнын жүйелі түрде ашуы толық емес өзін-өзі бақылай алады. Алайда, шығармашылық қабілеттерді дамыту жағдайлары байқалмайды, мақсатты бағытты жұмыс істеуі, іс-әрекетін жүйелі түрде бағыттап, өзін-өзі жетілдіруі, шығармашылық іскерлігі мен ептілігі орташа деңгейде.

Төмен деңгейі. Кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамытудың қажеттілігін, маңыздылығын түсінбейді, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынтасы жоқ, білім алуға жігері төмен, шығармашылық қабілеттерін дамытудың механизмі туралы білімі жоқ, құрылымдық мәндік сипаттамасын білмейді; формаларын, құралдарын, әдістері туралы хабарсыз, шығармашылық қабілеттерін дамытуда ақпараттық-қатынастық технологияларды қолдану ептілігі төмен деңгейде, шығармашылық іс-әрекетті өздігімен ұйымдастыру ептілігін іске асыра алмайды, тек қана басқа біреудің айтқандарын ғана дұрыс орындайды, шығармашылық қабілеттерін дамытуда өзін-өзі бақылау жүргізілмейді, шығармашылық қабілеттерін дамытумен айналыспайды, алдына қойған мақсаты жоқ, өзін-өзі жетілдіру іс-әрекеті, іскерліктеріне өздері сенімді емес.

Төмендегі суретте біз кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін көруге болады.



3-Сурет. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Сонымен, оқу-тәрбие үрдісінде шығармашылық қабілеттері дамыған студент тұлғасының интеллектуалдық аспектісімен қатар, оның психологиялық, мінез-құлық ерекшеліктерін: жігерлілік, жаңа жағдайларға беймделуге икемділік, қажырлылық пен табандылық, тәуелсіздік пен адамгершілік сезімі, ынтымақтастыққа, қажырлы еңбекке қабілеті, бұлыңғыр, белгісіз жағдайдағы сенімділік, ақиқатты іздеудегі және қарым-қатынастағы адалдық қалыптастыруды көздейді.

Қорыта айтқанда, кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық-тұлғалық; танымдық-мазмұндық; процессуалды-әрекеттіктің тетіктерін айқындайды. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың нәтижесі қазіргі қоғамның сұраныстарына сай келетін бәсекеге қабілетті маманның тұлғалық және кәсіби бейнесін айқындайтын құрылым болып табылады.

Зерттеу жұмысы барысында жасалған осы модельдің бірегейлігін анықтай отырып, оның құндылығы – кредиттік оқыту жүйесінің заманауи талаптарына сәйкес, шығармашылық қабілеттердің дамуы қаланатын білім кеңістігін құру.

Жұмысымыздың келесі тарауында ұсынылып отырған модельдің тиімділігін дәлелдеуге бағытталған тәжірибелік-эксперименттің өтілу барысымен нәтижесі сипатталады.

3 КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР

3.1 Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың анықтау эксперименті

Бұл параграфтың мақсаты – кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша анықтау экспериментін жүргізу.

Осыған байланысты, зерттеу мәселесі бойынша студенттердің шығармашылық қабілеттері дамуының бастапқы деңгейін анықтау мақсатында студенттер мен оқытушылар арасында сауалнама жүргізілді. Біз Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университетінің оқытушыларынан және студенттерінен зерттелетін мәселеге деген көзқарасын білу, шығармашылық қабілеттерді дамытуды анықтау мақсатында сауалнама жүргіздік. Сауалнаманың толық мазмұны А-Қосымшасында көрсетілген.

«Педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі икемділігі мен табыстылығы шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейімен байланыстыма?» деген алғашқы сұраққа оқытушылардың 74,5%-ы айтарлықтай дәрежеде байланысты деп жауап берді, қалғандары да соған тәуелді деген жауап қайтарды. Жүргізілген сауалнаманың бір бөлігі оқытушылардың педагогикалық тәжірибесіне байланысты болды. Сауалнамаға қатысушылардың 56,4%-ы студенттің шығармашылық қабілетінің даму деңгейін орташа, 27,5%-ы төмен деп бағалады және сауалнамаға қатысқан оқытушылардың көпшілігі студенттердің шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейі толық қанағаттандырмайды деген жауапты байқатты.

«Аудиториялық сабақтарда студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды жүргізесізба?» деген екінші сұраққа (үнемі; кейде, қажет болған жағдайда; өте сирек; дамытпаймын, ол туралы айқын түсінік жеткіліксіз) тек 5 (22,6%) оқытушы шығармашылық қабілеттерді дамытуға үнемі көңіл бөлетінін, бірақ осы үдерісті дамытуда қолданатын барлық әдіс-тәсілдері мен құралдардың нәтижелі, әрі тиімді болмайтындығы жайында баса айтты. Олардың негізгі мақсаты – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Тек екі оқытушы ғана бұл үшін студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту субъектілеріне «аудару керек» деп атап өтті. Бұл жерден, біз оқытушылар студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуды мақсатты түрде жүзеге асырудың орын алмағандығын байқауымызға болады.

«Цифрландыру жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз?» деген үшінші сұрағымызға проблемалық оқыту, миға шабуыл әдісін қолданатын оқытушылардың үлесі – 27,5%; оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданатын оқытушыларды қолданатындар үлесі – 18,5%; шығармашылық қабілеттерді дамытудың тәсілдері, әдістері мен құралдарын

білмеу – 15,2%). Трив технологиясын қолданатын оқытушылар –18,8%; оны дамытуға арналған нақты шарттардың жоқтығы (12,2%); шығармашылық қабілеттер бойынша идеалының болмауы, мәселе бойынша қажетті библиографиялық және интернет ресурстарының аздығы – 7,8% екендігін анықтадық.

Сауалнамадағы қорытынды сұрақтың мазмұны ЖОО-ның оқу үрдісіндегі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту деңгейін арттыруға байланысты болды. Бұл сұрақ мазмұнының күрделілігіне байланысты шартты түрде оларды бірнеше топқа жіктеп, содан кейін психологиялық-педагогикалық шарттарды айқындауға негіз болатын ұсыныс жасауға тырыстық.

Мәселен, педагогикалық шарттары бойынша *бірінші ұсыныс* — өздік білім беру траекториясын құру. *Екінші ұсыныс* – СӨЖ, СОӨЖ тапсырмаларын түрлендіру. *Үшінші ұсыныс*- инновациялық, цифрлық ресурстарды қолдану. Психологиялық шарттары бойынша, *бірінші ұсыныс* — кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерінің бастапқы даму деңгейін және білім дәрежесін, кәсіби маңызды қасиеттерінің даму дәрежесін, жеке психологиялық ерекшеліктерін, мотивациясын нақты диагностикалау үшін психологиялық-педагогикалық әдістерді дұрыс таңдап алу керек және ары қарай түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу қажет. *Екінші ұсыныс* – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда ынталандыру мен мадақтау, сенім арту, оларды шынайы қабылдау және оларға құрметпен қарым-қатынас жасау – ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық ортаны құру қажет. *Үшінші ұсыныс* – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда өзбетінше орындалған жұмыстарға өзіндік талдау, өзіндік есеп беру, өзіндік бағлау және рефлексия жасауға бағытталу керек.

Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер мен құралдарды анықтау мақсатында әңгімелесу әдісін қолдана отырып, жүргізілді. Әңгімелесу барысында оқытушылардың сабақтың түрлерін, әдіс-тәсілдерін кеңінен қолданатынын, оқытушылардың басым көпшілігі шығармашылық қабілеттердің мазмұны, құрылымы мен дамытудың әдіс-тәсілдері туралы нақты, толық түсінік қалыптаспағаны жайында анықталды. Психологиядағы «Шығармашылық қиял және қабілет» [251] тақырыбында студенттерге «Аяқталмаған әңгіме» әдістемесін пайдалана отырып, олардың бойындағы шығармашылық қабілеттер туралы түсініктердің қалыптасуындағы басты кемшіліктер анықталды. Мәселен, шығармашылық қабілет анықтамасында мынадай кемшіліктер жіберілген: ұғымның түсініктемесі нақты келтірілмеген (шығармашылық қабілет – бұл «қабілеттің жоғары түрі», «адамның іс-әрекетті орындаудағы икемділігі», «шығармашыл тұлғаға тән қабілет түрі»); шығармашылық қабілеттің бір ғана анықтамасын көрсетуі; жеке тұлғаның бағыт-бағдарындағы қабілетін, мотивациясын нақты сипаттай алмау және т.б.

Студенттердің шығармашылық қабілеттерінің даму мәселесі бойынша кредиттік оқыту жүйесінде олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды, басшылыққа алатын инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеру және түсіну үшін

ЖОО-да аудиториялық сабақтар: семинар, дәрістер және аудиториядан тыс сағаттар СОӨЖ, СӨЖ өткізу керек деген тұжырым жасауға болады. Педагогикалық және психологиялық пәндер бойынша дәрістік сабақтарда библиографиялық деректер көзі мен цифрлық білім беру ресурстарына талдаулар жасалынды. Сондай-ақ, оқытушылар шығармашылық қабілеттерді дамыту мәселесі бойынша семинар сабақтарында «Шығармашылық қабілет дегенімізді қалай түсінесіз? Цифрландырылған қоғамға шығармашылық қабілеттері дамыған мамандар бәсекеге қабілеттілікті арттырама? Кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін диагностикалық әдіс-тәсілдері қажетпе? Жаһандану үдерісінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесіне қандай факторлар ықпал етеді және психологиялық принциптерді басшылыққа алуға болады? және т.б. мазмұндағы көкейкесті сұрақтар алға тартылды. Сондай-ақ, семинар сабақтарында шығармашылық қабілеттерді дамыту мақсатында іскерлік ойындар, миға шабуыл, топтық дискуссия, нақты жағдайды талдау, диалогты жүргізу, психологиялық тренингтер, эссе, портфолио, жобалар әдісі, жаттығулар, case-study және т.б. пайдаланылды. Оқытушылар инновациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы оқыту үдерісіне деген қызығушылықты арттыру және шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпалын тигізгендігін байқады. Оқытушылар студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда бірқатар нәтижелер алуға мүмкіндіктер берді. Бұл оқытушылардың басым көпшілігінің кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту қажет деген тұжырымдар жасауына мүмкіндіктер туғызды.

Студенттердің бойындағы шығармашылық қабілеттерді анықтау мақсатында оларға сауалнама жүргізілді. Зерттеу міндеттерімізге сәйкес, шынайы материалдар жинақтау мақсатында біз Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университетінің 106 студентінен сауалнама (2-қосымша) алынды, «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі»; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша оқу пәндерінің аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтары талданды. 2.3 параграфта қарастырылған студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуды келесі параметрлер бойынша алдық:

- *Мотивациялық-тұлғалық компоненті* – шығармашылық қабілетін дамытуға ынтасы, ерік-жігері, қажеттілігі мен тұлғалық қасиеттерін нақты қоя білу.

- *Танымдық-мазмұндық компоненті* – «Қабілет», «шығармашылық қабілет» ұғымдарының мәні мен мазмұнын түсінуі, шығармашылық қабілеттерді дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары мен модельдің құрылымдық мазмұнын білуі.

- *Процессуалды-іс-әрекеттік компоненті* – кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық іс-әрекет ортасын құра білуі, шығармашылық қабілеттерді дамытудың педагогикалық-психологиялық құралдарын қолдана алуы, іс-әрекет барысында шығармашылық қиялы мен белсенділігін көрсете алуы.

Тәжірибе барысында студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға ынтасы, ерік-жігері, қажеттілігі мен тұлғалық қасиеттерін нақты қоя білуін анықтадық. Шығармашылық қабілетін дамыту үшін студенттің ынтасы мен ерік-жігерінің болуы қажет (20,2%); шығармашылық қабілеттер студенттің жеке қызығушылығы мен қажеттілігінен туындайды (18,7%); кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дамуын орта деңгейде (61,1%) екендігіне көз жеткіздік.

Студенттердің «қабілет», «шығармашылық қабілет» ұғымдары туралы түсініктің қалыптасуы (23,6%); шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін психологиялық-педагогикалық шартты білу деңгейі орта (19,4%); шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін ықпал ететін факторларды анықтауы (38,3%); шығармашылық қабілеттерді дамытуда басшылыққа алатын педагогикалық және психологиялық принциптерді талдай алмауын (18,7%) байқатты.

Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық іс-әрекет ортасын құра білуге икемділігі (26,1%); цифрландыру жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың педагогикалық-психологиялық құралдарын қолдану дағдысы (22,5%); оқу-тәрбие жүйесінде студенттердің шығармашылық қиялы мен танымдық белсенділігі (51,4%) байқалды.

Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі бойынша сауалнамаға қатысушылардың берген жауаптарын талдайтын болсақ, біз әзірлеген модельдің компоненттері бойынша қанағаттанарлық толық жауап ала алмадық. Осыған байланысты біз кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың бастапқы деңгейін диагностикалау мақсатында жүргізілген сауалнаманың нақты сипаттамалық нәтижелері мына төмендегідей болды:

- шығармашылық қабілеттердің дамуы студенттердің бойынан тұлғалық қасиет ретінде көрініс беруін және белгілі бір іс-әрекетті орындаудағы ерік-жігері, қызығушылықпен жүзеге асыруы (25,2%);

- студенттердің «қабілет», «шығармашылық қабілет» туралы жалпы түсініктің болуы және психологиялық-педагогикалық шарттар мен факторларды білуі (21,5%);

- кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық органы құру және педагогикалық-психологиялық құралдарды тиімді пайдалана алуы (19,4%).

Мәселен, сауалнамаға қатысқан студенттердің 10,5%-ы шығармашылық қабілетті адамның жеке тұлғалық қасиетімен байланыстырды, ал 19,4%-ы студенттің шығармашылық қабілеттері мен жеке адамның қабілет түрлері арасындағы айырмашылықтарды айқындай алмағандығын көрсетеді. Қатысушылардың тек 2,9%-ы ғана студенттің шығармашылық қабілеттерінің басты ерекшеліктерін нақты айта білді, 17,5%-ы кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің өзбетінше жұмыстары шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталатынын айтып түсіндірді; 14,8%-да бұл сұраққа жауап болмады.

Сонымен, студенттердің шығармашылық қабілеттері оқу іс-әрекетінде өзбетінше шығармашылық ізденіспен орындалатын білім, ептілік және дағдысын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының барысында студенттердің шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейін диагностикалау мақсатында 15 аудиториялық және 15 аудиториядан тыс сабақтарды талдауды жөн көрдік. Талдау барысында студенттердің көпшілігі даралық, қабілеттілік, шығармашылық, ізденімпаздық сияқты тұлғалық маңызды қасиеттердің байқалмағанын, оқытушының басшылығынсыз оқу міндеттерін өзбетінше орындай алмайтындығын, оқу-тәрбие үрдісінде оқытушылар мен студенттердің арасында рефлексиялық байланыстың болмауын байқатады.

Зерттеу жұмысы барысында жүргізілген сауалнамалар мен аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарды талдау студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың *мотивациялық-тұлғалық кемшіліктерін*, шығармашылық қабілеттердің мазмұны туралы білім мен түсініктердің болуы, шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпал ететін факторлар, принциптер мен шарттарды білуі, кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық іс-әрекет ортасын құра білуі, шығармашылық қабілеттерді дамытудағы педагогикалық-психологиялық құралдарды тиімді пайдалану іскерлігі мен дағдысының болуын көрсетті.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсатына сәйкес келесі міндеттер анықталды: психологиялық және педагогикалық әдістемелер негізінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін диагностикалаудың әдістемесін әзірлеу және психологиялық-педагогикалық шарттардың тиімділігі мен олардың жеткіліктілігін эксперименттік тұрғыдан тексеру. *Қойылған міндеттерді іске асыру келесі ретпен жүзеге асырылды:*

- Шығармашылық қабілеттердің дамуын анықтау мақсатында студенттерге және оқытушыларға арналған сауалнаманы жүргізу;

- Студенттердің шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейін педагогикалық-психологиялық диагностикалау;

- Тәжірибелік-эксперимент жұмыстар арқылы кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін іске асыру;

- Тәжірибелік-эксперимент жұмыстар арқылы кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын жүзеге асыру;

- Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстардың нәтижелерін өңдеу және теориялық тұжырымдар мен қорытынды жасау.

Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындау бойынша тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыруға қойылатын жалпы талаптарды көрсететін келесі 2.3 параграфта қарастырылған психологиялық-педагогикалық принциптерді басшылыққа алдық:

Психологиялық принциптердің маңыздысы – даму принципі ол мыналарды көздейді: оқу-тәрбие үрдісінде студенттердің дара ерекшеліктерін есепке алу; шығармашыл жеке тұлғаны дамыту; синергетикалық, құзыреттілік тұғырларды қолдану; шығармашылық қабілеттерді дамытуда табиғи генетикалық факторлардың ықпалы мен рөлін анықтау; Осы принциптер мен факторларды біз педагогикалық эксперимент кезеңдерін модельдеу кезінде басшылыққа алдық.

Детерминизм принципі бойынша: жаһандану үдерісіндегі ақпараттандыру, цифрландыру, трансформация мәселелеріне сәйкес шығармашылық қабілеттері дамыған студенттерді педагогикалық-психологиялық диагностикалық әдістер арқылы анықтау және ақпараттық-инновациялық тұғырды қолдану; шығармашылық қабілеттерді дамытуда қоғамдық және педагогикалық факторлардың ықпалын анықтау; шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейі анықталған студенттерді дамыту үшін педагогикалық-психологиялық тиімді заманауи инновациялық әдіс-тәсілдердің тиімділігін тексеру.

Сана мен іс-әрекеттің бірлігі принципі бойынша: оқу-тәрбие үрдісінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда синергетикалық пен тұлғалық-іс-әрекеттік тұғырды қолдану; студенттердің шығармашылық қабілеттердің дамуына психологиялық және педагогикалық факторлардың ықпалын анықтау.

Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда педагогикалық принциптерді басшылыққа алу модельдің құрылымдық-мазмұнын ашуға мүмкіндіктер берді. Мәселен, кредиттік оқыту жүйесіндегі жүйелілік принципінің синергетикалық тұғырмен өзара байланыстылығын анықтау; студенттердің бойында шығармашылық қабілет туралы түсінікті қалыптастыру тек теорияны ғана қарастырып, зерделеумен шектелмейді; шығармашылық қабілет теориясы шынайы өмірмен, практикадағы заманауи әдіс-тәсілдерді қолданумен байланыстырылады; кредиттік оқыту жүйесінде студенттік жастың өзіне тән психикалық даму ерекшеліктерін және даралық қасиеттері мен қабілеттерін есепке алу принципі шығармашылық қабілеттерді дамытуға зор мүмкіндіктер туғызады. Сонымен, біз модель мазмұнында қарастырылған әрбір құрылымдық бөліктердің маңыздылығын, тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы көз жеткіздік.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында студенттер мен оқытушыларға арналған сауалнаманы қолдану және психологиялық-педагогикалық шарттарды жүзеге асыру эксперименттің бастапқы кезеңінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту деңгейін анықтау мақсатында жүрізілді.

Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университетінің «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі»; «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» БББ-сы бойынша оқытушылық кәсіби іс-әрекетіміздің ғылыми-педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып, жүзеге асырдық.

Кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық іс-әрекет ортасын құра білуі, шығармашылық қабілеттерді дамытудың инновациялық педагогикалық-

психологиялық құралдарын қолдана алуы, іс-әрекет барысында шығармашылық қиялы мен белсенділігін көрсете алуымен байланыстырылады.

Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша айқындалған өлшемдер мен көрсеткіштерге сәйкес студенттердің шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейін анықтау. Студенттердің шығармашылық қабілеттерінің әрбір өлшемінің бірқатар ортақ деңгейлерін анықтадық. Анықталған компоненттер, өлшемдер, көрсеткіштер мен құралдар негізінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың *деңгейлері* анықталды, олар: *жоғары, орта, төменгі деңгей.*

Анықталған компоненттер, өлшемдер, көрсеткіштер мен құралдар негізінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың деңгейлері *деңгейлері* анықталды, олар: *жоғары, орта, төменгі деңгей.*

Жоғары деңгейі: Кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамытуды қажетсінеді, мәнін түсінеді, өзін-өзі ынталандыруы жақсы дамыған, ерік-жігерінің жоғары деңгейде болуы, шығармашылық қабілеттерді дамытудың механизмін, құрылымдық мәндік сипаттамасын біледі; формаларын, құралдарын, әдістерін жетік меңгерген, ақпараттық-қатынастық технологияларды қолдана алады, шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру білігі жоғары деңгейде қалыптасқан және т.б. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда өзін-өзі бақылай алады, өзін үздіксіз дамытады, алдына мақсат қоя біледі, өзінің іс-әрекетін жүйелі түрде бағыттап, өзін-өзі жетілдіреді, шығармашылық іскерлігі мен ептілігі жақсы дамыған.

Орта деңгейі: Кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамыту қажеттілігін аса түсіне бермейді, мәнін түсінеді. Алайда, шығармашылық іс-әрекетпен айналысуда өзін-өзі ынталандыруы аса байқалмайды, шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруда қызығушылығы мен ұмтылысы байқалады, ерік-жігерін көрсете бермейді, шығармашылық қабілеттерді дамытудың механизмін, құрылымдық мәндік сипаттамасына білімі үстірт; формаларын, құралдарын, әдістерін қолдана бермейді, шығармашылық қабілеттерді дамытуда ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалану ептілігі орташа, шығармашылық іс-әрекетті өздігімен ұйымдастыруды толықтай іске асырмайды және т.б. Шығармашылық қабілеттерді дамыту мазмұнын жүйелі түрде ашуы толық емес өзін-өзі бақылай алады. Алайда, шығармашылық қабілеттерді дамыту жағдайлары байқалмайды, мақсатты бағытты жұмыс істеуі, іс-әрекетін жүйелі түрде бағыттап, өзін-өзі жетілдіруі, шығармашылық іскерлігі мен ептілігі орташа деңгейде.

Төмен деңгейі. Кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамытудың қажеттілігін, маңыздылығын түсінбейді, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынтасы жоқ, білім алуға жігері төмен, шығармашылық қабілеттерін дамытудың механизмі туралы білімі жоқ, құрылымдық мәндік сипаттамасын білмейді; формаларын, құралдарын, әдістері туралы хабарсыз, шығармашылық қабілеттерін дамытуда ақпараттық-қатынастық технологияларды қолдану ептілігі төмен деңгейде, шығармашылық іс-әрекетті

өздігімен ұйымдастыру ептілігін іске асыра алмайды, тек қана басқа біреудің айтқандарын ғана дұрыс орындайды, шығармашылық қабілеттерін дамытуда өзін-өзі бақылау жүргізілмейді, шығармашылық қабілеттерін дамытумен айналыспайды, алдына қойған мақсаты жоқ, өзін-өзі жетілдіру іс-әрекеті, іскерліктеріне өздері де сенімді емес.

Тәжірибелік-эксперимент жұмыстар барысында сауалнаманың мәліметтері эмпирикалық материалдардың жинақталуына, университет тәжірибесіндегі мәселенің жай-күйін жалпы түрде ұсынуға ықпал ететін зерттеудің басқа әдістерімен толықтырылды: тестілеу, бақылау, әңгімелесу, оқу іс-әрекеті өнімдерін талдау. Жиынтықта қолданыла отырып, олар студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту принциптерінің, заңдылықтарының, мазмұнының, формаларының, әдістерінің объективтілігін негіздеуге мүмкіндік берді.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысында педагогикалық бақылау зерттеу есебін шешудің дербес әдісі ретінде және басқа әдістердің құрамдас бөлігі ретінде қолданылды. Объект пен зерттеуші арасында тікелей қарым-қатынас орнатылғанда, сондай-ақ байланыстар аралық көрсеткіштерсіз, өтулерсіз, индикаторларсыз жүзеге асырылғанда негізгі бақылау жүргізілді.

Бақылау әдісін жүргізу технологиясы: мақсаты мен міндеттерін анықтау; зерттеу нысанын таңдау; зерттелетін объектіге аз әсер ететін және қажетті ақпарат жинауды қамтамасыз ететін бақылау тәсілін таңдау; бақыланушыны тіркеу тәсілін таңдау; алынған ақпараттарды өңдеу және түсіндіру. Бақылау үрдісі бойынша хаттама толтырылады, онда көрсетілгендер: бақылау мақсаты; шығармашылық қабілеттерінің бөлінген көрсеткіштерін бақылау, олар қандай жағдайда көрінеді; біз әзірлеген бағдарламаның студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға әсері.

Алғашқы ақпаратты жинаудың басқа әдістеріне қарағанда, әңгіменің басты ерекшелігі – зерттеуші мен зерттелінушінің өзара бірлескен әрекеттері зерттеу нәтижелеріне ықпал етеді. Сонымен қатар зерттеуші әңгімелесу үдерісіне белсенді әсер етті, оны қажетті арнаға бағыттады. Сондықтан қарастырылып отырған әдісті қолдану кезінде екі тараптың өзара әрекеттесуін ұйымдастыруда оқытушының жеке сипаттамасы ерекше маңызға ие болды.

Біз әңгімені дұрыс ұйымдастыру мен мұқият дайындауға ерекше мән бердік. Студенттермен әңгімелесу әдісін қолдана отырып, біз олардың жағдайын, бейімделу сипатын ескердік. Біз сауалнамаға қатысқан студентке еркіндік беруге тырыстық. Ал бұл болса сенімсіздікті болдырмауға, онымен сөйлесу мақсатын хабарлау, өзіне қызығушылық туғызу және шынайы жауап алуға мүмкіндік береді.

Кредиттік оқыту жүйесіне сәйкес, студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дамуын диагностикалау мақсатында Г. Дэвистің «Шығармашылық қабілетті анықтау» әдістемесін [252] пайдаландық. Бұл тест жауаптарының өлшемдерін келесі кесте арқылы нәтижесін шығаруға тырыстық.

Кесте 8. Г. Дэвистің «Шығармашылық қабілетті анықтау» әдістемесінің

бағалау шкаласы

+	-
2-басқалар туралы алаңдаушылық	1-тәртіпсіздікті қабылдау
4-ерекшеленгісі келеді	3-тәуекелділік
6-өзіне наразылық	5-альтруизм
7-қызығушылыққа толы	11-жалғыз жұмысқа деген сүйіспеншілік
8-танымал емес	13-тәуелсіздік
9-балалық шаққа арналған регрессия	14-іскерлік қателер
10-қысымды түсіру	15 - ешқашан іші пыспайды
12-өзін-өзі қамтамасыз ету	18-белсенділік
16-мақсат сезімі	20-тәуекелге ұмтылу
17-сұлулық сезімі	21-белсенділікке қажеттілік
19-алыпсатарлық	

Бұл әдістеменің толық мазмұны Ә-қосымшадан көруге болады. Мұнда егер кілтке сәйкес келетін жауаптардың қосындысы 15-ке тең немесе одан көп болса, онда жауаптың шығармашылық қабілеті бар екендігін көрсетеді. Бұл әлі іске асырылмаған мүмкіндіктер. Негізгі мәселе – оларды жүзеге асыруға көмектесу, өйткені мұндай адамдардың мінез-құлқының басқа да белгілері көбінесе оларға кедергі келтіреді (мақтаныш, эмоционалды осалдық, жеке мәселелердің шешілмеуі және т.б.). Бізге әдептілік, тең қарым-қатынас, олардың шығармашылық өнімдерін үнемі бақылау, «Ұлы істерге» мерзімді итермелеу және талап қою қажет. Жиі сынға ұшырамау керек, жиі тақырыпты және шығармашылық жұмыс режимін еркін таңдау керек.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының барысында студенттердің басым көпшілігі 15 ұпайдан төмен жинады. Нақтылайтын болсақ, оқытушылардың 21,7% үлесі – 13 ұпай, 43,8% үлесі – 10 ұпай; 34,5% үлесі – 9 ұпайдан төмен көрсеткіш болғанын анықтадық. Сонымен, жүргізілген Г. Дэвистің «Шығармашылық қабілетті анықтау» әдістемесі арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша одан әрі жетілдіру жұмыстарын жүргіздік.

Кесте 9 – Экспериментке қатысқан студенттердің шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейін бағалау (Г. Дэвистің «Шығармашылық қабілетті анықтау» әдістемесі)

Көрсеткіштері мен деңгейлері	Деңгейлері		
	Жоғары % (13 ұпай)	Орта % (13-10 ұпай)	Төмен % (9 ұпай және одан төмен)
	21,7	43,8	34,5

Негізгі тұжырымдамалық ой ретінде біздің шығармашылық қабілеттер ұғымына берген анықтамаларымызды пайдаландық. Біздің тұжырымдауымызша «шығармашылық қабілеттер – жоғары, орта, төмен деңгейдегі шығармашылық белсенділікпен, конструктивті дербестікпен жаңаны

іздеп ойлап табу үдерісі, ал студенттің шығармашылық қабілеттері – – бұл тұлғаның деңгейлік сипаттамасы, ол қызметтің әртүрлі түрлерінің жаңалығы мен бірегейлігін, жеңілдігі мен жылдамдығын қамтамасыз ететін белгілі бір қасиеттің болуын көздейді. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, қарама-қайшылықты ажыратып, мәселені тұжырымдай алады.

Шығармашылық қабілеті дамыған студенттердің бойынан келесідей 2.3 параграфында қарастырылған құзыреттіліктерді анықтадық: Шығармашылық (19,3%), коммуникативті (21,5%), әдістемелік (18,3%), психологиялық-педагогикалық (27,3%), дифференциалды-психологиялық (13,6%) құзыреттіліктермен байланыстырып қарастыру.

Зерттеуге алынған ЖОО студенттерінің шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейін диагностикалық эксперимент арқылы жүзеге асырылды. Бұл бізге эксперимент нәтижелерін бағалауға ғана емес, студенттерді өзіне-өзі диагностикалау жүргізуге бағыт-бағдар алды. Тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының бастапқы кезеңінде алынған нәтижелерді талдау студенттердің шығармашылық қабілеттерінің жалпы даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Кредиттік оқыту жүйесіне сәйкес, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесін нақты шешімін табуда қиындықтар туындағандығын байқатады. Бұл БББ-дағы элективті пәндердің оқу нәтижелері аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардың мазмұнын студентке бағдарланған етіп жаңаша түрде ұйымдастыруға кері әсерін тигізеді.

Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша анықтау экспериментін жүргізудің ***негізінде мынадай тұжырым жасадық:***

- кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін заманауи білім беру бағдарламаларына, психологиялық-педагогикалық диагностикалық әдістер мен инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануымен байланысты болады;

- кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту маңызды, әрі күрделі үрдіс болып табылатындықтан, ПОҚ-ның бойынан көптеген кәсіби құзыреттіліктердің болуы қажет;

- ЖОО-да ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал мен шығармашылық орта – студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдайлар жасауды көрсетеді;

- шығармашылық қабілет – студенттің бойындағы тұлғалық қасиетті көрсететін болғандықтан, кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің жас және дара ерекшеліктерді есепке алу қажет.

- кредиттік оқыту жүйесінде ақпараттық-қатынастық технологияларды кеңінен пайдалану арқылы студенттердің рефлексиясын және денсаулығын сақтауды арттыру қажет.

Сонымен параграфымызды қорытындылайтын болсақ, біз ұсынған құрылымдық-мазмұндық модель және зерттеу мәселеміз ЖОО-дағы оқу-тәрбие жүйесінде өзекті екендігіне күмән келтірілмейді. Келесі параграфта біз

студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы сынақтан өткізу, зерттеудің тиімділігін арттыратын психологиялық-педагогикалық шарттарды жүзеге асыру нәтижелері бойынша қарастырамыз.

3.2 Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдістемесі

Параграфтың мақсаты – кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістемесінің мазмұны мен жүйесін анықтау. Бұл ЖОО-да студенттердің болашақ кәсіби маман ретінде өзін-өзі өзектендіру ерекшеліктерін, кредиттік оқыту жағдайында шығармашылық қабілеттер тәжірибесімен ұштастыра отырып дамытуды көздейді. Осыған байланысты біз зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес, «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты әдістемелік бағдарламаның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеру.

Біз тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында студенттердің шығармашылық қабілеттерін ЖОО-дағы оқу-тәрбие үрдісінде барынша тиімді дамытуды қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық шарттарды айқындадық. Оларға мыналар тән: білім беру траекториясын құру- білім беру бағдарламаларына негізделу – отандық және шетелдік білім мен тәжірибе негізінде, жұмыс берушілердің сұраныстарына сай студенттің тұлғасын дамытуға бағдарланған білім беру бағдарламасы, СӨЖ, СОӨЖ тапсырмаларын түрлендіру. Студенттер өздік жұмыстарды орындай отырып, сыни ойлауы және шығармашылық қабілеті дамып, түрлі ақпарат көздерінен белгілі тақырыпта жаңа ақпарат таба білуге, өз ойын, пікірін қосуға үйренеді, инновациялық, цифрлық ресерстарды қолдану – ЖОО-дағы кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда заманауи цифрландырылған технологияларды оңтайлы пайдалана білуі, кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін диагностикалау – оқу-тәрбие жүйесінде әр студенттің жас және дара мүмкіндіктерін есепке ала отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін педагогикалық және психологиялық әдістемелер арқылы тану және зерттеу жұмыстарын жүргізу, ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық ортаны құру – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық ортаны құрып, сол ортада үйлесімді психологиялық ахуал тудыруға жағдай жасау, студенттердің өзіндік іс-әрекетіне рефлексия жасауға бағытталу – студенттердің оқытушының басшылығымен және өзбетінше дербес орындалған шығармашылық жұмыстарына өзіндік талдау жасай білуге мүмкіндіктер тудыру.2.2 параграфында жан-жақты қарастырылып, талданған).


Осы мақсатта біз зерттелетін мәселе аспектісінде жоғары мектепке әлеуметтік тапсырыстың талдауын; «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен

әдістемесі»; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша «Мектепалды даярлық тобында балалардың оқу-таным іс-әрекетін ұйымдастыру», «Бастауыш мектепте үйірме жұмысын ұйымдастыру әдістемесі» пәндері мазмұнының мүмкіндігін пайдалануды; студенттердің шығармашылық қабілеттерінің мәнін қарастыруды және олардың бойында қалыптасқан өлшемдер мен деңгейлік көрсеткіштерін әзірледік.

Эксперименттік зерттеудің қалыптастырушы кезеңінде жоғарыда көрсетілген психологиялық-педагогикалық шарттар аясында іс-әрекеттерді тәжірибеден өткізуге арналады. Осыған байланысты біздің мақсатты әрекеттеріміз «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курстың бағыттары негізінде жүзеге асыруды көздедік.

«Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курсы «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі»; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» білім беру бағдарламасы студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту ретінде ұсынылады және оны келесі сызба арқылы көрсетуге болады.

Сызба 7. «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курстың бағыттары



Элективті курста ұсынылған бағыттардың әрқайсысы арнайы міндеттерімен, жұмыс түрлерімен ерекшеленеді және түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге бағытталған. Сондықтан қалыптастыру эксперимент кезеңінде студенттердің іс-әрекеттері әр бағытта толықтырылып, шығармашылық қабілет дағдылары жетілдіріліп отырды.

Қалыптастыру кезеңінде жоғарыда аталған «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курстың бағыттарымен психологиялық-педагогикалық шарттарды өзара байланыстырып, іске асырылды. Мәселен,

Психологиялық бағытта: Ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық ортаны құру; Психосоматикалық және денсаулықты сақтауын қалыптастыруға бағытталу. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін диагностикалау.

Танымдық бағытта: Студенттердің өзіндік іс-әрекетіне рефлексия жасауға бағытталу; Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда тұлғалық жағынан даму қажеттілігін туғызуды қалыптастыру.

Пәндік бағытта: Заманауи білім беру бағдарламаларына негізделу; Білім берудің инновациялық дамуы.

Психологиялық бағыттың негізгі мақсаты: ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық ортаны құру; психосоматикалық және денсаулықты сақтауын қалыптастыруға бағытталу; кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін диагностикалау жұмыс ұйымдастыру арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Психологиялық бағытта бірінші шартты іске асыруда академиялық оқу топтарында ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық ортаны құруда іскерлік ойындар, психологиялық тренингтер және т.б. қолданылды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру кезеңінде іскерлік ойындар – ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал мен шығармашылық ортаны құруда қолданылған әдістің бірі. Ойынның бұл түрі экспериментке алынған топтармен әртүрлі практикалық жағдайларды көрсету арқылы жүзеге асады. Іскерлік ойынның негізі – шығармашылық ортаны құруда проблемалық ситуацияларды тудыру және оларды әртүрлі мәселелік рөлдік тұрғыдан шешу жүйесі.

Студенттердің оқу іс-әрекетінде ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал мен шығармашылық ортаны құру шартын сана мен іс-әрекеттің бірілігі принципін басшылыққа ала отырып, жүзеге асырдық. *Базалық іс-әрекеттер:* психологиялық тренингтер. Тренинг – студенттердің оқу іс-әрекетінде ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал мен шығармашылық ортаны құрудың нақты әдістері мен процедураларына кезеңмен, практикаға сүйене отырып, үйретуді пайдалану. Жұмыс жағдайында тренинг студенттердің шығармашылық ортаны құрудағы нәтижелі орындауынан білім мен дағдыны меңгеру мүмкіндігіне бағытталады [253]. Тренингтік жаттығулар студенттердің тұлғалық өзгеруіне және шығармашылық дамуына түрткі қызметін атқарады. Біздің зерттеу жұмысымыздың аясында қолданылған психологиялық тренингтер студенттердің ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуалының біртұтас және орнықты дамуына, әрбір білім алушының ішкі мотивациясын жоғарылатып, кәсіби білімге ынталануына, тұлғалық сапалары мен шығармашылық ортасын қалыптастыруға бағытталады.

Біздің зерттеуімізге сәйкес, студенттердің алдағы кәсіби іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту маңызды болады. *Сол себептен, құрастырылған психологиялық тренингте мына мәселелерге баса назар аударылды:*

- тұлғаның кәсіби жетістіктерге жетуге бағдарлануы;
- ішкі мотивациясының болуы, студенттердің бойындағы шығармашылық қабілеттілікті дамыту мен тәрбиелеу;
- цифрландыру жағдайында топпен бірлесіп жұмыс жасау үшін студенттердің шығармашылық қабілет субъектісі ретінде өзін-өзі дамытуы;
- кредиттік оқыту жүйесінде проблемалық және эвристикалық оқытудың студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпалының болуы.

Осыған орай, психологиялық тренинг кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық тұрғыда оқу іс-әрекетімен айналысуға қабілетті студент

тұлғасын дамытуға бағдарланған. Ол үшін студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға негіз болатын мәнді сапаларын қалыптастыруға бағытталған жұмыс түрлерін қамтиды.

Студенттердің кредиттік оқыту жүйесінде қажетті шығармашылық қабілеттер сапаларына мына төмендегілер жатады: еркіндік, креативтілік, еңбекқорлық, ізденімпаздық, бақылағыштық, парасаттылық, жауапкершілік, ерік-жігерлілік, рефлексия және т.б.

Психологиялық тренингтердің мақсаты: Студенттердің сыни ойлауы мен ізденімпаздығын, шығармашылық тұлғалық сапалары мен қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- студенттердің сыни ойлауы мен шығармашылық ізденімпаздығын дамыту;

- студенттердің қажетті кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту және шығармашылық тұлғалық сапаларын дамытуға, өзектілендіруге дайын болуға ықпал ету;

- шығармашылық қабілеттерін дамытуда белсенді позициясын ұстануға бағдарлау және рефлексиялық креативті ойлауын дамыту.

Ұсынылып отырған бағдарлама мазмұнында төмендегі тақырыптар қамтылған психологиялық тренингтер өткізу қарастырылған:

- Өзінің «Менін» ұғыну.

- «Жеке және командалық даму».

- «Тұлғалық өсу»;

- «Креативтілік туралы пікір қалыптастыру».

Өзінің «Менін» ұғыну жаттығулары студенттердің өзінің әлсіз және мықты қасиеттерін ұғынуға көмектеседі және оларды біртұтас қарастыруға мүмкіндік береді, өз мінез-құлығының түрткілерін анықтауға, оларды түсінуге ықпал етеді.

«Жеке және командалық даму» жаттығулары топта бірлесе жұмыс жасауға, өзгенің пікірін қабылдауға және оны тыңдай білуге үйретеді, ынтымақтастықта жұмыс істеу стилімен танысады.

«Креативтілік туралы пікір қалыптастыру» жаттығуы шығармашылық үдерістің кезеңдерін және креативтіліктің көрініс беруіне теріс ықпал ететін кедергілерді ұғынуға ықпал етеді. Тренингтегі жаттығулар кредиттік оқыту жүйесінде тұлғаның негізгі қасиеті ретінде қарастырылатын креативтіліктің белгілі бір жақтарын дамытуға бағытталған: ерекшелік, танымдық, тапқырлық, сыни ойлауы, бақылағыштық және т.б.

«Тұлғалық өсу» жаттығулары жаңа тәжірибені сезіну, өз құндылықтарын ұғыну, шығармашылық қабілеттері мен ойлауын дамытуға бағытталған, танымдық іс-әрекетіне, жалпы қабілеттілігін дамытуға, кез-келген іс-әрекетте тұлғаның жетістігін қамтамасыз етуге, кәсіби міндеттерді саналы түрде ұғыну арқылы тұлғалық жауапкершілік сферасын түсіну, өз жауапкершілігіне сәйкес әрекет ету механизмдерін игеруге көмектеседі. Сонымен қатар студенттердің кәсіби нормаларды орындаудың маңыздылығын түсінеді.

Сонымен қатар, шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған тренингтерді жүргізу барысында студенттердің оқытушымен бірге өзінің шығармашылық қабілеттерін сезінуге дағдыланды. Ол үшін оқытушы оларға жеке немесе ұжымдық міндеттерді шешу варианттарының көптүрлілігін көру қабілеттілігін дамытуды ұсынды. Студенттерге шығармашылық мәселелерді шешу тапсырмалары берілді. Оның барысында студенттер мәселені шешудің көптүрлі жолдарын ұсынып, ең тиімдісін анықтай алды. Осылайша, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін олардың креативті ойлау жылдамдығын, тапқырлығын, бақылағыштығын, шығармашылық қиялын дамытуға бағдарланған психологиялық жаттығулар [254] ұсынылды. Мысалы, «Шатасу» жаттығуы барысында креативті ойлау арқылы шешімді талап ететін топта мәселелік жағдаятты моделдеді. Топтағы идея берушіні (генераторын), орындаушысын және ұйымдастырушысын анықтауға мүмкіндік берді.

Біз кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық қабілеттердің маңызын студенттерге түсіндіру үшін біріншіден, оның сипаттамасымен таныстырдық, одан кейін тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуға ортаның ерекшеліктерін бірге зерттедік. Осындай тренингтік сабақта студенттер топ болып, арнайы шығармашылық ортаны құру барысындағы міндетті түрде келесі қағидалардың сақталуын қамтамасыз ету керектігін түсініп, қорытынды жасадық, тұлғаның өзін-өзі белсендендіру ұстаным негізінде құрылады:

- ортада әр тұлғаның ерекшеліктері ескеріледі;
- жұмыс барысында тұлғаға өз шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға еркіндік берілді.

Нәтижесінде бірлескен шығармашылық әрекет студенттердің табандылық, еңбекқорлық, ізденімпаздық сияқты кредиттік оқыту талаптарына сай адами қасиеттерді ұғынуына ықпал етеді, олардың өз күшіне, өзінің қабілеттері мен шығармашылық мүмкіндіктеріне сенімдерін арттырды, жауапкершілікке, дербестілікке тәрбиелейді.

Жүргізілген осындай тренингтік сабақтардың ерекшеліктері: тренингтік сабақта үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық орта орнатылады, оқытушы мен тренингке қатысушылар арасындағы байланыстар құралады. Сонымен, шығармашылық қабілеттерді дамыту тренингтерін жүргізу барысында ең бастысы – студенттердің шығармашылық тұрғыда өзін-өзі жетілдіруге, өзінің кредиттік оқыту жүйесінде өзгерістердің жағымды жағына қарай ұмтылыстарын қалыптастыру бағытында кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің элементтерін орындауға және сол іс-әрекетке дайындық барысындағы өзінің әрекеттеріне баға беруге, оларды талдауға бағытталды. Зерттеу жұмысының нәтижелілігі – тренингке қатысқаннан кейін студенттердің шығармашылық іс-әрекет барысында шығармашыл тұлға ретінде өзін-өзі ұстауы, шығармашылық қабілетке ие болуы мен ізденімпаздығының жоғарылағандығын аңғартады.

Сонымен, бірінші шарт айқындалды және шығармашылық қабілеттерді дамытуға мақсат алған эксперименталды топ жұмысының нәтижелері келесі 3.3

параграфта қарастырылады.

Психологиялық бағытта екінші шартты іске асыру – ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық ортаны құру – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық ортаны құрып, сол ортада үйлесімді психологиялық ахуал тудыруға жағдай жасау, студенттердің денсаулығын сақтауға бағытталған психологиялық жұмыстар жүйесі.

Аталмыш шартты жүзеге асыруда тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру кезеңінде «Өзге қолмен жазу оң жақ жарты шар сіз туралы не ойлайды»; «Сол жақ жарты шарды өшіру» жаттығуы» [253, 156б.] атты әдіс-тәсілдер қолданылды. Бұл әдіс-тәсілдердің көмегімен студенттердің компьютер, ноутбук, телефондарды ұзақ уақыт бойы пайдаланғаннан олардың жүйке жүйесінің шаршауын басатындығы және денсаулықты нығайтуға бағытталғандығы анықталды. Мұнда студенттер «Мандала» әдісін қолдану [254, 109б.] арқылы жай ғана өрнектеуді ғана емес, бұл оның миының оң жақ жарты шарындағы іс-әрекетін басқару жолына алғашқы қадам болып табылады. Бұл жаттығу жаттықтырылған қолға арнайы құрастырылған. Студентке қаламды өзінің жазбайтын қолына (сол қол немесе оң қол) ұстатуға болады.

Сонымен, екінші шарт айқындалды және шығармашылық қабілеттерді дамыту бойынша эксперименталды топ жұмысының нәтижелері келесі 3.3 параграфта қарастырылады.

Психологиялық бағытта педагогикалық бірінші шартты іске асыру – кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін диагностикалауға бағытталды. Үшінші шартты жүзеге асыру барысында біз оқу-тәрбие үрдісінде даму; жас және дара ерекшеліктерді ескеру принциптерін басшылыққа ала отырып, психодиагностикалық әдістер: Х. Зиверттің «Шығармашылық қабілеттерді анықтауға» арналған тесті, Дивергентті (стандартты емес) ойлау (Д шкаласы), Е.Е. Туник бейімдеген Е.Торренс тесті, Сөздік креативтік диагностикасының әдістемесі (С.Медник бойынша) [249, 87б.] қолданылды. Бұл әдістердің мазмұны В-қосымшасынан көруге болады.

Аталмыш психодиагностикалық әдістер кредиттік оқыту жүйесінің заманауи талаптарына сай келетін шығармашылық қабілеттері дамыған және өзіндік жетілдіруге ынталы тұлғаны, яғни мотивациялық-тұлғалық компонентті анықтауға мүмкіндік берді. Осы психодиагностикалық әдістер арқылы зерттелінушілердің шығармашылық қабілеттерінің даму (жоғары, орта, төмен) деңгейлерін анықтаумен шектеліп қана қоймадық және одан ары қарай дамыту жұмыстарын жүргізуге бағыт-бағдар алдық. Сонымен, үшінші шарт айқындалды және шығармашылық қабілеттерді дамыту бойынша жұмыс нәтижелері келесі 3.3 параграфта қарастырылады.

Психологиялық бағыттағы психологиялық-педагогикалық шарттарды жүзеге асыруда басшылыққа алған әдіс-тәсілдер мен принциптер студенттерді шығармашылық қабілеттерін дамытумен, олардың бойындағы қабілеттілікті жетілдіретін психодиагностикалық әдістемелерді тиімді қолдануымен, шығармашыл ортаны құру, үйлесімді психологиялық ахуал қажет екендігін түсуге, шығармашылық қабілеттерді дамытуға тұлғалық-мотивацияны оятуға

мүмкіндік береді.

Танымдық бағыт. Мақсаты: «Мектепалды даярлық тобында балалардың оқу-таным іс-әрекетін ұйымдастыру», «Бастауыш мектепте үйірме жұмысын ұйымдастыру әдістемесі» атты психологиялық-педагогикалық пәндерді оқыту арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын білу, өз кәсіби тәжірибесінде пайдалана алу; интерактивті әдістерді және заманауи оқу технологияларын меңгеріп, оның бойында шығармашылық қабілеттерін дамытуда тиімді қолдана білу.

Негізгі зерттеу әдістері: цифрландыру жағдайында байқау, түсіндіру, әңгімелесу, талдау, талқылау.

Танымдық бағытта мақсат еткен психологиялық төртінші шарт – студенттердің өзіндік іс-әрекетіне рефлексия жасауға бағытталуды жүзеге асыру мақсат етілді.

Осы мақсатты «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты базалық пәндердің СӨЖ, СОӨЖ өзгерістер енгізу арқылы іске асырылды. Мысалы, 2018-2019 оқу жылы, «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі»; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» білім беру бағдарламасы пәндері мазмұнының жұмыс оқу жоспары; 5 семестр, 2 кредит, 4 жылдық.

Психологиялық және танымдық бағытқа бөлінген жалпы сағат саны – 2 кредит, дәріс – 15 сағат; семинар – 15 сағат; студенттердің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысы – 15 сағат, студенттердің өзіндік жұмысы – 45 сағат. Эксперимент кезеңінде «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» пәнінен оқу-әдістемелік кешен дайындауға қатыстық және осы пәндер бойынша лекция, семинар сабақтарында білім алушылардың оқу нәтижелеріне негізделген құзыреттіліктеріне Дублин дескрипторлары арқылы талдау жасадық. Мысалы, түсіну, қолдану, іске асыру және т.б. Осыған байланысты біздің қалыптастыру эксперименті кезеңіндегі нақты іс-әрекетіміз жоғарыда аталған пәндер бойынша оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысының тақырыптарын құрастыру және оны іске асыруға бағытталды. Оны келесі кестеден көруге болады (Кесте 10).

Кесте 10. «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» курсының оқу-тақырыптық жоспарына қосымша енгізілген тақырыптар (сабақтан тыс кезінде)

№	СОӨЖ тақырыптары	Сағат саны	СӨЖ тақырыптары	Сағат саны
1	Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық ерекшеліктері	4	Шығармашылық ұғымы кесте және технологиялық карта	4
2	Психологиялық-педагогикалық шарттар ұғымы («Тұлғалық өсу» жаттығулары)	4	Оқу процесін жүзеге асырудың инновациялық технологиялары	4

3	Дәстүрлі оқыту технологиялары. Қазіргі оқулық.	4	Белсенді оқыту технологиялары	4
4	Студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуда интерактивті әдістердің орны	4	Қазақстан педагогтарының авторлық технологиялары: Ж.Караев, Ж.Жанабаев, Т.Т. Галиев, Н.Н.Нурахметов	4
5	Студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуда интерактивті әдістердің түрлері және оларға сипаттама "Резюме" әдістемесі (автор Пискунова Е. В.)	4	Оқытуды ұйымдастыруда оқу тапсырмаларын іріктеу	4
6	Педагогикалық қарым-қатынасты ізгілендіру және демократияландыру негізіндегі технологиялар	4	Қашықтықтан оқыту технологиясы (цифрлық платформаларды қолдану)	4
7	Студенттердің шығармашылығын белсендіру және интенсификациялау технологиялары	4	Тестілеу психологиялық-педагогикалық құрал ретінде	4
8	Дамыта оқыту технологиясы	4	Іскерлік ойынның жүргізілу технологиясы.	4
9	Ойын технологиясы	4	Шығармашылық сабақты жасау, білімдарлық ситуация, сабақтың конспектісі. Оқытудың нәтижелілігі.	4
10, 11	Ұжымдық оқыту технологиясы. "Жазбаша сұхбат"	4	Педагогикалық технологиялардың түрлерінің дидактикалық жүйесіне талдау жасау	4
12	Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы. «Бес минуттық Эссе»	2	Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы	2
	Барлығы	15		45

«Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» курсының оқу-тақырыптық жоспарына қосымша енгізілген оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (СОӨЖ) тақырыптарының мазмұнына тоқталсақ, курс бойынша СОӨЖ қысқаша жинағын Б-Қосымшасынан көруге болады.

1-тақырып. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық ерекшеліктері.

Студент – адамгершілік және эстетикалық сезімдерінің ең көрнекті дамыған, мінез-құлықтың қалыптасу мен тұрақтану кезеңі. Шығармашылық қабілеттер мәселесі бірқатар негізгі ұғымдармен байланысы: жеке тұлға, студент тұлғасының дамуы, қабілет, шығармашылық, іс-әрекет, креативтілік және т.б.

2-тақырып. Психологиялық-педагогикалық шарттар ұғымы.

Ғылымда «Шарт» ұғымының қарастырылуы. «Психологиялық

шарттар» ұғымы «педагогикалық шарт» категориясымен және ЖОО-дағы білім беру үдерісінің ерекшелігімен сәйкес келуі. *Педагогикалық шарттар* – бұл оқу процесінің пайда болу, өмір сүру және даму көзі, оның мүмкіндіктерінің кепілі. *Психологиялық шарттар* – оқыту процесінің «атмосферасы», оның тиімділігіне әсер ететін объективті және субъективті факторлардың жиынтығы.

3-тақырып. Дәстүрлі оқыту технологиялары. Жалпы білім беру мазмұнының құрылымы – білім беру стандарты. Базистік оқу жоспары. Білімдарлық бағдарламалар. Қазіргі оқулық.

Дәстүрлі білім беру технологиялары: Түсіндірмелі және иллюстрациялық оқыту технологиясы; Проблемалық оқыту технологиясы; Бағдарламаланған оқыту технологиясы; Модульдік оқыту технологиясы; Үлкен блокты зерттеу технологиясы; Дәріс-семинар-несие жүйесі; Ойынмен оқыту технологиясы және т.б. Білім берудің мемлекеттік стандарттары – білім саласындағы басқарудың нормативтік базасы. Базистік оқу жоспарының негізгі мәселелері: Негізгі мектепте білімін логикалық жағынан тамамдағаннан кейін өз қалауы бойынша оқуды профильдік мектепте, гимназияда, әртүрлі орта, арнайы лицейлерде және т.б. оқу орындарында жалғастыру; Мектепті гуманитарландыруға байланысты міндетті оқу жүктемесін қысқарту; Бір сағаттық эффектісі шамалы курстарды азайту; Республикада тіл туралы заңға байланысты оқытуды мемлекеттік (қазақ тілі) және басқа тілдерді мектептің барлық түрінде оқыту; Жеке тұлғаның қажеттілігіне байланысты қоғамда үш бағытта ұйымдастырылған: ғылыми, жаратылыстану, гуманитарлық-эстетикалық және кәсіби-техникалық профильді-дифференциацияланған оқытуды енгізу; Білім беру мазмұнында көрсетілгендей жалпы білім беретін мектептердің барлық типтері мен түрлерінде міндетті түрде оқыту. Базистік оқу жоспарының бөлімдері: инварианттық және вариативтік. Оқу бағдарламасы – оқу пәнінен берілетін білім мен игерілетін дағдылардың мазмұны мен көлемін және оқу жылындағы орнын белгілейтін құжат. Оқулық – оқу бағдарламасы мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайтын кітап.

4-тақырып. Студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуда интерактивті әдістердің орны.

Ақпараттық-рецептивті әдіс; Мәселелік баяндау әдісі; Эвристикалық әдіс; Зерттеушілік әдіс. Дөңгелек үстел (пікірталас, дебаттар); Миға шабуыл (брейнсторм, миға шабуыл); Искерлік және рөлдік ойындар – case-study (нақты жағдаяттарды талдау, жағдаяттық талдау); Шеберлік сыныптар және т.б.

Тақырыпты ашу аясында зерттеу барысында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдістерін айқындадық. Оларға ең алдымен шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, СОӨЖ жүргізудің

инновациялық формаларын, сонымен қатар арнайы құрастырылған тренингтерді, оқытудың белсенді әдістерін жатқыздық. Бұл әдістеме өзіміз ұсынған «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» элективті курсы жүргізуде тәжірибеде қолданылды. Ал формалар топтық, жұптық, шағын топтық ұжымдық жұмыстар түрінде ұйымдастырылды. Сонымен, танымдық бағытта жоспарланған психологиялық төртінші шарт орындалды.

Танымдық бағытта жоспарланған психологиялық төртінші шарт – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда тұлғалық жағынан даму қажеттілігін туғызуды қалыптастыру. Аталмыш шартты іске асыру – кредиттік оқыту жүйесінде студенттерді шығармашыл тұлға ретінде (мотивациялық, танымдық, эмоциялық, ерік-жігерлік) даярлаудың психологиялық ерекшеліктерімен байланыстырып, дамытуды қамтамасыз ететін тұлғалық-мотивациялық компонентті дамытуға бағытталды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қалыптастыру кезеңінде танымдық бағытта студенттің тұлғалық жағынан дамытуда әдіс-тәсілдер пайдаланылды. Студенттер пән олимпиадаларына, викториналық байқауларға және т.б. қатысу барысында олардың қабілеті, мінезі, темпераменті және тұлғалық бағыт-бағдары көрініс берді. «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курс сабақтарында олар бұл туралы барлық студенттерге айтып, шығармашылық кездесулерді, олимпиадаларды, зияткерлік кештерді ұйымдастыра білді.

Танымдық бағытта жоспарланған психологиялық шартты жүзеге асыру барысында біз танымдық қызығушылықты белсендіретін келесі әдіс-тәсілдерді қолдандық: Тапсырмаларға жеке мағына беру. Бұл ұсынылған мәселелер студенттің кәсіби қызығушылықтары мен өмірлік тәжірибесімен байланысы арқылы қамтамасыз етілді; тапсырманы шешу нұсқасын таңдау: ауызша хабарлама, жазбаша әңгіме, өлең, сурет түрінде ұсынылды. Сондай-ақ, Б. Басстың «Тұлғаның бағыттылығын анықтау» сауалнамасы [229, 163б.] жүргізілді. Бұл әдістің көмегімен студенттердің шығармашылық қабілеттерін өзіне, қарым-қатынасқа және іске деген бағыттылықтары анықталып, оны жетілдіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен, *танымдық бағытта жоспарланған психологиялық төртінші шарт орындалды.*

Пәндік бағытта педагогикалық бірінші шарт –кредиттік оқыту жүйесінің талаптарына сәйкес, оқыту нәтижелері студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дамытуына мүмкіндіктер туғызды.

Пәндік бағыт. Мақсаты – кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бұл бағыт бойынша эксперименттің негізгі міндеті – студенттердің элективті курс арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағыттау болды. Өйткені, психологиялық-педагогикалық пәндер арқылы студенттердің шығармашылығын, шығармашылық қабілеттерін дамыту маңызды болып келеді.

Негізгі зерттеу әдістер: байқау, түсіндіру, талдау және әңгімелесу.

Білім беру бағдарламасының шеңберіндегі «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» элективті пән арқылы жүзеге асырылады. Кредиттік оқыту жүйесінде оқытушы келесі амалдарды қолданды: пәнге байланысты ғылымдағы жаңалықтарды, заңдар мен заңдылықтарды, ережелер мен қағидаларды дараландыру және оларды белгілі жеке тұлғалар тарапынан бағалау; ашылымдар мен өнертабыстардың тарихи болуы; жетістіктерді адамгершілік, ізгілік тұрғысынан қарау; жақын және ұзақ мерзімді даму перспективаларын талдау.

Оқу-тәрбие үрдісінде *студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың тағы бір құралы* – студенттердің жеке шығармашылық тәжірибесін алуға бағытталған танымдық-мазмұндық компоненттерді құруды қамтамасыз ететін психикалық процестермен біртұтас байланысқан шығармашылық қабілеті дамыған тұлғаны дамыту жүзеге асырылды. Сондай-ақ, бұл шартты іске асыруда 1.3; 2.1 параграфтарда қарастырылып өткен БББ мазмұны бәсекелестік қабілеттілікке ие жұмыс берушілердің сұраныстарын қанағаттандыратындай дәрежеде сапалы талдау мен жетілдіру шаралары бойынша жұмыстар жүргіздік. Кредиттік оқыту жүйесіндегі халықаралық тәжірибелерді басшылыққа ала отырып, БББ-ның мазмұнын пәнге бағдарланған емес, керісінше студентке бағдарланған оқу нәтижелеріне қарай өзгертіп, оның құндылығына аса мән берілді. Бұл шарттың негізгі мақсаты – білім беру бағдарламасының мазмұнын отандық ЖОО арасында әлеуеті мен мәртебесін арттырып, әлемдік білім беру кеңістігінен орын алуға ұмтылуын қамтамасыз етеді. Осындай күрделі мақсат пен ұмтылыстар студент-жастардың шығармашылық қабілеттері дамыған жағдайда, жетекші іс-әрекетіне креативті тұрғыдан қарап, өзін-өзі жетілдірген жағдайда болашақтағы болжамды кәсіби бейнесін қалыптастыруға мүмкіндіктер туындайды.

Пәндік бағытта педагогикалық үшінші шарт – инновациялық, цифрлық ресурстарды қолдануға арналады. Бұл шарт детерминизм, теория мен тәжірибенің байланысы, дамыта оқыту принциптерін басшылыққа ала отырып, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы. ТРИЗ технологиясы. дамыта оқыту технологиялары, проблемалық оқыту технологиясы, ақпараттық-қатынастық технологиялары, жобалар әдісі, миға шабуыл және т.б. интерактивті әдіс-тәсілдер қолданылды.

Пәндік бағыт бойынша цифрландыру жағдайында оқу-тәрбие үрдісінде «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» пәнін жүргізу барысында зерттеу авторы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпалы зор екендігіне көз жеткізді.

Қалыптастыру эксперименті кезеңінде жетекші болып «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті пән болды. Негізгі міндеті болып студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту болды.

Зерттеудің негізгі әдістері – бақылау, сұхбат, талдау, сұхбат. Аталған бағыттардың мазмұнын жүзеге асыруға бөлінген жалпы сағат саны – 4 кредит. Пәндік бағытта – 2 кредит, дәріс – 15 сағат, семинар – 15 сағат, студенттердің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысы – 15 сағат, студенттердің өзіндік жұмысы – 45 сағат.

Тәжірибелік-эксперимент жұмыстардың қалыптастыру кезеңінде «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» пәнінен оқу-әдістемелік кешен дайындауға қатыстық және осы «Мектепалды даярлық тобында балалардың оқу-таным іс-әрекетін ұйымдастыру», «Бастауыш мектепте үйірме жұмысын ұйымдастыру әдістемесі» пәндер бойынша лекция, семинар сабақтарында білім алушылардың оқу нәтижелеріне негізделген құзыреттіліктеріне Дублин дескрипторлары арқылы талдау жасадық. Мысалы, түсіну, қолдану, іске асыру және т.б. Осыған байланысты біздің эксперимент кезеңіндегі нақты іс-әрекетіміз жоғарыда аталған «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» элективті курсы бойынша лекция және семинар тақырыптарын құрастыру және оны іске асыруға бағытталды. Оны келесі кестеден көруге болады (Кесте 11).

11-Кесте. «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» элективті курсы (лекция және семинар тақырыптары)

№	Тақырыптары	Аудиториялық сағаттың бөлінуі			
		Лекция	Семинар	СӨЖО	СӨЖ
1.	Шығармашылық қабілеттерді дамытудың теориялық негіздері	1	1	1	4
2.	Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық ерекшеліктері	1	1	1	4
3.	Психологиялық-педагогикалық шарттар ұғымы	2	2	2	4
4.	Инновациялық технологияларды қолдану арқылы студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту	1	1	1	4
5.	Студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуда интерактивті әдістердің орны	2	2	2	4
6.	Педагогикалық қарым-қатынасты ізгілендіру және демократияландыру негізіндегі технологиялар	1	1	1	4
7.	Студенттердің шығармашылығын белсендіру және интенсифтендіру технологиялары	1	1	1	4
8.	Дамыта оқыту технологиясы	2	2	2	4
9.	Модульдік оқыту технологиясы	1	1	1	4
10.	Ұжымдық оқыту технологиясы	1	1	1	4
11.	Іскерлік ойынның жүргізілу технологиясы. Ойын технологиясы	1	1	1	2
12.	Сын тұрғысынан ойлауды дамыту	1	1	1	3

	технологиясы				
	Барлығы	15	15	15	45

Пәнді оқытудың негізгі мақсаты – болашақ педагогтардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына әсер ететін психологиялық-педагогикалық білім, ептілік және дағдыларын қалыптастыру.

Осыған орай, цифрландыру жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда келесі міндеттер орындалады:

- «шығармашылық қабілет», «шығармашылық қабілеттерді дамыту», «педагогикалық шарттар», «психологиялық шарттар», «оқу пәндерін оқыту технологиялары» ұғымдарына берілген анықтамаларға талдау жасау;

- Инновациялық технологияларға сипаттама және талдау жасау.

«Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» элективті курсы нәтижесінде:

- болашақ педагогтар шығармашылық қабілеттерге байланысты негізгі ұғымдар мен ережелерін игеріп, сабақтарда және өзіндік жұмыс барысында өзінің шығармашылық танымдық іс-әрекетін басқарудың әдіс-тәсілдерін, кәсіби және рухани мәселелерді шешуде игерілген білімдерді пайдалану біліктерін қалыптастырып, шығармашылық ойлау іс-әрекетін жүзеге асыру тәсілдерін меңгеруі, цифрландыру жағдайындағы жетістіктерді талдау негізінде шығармашылық іс-әрекеттің жүзеге асырылуын білетін болады.

Жоғарыдағы қарастырылып 2-кестедегі әрбір бағыттың мазмұнына тоқталдық. Мәселен, дәріс – жоғары мектеп оқу үдерісіндегі оқытуды ұйымдастырудың ертеден келе жатырған маңызды формаларының бірі. Білім алушыларды білім, ғылым саласындағы жаңа бағыттар жайлы түсініктер беру үшін негізінен жаңа идеяны насихаттау, жаңа хабарламалар жасау, жаңа тәжірибені жеткізу мақсатында қолданылатын кең тараған оқыту формасының бірі болып табылады.

Бұл – негізінен жоғары оқу орындары мен қосымша білім беру мекемелерінің оқу үдерісінде қолданылады. Дәрістің маңызды сапасы оның, ғылымилығы, өмірмен байланыстылығы, өміршеңдігі. Дәріс барысында ақпараттың ғылымилығы, оның дәйектілігі мен дәлелділігі қамтамасыз етілуі керек. Алғашқы университеттердің пайда болғанына көп жылдар өтсе де, дәрісті оқу мен оны дайындау әдістемесінің өзгергеніне қарамастан, дәріс жоғары мектептегі оқытудың тиімді формасы болып отыр.

Дәріс мынадай өте маңызды міндеттерді шешуге тиісті:

- ғылыми негіздері туралы білім беру;

- ғылым ұстанымдарымен, заңдылықтарымен таныстыру;

- ғылымға қызығушылығын ояту;

- білімді тәжірибеде қолдану жолдарын үйрету;

- зерттеушілік шығармашылығын дамыту;

- ізденімпаздық мотивтерін қалыптастыруға тәрбиелік әсер ету;

- білім алушылардың өздігінен жұмыс істеуіне бағыт-бағдар беріп отыру.

Сондай-ақ, дәрістің жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісін

ұйымдастырудың және білімнің сапасын арттырудағы идеалды формасы деп қабылдауға болмайды. Дегенмен, біздің тәжірибемізде дәрістің жаңа инновациялық формалары қолданылды. Оларды жүргізу үшін нақты алгоритм түзілді. Алгоритммен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты – оқыту үдерісін үздіксіз және толық деңгейде бақылау, сонымен қатар, ізденіс қабілетін дамыту. Түзілген алгоритм негізінде жұмыс жасау болашақ педагог- психологтардың өз бетінше білім алу, танымдық белсенділікті, білім сапасын арттыруға, кәсіби сауаттылықты дамытуға ықпалы мол деп есептейміз.

Курсты өту барысында қолданылған дәріс және оның инновациялық формалары, семинар, тренинг, коуч және т.б. Аталған білім беру формалары негізінен интерактивті жағдайда өтілуі ойластырылды.

Педагогтардың жаңашылдық әдістер мен технологияларды меңгеруі білім саласын жаңғыртудың негізгі саласының бірі. Оның түпкі мақсаты – студенттердің танымдық белсенділігінің негізінде оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыру.

Зерттеу жұмысымыздың эксперименттік бөліміндегі тәжірибелік сабақтарда білім алушылар мәселені талқылауға қатысу барысында алған мәліметтеріне әрі қарай тереңдей түсу, ол білімдерді өз бетінше толықтыру, теориялық білімді тәжірибемен салыстыру сияқты мәселелер қарастырылды. Сонымен қатар, студенттерді белсенді қатыстырудың жолдарын іске асырудың құралдары тиімді пайдаланылады. Мұндай сабақтар барысында студенттер хабарламалар жасау, ойларын толықтыру, талдау, өзіндік талдау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік алады. Семинар сабақтарында білім алушылар оқытудың белсенді әдістерін тиімді қолдана отырып, өзіндік талдау, сыни ойлау, ой қорыту, жинақтау, өзінің жеке пікірін қорғау арқылы әрбір тақырыптың мазмұнын терең меңгереді.

Осы айтылғандардың тәжірибелік жұмыстар барысындағы тиімділігін эксперимент кезіндегі бақылау және эксперимент топтарындағы көрсеткіштер нәтижелері келесі 3.3 параграфта қарастырылады.

Пәндік бағытта педагогикалық сана мен іс-әрекеттің бірілігі, саналылық және белсенділік принциптерін басшылыққа ала отырып, эссе, портфолио, жобалар әдісі, ТРИЗ технологиясы, Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы және т.б. әдістерді кеңінен пайдалану арқылы болашақ педагогтардың процессуалды-әрекеттік компонентін қамтамасыз ететін шығармашылық әрекетінде ұйымдастыруы мен өзіндік бақылауы белсенді тұлғаны дамытуды іске асырдық.

Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда базалық педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту негізінде берілген материалды өздері түсініп, сол тақырып төңірегінде өзіндік ой айта алатын, ойлау шеңберін кеңейтетін тапсырмаларды дайындауы қажет. Біз тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының қалыптастыру кезеңінде студенттерге педагогикалық-психологиялық білімдер мазмұнын оқып-үйренудегі сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану арқылы: «Студенттер сабақта нені білу керек?», «Қалай білу керек?», «Не үшін білу керек?» – деген сұрақтар төңірегінде жұмыс

жасаудың әдіс-тәсілдерін меңгерте отырып, сабақты өткізу барысында: «Мен нені бақыладым?», «Ойлаған ойым жүзеге асты ма?» сұрақтары туындаған кезде өзінің іс-әрекетіне талдау жасап, өзін-өзі бақылып, өзін-өзі жетілдіріп, ой қорытып, өзін-өзі бағалау арқылы құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған жұмыстар ұйымдастырылды.

Тақырып туралы ой-толғаныс кезеңінде студенттердің өзіне баға беру, кері байланыс жасай алу машықтары дамиды. Күнделікті оқыту үдерісінде студенттің толғанысын ұйымдастыру өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Студенттер өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда студенттер бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлен», «Венн диаграммасы», «Семантикалық карта», «СТОП-кадр», «ДЖИГСО», «Аквариум», «Галереяны шарлау», «Коллаж әңгіме» және т.б. [255] ала қолданылады.

Кредиттік оқыту жүйесінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясына негізделген аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда «Ойлан-жұптас-талқыла» стратегиясын қолдануда студент ұсынылған тапсырма бойынша жеке, жұппен, топпен талқылаулар жасап, ортақ шешімге келіп, жеке ой тұжырым жасалды. Бұл жағдайда студенттер бұрынғы игерген білімдерін жаңғыртады, тиісті ақпаратты талдап, жинақтайды. Тәжірибе, бақылау, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және жинақтау жасай алады.

ТРИЗ технологиясы. ТРИЗ (Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы). Бұл технологияның негізгі мақсаты – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту, қалыптан тыс ойлайға үйрету. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Шығармашылық қабілеттер – шығармашылық қиял, шығармашылық ойлау, икемділік, дағды арқылы қалыптасады және оның жылдамдығы, тапқырлығы, дәлдігі алынады [230, 127б.].

Сабақтың басты мақсаты – студенттер кез келген салада жаңа әдіс-тәсілдерді шығармашылық тұрғыдан меңгеруге, қайта құруға бейімдеу.

Сабақ екі бағыт бойынша ұйымдастырылады:

- Сабақ үстіндегі студенттердің аудиториядағы танымдық іс-әрекеті,
- Студенттердің аудиториядан тыс өзбетінше орындалатын іс-әрекеті, бұл бірінші бағыттың логикалық жалғасы болып табылады.

Сабақты ұйымдастырудың кезеңдері:

Диагностикалық кезең. Шығармашылық істерге қабілеті бар студенттерді айқындап, тандап алу. Бұл кезеңде оқытушының рөлі өте жоғары, екеуінің арасында тығыз байланыс болуы керек.

Тақырыпты таңдау, мақсат қою кезеңі. Оқытушының рөлі төмендейді, тек қана кеңесші ретінде қатысуы керек.

Негізгі кезеңі. Студентке мүмкіндік бойынша дербестік беру қажет. Оқытушы – кеңесші.

Қорғау кезеңі. Бұл кезеңде студент пен оқытушы тең құқылы серіктес болу керек. Олар өздерінің таңдаған жолдарын, сәтсіздіктерінің себептерін талдайды.

Психологтардың ойынша, педагогтарда оқу процесінің қорытындысында студенттердің бойында шығармашылық қабілеттері дамыған болуы керек[256]. Мәселен,

- жағдайды талдай білу, яғни себеп-салдар байланысын анықтай білу, алдын-ала оның салдарын білу;

- ақпаратты ықпалдау және жинақтау, яғни ақпаратты ұйымдастыру және қорытынды жасау;

- қарама-қайшы әңгімені қабылдау мәселе қою және шешу;

- дивергенциялық ойлау (икемділік, шапшаңдық, біртумалық);


- процесс пен қорытындыдан көркемдік сезіну.

Бұл қабілеттер болу үшін ең алдымен тіл байлығы, сөз қоры мол болуы керек.

Қорыта айтқанда, ТРИЗ технологиясы негізінде жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту – бұл ішкі үдеріс, адамның орта әсеріне белгілі бір жауап беру тәсілі, өзін саналы түрде жетілдіруге ұмтылысы. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту – пәндік және танымдық бағытты қамтитын шығармашылық әрекетінің ерекше түрі.

Сонымен, осы жоғарыда көрсетілгендерге негізделе отырып, зерттеу барысында студенттің шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдістемесін құрастырдық.

Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістемесі



5-Сурет. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдістемесі

Жоғарыда қарастырылған суреттен кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістемесінің алгоритмі мен жүйесін байқауымызға болады.

Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістемесінің мазмұны мен жүйесін анықтау үшін 2.2; 2.3 параграфтарда қарастырылған психологиялық-педагогикалық шарттарды және модельдің әрбір құрылымдық компоненттерімен өзара байланыстырылып, талдаулар жасалынды. Бұдан, біз студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелері қазіргі таңда ЖОО-да заманауи өзекті педагогикалық-психологиялық мәселе екендігіне күмән келтірілмейді және оны стратегиялық тұрғыдан дамыту үшін отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстыра отырып, жан-жақты, әрі терең зерттеуді қажет етеді.

Сонымен, шығармашылық қабілеттерді дамытуға мақсат алған эксперименталды топтың жұмысы кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістемесінің мазмұны мен жүйесін аталған үш бағыт негізінде жүргізіледі. Жүргізілген эксперименталды жұмыстың нәтижелері келесі 3.3 параграфта қарастырылады.

3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері мен болашағы

Бұл параграфтың мақсаты – тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелерін және болашағын айқындау. Сондай-ақ, анықталған құрылымдық-мазмұндық моделді және психологиялық-педагогикалық шарттар мен «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты әдістемелік бағдарламаның тиімділігін жүзеге асыруға бағытталды.

ЖОО-дағы оқу-тәрбие үдерісінде егер келесі психологиялық-педагогикалық шарттармен байланыстырылып іске асырылса, онда студенттердің шығармашылық қабілеттері оң нәтиже береді:

Психологиялық шарттары:

1. *Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін диагностикалау* – оқу-тәрбие жүйесінде әр студенттің жас және дара мүмкіндіктерін есепке ала отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін педагогикалық және психологиялық әдістемелер арқылы тану және зерттеу жұмыстарын жүргізу.

2. *Ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық ортаны құру* – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық ортаны құрып, сол ортада үйлесімді психологиялық ахуал тудыруға жағдай жасау.

3. *Студенттерді өзіндік іс-әрекетіне рефлексия жасауға бағыттау* – студенттердің оқытушының басшылығымен және өзбетінше дербес орындалған

шығармашылық жұмыстарына өзіндік талдау жасай білуге мүмкіндіктер тудыру.

Педагогикалық шарттар:

1. *Өздік білім беру траекториясын құру*- білім беру бағдарламаларына негізделу – отандық және шетелдік білім мен тәжірибе негізінде, жұмыс берушілердің сұраныстарына сай студенттің тұлғасын дамытуға бағдарланған білім беру бағдарламасы.

2. *СӨЖ, СОӨЖ тапсырмаларын түрлендіру*- студенттер өздік жұмыстарды орындай отырып, сыни ойлауы және шығармашылық қабілеті дамып, түрлі ақпарат көздерінен белгілі тақырыпта жаңа ақпарат таба білуге, өз ойын, пікірін қосуға үйренеді.

3. *Инновациялық, цифрлық ресерстарды қолдану* – ЖОО-дағы кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда заманауи цифрландырылған технологияларды оңтайлы пайдалана білуі.

Біздің зерттеуіміздің эксперименттік бөлімінің мақсаты – кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайларды зерттеу.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңінде әрбір шарттың студенттің шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейіне әсер етуінің тиімділігін тексердік. Осыған байланысты тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының екінші кезеңі психологиялық-педагогикалық шарттар мен «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курстың тиімділігін тексеруден тұрады. Тәжірибе ретінде 2 академиялық топ (54 адам) және 1 топ – бақылау тобы (52 адам) таңдап алынды.

Эксперименттік топтарда «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курсы пәндік, психологиялық және танымдық бағыттағы пікірластар, ғылыми семинарлар, конференциялар, шығармашылық тапсырмаларды орындау және әзірлеу енгізілді. Бақылау тобында толық емес танымдық шығармашылық мамұнды қамтитын тапсырмалар берілді, шығармашылық қабілеттер оқу пәндерінің мазмұнында қарастырылады.

12-Кесте. «Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» бойынша тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың құрылымдық-мазмұндық сипаттамасы

Бағыт атауы	Білім берудің интенсивті компоненттері	Мақсаты	Зерттеу әдістері	Дидактикалық әдістер мен стратегиялар
1	2		5	6
Пәндік (эксперименттің 1-2 кезеңі: анықтаушы, қалыптастыру)	«Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» пәні бойынша лекция, семинар сабақтары	Студенттердің сыни ойлауы мен ізденімпаздығын, шығармашылық тұлғалық сапалары мен қабілеттерін дамыту	Байқау талдау, сауалнама	Электронды оқу құралдары, белсенді оқыту, ынтымақтастық оқыту педагогикасы
Танымдық (эксперименттің 2-3 кезеңдері: қалыптастырушы, бақылау)	«Мектепалды даярлық тобында балалардың оқу-таным іс-әрекетін ұйымдастыру», «Бастауыш мектепте үйірме жұмысын ұйымдастыру әдістемесі», «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» пәндері бойынша СОӨЖ, СӨЖ сабақтары	Психологиялық-педагогикалық пәндерді оқыту арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын білу, өз кәсіби тәжірибесінде пайдалана алу; интерактивті әдістерді және заманауи оқу технологияларын меңгеріп, оны шығармашылық ойлауда, білім сапасын дамытуда тиімді қолдана білу	Бақылау, байқау, сұхбат, сауалнама	Реферат, пікір алмасу, салыстырмалы талдау жасау, талдау, сараптау
Психологиялық (эксперименттің 2-3 кезеңі қалыптастырушы, бақылау)	Психологиялық тренингтер, Е.Торренстің «Суреттерді аяқтау» тесті, Вильямстың «Дивергентті ойлау» тесті және т.б.	Академиялық оқу топтарында Психодиагностикалық әдіс-тәсілдер және т.б. психологиялық тренингтерді ұйымдастыру арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту	Бақылау, сауалнама, әңгімелесу, пікірталас	Өзінің «Менін» ұғыну. «Жеке және командалық даму». «Тұлғалық өсу»; «Креативтілік туралы пікір қалыптастыру».

Құрылымдық-мазмұндық сипаттамадан көріп тұрғанымыздай, әрбір бағыт студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған және белгілі бір кезеңде іске асырылады.

Зерттеу мақсатымызға сәйкес, пәндік бағытты зерттеу эксперимент жұмыстарының анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдерінде жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысының анықтаушы кезеңінде пәндік бағытта байқау, сауалнама, дидактикалық процесті бақылау және т.б. зерттеу әдістері жүргізілді.

«Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» элективті курсы негізінде болашақ педагогтарға білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдіснамалық-теориялық негіздері, психологиялық-педагогикалық шарттары, моделі, әдістемесі туралы білімдер игеріледі. Бұл білімдердің студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дамуына деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық деңгейін арттыруға өз әсерін тигізуге әсер етеді.

Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» элективті курсының маңыздылығын айқындау үшін сауалнама сұрақтары құрастырылып, студенттерге жүргізілді.

Жүргізілген сауалнама сұрақтарының мазмұны:

1. «Шығармашылық», «шығармашылық қабілет» ұғымдарын қалай түсінесіз?

2. Психологиядағы «Шығармашылық қабілет» мәселесі жеке адамның қандай психикалық құбылыстарымен байланысады?

3. Қоғамға шығармашылық қабілетті тұлға қажет деп ойлайсызба?

Жүргізілген сауалнама сұрақтарының мазмұнын талдайтын болсақ, мысалы:

Бірінші сұраққа 54 студенттің 20-ы, 47,6 пайызы жаңалық ашуға ұмтылатын адамның әрекеті, қасиеті деп қарастырса, 15-і, 35,7 пайызы қабілеттің бір түрі десе, 7-і 16,6 пайызы адамның шығармашылық белсенділігі деп жауап берген.

Екінші сұраққа, 54 студенттің 24-ы, 57,1 пайызы қабілет мәселесінің маңызды бір түрі деп қарастырса, 12-і, 28,5 пайызы жеке адамның маңызды тұрлаулы психикалық қасиеттерінің бірі десе, 6-ы 14,2 пайызы адамның белсенді психикалық іс-әрекетімен деп жауап берген.


Үшінші сұраққа, 54 студенттің 23-і, 54,7 пайызы қоғамға бәсекеге қабілет мамандардың қажеттілігі деп қарастырса, 12-і, 28,5 пайызы қоғамға жаңалық ашуға қабілетті тұлғаның аса қажеттілігі жөнінде айтса, 7-і 16,6 пайызы адамның шығармашылығы қоғамға пайда келтіретін тұлға деп жауап берген.

13-Кесте. «Пәндік» бағыт бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері

Деңгейлері	Эксперименттік топ % (54 студент)	Бақылау тобы % (52 студент)	Эксперименттік топ% (54 студент)	Бақылау тобы % (52 студент)
	Қалыптастырушы экспериментке дейін		Қалыптастырушы эксперименттен кейін	
Жоғары	25 (47,6)	26 (50,6)	35 (68,1)	26 (50,6)
Орта	20 (35,7)	19 (34,5)	15 (22,7)	19 (34,5)
Төмен	9 (16,6)	7 (14,8)	4 (9,5)	7 (14,8)

Жоғарыдағы кестеден байқап отырғанымыздай, авторлық бағдарламаның бірінші бағыты бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының оң нәтиже бергендігін және қалыптастыру жұмыстарының тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар, авторлық бағдарламаның бірінші бағыты бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының даму динамикасының өсуі, яғни дамуы бар екендігін көруге болады. Оны келесі б-суреттен көруге болады.

б-Сурет. «Пәндік» бағыт бойынша кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерінің даму динамикасы



Жоғарыдағы суреттен, студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дамуында анықтаушы экспериментке қарағанда әлдеқайда ілгерілеушілік бар екендігі байқалады.

Дегенмен, біз дайындаған бағдарламаның пәндік бағыттағы зерттеу жұмыстарын одан әрі жетілдіру үшін, екінші бағыт – танымдық бағыттағы жұмыстардың маңызы зор.

Екінші бағыт – танымдық бағыттағы жұмыстар «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі»; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарына сәйкес,

«Мектепалды даярлық тобында балалардың оқу-таным іс-әрекетін ұйымдастыру», «Бастауыш мектепте үйірме жұмысын ұйымдастыру әдістемесі», «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» пәндерін оқыту арқылы жүзеге асырдық. Біз зерттеу жұмысының барысында аталмыш пән бойынша оқу-әдістемелік кешен даярлауда және осы пәндердің СОӨЖ сабағына қосымша тақырыптар енгізіп, өз үлесімізді қостық. Мәселен, «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» элективті курсы бойынша ғылыми-әдістемелік ұсынысымыз бойынша диссертациялық жұмыстың 3.2 параграфында айтылып өткен.

Зерттеу жұмысының қалыптастыру кезеңінде біз ұсынған танымдық бағыттың негізгі мақсаты: «Мектепалды даярлық тобында балалардың оқу-таным іс-әрекетін ұйымдастыру», «Бастауыш мектепте үйірме жұмысын ұйымдастыру әдістемесі», «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» психологиялық-педагогикалық пәндерін оқыту арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын білу, өз кәсіби тәжірибесінде пайдалана алу; интерактивті әдістерді және заманауи оқу технологияларын меңгеріп, оны шығармашылық қабілеттердің ойлауда, білім сапасын дамытуда тиімді қолдана білуді көздейді. Осы мақсатты жүзеге асыруда студенттердің психологиялық білімдерін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағыттау жұмыстары жүргізілді.

Жоғарыда сипатталған әдістемелер зерттеу барысында жүргізілген тәжірибелік экспериментте сыннан өткізілді. «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курстың мазмұнын жүзеге асыру барысында студенттердің дара тұлғалық қабілеттерін, кәсіби әрекетін жаңашылдық талаптарға сай ұйымдастыру, пәніне қатысты жаһандық жаңалықтарды тиімді пайдалана алу, шығармашылық іс-әрекет пен қабілеттерді меңгерту сипатындағы жаттығулар мен тапсырмалар сынақтан өткізілді. Сонымен қатар, академиялық оқу топтарында студенттердің аудиториядан тыс ұйымдастырылатын өзбетінше жұмыстарында білім алушылардың шығармашылық дағдысы, өмір бойы оқу қабілеті, сыни тұрғыда ойлау қабілеті, шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналады.

Әр тақырыптың мазмұнына сай таңдалып алынған әдістер мен жұмыс түрлерінің ең алдымен тақырыптың мазмұнын терең ашудағы әлеуетіне баса назар аударылды. Мазмұнның мағынасын ашуға көмектесетін әдістерді дұрыс таңдау міндетін жүктеді. Сонымен қатар студенттердің біз іздестіріп отырған шығармашылық қабілеттерінің дамуына тиімді әсер етуі ойластырылды. Таңдалған әдістермен білім алу жұмысын ұйымдастыруда студенттердің субъектілігіне, бірлесіп тануға, білім мен тәжірибе жинақтауға жағдай жасалуына, талданып отырған жағдаятты басынан өткізулеріне көңіл бөлінді. Студенттерге өте қажет педагогикалық әрекетті жүзеге асырудағы шығармашылық, өзін-өзі ұйымдастыра алу мен жасаған жұмысына рефлексия жасай алуға қабілеттіліктің дамуына ықпал ету басты

назарда ұсталды. Бұл бағыттың мақсатын жүзеге асыру мақсатында білім алушылармен бірге бақылау, байқау, сұхбат, сауалнама жүргізілді.

Екінші танымдық бағыттағы жұмыстарды жетілдіру мақсатында сауалнама жүргізіліп, деректерді өңдегеннен кейін келесі нәтижелер алынды:

1. Мамандықты таңдауда ықпал еткен факторлар?
2. Педагогикалық мамандық қандай шығармашылық дағдыларға ие болады?
3. Сіз қандай шығармашылық дағдыларға ие болдыңыз?
4. «Сіз бос уақытында қандай іс-әрекетпен шұғылдануды ұнатасыз?»

Жүргізілген сауалнама сұрақтарының мазмұнын талдайтын болсақ, мысалы:

Бірінші сұраққа 54 студенттің 23-ы, 40,9 пайызы ата-аналарының кеңесі, бағыт-бағдары деп қарастырса, 15-і, 27,2 пайызы бұқаралық ақпарат құралдарының және жарнамалардың әсері десе, 16-і, 31,8 кездейсоқ келгендерін айтып өткен.

Екінші сұраққа 54 студенттің 16-ы, 29,4 пайызы компьютерді жақсы білуі қажет деп қарастырса, 22-ы, 43,1 пайызы ізденімпаздық қабілет болуы керек десе, ұйымдастырушылық қабілет болуы маңызды 16-і, 29,5 пайызы кездейсоқ келгендерін айтып өткен.


Үшінші сұраққа 54 студенттің 16-і, 31,8 пайызы спорттық іс-шараларға қатысқаны бойынша қарастырса, 12-ы, 22,2 пайызы пәндік олимпиадаларда жүйелі қатысқаны туралы айтып өтсе, 26-ы, 45,4 пайызы түрлі қоғамдық іс-шараларға жиі белсенді қатысатындығы жайында айрықша көрсеткені анықталды.

Төртінші сұраққа 54 студенттің 25-ы, 47,6 пайызы кітап оқуды, қызықты телешоуларды көруді, достарымен серуендеуді және музыка тыңдауды ұнататындықтарын білдірсе, 15-і, 29,4 пайызы түрлі шығармашылық бағыттағы спорт секциялары мен үйірмелеріне қатысуды ұйғаратындықтарын айтса, 14-і, 29,4 пайызы ғылыми жобалармен айналысуды ерекше құптайтындықтары анықталды.

14- Кесте. «Танымдық» бағыт бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері

Деңгейлері	Эксперименттік топ % (54 студент)	Бақылау тобы % (52 студент)	Эксперименттік топ% (54 студент)	Бақылау тобы % (52 студент)
	Қалыптастырушы экспериментке дейін		Қалыптастырушы эксперименттен кейін	
Жоғары	25 (47,6)	27 (50,6)	30 (56,8)	27 (50,6)
Орта	17 (31,8)	18 (34,5)	20 (38,6)	18 (34,5)
Төмен	12 (22,2)	7(14,8)	4 (4,5)	7 (14,8)

Жоғарыдағы кестеден байқап отырғанымыздай, авторлық бағдарламаның екінші бағыты бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының оң нәтиже бергендігін және қалыптастыру жұмыстарының тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар, авторлық бағдарламаның екінші бағыты бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының даму динамикасының өсуі, яғни дамуы бар екендігін қоруге болады. Оны келесі 1-суреттен көруге болады.



7- Сурет. «Танымдық» бағыт бойынша кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерінің даму динамикасы

Қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топтың компоненттері бойынша көрсеткіштерінің жоғарылағанын диаграммадан байқаймыз.

Студенттердің кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда өзбетінше берілген тапсырмалар бойынша орындалған жұмыстар нәтижелері, түрлі тақырыптарда өткізілген пікірталастар, әңгімелер мазмұны олардың кәсіби құзыреттілігінің деңгейін өзгерісін байқатты.

Қорытындылай келе, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың танымдық бағыттағы зерттеу жұмыстары кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесіне қатысты теориялық білімдерін, іскерлік дағдысын арттырудағы мүмкіндігінің зор екендігіне көз жеткіздік. Бұл зерттеу жұмысының алға қойған мақсаттарының орындалғанын, зерттеудің ғылыми болжамының дәлелденгендігін көрсетеді.

Бағдарламаның үшінші бағыты – психологиялық бағыттағы зерттеу жұмыстары. Бұл бағыттың мақсаты – студенттердің кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту көздейді.

Тәжірибелік эксперименттік жұмыста студенттердің кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға

бағытталған психологиялық тренингтер жүргізілді. Олардың тақырыптары жұмысымыздың 3.2. параграфында берілді. Психологиялық тренингтердің әр тақырып бойынша білім алушылар, яғни, студенттер шығармашылық іс-әрекет, шығармашылық қабілет, шығармашылық дамудың кәсіби маңыздылығын ұғынды.

Жоғарыда аталған зерттеу жұмысының бағытына сәйкес, біз таңдаған психологиялық бағыттағы әдістемелер мен сауалнамалар, тесттер кәсіби құзыреттіліктің көрсеткіштеріне сәйкес таңдалды. Нәтижесінде ғылыми тұрғыдан дәлелденген төрт әдістеме іріктелді және авторлық сауалнама әзірленді. Құрастырылған авторлық сауалнаманың мазмұнын Ә-Қосымшасынан көруге болады.

Оларды жүргізу үшін эксперименттік және бақылау топтары анықталып, жасалған жоспарға сәйкес таңдалған психологиялық бағыттағы әдістемелерді пайдалана отырып, диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Жүргізілген психологиялық бағыттағы әдістемелер мен сауалнамалар, тесттердің толық мазмұнын А-Қосымшасынан көруге болады.

Студенттердің шығармашылық қабілетінің дамуы деңгейін бағалау үшін келесі өлшемдер таңдалды:

1) мотивациялық-тұлғалық: Шығармашылық қабілетін дамытуға ынтасы, ерік-жігері, қажеттілігі мен тұлғалық қасиеттерін нақты қоя білуі; 2) Танымдық-мазмұндық: «Қабілет», «шығармашылық қабілет» ұғымдарының мәні мен мазмұнын түсінуі, шығармашылық қабілеттерді дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары мен модельдің құрылымдық мазмұнын білуі; 3) Процессуалды-іс-әрекеттік: Кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық іс-әрекет ортасын құра білуі, шығармашылық қабілеттерді дамытудың педагогикалық-психологиялық құралдарын қолдана алуы, іс-әрекет барысында шығармашылық қиялы мен белсенділігін көрсете алуы.

Эксперименттің анықтаушы кезеңінде кеңінен пайдаланылған психологиялық-диагностикалық әдістемелер жиынтығы студенттердің шығармашылық қабілетінің үш деңгейін анықтауға мүмкіндік берді: жоғары, орта, төмен.

Жоғары деңгей – кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамытуды қажетсінуі, мәнін түсінуі, өзін-өзі ынталандыруы жақсы дамығандығы, ерік-жігерінің жоғары деңгейде болуы, шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру білігі жоғары деңгейде қалыптасқандығы, өзін-өзі бақылай алуы, өзін үздіксіз дамытуы, алдына мақсат қоя білуі, өзінің іс-әрекетін жүйелі түрде бағыттап, өзін-өзі жетілдіруі, шығармашылық іскерлігі мен ептілігі жақсы дамығандығымен сипатталады.

Орта деңгейі – кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамыту қажеттілігін аса түсіне бермеуі, мәнін түсінуі, шығармашылық іс-әрекетпен айналысуда өзін-өзі ынталандыруы аса байқалмауы, шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруда қызығушылығы мен ұмтылысының байқалуы, ерік-жігерін көрсете бермеуі, ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалану ептілігі орташа, шығармашылық іс-әрекетті өздігімен ұйымдастыруды толықтай іске асыра алмауымен ерекшеленеді.

Төмен деңгейі. Кредиттік оқыту жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамытудың қажеттілігін, маңыздылығын түсінбейді, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынтасы жоқ, білім алуға жігері төмен, шығармашылық қабілеттерін дамытудың механизмі туралы білімі жоқ, құрылымдық мәндік сипаттамасын білмейді; формаларын, құралдарын, әдістері туралы хабарсыз, шығармашылық қабілеттерін дамытуда ақпараттық-қатынастық технологияларды қолдану ептілігі төмен деңгейде, шығармашылық іс-әрекетті өздігімен ұйымдастыру ептілігін іске асыра алмайды, тек қана басқа біреудің айтқандарын ғана дұрыс орындайды, шығармашылық қабілеттерін дамытуда өзін-өзі бақылау жүргізілмейді, шығармашылық қабілеттерін дамытумен айналыспайды, алдына қойған мақсаты жоқ, өзін-өзі жетілдіру іс-әрекеті, іскерліктеріне өздері де сенімді емес.

Тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелерін сандық бағалау әдістері арқылы шығармашылық қабілеттердің қандай да бір деңгейіндегі студенттердің пайыздық көрсеткіштері бойынша жүргізіледі. Біз мұнда *зерттелетін сапаның қалыптасу деңгейін айқындау үшін келесі көрсеткіштерін пайдаландық:*

- студенттердің шығармашылық қабілеттер деңгейінің сандық өсуін көрсететін орташа көрсеткіш (ОК) мұндағы а, b, с – шығармашылық қабілеттің төмен, орта, жоғары деңгейлеріндегі студенттер санының пайыздық көрсеткіші;

- студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту деңгейінің (немесе өлшемінің) соңғы және бастапқы мәндерінің айырмашылығын көрсететін абсолютті өсім (G) көрсеткіші формула бойынша есептелген:

$G = P_{\text{соңғы}} - P_{\text{баст}}$ > $P_{\text{баст}}$ – көрсеткіштің бастапқы мәні; $P_{\text{соңғы}}$ – көрсеткіштің соңғы мәні; $K_{\text{эф}}$ – формула бойынша есептелетін эксперименттік әдістеме тиімділігінің коэффициенті: $K_{\text{эф}} = O_k(\text{э})/O_k(\text{б})$, $O_k(\text{э})$ – эксперимент тобының орташа көрсеткішінің мәні; $O_k(\text{б})$ – бақылау тобының орташа көрсеткішінің мәні. Эксперименттің тексеру кезеңінде тәжірибелі топ студенттерінің шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру деңгейінің сапалы өсуін бағалауды бақылау тобының студенттерінің бастапқы деңгейіне және шығармашылық қабілет деңгейіне қатысты математикалық статистика әдістерінің көмегімен жүргізуге болады.

Зерттеу нәтижелерін талдау үшін «хи-квадрат» критерийі қолданылды 1-кестеде ұсынылған эксперимент басындағы кескін нәтижелері педагогикалық эксперимент жүргізілгенге дейін бөлінген көрсеткіштер бойынша тәжірибелік және бақылау топтарында ерекше айырмашылық болмағанын көрсетеді. Бұл туралы, атап айтқанда, критерийлер бойынша орташа көрсеткіштер (ОК) (эксперименттік топта 2,8 және – бақылау тобында – 2,9) мәндерін куәландырады. Зерттеуде біз зерттелетіндерді кездейсоқ таңдаумен айналысатын болсақ, онда анықталған деңгейлердің арақатынасы ұқсас деп болжауға болады. Бұл бізге эксперименттің тиісті кезеңінде шынайылығы жоғары эксперимент тобын бірдей іріктеуге бақылау тобын іріктеуді санауға және одан әрі «хи-квадрат» критерийін есептеу кезінде 5%-дық маңыздылық деңгейін қабылдауға мүмкіндік берді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың соңында әрбір өлшем бойынша

орташа көрсеткіштер тәжірибелік және бақылау топтарында өсті. Алайда, эксперименттік топтарда өсу айтарлықтай дәрежеде көп көрініс береді. Мәселен, мотивациялық-тұлғалық өлшем бойынша тәжірибелік топтарда орташа көрсеткіш 2,45 есеге, ал бақылау тобында тек 1,3-ке өсті.

Қалыптастырушы эксперимент барысында эксперимент тобы студенттерінің шығармашылық қабілетінің мотивациялық-құндылық компонентінің даму деңгейі айтарлықтай өзгерді. Алынған нәтижелерді талдау мотивациялық өлшем бойынша жоғары және орта деңгейдегі тәжірибелік топ студенттерінің саны 24,5-тен және 27,6%-ға өскенін куәландырады. Бақылау тобында студенттердің үлесі жоғары және орташа деңгейде 5%-ға өсті. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында біздің бағдарламаны қолдану жағдайында жүйелі, мақсатты, арнайы ұйымдастырылған жұмысқа төмен және ынталылық деңгейдегі студенттер санының өзгеруінің тәуелділігі анағұрлым айқын көрінеді: эксперименттік топтарда ол 28,31 және 16,99 %, ал бақылау топтарында тиісінше 4 және 8% төмендеді. Жүргізілген жұмыстың оң нәтижесі студенттердің оқу іс-әрекетіндегі белсенділігін, қызығушылығын, жаңа білім алу үдерісіне құндылық ретінде көзқарасын, эмоциялық көңіл-күйін көтеру болды. Бақылау және эксперимент тобында диагностика нәтижелерін салыстыру студенттердің шығармашылық қабілетінің танымдық-мазмұндық компонентін дамытуда эксперименттік бағдарламаны іске асырудың тиімділігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Эксперименттің соңына қарай эксперимент тобында жоғары және орта деңгейі бойынша бақылау абсолюттік өсімімен салыстырғанда 21,6 және 25,7%-ға артты, ынталылық деңгей бойынша ең үлкен құлдырау эксперимент тобында тиісінше 28,3 және 22,3%-ға (бақылау тобында – 3 және 5%-ға) белгіленді.

Процессуалды-іс-әрекеттік компоненті диагностикасының нәтижелері эксперимент тобы студенттерінің шығармашылық қабілеттер дамуының оң динамикасын көрсетті, бақылау тобында айтарлықтай динамика байқалған жоқ.

Шығармашылық қабілеттер дамуы туралы біз студенттердің өмірлік, әлеуметтік, философиялық қарама-қайшылықтары мен мәселелерін, ұсынған болжамдардың саны мен әртүрлі жоспарлануын, шешім таңдау мен оны түсіндірудің өзіндік «көзқарасы» бойынша бағаладық.

Тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының қорытынды кезеңі барысында кестеде көрсетілген бақылау тобымен салыстырғанда тәжірибелі топтарда шығармашылық қабілеттердің даму деңгейінің оң динамикасы анықталды. Осылайша, эксперимент соңында шығармашылық қабілеттер деңгейі төмен экспериментті топ студенттерінің саны 23,5%-ға азайды, бақылау тобында 13%-ға қарама-қарсы болды. Шығармашылық қабілеттер дамуының орта деңгейі бар экспериментті топ студенттерінің саны 19,4%-ға азайды, бақылау тобында 3%-ға қарсы. Эксперименттік топтарда шығармашылық қабілеттердің жоғары деңгейі бойынша бақылау өсімімен салыстырғанда 19,2%-ға артық. Шығармашылық қабілеттердің орта деңгейі дамыған эксперимент топтағы студенттер үлесі бақылау тобындағыға қарағанда 13% - ға артық.

Қалыптастырушы эксперименттің соңында бақылау және эксперименттік

топтардағы шығармашылық қабілеттердің күйіне салыстырмалы талдау жасаймыз.

Шығармашылық қабілеттің қалыптасқандығын деңгейлері бойынша бөлудің нәтижелерін кесте түрінде және гистограмма түрінде ұсынамыз.

Қалыптастырушы экспериментті жүзеге асыру барысында эксперименттік және бақылау топтарында инновациялық технологиялар көмегімен шығармашылық қабілеттің деңгейлерінің өзгеру динамикасы зерттелді.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелері педагогикалық арнайы курстар бойынша сабақтарда инновациялық технологиялар арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың тиімділігі жайлы теориялық болжамдар дәлелденді.

Тәжірибелі-эксперименттік мәліметтерді бағалау тұтастай алғанда біз жасаған бағдарламаның үш кұраушыны есепке алатынын анықтады: мотивациялық-тұлғалық, танымдық-мазмұндық, процессуалды-іс-әрекеттік. Олар өз кезегінде жеке тұлғаның инновациялық технологиялар арқылы шығармашылық қабілеттерді қалыптастыруға бағыттылығын анықтайды.


Шығармашылық қабілеттердің деңгейлері анықталды: жоғары, орта, төмен.

15-Кесте. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту «кесінділерін» зерттеу нәтижелері (%).

№	Топтар	Деңгей	Бастапқы «кесінді»		1- «кесінді»		2 – «кесінді»	
			Студент саны	%	Студент саны	%	Студент саны	%
1	Эксперименттік топ (54 адам) ЭТ	төмен	25	50,0	21	36,4	14	20,0
		орта	21	40,9	25	50,0	28	58,3
		жоғары	6	9,1	8	13,6	12	16,7
2	Бақылау тобы (52 адам) БТ	төмен	26	50,0	28	52,4	24	47,6
		орта	18	38,1	18	33,3	17	33,3
		жоғары	7	11,9	7	14,3	11	19,1

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыста бастапқы «кесінді» (срез), содан кейін бірінші «кесінді», содан соң екінші, аяқтаушы «кесінді» жүргізілді.


Оған 106 адам қатысты, олардың ішінде 54 студент эксперименттік топта (ЭТ), 52 адам бақылау тобында (БТ).



8-Сурет. Эксперименттік топтағы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуды зерттеу нәтижелері

Мысалы, эксперименттік топта (ЭТ) бастапқы «кесіндіде» студенттердің шығармашылық қабілеттерінің деңгейі келесідей көрсеткіштер көрсетті: төмен – 50,0% (26 адам); орта – 40,9% (21 адам); жоғары – 9,1% (6 адам); Бірінші «кесіндіде» студенттердің шығармашылық қабілеттерінің деңгейін келесі көрсеткіштері көрсетті: төмен – 36,4% (21 адам); орта – 50,0 % (25 адам); жоғары – 13,6 (8 адам).

Екінші соңғы кезеңде студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дамуын сынау келесідей көрсеткіштер көрсетті: төмен – 20,0 % (14 адам); орта – 58,3% (28 адам); жоғары – 16,7 (12 адам).



9- Сурет. Бақылау тобындағы студенттердің шығармашылық қабілеттілігінің «кесінділерін» зерттеу нәтижелері

Мысалы, тәжірибелік-эксперименттік жұмыста бақылау тобында (БТ)

бастапқы «кесіндіде» студенттердің шығармашылық қабілеттерінің деңгейі келесідей көрсеткіштер көрсетті: төмен – 50,0% (26 адам); орта – 38,1% (19 адам); жоғары – 11,9 (7 адам).

Бірінші «кесіндіде» студенттердің шығармашылық қабілеттерінің деңгейі келесідей көрсеткіштер көрсетті: төмен – 52,4% (27 адам); орта – 33,3% (17 адам); жоғары – 14,3 % (8 адам).

Екінші соңғы кезеңде студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дамуын «кесіндісінде» келесідей көрсеткіштер көрсетті: төмен – 47,6% (25 адам); орта – 33,3% (17 адам); жоғары – 19,1% (10 адам).

Эксперименттік мәліметтерді статистикалық өңдеу эксперименттік топтағы студенттерде бақылау тобындағы студенттерге қарағанда бағдарламаны іске асырғаннан кейін бұл педагогикалық құраушылар статистикалық сенімді дамығанын көрсетті.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың нәтижелілігі жайлы инновациялық технологиялар арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дамығандығының деңгейлерін «кесінді» көрсеткіштері бойынша айтуға болады.

Соңғы бақылау сынағының нәтижелері біз дайындаған инновациялық технологиялар арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша оқу сабақтарының үлгісі мен бағдарламасы педагогикалық мамандық студенттерінің шығармашылық қабілеттері мен креативтілігін дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Осылайша, эксперименттік топ жағдайында шығармашылық қабілеттің деңгейінің арту тенденциясы қарастырылып отырған әдістемені қолдана отырып бағдарламалау курсына оқып-үйрену сатысында байқалғанын айтуға болады.

Бақылау тобы үшін шығармашылық қабілеттердің деңгейінің бастапқы және соңғы өлшеуге қатысты артуы тек қорытынды байқауда едәуір байқалды.

Сонымен, қалыптастырушы зерттеудің міндеттері толықтай орындалды:

- «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері», «Мектепалды даярлық тобында балалардың оқу-таным іс-әрекетін ұйымдастыру», «Бастауыш мектепте үйірме жұмысын ұйымдастыру әдістемесі» сияқты педагогикалық пәндерді оқып-үйрену барысында «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі»; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» білім беру бағдарламасы студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың жаңа әдістемесі жасалды және тәжірибеден өткізілді;

- Эксперимент барысында студенттердің шығармашылық қабілеттерінің қалыптасқандығының деңгейінің динамикасы зерттелді.

Демек, біз эксперименттік топ студенттерінің эксперимент аяқталған кезде бақылау тобы студенттерімен салыстырғанда шығармашылық қабілеттерінің қалыптасқандығының деңгейі едәуір артуына қол жеткіздік.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту моделінің құрылымдық әдістемесі дәлелденді, ал бұл әдістемені ЖОО-ның оқу жұмысына ендірудің оң нәтижесін алу үшін

келесідей психологиялық-педагогикалық шарттардың тиімділігін айқындауға тырыстық:

1. Өздік білім беру траекториясын құру- білім беру бағдарламаларына негізделу – отандық және шетелдік білім мен тәжірибе негізінде, жұмыс берушілердің сұраныстарына сай студенттің тұлғасын дамытуға бағдарланған білім беру бағдарламасы.

2. СӨЖ, СОӨЖ тапсырмаларын түрлендіру.

Студенттер өздік жұмыстарды орындай отырып, сыни ойлауы және шығармашылық қабілеті дамып, түрлі ақпарат көздерінен белгілі тақырыпта жаңа ақпарат таба білуге, өз ойын, пікірін қосуға үйренеді.

3. Инновациялық, цифрлық ресерстарды қолдану – ЖОО-дағы кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда заманауи цифрландырылған технологияларды оңтайлы пайдалана білуі.

Психологиялық шарттары:

Психологиялық шарт – цифрландыру жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда басшылыққа алынатын психологияның негізгі принциптері мен әдіс-тәсілдерінің жиынтығы. Психологиялық шарттары:

1. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін диагностикалау – оқу-тәрбие жүйесінде әр студенттің жас және дара мүмкіндіктерін есепке ала отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін педагогикалық және психологиялық әдістемелер арқылы тану және зерттеу жұмыстарын жүргізу.

2. Ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық ортаны құру – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық ортаны құрып, сол ортада үйлесімді психологиялық ахуал тудыруға жағдай жасау.

3. Студенттердің өзіндік іс-әрекетіне рефлексия жасауға бағытталу – студенттердің оқытушының басшылығымен және өзбетінше дербес орындалған шығармашылық жұмыстарына өзіндік талдау жасай білуге мүмкіндіктер тудыру.

Бақылау зерттеуінің міндеттері толықтай орындалды:

- эксперименттік және бақылау тобы студенттерінің шығармашылық қабілеттерінің қалыптасқандығының жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталды;

- тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелерін сандық және сапалық талдау арқылы жүзеге асырылды.

Сонымен, жүргізілген тәжірибелі-эксперименттік жұмыстардың негізінде біз дайындаған бағдарламаның кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудағы мүмкіндіктерінің зор екендігіне көз жеткіздік.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары мәселесіне арналған диссертациялық зерттеу шеңберінде теориялық және практикалық нәтижелер алынды, соның негізінде келесі *қорытындылар* жасалды:

1. Психологиялық-педагогикалық еңбектерге талдаулар жасау арқылы «Студенттердің шығармашылық қабілеттері» ұғымы нақтыланды. Студенттердің шығармашылық қабілеттері – жеке адамның танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктері негізінде жана бір туындыны ойлап табуға, құрастыруда белсенділікпен, зерттеушілік ізденімпаздықпен мақсатты іс-әрекетті табысты, сапалы, нәтижелі орындауымен ерекшеленетін қабілетінің жоғары даму деңгейі.

2. Цифрландыру жағдайында онлайн форматта оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы оқытушылар мен студенттер әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға мүмкіндіктер беретіні талданды. Психологиялық-педагогикалық шарт – жаһандану үдерісінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда басшылыққа алатын психологиялық-педагогикалық ережелер, принциптер мен әдіс-тәсілдер жиынтығын айтады.

Педагогикалық шарттары: 1. Өздік білім беру траекториясын құру, СӨЖ, СОӨЖ тапсырмаларын түрлендіру, инновациялық, цифрлық ресерстарды қолдану

Психологиялық шарттары: Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін диагностикалау, ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал және шығармашылық ортаны, студенттердің өзіндік іс-әрекетіне рефлексия жасауға бағытталу.

3. Шетелдік ЖОО-ның кредиттік оқыту жүйесі – академиялық курстағы кредитті игеру бойынша уақыт жағынан қатаң регламент сақталмауынан, сабақ кестесі мен ПОҚ-н таңдаудың еркіндігінен, БББ-ң оқу нәтижелері студентке және құзыреттілікке бағытталғандықтан, студенттердің бойында шығармашылық іс-әрекетін, ойлауын, қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Отандық ЖОО-ның кредиттік оқыту жүйесі оқу семестрінің уақыты қатаң сақталуынан, сабақ кестесінің құрылуы топқа бағытталып құрастырылуынан, БББ-ның пәнге бағытталып дайындалатындықтан, студенттерді кәсіби аймақ көлемінде білімдерді терең меңгеруге, креативті ойлауға, жылдам, әрі дұрыс шешім қабылдауға, командаламен жұмыс жасай алуға коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыруға, өмір бойы ізденуге қажетті шығармашыл тұлға болып қалыптастыруға мүмкіндік беретіні айқындалады.

4. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық-тұлғалық; танымдық-мазмұндық; процессуалды-іс-әрекеттіктің тетіктерін айқындайды. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың нәтижесі қазіргі қоғамның сұраныстарына сай келетін бәсекеге қабілетті маманның тұлғалық

және кәсіби бейнесін айқындайтын құрылым болып табылады.

5. Кредиттік оқыту жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдістемесі жасалды және «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курс әзірленді (психологиялық, танымдық, пәндік) және оның тиімділігі эксперимент арқылы тексерілді. «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курс бағыттарымен психологиялық-педагогикалық шарттарды өзара байланыстырып, іске асырылды.

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу қорытындысы бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады:

- Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша жасалған теориялық тұжырымдар, анықтамалар осы педагогика және психология салаларынан теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге ықпал етеді. Бұл теориялық тұжырымдамаларды ЖОО-ның оқу-тәрбие үрдісіне енгізу қажет.

- Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда жоғары оқу орнының кредиттік оқыту жүйесі талаптарына байланысты білім беру кеңістігін заманауи талаптарға сәйкес үйлесімді және тиімді ахуал туындату қажет;

- Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту процесін қамтамасыздандыру үшін заманауи білім беру бағдарламасының мазмұнында шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін оқу пәндері мен оқу нәтижелерін ендіру қажет;

- Ғылыми нәтижелер мен еңбектерді педагогикалық мамандар даярлайтын колледждер мен ЖОО-да пайдалануға болады.

Зерттеу мәселесінің мазмұны күрделі, әрі кең ауқымды болғандықтан толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі іс-әрекетпен, қиялмен және басқада жеке тұлғаның бағыт-бағдарымен өзара тығыз байланыста қарастыра отырып, зерттеу – болашақта ғалым-зерттеушілердің еншісінде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Болонский процесс: середина пути. М., 2005. 378с.
- 2"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.
- 3.Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан – іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауы (2020ж.)
4. Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2020ж.
5. Елбасы Академиясының «Qabilet» қызметі <https://qabilet.elbasyacademy.kz/>
6. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын (04.03.2020ж.) <https://digitalkz.kz/kz/>
7. Елбасы Н.А. Назарбаевтің «Ел Үміті» жобасы «Елбасы Академиясы» корпоративтік қоры/ 2019-<https://inbusiness.kz/kz/last/elbasynyn-el-umiti-bastamasy-talantty-zhastardy-koldajdy>
8. Основы кредитной системы обучения в Казахстане /Под общ. редакции Ж. А. Кулекеев, Г. Н. Гамарника, Б.С. Абдрасилова. – А., КазНУ им. Аль-Фараби, 2004. -198с.
9. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. -340.
10. Әбдікәрімұлы Б., Андасова Б.З. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша болашақ экономистердің өздік жұмысының педагогикалық шарттары. – Астана: Еуразия гуманитарлық институты, 2007. – 258 б.
11. Н.А. Асанов, Ж.Е. Бейсе. Кредитная система обучения в мировых университетах им. эл-Фараби Казахский национальный университет. –Алматы, Казахстан Республики, 2017. -35 б.
12. Құсайынов А.Қ. Развитие образования РК. – Алматы, 2005.
13. Оспанова Б.А. Акмеология: оқулық /Б.А. Оспанова, К.Д. Бейсембаева. – Алматы: ҚР Жоғары оқу орындар қауымдастығы, 2014. – 392б.
14. Бузаубакова К.Ж. Новые педагогические технологии: Учебное пособие. – Алматы: Жазушы. 2004. 208 с.
15. Алметов Н.Ш. Взаимодействие социальных институтов в воспитании культуры межнационального общения в Казахстане [Текст] /Н.Ш. Алметов //Педагогика. – 2010. - № 4. - С. 110
16. Чистохвалов В.Н. Системы накопления и перевода кредитов, используемые в европейских и американских университетах // Материалы к совещанию «Проблемы введения кредитной системы высшего профессионального образования». 25-26 марта 2002 г. – М.: РУДН, 2002.
17. Чучалин А.И. и др. Опыт формирования профессиональных и универсальных компетенций выпускников инженерных программ в зарубежных вузах //Высшее образование в России. 2010. № 10. С. 105–115.
18. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. –Алматы: Ғылым, 1977. -454 б.
19. Уәлиханов Ш. Шығармалары. (5 томдық.) 1-том. Алматы: Ғылым.- 1984/85.
20. Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы». – Алматы, 2003 ж.
21. Тәжібаев Т.Т. Жалпы психология. – КазГУ. – Алматы, 1993.

22. Ж.Аймауытов. Психология. А., «Ғылым» баспасы, 2004.
23. Коменский Я.А. – Антология гуманной педагогики / М.: Издательский Дом Шалвы Амонашвили, 1996. – 224 с.
24. К.Д.Ушинский. Педагогика. М., «Просвещение», 1980
25. Блонский П.П. Избранные педагогические и психологические сочинения. Т. 1-2. – М., 1979.
26. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 234с.
27. Опыт педагогической деятельности С.Т. Шацкого. – М., 1977.
- 28.Ю.П. Азаров. Отбасы педагогикасы. – Москва, 2001ж.
29. Гоноболин Ф.Н. Педагогические способности и их классификация. В кн.: Материалы IV Всесоюзного съезда общества психологов. –Тбилиси, 1971.
30. Н.Я.Виленин За старницами учебника математики. – Москва: «Просвещение» 1989г.
31. Загвязинский В.И. Педагогическое творчество учителя. – М.: Педагогика, 1987.
32. Зайцев Н.А. Кубики Зайцева. Учебное пособие. – Санкт-Петербург, изд-во «Питер», 1999.
33. Кан-Калик В.А. Педагогическая деятельность как творческий процесс. –М.: НИИВШ, 1977. 64 с.
34. Кузьмина Н.В. Методологические проблемы вузовской педагогики. –Л.: ЛГУ,1972. – 183с.
35. Левитов Н.Д.Вопросы психологии характера /Н.Д. Левитов. – Москва: Изд-во СГУ, 2009. – 291с.
36. Никандров Н.Д. «Образование в процессе социализации личности», Вестник УРАО, 2008, №5. (в соавт. С.Н. Гавровым)
37. Раченко И.П. Диагностика развития педагогического творчества учителя. – Пятигорск, 1992. - 196с.
38. Щербаков, А.И. О методологии и методике изучения психологии труда и личности учителя [Текст] / А.И. Щербаков // Психология труда и личности учителя. – Л., 1998. - Вып. 1. - С. 3-29.
39. Сейтешев А.П. Профессиональная направленность личности. Теория и практика воспитания. – Алма-Ата: Наука, 1990.
40. Андреев В.И. Педагогика: Учебный курс для творческого саморазвития. 2-е изд. – Казань: Центр инновационных технологий, 2000. - 608с.
41. Бабанский Ю. Педагогика. М., 1988.
42. Краевский В.В. Методология педагогики: Пособие для педагогов-исследователей/В.В. Краевский. – Чебоксары: Изд-во Чуваш.ун-та, 2001. -243с.
43. Г.Н. Парфенов, «Квантовые логики, игры и равновесия», ТМФ, 169:2 (2011), 259-271.
- 44.Сластёнин В.А. Педагогика творчества. – М., 1991, 270с.
45. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Смысл, Академия, 2005. -352 с.
46. Таубаева Ш. Научные основы формирования исследовательской культуры учителя общеобразовательной школы. Дисс... д.п.н.: 28.11.01.–Алматы, 2001. – 376с.

47. Әбдіғаппарова Ұ.М. Қазақ халықпедагогикасындағы балалар мен жастарды сәндік-қолданбалы өнерге үйретудің ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2008.
48. Кошербаева А.Н. Развитие идей гуманизма в педагогическом наследии Юсуфа Баласагуни: Автореф. ... докт. пед. наук. – Алматы, 2004.
49. Исламгулова С.К. Как технологизировать процесс обучения. – Алматы, Методическое пособие, 2009.
50. Оспанова Б.А. Педагогические основы формирования креативности будущего специалиста в системе университетского образования: автореф. ... док. пед. наук. – Туркестан, 2006. – 41 с.
51. Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту: дис. ... пед. ғыл. док. – Алматы, 2006. – 289 б.
52. Джанбубекова М.З. Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері. – Алматы, 2010. – 287 б.
53. Омарова Р.С. Төл оқулықтарымыз – болашағымыздың бағдары //Жаңа буын оқулықтары: қазіргі жағдайы, дамыту және басып шығару мәселелері: конференция материалдары. – Астана, 2007. – Б. 167-169.
54. Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. – Түркістан, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010.
55. Кыдырова С.Р., Жиенбаева Н.Б. Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары //Хабаршы/Вестник «Психология» сериясы Серия «Психология» Series of «Psychology». – 2019. - №1(58). – Б. 259-263.
56. Леонтьев А.Н. О формировании способностей //Вопросы психологии. 1960. № 1.
57. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 1999. - 720 с.
58. Теплов Б.М. Том 2 [Психофизиология индивидуальных различий. История психологии. О методах психологического исследования]: Избранные труды: в 2 томах. – М.: Педагогика, 1985. – 357 с.
59. Шадриков В.Д. Профессиональные способности. – М.: Университетская книга, 2010. - 320 с.
60. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. – М., Издательство: Директ медиа Паблишинг, 2008 г. 392 стр.
61. Панов В.И. Введение в экологическую психологию. – М.: Изд-во МНЭПУ, 2001. - 143 с.
62. Жалпы психология. В.В.Богословский және т.б. редакциясымен. – Алматы: «Мектеп», 1980.
63. Козырева А. Ю. Лекции по педагогике и психологии творчества. – Пенза, 1993. - 354 с.
64. Посталюк Н. Ю. Педагогика сотрудничества: Путь к успеху Текст. / Н. Ю. Посталюк. Казань: Изд-во Казанского университета, 1992. - 105 с.
65. Пчелинцева И.Г. Построение толерантной среды в образовательном пространстве вуза :учебно-методическое пособие. – СПб., 2016. – 145 с.

66. Степанов А.Н. //Большая советская энциклопедия: [в 30 т.]/под ред. А.М. Прохорова. – 3-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1969.
67. Альтшуллер Г.С. Творчество как точная наука. – М., 1979.
68. Андреев В.И. Педагогика: Учебный курс для творческого саморазвития. 2-е изд. - Казань: Центр инновационных технологий, 2000. - 608с.
69. Волков И.П., Безносков С.П., Воронина О.В. Практикум по социально-психологическому тренингу. – М.: Издательство Михайлова В.А. 2001.
70. Зинченко В. П. Психологические основы педагогики. –М., 2000.
71. Джойс Джеймс //Большая советская энциклопедия: [в 30 т.]. /под ред. А.М. Прохорова. – 3-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1969.
72. Дж. Зухман Обучение исследованию: модель систематического сбора данных выдвижения и проверки гипотез 1950-1960г.г.
73. Боно Э. Новая религия позитивного мышления 5+: взаимопомощь, здоровье, надежда, счастье, юмор /Эдвард де Боно; [пер. с англ. А. Скобкарева]. – М.: Питер, 2009. – 125 с.
74. Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. Кн. 1 //Антология экономической классики: Петти, Смит, Рикардо. – М.: Экономика, 2006. 363б.
75. Иванова Т.В. Остроумие и креативность //Вопросы психологии. 2002. №1. С. 76-87.
76. Хуторский А.В. Педагогика. Учебник для вузов. Стандарт третьего поколения. – СПб.: Питер, 2019. -608 с.
77. Ананьев Б.Г. Формирование одаренности. Склонности и способности. – Л., 1962. С. 15-37.
78. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. – М., Издательство: Директ медиа Пабблишинг, 2008 г. 392 стр.
79. Богоявленская Д.Б. Психология творческих способностей. – М.: Академия, 2002.
80. Божович Л.И. Изучение мотивации поведения детей и подростков /Л.И. Божович, Л.В. Блогоннадежина. – М.: Педагогика, 1972. - С. 22-29
81. Крутецкий В.А. Психология подростка. – М.: Просвещение, 1965. - 324 с
82. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1975.- 304с.
83. Платонов К.К. Занимательная психология. «РИМИС» – лауреат Литературной премии им. Александра Беляева 2008 года.
84. Пономарёв Я.А. Психология творчества и педагогика. – М.: Педагогика, 1976.
85. Бордовская Н.В. Исследовательский потенциал студента. – М., 2016.
106. Воронцова В.Г. Русское слово – учебник. –М., 2012
87. Лернер И.Я. Процесс обучения и его закономерности. – М., 1980
88. Кулюткин Ю.Н., Сухобская Г.С. Личность внутренний мир и самореализация. Идеи, концепции, взгляды. – М., 1996.
89. Махмутов М.И. Лекции по численным методам. – М., 2007
90. П.И. Пидкасистого. – М.: Педагогическое общество России, 1998. – 640 с.
91. Маслоу А. Мотивация и личность. – СПб.: Евразия, 1999. - С. 77-105.

92. Вернадский В.И. Избранные труды по истории науки. – М., Наука. 1981г.- 359 с.
93. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике /М.В. Кларин. – Рига Эксперимент, 2013 г. - С.-478.
94. Ратнер Ф.Л. Разработка электронных образовательных ресурсов: зарубежный опыт: учеб.-метод. пособие по направлению «Электронные образовательные ресурсы» /Ф.Л. Ратнер. – Казань: КГУ, 2008. – 106 с.
95. Пиаже Ж. О природе креативности //Вестник МГУ. Серия 14: Психология. 1996. С. 8-17.
96. Фрейд З. Художник и фантазирование. – М., 2001.
97. Фром Э. Душа человека. – М., 1992.
98. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – СПб., 1997.
99. Мясищев В.Н. О связи склонностей и способностей. В сб.: Склонности и способности. – Л., 1962. С. 3-14.
100. Петровский А.В. Роль фантазии в развитии личности. – М., 1987.
101. Намазбаева Ж.Ы. Жалпы психология. – Алматы, 2006. – 295б.
102. Жарықбаев Қ.Б. Жантану негіздері. – Алматы, 2011. – 456б.
103. Жақыпов С.М. Жалпы психология. – Алматы, 2014. – 324б.
104. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 492б.
105. Гальтон Ф. Наследственность таланта, ее законы и последствия. – М., 1996.
106. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность и индивидуальные различия. – М., 1997.
107. Крысько В.Г. Общая психология в схемах и комментариях. – М., 2017
- 108 Дружинин В. Н. Психология общих способностей. 2-е изд. – СПб., 2002.
109. Ярмоленко А.В. Педагогическая энциклопедия. – М.: Советская энциклопедия, 1968. Т. 4
110. Голубева Э.А. Способности. Личность. Индивидуальность. – Дубна: «Феникс+», 2005. - 512с.
111. Abilmazhinova O.S., Zhiembayeva.S., Kalysh.A.,Zhubandykova,A. Nabuova,R.Issayeva The model of creative development in future Physical Education teachers at an entrepreneurial university// Journal Espacios, 40 (31), (2019) pp. 1-12
112. Обручев В. //Большая советская энциклопедия: [в 30 т.] / под ред. А.М. Прохорова. – 3-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1974. – Т. 18.
- 113 Павлов И.П. Лекции о работе больших полушарий головного мозга. «Учение И.П. Павлова о высшей нервной деятельности», с. 454-71 акад. К.М. Быкова. – М.: Изд-ва Акад. наук СССР, 1949 (Ленинград). – 475 с.
114. Изюмова С.А. К проблеме природы способностей: задатки мнемических способностей у школьников литературного и математического классов //Психологический журнал. 1995.
115. Bloom B.S. 1956. Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals: Handbook I, cognitive domain. New York: Longman.
119. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. – А.: Алаш мұрасы. Т.3. -2005. -352б.

120. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1996. – 3 т. – 365–416 б.
121. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1996. – 1 т. – 14-313б.
122. М.Дулатовтың «Есеп құралы» оқулығындағы ұлттық танымды білдіретін лингвокультуремалар //«Рухани мұра және қазіргі мәдениет: текстология, игеру, зерттеу» атты халықаралық ғылыми симпозиум. – Алматы: М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. 2006, 259-264б
- 123.Абильмажинова О.С. К постановке проблемы творческой самореализации студентов// Актуальные вопросы педагогики и психологии образования Материалы X Всероссийской научно-практической конференции молодых ученых, магистрантов, студентов (с международным участием)г. Барнаул, 24–25 апреля 2019 года/ С.99-101
- 124.Абильмажинова О.С. Студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін дамытудың кейбір мәселелері Хабаршы Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті № 4 (36), 2017ж. Семей қ.; 125. Коршунова Л.С. Воображение и его роль в познании. – М., 1979.
126. Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования. От деятельности к личности. – М.,2009.
127. Субачева Л.А. Теоретические и методологические основы эффективности развития. – Бишкек: Изд-во КРСУ, 2021.
128. Моляко В.А. Проблемы психологии творчества и разработка подхода к изучению одаренности. В.А. Моляко //Вопросы психологии. – 1994. №12.
129. Коротяев Б.И. Учение – процесс творческий: Кн. для учителя: из опыта работы. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Просвещение, 1989. - 159с.
130. Энгельмейер П.К. Творческая личность и среда в области технических изобретений. – СПб., 1911.
131. Яковлева Е.Л. Развитие творческого потенциала личности школьника. //Вопросы психологии. 1996. № 3. С. 28–34.
132. Пригожин А.И. Методы развития организаций. – М.: МЦФЭР, 2003. С. 93-104.
133. Абильмажинова О.С. Журнал «Ғылым және Қазақстан өмірі» Студенттердің шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру психологиялық-педагогикалық мәселе ретінде. – Алматы, 2020. 112-115бб.
134. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту //Теория және тәжірибе. –Алматы, 2005. – 174 б.
135. Абильмажинова О.С. Роль преподавателя в развитии творческих способностей студентов Зарубежное научное издание «Международный научный обзор проблем философии, психологии и педагогики» (Бостон США) Май 2019 /59-66 стр.
136. Лук А.Н. Психология творчества. – М., 1978.
137. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994. – 192б.
138. Бердяев Н.А. Смысл творчества. – М., 2006.
139. Андреева Т.В. Самореализация личности представителей творческих профессий: половые различия: Психологические проблемы самореализации

- личности. – СПб., 1998.
140. Кон И.С. Социология личности /И.С. Кон. – М.: Политиздат, 1976. 383с.
141. Гилфорд Д. Три стороны интеллекта // Психология мышления / Ред. А. М. Матюшкин. – М.: Прогресс, 2015.-318 с.
152. Кочетов А.И. Культура педагогического исследования. – Минск: Редакция журнала «Адукацыя і выхаванне», 1996. – 312 с.
143. Шубин А.В. Асимметрия мозга и особенности вербальной креативности //Вопросы психологии. 2007. № 4. С. 89-98.
154. Лук А.Н. Проблемы научного творчества: Науковедение за рубежом. М., 1983.
145. Айян Д. Эврика. – СПб., 1997.
146. Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік /Бас редактор Ж.Қ.Түймебаев. Ред.алқасы: А.Е. Әбілқасымова, И.Б. Бекбоев, Н.Б. Қалабаев, Е.Ә. Оңғарбаев, С.Ж. Пірәлиев, М.В.Рыжаков. – Алматы, 2016.
147. Ильин Е.П. Психология индивидуальных различий. – СПб., 2004.
148. Эсаулов А.Ф. Проблемы решения задач в науке и технике. – М., 1979. 200 с.
149. Барышева Т.А. Психолого-педагогические основы развития креативности. – СПб., 2006.
150. Концепция креативности Дж. Гилфорда и Э.П.Торренса. – М., 1977г.
151. Кулюткин Ю.Н., Сухобская Г.С. Развитие творческого мышления школьников. – Л., 1967.
152. Кудрявцев В., Синельников В. Ребёнок – дошкольник: новый подход к диагностике творческих способностей. – 1995. - № 9. -С. 52-59.
153. Ильин Е.П. Психология творчества, креативности, одаренности. – Питер: СПб., 2009.
154. Нұрғалиева Г.Қ., Құсайынов А., Мусин Қ. Салыстырмалы педагогика. – Алматы: Рауан, 1999. – 176б.
155. Уарте Х. Исследование способностей к наукам. Книга онлайн. - Спб., 2012.
156. Штерн В. Умственная одаренность: Психологические методы испытания умственной одаренности в их применении к детям школьного возраста /Пер. с нем. – СПб.: Союз, 1997.
157. Э.Крепелин Введение в психиатрическую клинику. – М., 1996, 68-75 с.
158. Брушлинский А. В. Проблемы психологии субъекта. – М., 1994.
159. Рибо Т.А. Психология внимания. /Д-р Ш. Рибо; пер. с фр. А.Цомакион. 3-е изд. – СПб.: Ф.Павленков, 1897.-99 с.
160. Якобсон П.М. Психология художественного творчества. – М., 1971.
161. Батюшков Ф. Д. Творчество: Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона. – СПб., 1901.
162. Abilmazhinova O.S. Jane Itohan Oviawe , Mohamed Nor Azhari Azman, Tee Tze Kiong Attribution styles as correlates of technical drawing Task-persistence and technical college students' performance Sakrawala Pendidikan, Vol. 40, No. 2, June 2021. pp.554-553.
163. Шеллинг Ф.В. Философия откровения. Т.1. – СПб.: Наука, 2000.
164. Бергсон А. Творческая эволюция. – М., 1900.

165. Шопенгауэр /Ю.В. Синеокая//Новая философская энциклопедия: в 4 т./ пред. науч.-ред. совета В.С.Стёпин. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Мысль, 2010. – 2816с.
166. Тихомиров О. К. Психология мышления. – М., 2002.
167. Ермолаева-Томина Л.Б. Исследование факторов, детерминирующих индивидуальные различия в проявлении творческой активности: Психология творчества. – М., 1990. С.117-130.
168. Гальперин П.Я. К психологии творческого мышления //Вопросы психологии. 1982. № 5. С. 80-84.
169. Талызина Н.Ф. Педагогическая психология. – Учебное пособие /Для студентов средних педагогических учебных заведений. – Москва/Академия – 1998.
170. Эльконин Д.Б. Некоторые вопросы диагностики психического развития./ Диагностика учебной деятельности и интеллектуального развития. – М., 1981.
171. Г. Фок Фестер Синергетический подход в информатике и кибернетике М., 1998, 106с.
172. Пригожин А.И. Методы развития организаций. – М.: МЦФЭР, 2003. С. 93-104.
173. Хакен Г. Тайны восприятия. Синергетика как ключ к мозгу. – Ижевск: ИКИ, 2002. – 272с.
174. Эйген М. Самоорганизация материи и эволюция биологических макромолекул. – М.: Изд-во «Мир», 1973. 224 с. Трилобит.
175. Жаңабаев Ж. Инженерлік және компьютерлік графика: Оқулық /Ж. Жаңабаев. – Алматы: Мектеп, 2005. - 301 б.
176. Галиев Т.Т. Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов. – Астана, 220с.
177. Гусинский Э.Н. Введение в философию образования: Учебное пособие. – М.: Логос, 2000. - 223 с.
178. Таланчук, Н.М. Введение в неопедагогику/ Н.М. Таланчук. – М.: РАО, 1991.
179. Шевелева С.С. Открытая модель образования (Синергетический подход) /С.С. Шевелева; Ин-т «Открытое о-во». – М.: Магистр, 1997.
180. Зимовин А.И. Принципы обучения в школе будущего.– М., 2001. -295с.
181. Степанов С.Ю. Рефлексивная практика творческого развития человека и организаций. – М., 2000.
182. Шиянов Е.Н., Котова И.Б. Развитие личности в обучении. Учебное пособие для студентов педагогических вузов. – М.: Изд. центр «Академия», 1999. – 288с.
183. Вишнякова С.М. Профессиональное образование Словарь. Ключевые понятия, термины, актуальная лексика. – М. НМЦ СПО, 1999. – 538с.
184. Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании //Школьные технологии. – 2004. – № 5. – С.3-1.
185. Педагогический терминологический словарь. – СПб: Российская национальная библиотека. 2006.

1106. Хомский Н., Миллер Дж. Введение в формальный анализ естественных языков / Пер с англ. Е.В. Падучевой. М.: Эдиториал УРСС, 2003.
187. Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни. – М., 1991. – 229 с.
188. Мищенко Л.И. Дидактические основы подготовки учителя к коррекционно-развивающему обучению младших школьников с задержкой психического развития. – Курск: КГУ, 2017. – 140 с.
189. Прохорова В.М. Физическая культура и спорт. Педагогические основы. Учебники и учебные пособия для высших учебных заведений. Учебник. – М., 2014. 190с.
190. Е.И. Рогов Общая психология. – М.: ВЛАДОС, 1995 г.
191. Абыльмажинова О.С., Кариев А.Д. Интерактивті оқыту студенттің креативтілігі мен субъективтілігін дамыту факторы ретінде Хабаршы Қазақстанның педагогикалық ғылыми академиясы №3 (мамыр-маусым), 2020 жыл/ 41-47 бб.
192. Сластенин В.А. Педагогика: Инновационная деятельность. – М., 1997.
193. Бургин М.С. Инновация и новизна в педагогике. – Новосибирск, 2009.
194. Кваша В.П. Теория войн. – М.: Центрполиграф. 2011г.-96 стр.
195. Ляудис В.Я. Методика преподавания психологии. Учебное пособие. – М., 2003.
196. Морозова Н.Г. Учителю о познавательном интересе/ Н.Г.Морозова. – М.: 1979.-120 с
197. Пидкасистый П.И. Педагогика. – Москва: Высшее образование, 2007.
198. Айтмамбетова Б.Р. Содержание обучения в советской школе / Б.Р. Айтмамбетова; Каз. гос. пед. ун-т им. Абая. – Алма-Ата: Б.и., 1991. - 21 с.
199. Кудайбергенова К.С. Методика определения качества учебников и учебно-методических комплексов. /Авторы – составители: К.С. Кудайбергенова Г.М.Нурпейсова /РИПКСО, 2000. -23с.
200. Лактионова Т.Н. Анализ опыта европейских стран в проведении мониторинга почвенного покрова (обзор) //Почвоведение, 2012. № 1. – С. 106с.
201. Мынбаева А.К., Садуакасова З.М. Педагогическое наследие/Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения: Учебное пособие. 2-изд., доп. – Алматы,2012. – 228с.
202. Гоноболин Ф.Н. Психология младшего школьника. – М., 1993
203. Линчевская Т.А. Становление и развитие школ инновационного типа в республике Казахстан. Автореф. дис. на соиск. учен. степ. к.п.н. спец. 1998г.
204. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. – М.: Просвещение, 1987. – 190с.
205. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения /Н.В. Кузьмина. – М.: Высш. шк., 2012. - 255 с.
206. Н.Д. Никандров. Педагогическое творчество. – М.: Издательство Педагогика, 1990.
207. Сухобская Г.С. Восприятие научно-популярного текста взрослыми как проблема психологического исследования /Г.С Сухобская //Психологический журнал. Вып. 62. – 1981. - №8. - С. 97-109.
208. Фридман Л.М. Психология детей и подростков. /Л.М. Фридман. – М.: изд-

во ин-та психотерапии, 2003.

209. Юсуфбекова Н.Р. Педагогическая инноватика как направление методологических исследований //Педагогическая теория: Идеи и проблемы. – М., 1992.

210. Турбовской Я.С. Взаимодействие педагогической науки и системы отечественного образования как управляемый процесс. /Я.С. Турбовской. – Москва: Институт эффективных технологий, 2012. – 276с.

211. Иванов М.В. Психологический смысл искусства. В кн.: В.М. Аллахвердов. Психология искусства. – СПб., 2001. С. 183.

212. Иванов И.П. Методика коммунарского воспитания книга для учителя /И.П. Иванов. – Москва: Просвещение, 1990. – 154 с.

213. Основы кредитной системы обучения в Казахстане /С.Б.Абдыгаппарова, Г.К.Ахметова, С.Р. Ибатуллин, А.А. Кусаинов, Б.А.Мырзалиев, С.М.Омирбаев; Под общ. ред. Ж.А.Кулекеева, Г.Н.Гамарника, Б.С.Абдрасилова. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 198 с.

214. Рахымжан Тұрысбек. Жоғары білім мен іргелі ғылым //Егемен Қазақстан. –№ 107-108 (24361) . – 17 .05. 2006 ж.– Б. 2.

215. Асанов Н.А., Бейсе Ж.Е. Әлемдік университеттердегі кредиттік оқыту жүйесі. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университет. – Алматы, 2015 ж

216. McInnes, L, Healy, J, UMAP: Uniform Manifold Approximation and Projection for Dimension Reduction, ArXiv e-prints 1802.03526, 2018.

217. Әбдікәрімұлы Б., Андасова Б.З. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша болашақ экономистердің өздік жұмысының педагогикалық шарттары. – Астана: Еуразия гуманитарлық институты, 2007. – 258 б.

218. Шкутина Л.А., Данек Я., Санхаева А.Н., Маженова Р.Б. Білім беру жүйесіндегі корпоративті басқарудың мәні Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика». ISSN 2518-7937 Карагандинский государственный университет, 2018; 8 с.

219. Закирьянов К.К. Экспериментальные методы в педагогике, психологии и физической культуре. – Алматы, 2002.

220. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. (2021.06.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

221. Әбдіғапарова С.Б., Ахметова Г.К., Ибатуллин С.Р., Құсаинов А.А., Мырзалиев Б.А., Өмірбаев С.М. Қазақстандағы кредиттік оқыту жүйесінің негізі. – Алматы, 2004ж.

222. «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың ережесі» №566 24.11.2007ж.

223. Абильмажинова О.С., Джанбубекова М.З. Болашақ мамандардың шығармашылығын дамытуда интерактивті әдістерді қолдану Хабаршы Аль-фараби атындағы ҚазҰУ «Психология және социология» сериясы №2 (69) Алматы «Қазақ университеті» 2019/ 222-230 бб

224. Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері: /Авторлар ұжымы: Е.Ы. Бидайбеков В.В. Гриншкун, Г.Б. Камалова, Д.Н.

- Исабаева, Б.Ф. Бостанов. /Оқулық. – Алматы, 2014. – 352 б.
225. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений. 4-е изд., доп. [Текст] /С.И.Ожегов, Н.Ю.Шведова. – М.: Азбуковник, 1999. –954с.
- 226.Абильмажинова О.С. Педагогические условия развития творческого мышления студентов Наука и общество: проблемы современных исследований XIV Международная научно-практическая конференция г.Омск 29 апреля 2020 года/103-106 с.
227. Педагогическая психология: Психодиагностика интеллекта: [Учеб.-метод. пособие для фак. психологии гос. ун-тов] /Н.Ф. Талызина, Ю.В. Карпов; Науч.-метод. каб. по заоч. и веч. обучению МГУ им. М. В. Ломоносова. – М.: Изд-во МГУ, 1987. - 63 с.
- 228.Ишанов П.З., Бейсенбекова Г.Б. Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006. 209б.
229. ҚР Педагогтің кәсіби стандарты //«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша.
230. Әлімов А. Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану. – Астана: Назарбаев зияткерлік мектебі ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.
231. Abilmazhinova O.S. Kazakeli / Қазақ елі үл :4 Sayı : 16 Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың педагогикалық шарттары (Osak-Şubat-Mart 2020)4-ші жыл. 16-шы сан (Қаңтар– ақпан –наурыз 2020)/31-36 бб.
232. Жартынова Ж.А. Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару. – Алматы, 2014.
233. Петровская Л.А. Общение, компетентность, тренинг. Избранные труды. – М.: Смысл, 2007.
234. Митина Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя. – М.: Академия, 2004. 320 стр.
235. Абильмажинова О.С. К вопросу активизации творчества студентов через проблемное обучение «Горно-Алтайский государственный университет» г.Барнаул 2019г. «Ценностные ориентации молодежи в условиях модернизации современного общества». Всероссийская (с международным участием) научно-практическая конференция. /222-225 стр.
236. Кенжебаева Т.Б. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту. филос. док. (PhD) дис. – Алматы, 2014. 170б.
237. Әбуов Ә.Е. Педагогические условия инновационных образовательных технологии в учебном процессе школы: Автореф... канд пед. наук. рефреат. – Астана, 2005. -30б.
238. Деркач А.А., Щербак С.Ф. Педагогическая эвристика: Искусство овладения иностранным языком. – М.: Педагогика, 1991, 219с.
239. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса. – Алматы, 2001.
240. Дахин А.Н. Педагогическое моделирование: монография /А.Н. Дахин. Педагогические науки – Педагогика Монография. – М.: НИИ школьных технологий. 2009. – 290с.

241. Ломов Б.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии. – М., 1984 г.
252. Занков Л.В. Избранные педагогические труды. -3-е изд., дополн. – М.: Дом педагогики, 1999. - 608с.
243. Губайдуллина Г.Н. Педагогиканы оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 254б.
254. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. – М., 19106.
245. Песталоцци И. Г. Педагогическое наследие. – Москва: Педагогика, 1989. – 416с.
246. Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения /Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии (11061). — М.: Изд-во Академии наук РСФСР, 1945. – С. 461
247. Шаршов И.А. Педагогические условия профессионально-творческого саморазвития личности студента автореферат дисс.канд.пед.наук. – М., 2000.
248. Абилямжинова О.С. Болашақ мамандардың шығармашылығын дамытудың инновациялық тәсілдері «Білім – Еуразиялық ынтымақтастық негіздері» Халықаралық білім беру блендинг-конференциясы, Семей, 2019/151-152бб.
249. Медник С. Методы исследований способности к творчеству – ТЕСТ С. Медника Диагностика вербальной креативности. – М., 1969г.
250. Петухова В.В. Общая психология. – М.: Учеб.-метод. коллектор «Психология», 2000.
251. Abilmazhinova O.S. Meiramgul Z. DzhanbubekovaOxana G. Belenko, Sholpan Sh. Abisheva, Gulzhaina K. Kassymova Development of creative abilities of students using art technologies in the higher education Online - Elementary Education Online, 2021; 20 (1): pp. 803-812
252. Бурлачук Л.Ф. Психодиагностика. – СПб., 2002.
253. Нағымжанова Қ.М., Туребаева К.Ж. Креативті педагогика: Оқу құралы. Ақтөбе, 2020. – 187б.
254. Психологическая диагностика /Под.ред. М.К.Акимовой, К.М. Гуревича. – СПб., 2003
255. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. - 263 б.
256. Зимняя И.А. Педагогикалық психология: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Екінш., толықт., түзет. және қайта өңд. бас./ Орыс тілінен аударған М.А. Құсайнова. – М.: Логос; Алматы: TST-company, 2005. – 368 б.

ҚОСЫМШАЛАР

ҚОСЫМША А

Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті
«Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі»;
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» білім беру бағдарламасы

Шығармашылық қабілеттерді дамыту мақсатында оқытушыларға жүргізілген сауалнама

1. Педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі икемділігі мен табыстылығы шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейімен байланыстыма?
2. «Аудиториялық сабақтарда студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды жүргізесізба?»
3. Цифрландыру жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз?»

Шығармашылық қабілеттерді дамыту мақсатында студенттерге жүргізілген сауалнама

1. «Шығармашылық», «шығармашылық қабілет» ұғымдарын қалай түсінесіз?
2. Психологиядағы «Шығармашылық қабілет» мәселесі жеке адамның қандай психикалық құбылыстарымен байланысады?
3. Қоғамға шығармашылық қабілетті тұлға қажет деп ойлайсызба?

Г. Дэвистің «Шығармашылық қабілетті анықтау» әдістемесі

Г. Дэвистің әдістемесі студент-жастардың шығармашылық қабілеттерін топтық тестілеу әдісімен анықтауға арналған. 1 рет өткізіледі. Нәтижелерді түсіндіру зерттеу деректерін бағалау және өңдеу кілтіне сәйкес жүргізіледі.

Тест

Оқыңыз пікір. Егер сіз мәлімдемемен келіссеңіз, онда «+» қойыңыз. Егер сіз мәлімдемемен келіспесеңіз, онда «-» қойыңыз.

1. Мен ұқыпты деп ойлаймын.
 2. Мен мектептің басқа сыныптарында не істеп жатқанын білгенді жақсы көрдім.
 3. Мен ата-анаммен бірге жаңа орындарға баруды жақсы көрдім.
 4. Мен бәрінен жақсы болғанды ұнатамын.
 5. Егер менде тәттілер болса, онда мен олардың барлығын өзімде сақтауға тырыстым.
 6. Қатты уайымдап тұрмын, егер, оны мен не істеймін, жоқ, үздік, мүмкін емес, менің тарапымнан жасалған ең жақсы түрде.
 7. Мен айналада қалай болып жатқанын түсінгім келеді, себебін тапқым келеді.
 8. Бала кезімде мен балалар арасында әсіресе танымал емес едім.
 9. Мен кейде кішкентай балаға ұқсап қылықтар жасап кетемін.
 10. Мен бірдеңе жасағым келсе, мені ештеңе тоқтата алмайды.
 11. Мен басқалармен жұмыс істегенді қалаймын және жалғыз жұмыс істей алмаймын.
 12. Мен шынымен жақсы нәрсені қашан жасай алатынымды білемін.
 13. Егер мен дұрыс екеніне сенімді болсам да, басқалар менімен келіспесе, мен өз көзқарасымды өзгертуге тырысамын.
 14. Мен қателіктер жібергенде қатты уайымдаймын және уайымдаймын.
 15. Мен жиі сағындым.
 16. Мен өскенде мағыналы және танымал боламын.
 17. Мен әдемі нәрселерді көргенді ұнатамын.
 18. Мен таныс ойындарды жаңаларына қарағанда жақсы көремін.
 19. Мен бірдеңе жасасам не болатынын зерттегенді ұнатамын.
 20. Мен ойнаған кезде мүмкіндігінше аз тәуекелге баруға тырысамын.
 21. Менің теледидар қарауды жақсы көреді, оны істеу керек.
- Кілт. Креативтілік (шығармашылыққа қабілеттілік) — 2, 4, 6, 7 сұрақтар бойынша (+) жауап берген жағдайда. 8, 9, 10, 12, 16, 17, 19 және сұрақтар бойынша (-) жауап берген жағдайда: 1, 3, 5, 11, 13, 14, 15, 18, 20, 21.

Кілтке сәйкес келетін жауаптардың қосындысы шығармашылық қабілеттің дәрежесін көрсетеді. Жиналған балл неғұрлым көп болса, шығармашылық соғұрлым жоғары болады.

+	-
2-басқалар туралы алаңдаушылық	1-тәртіпсіздікті қабылдау
4-ерекшеленгісі келеді	3-тәуекелділік
6-өзіне наразылық	5-альтруизм
7-қызығушылыққа толы	11-жалғыз жұмысқа деген сүйіспеншілік
8-танымал емес	13-тәуелсіздік
9-балалық шаққа арналған регрессия	14-іскерлік қателер
10-қысымды түсіру	15 - ешқашан іші пыспайды
12-өзін-өзі қамтамасыз ету	18-белсенділік
16-мақсат сезімі	20-тәуекелге ұмтылу
17-сұлулық сезімі	21-белсенділікке қажеттілік
19-алыпсатарлық	

Егер кілтке сәйкес келетін жауаптардың қосындысы 15-ке тең немесе одан көп болса, онда жауаптың шығармашылық қабілеті бар екендігін көрсетеді. Бұл әлі іске асырылмаған мүмкіндіктер. Негізгі мәселе – оларды жүзеге асыруға көмектесу, өйткені мұндай адамдардың мінез-құлқының басқа да белгілері көбінесе оларға кедергі келтіреді (мақтаныш, эмоционалды осалдық, жеке мәселелердің шешілмеуі және т.б.). Бізге әдептілік, тең қарым-қатынас, олардың шығармашылық өнімдерін үнемі бақылау, «ұлы істерге» мерзімді итермелеу және талап қою қажет. Жиі сынға ұшырамау керек, жиі тақырыпты және шығармашылық жұмыс режимін еркін таңдау керек.

ҚОСЫМША Б

Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті
 «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі»;
 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» білім беру бағдарламасы
**«Шығармашылық қабілетті дамытудың психологиялық-педагогикалық
 негіздері» пәнінен силлабус бойынша
 СОӨЖ тапсырмаларының кестесі**

№	Тапсырма мазмұны	Формасы	Өтілу мерзімі	Сағат саны
1	Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық ерекшеліктері	Конспект	Қыркүйек 1-апта	1
2	Психологиялық-педагогикалық шарттар ұғымы	Кесте бойынша	Қыркүйек 2-апта	1
3	Дәстүрлі оқыту технологиялары. Жалпы білім беру мазмұнының құрылымы -білім беру стандарты Базистік оқу жоспары -Білімдарлық бағдармалар -Қазіргі оқулық	Конспект	Қыркүйек 3-апта	2
4	Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуда интерактивті әдістердің орны.	Конспект	Қыркүйек 4-апта	1
5	Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуда интерактивті әдістердің орны	әдістеме	Қазан 1-апта	2
6	Педагогикалық қарым-қатынасты ізгілендіру және демократияландыру негізіндегі технологиялар.	әдістеме	Қазан 2-апта	1
7	Студенттердің шығармашылығын белсендіру және интенсифтендіру технологиялары.	Сабақ жоспары	Қазан 3-апта	1
8	Дамыта оқыту технологиясы.	Әдістеме	Қазан 4-апта	2
9	Ойын технологиясы.	Тест дайындау	Қараша 1-апта	1
10, 11	Ұжымдық оқыту технологиясы. Шығармашылық оқыту. Шығармашылық сабақты жасау,білімдарлық ситуация,сабақтың конспекті. Оқытудың нәтижелілігі скерлік ойынның жүргізілу технологиясы. Ойын технологиясы.	Конспект	Қараша 2-апта	2
12	Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.		Желтоқсан 1- апта	1
	Барлығы:			15

ҚОСЫМША Б
(жалғасы)

Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті
«Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі»;
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» білім беру бағдарламасы

«Шығармашылық қабілетті дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» пәнінен силлабус бойынша
Пәннің тақырыптық жоспары

№	Тақырыптары	Аудиториялық сағаттың бөлінуі			
		Дәріс	Практ	СОӨЖ	СӨЖ
1.	Шығармашылық қабілеттерді дамытудың теориялық негіздері	1	1	1	4
2.	Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық ерекшеліктері	1	1	1	4
3.	Психологиялық-педагогикалық шарттар ұғымы	2	2	2	4
4.	Инновациялық технологияларды қолдану арқылы студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту	1	1	1	4
5.	Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуда интерактивті әдістердің орны	2	2	2	4
6.	Педагогикалық қарым-қатынасты ізгілендіру және демократияландыру негізіндегі технологиялар.	1	1	1	4
7.	Студенттердің шығармашылығын белсендіру және интенсифтендіру технологиялары.	1	1	1	4
8.	Дамыта оқыту технологиясы.	2	2	2	4
9.	Модульдік оқыту технологиясы.	1	1	1	4
10.	Ұжымдық оқыту технологиясы.	1	1	1	4
11.	Скерлік ойынның жүргізілу технологиясы. Ойын технологиясы.	1	1	1	2
12.	Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы	1	1	1	3
	Барлығы:	15	15	15	45

Х. Зиверттің «Шығармашылық қабілеттерді анықтауға» арналған тесті

Тапқырлық (Н шкаласы).

Зерттелушіге шешу барысында өзін тексеруге мүмкіндік беретін бірнеше міндеттер қойылады. Бұл әдістемені жеке және топтық түрде орындауға болады. Тапсырмаларды мүмкіндігінше жылдам орындау қажет. Бақылау үшін секундомер қолдану керек.

Тапсырма. Кестенің сол жақ бағанасында көптеген бос жолдар берілген. Әрбір жолға бір сөзден жазу қажет. Барлық сөздің бастапқы екі әрпі сәйкес келуі керек.

Сөздерді дұрыс жазу немесе сөздердің ұзындығы үлкен рөл атқармайды. Тек қана анық жазылса болды. Енді әрбір бағананы орындау үшін бір минуттан уақыт беріледі және уақыт шегенделеді.

Н шкаласын бағалау (тапқырлық).

Берілген сөздер жазылған жолдар саны саналады. Үш тапсырма нәтижелерінің қосындысын шығару қажет. Алынған нәтижені 1,5-ға бөлеміз. Зерттелуші алатын ең жоғары көрсеткіш 60 ұпай.

0-20 ұпай. Бұл тапсырманы зерттелуші үлкен күрделілікпен орындады. Тест нәтижесі орташадан төмен деңгейде және жұмысқа жарамдылығын анықтайтын «нағыз» тестілік бағалауда, өте әлсіздер қатарына жатады.

21-40 ұпай. Орташа нәтиже. «нағыз» тестілік бағалау қорытындысы орташаны көрсетеді.

41-60 ұпай. Бұл нәтижеге қолы жеткен зерттелуші тапсырмаларды орындау барысында тек қана бірнеше сөздер құрау қажет. Сіздің бір минут уақытыңыз бар. «БОКАЛ» артық жұмсай алмаймыз. Бұл өте ауыр. Сөзді жаза отырып, келесі жазатын сөзді параллельді түрде ойластырып отыру қажет. «Но...» - дан басталатын неше сөз таба аласыз.

Сіздің бір минут уақытыңыз бар. «НОТАРИУС»

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.

«БО..а тіркесі арқылы да бірнеше сөздер құрау қажет. Сіздің бір минут уақытыңыз бар. «БОКАЛ»

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.

«НӘ.. тіркесі арқылы да бірнеше сөздер құрау қажет. Сіздің бір минут уақытыңыз бар. «НӘЗІКТІК»

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.

Дивергентті (стандартты емес) ойлау (Д шкаласы)

Бұл тесті орындау зерттелушіде дивергентті ойлау қаншалықты деңгейде екенін көрсетеді. Мұнда мүлдем сандырақты, бірақ кез келген жүйеде орын алатын рационалды байланыстарды ашу туралы айтылады.

Мысалы, шарикті қаламдар. Оны жазу жазу үшін және сурет салу үшін қолдануға болады, сонымен бірге басқа жағдайларда, мысалы, қағаз бетінде саңылауды бұрап тесу үшін қолдана аламыз. Егер қаламды бұраса, онда ол «үрлейтін мылтық», серіппесін сырыққа арналған «старттық бағдар» ретінде және т.б. сияқты қолдануға болады.

Тапсырма. Сізге карточкаларда атауы ұсынылаған үш заттың әрбірімен не жасауға болатынын ойлап табу қажет. Сіз мүмкін болар неше нұсқасын табасыз ?

Әрбір затқа бір минут уақыт беріледі. Тапсырма орындауға кететін жалпы уақыт үш минут. Егер бірінші бөлімдегі мүмкіндіктерді тізіп шығуға бір минуттан аз уақыт кетсе (максимум 10 мүмкіндік), уақытты шегендеп, екінші бөлімге көшуге болады.

Д шкаласын бағалау (дивергентті ойлау)

Әрбір ұғынып толтырылған жол үшін екі ұпай есептеледі. Содан соң есептелген ұпайларды жинақтаңыз. Ең жоғары 60 ұпай алуға болады.

0-20 ұпай. Сізде стандартты емес ойлау нышандары бар, бірақ сіз мұндай тапсырмаларды нашар орындайсыз.

Карточка I. Керпішпен не істеуге болады?

Сіз қандай мүмкіндіктерді ұсынасыз?

Керпіш

- 1.
- 2.
- 3.

Е.Е.ТУНИК БЕЙІМДЕГЕН Е.ТОРРЕНС ТЕСТІ

Е.Туниктің әдістемесінің жасырылған түрінің субтестіне ынталық материалы.

Бір парақ қағазға студенттер өздерінің аты-жөнін, тобын, мамандығын, тестің өткен күнін жазады. Тестілеу топтық формада өткізіледі. Студенттерге сайыс еместігі түсіндіріледі, кез келген жауап қабылданады. Әр тапсырма алдын ала нұсқау бойынша нақтыланып, осы тапсырманы орындауға байланысты мысалдар көрсетіледі. № 4 пен № 5 тапсырманы орындау үшін сурет бірліктері бар арнаулы бланкілер беріледі (тақтаға ынталандыру материалын салып, студенттер қағазға қажет нәрсені салады). Нұсқауды эксперимент өткізуші дауыстап оқиды. Алдын-ала өткізілген нұсқауда студенттерге түрлі жауаптарды көбірек беру, қиялы мен әзілқойлығын көрсету; басқа ешкім ойлап таба алмайтын жауап айту ұсынылады. Суреттің дұрыс салынуы мен орындалу деңгейі емес, идеялары бағаланатыны айрықша ескертіледі. Кейбір тапсырмалардың орындалу уақыты белгіленген. Оларды нұсқау оқылып болған соң бірдей бастап, бірдей аяқтайды. Жауапты оқушылардың өздері жазады. Студенттерге өзара пікір алысуға, сөйлеуге рұқсат берілмейді.

1 субтест. Заттарды қолдану (қолдану нұсқалары). Нұсқау: «Газета оқу үшін қажет. Сен газетті қолданудың басқа тәсілдерін ойлап таба аласың. Одан не істеуге болады? Газетті қалай пайдалануға болады? Мысалы, гүлдерді орату үшін және т.б. Жаз. Жауаптардың көп болғаны жақсы.» (3 минут).

2 субтест. Бекіту. Нұсқау: «Қалай ойлайсың, егер адамдар мамықтай жеңіл болып кетсе, Жер бетінде не болар еді? Осының түрлі салдарын ата. Жауаптардың көп болғаны жақсы.» (3 минут).

3 субтест. Көрсету, білдіру. Нұсқау: «4 сөзден тұратын бірнеше сөйлем құрастырып жаз. Сөйлемдегі әрбір сөз көрсетілген әріптен басталуы керек. Олар мына әріптер (әріптер тақтаға жазылады) Б М С К . Әріптерді тек осы тәртіп бойынша қолдану керек. Орындарын ауыстыруға болмайды. Мысал келтірейік: «Балалар мектепке сабаққа келді.» Енді осы әріптермен көбірек сөйлемдер құрастыр.» (5 минут).

4 субтест. Сөздік байланыс. Нұсқау: «Кітап сөзіне көбірек анықтама бер. Мысалы, қызыл кітап. Тағы қандай кітап бар?» (3 минут).

5 субтест. Бейнелеуді құру. Нұсқау: «Дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш, жартылай дөңгелектерді пайдаланып белгілі бір нысанілерді сал. Әрбір фигураны бірнеше рет пайдалануға болады, өлшемдерін өзгертуге де рұқсат беріледі. Тек басқа фигуралар мен сызықтар пайдалануға болмайды. Бірінші шаршыға адамның бет әлпетін, екіншісіне - үй, үшіншісіне - клоун, төртіншісіне - өзің қалаған суретті сал. Төртінші суретке ат қой.» (8 минут).

6 субтест. Нобайлар. Нұсқау: «Негізгі сызықтарға кез-келген сызықтар мен бөлшектер қосып, түрлі қызықты суреттер шығар. Суреттерді аяқта.

Дөңгелектің ішінде, дөңгелектің сыртында да салуға болады. Өртүрлі суретке ат қой.» (5 минут).

Тестік бланк 2 стандартты қағаздан тұрады. әр парақта ортасында дөңгелегі бар 10 шаршы салынған (шаршы ұзындығы – 5 см).

7 субтест. Нұсқау: «Суреттен өзіңе таныс заттар тап. Не бейнеленген? Жаз.» (3 минут).

Сөздік креативтік диагностикасының әдістемесі (С.Медник бойынша)

Әдістеме сыналушыға белгілі бір уақыт кеңістігінде ұсынылатын разминка мен екі сериялы тапсырмалардан тұрады. Тапсырма орындалуда сыналушыға ешқандай уақыттық шектеу қойылмайды.

Жаттығу сериясы

Нұсқау

Тапсырмалар мәні мен оны шешу барысын ұғыну үшін негізгі тапсырмалар алдында бой жазу жүргізіледі. Мысал ретінде балаларға екі сөз ұсынылады, әрбір сөйлемнен үйлесетін үшінші сөз ойлап табу керек, яғни онымен сөз тіркесін құру қажет. Мысалы, ағаш, темір. Жауап сызғыш, есік сөздері болуы мүмкін. Басқа жұп: ыстық, кафель. Жауап: плитка Ынталандыру сөздерін ауыстыруға болады: ыстық еден, кафель еден.

Бой жазу тапсырмалары (сөз жұптары)

Фирмалық – рекордты; қағаз – күзгі; дәмді – ағылшын.

Разминка кезінде жүргізуші балалармен нақты сөз тіркесін қолдану мүмкіндігін талқылайды, олардың тапқырлығын, нағыз сөз тіркесін тауып мадақтайды.

1-серия. Екі емес, үш сөз ұсынылады. Оларға әр ынталандыру сөзіне үйлесетін төртінші сөзді табу керек, яғни әрбір ұсынылған сөзбен сөз тіркесін құрауға болатындай болуы керек. Мысалы, жылдам, жасыл сөзіне жауап пайыз сөзі болуы мүмкін. Сөзді грамматикалық өзгертуге болады. Мысалы, сағат, скрипка сөзіне шебер сөзі жауап бола алады (сағат шебері, скрипка шебері).

Егер ұсынылған ынталандыруға бір емес, бірнеше ассоциация туындаса, онда барлығы да жазылады.

Егер ынталандыру сөздері өзгерсе, онда алынған сөз тіркесі жазылады, егер өзгермесе, онда тек ұсынылған сөз ғана жазылады. Тапсырма орындау уақыты шектелмейді.

Мысалдар Тапсырма
 Кино, емтихан, жол жүру
 Қиын, бітті, алтын
 Мундир, қалашық, билет
 Күтпеген, адам, көше
 Билет

Типтес жауаптар
 Бөлме, ереже, өзен
 Кіру
 Уақыт
 Әскери
 Кездесу

Бұл үшін әр ынталандыру сөзіне аталған сұрыптауда ұсынылған жауаптар тізімі құрылады да, әр жауаптың кездесу жиілігі саналады.

$$Z_i = 1/r,$$

бұнда,

Z - әр жауаптың сонылық индексі

I - тапсырма нөмірі

r - аталған бір жақты сұрыптауға қатысты әр сыналушыдағы нақты жауаптың кездесу жиілігі.

Нақты сыналушының жауаптарының барлық сонылық индекстерінің сомалары қосылады:

$$N_{op}=(Z_1+Z_2+Z_3+Z_i)/x,$$

бұнда

N_{op} - сыналушы жұмысының сонылық индексі

X - жауаптардың жалпы саны.

3. Жауаптардың бірегейлік индексі.

Сонылық индексі $Z_i=1$ -ге болатын жауап бірегей деп саналады.

$$M=I/X,$$

бұнда

M – бірегей жауаптар индексі (аталған сұрыптауға қатысты);

I – бірегей жауаптар саны ($Z=I$).

4. Селективті үрдіс индексі.

Аталған сұрыптауда белгіленген әрбір ынталандыру жалпы кестеге жинақталады және сыналушыға сұрыптау үшін неғұрлым сонылы және айқынын таңдау ұсынылады.

Сөздік креативтілік диагностикасының әдістемесін қолдану тәжірибесі.

Тапсырма жас ерекшелік нормасын ескере отырып құрылған.

Бой жазу тапсырмалары	доп
Резеңке, футбол	тақта
Ағаш, шахмат	жапырақ
Қағаз, күзгі	конфета
Тәтті, шоколад	